

Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811.512.122'1

Қолжазба құқығында

**АБДУЛЛИНА НАЗГУЛ УТЕГУЛОВНА**

Қазақ тіліндегі терминологиялық бірліктерді қалыптастырудағы когнитивтік  
құрылымдар репрезентациясы

6D021300 – Лингвистика

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші  
филология ғылымдарының докторы,  
доцент  
Айдарбек Қ.Ж.

Шетелдік ғылыми кеңесші  
доктор PhD,  
профессор  
Памела Фабер  
(Гранада, Испания)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2022

## МАЗМҰНЫ

<b>АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	3
<b>КІРІСПЕ</b> .....	7
<b>1 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КОГНИТИВТІК ТЕРМИНАНЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ</b> .....	14
1.1 Когнитивтік терминтанымдағы тіл және ой арақатынасының тарихи диалектикалық сипаты.....	14
1.2 Терминдік бірлікті зерттеудегі когнитивтік ұстанымның алғышарттарын айқындау.....	24
1.3 Терминдік бірлік белгілерінің сөз және ұғым байланысы тұрғысынан сипаты.....	31
1-бөлім бойынша қорытынды.....	61
<b>2 ТЕРМИНАНЫМДАҒЫ КОГНИТИВТІК ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ МАҢЫЗЫ</b> .....	63
2.1 Терминнің концептуалдану үдерісіндегі когнитивтік құрылымдардың (концепт, фрейм және гештальттың) көрінісі.....	63
2.2 Когнитивтік үдерістегі метафора, визуалды ойлау, ассоциацияның қабылдау, санада ой тудыру және репрезентациялау ерекшеліктері...	82
2.3 Терминдік бірлік пен когнитивтік құрылымның өзара әрекеттестігін концептуалдық талдау алгоритмі.....	93
2-бөлім бойынша қорытынды.....	97
<b>3 ТЕРМИНДІК БІРЛІК МӘНІНІҢ КОГНИТИВТІК ҚҰРЫЛЫМ НЕГІЗІНДЕ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАНУЫ</b> .....	100
3.1 Терминдік бірлік дефинициясының фреймдік-семантикалық үлгісі және қазақ тіліндегі жаңа терминдердің фреймдік құрылымы.....	100
3.2 Термин мән-мағынасының гештальт құрылымы арқылы сипатталуы және жаңа терминдердің метафоралық модельдер құру қабілеті.....	116
3.4 Жаңа терминдік бірлік қалыптастырудағы ұлттық тілдік бейне категориясының алатын орны мен маңызы.....	123
3-бөлім бойынша қорытынды.....	134
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	137
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	140
<b>ҚОСЫМША А</b> – Кейбір кірме терминдік бірліктердің қазақ тіліндегі баламалары.....	149
<b>ҚОСЫМША Ә</b> – Терминдік тіркестердің құрамдас компоненті ретінде белсенді тілдік бірліктер көрсеткіші.....	159
<b>ҚОСЫМША Б</b> – Кейбір кірме терминдердің қазақ тіліндегі жаңадан жасалған (аударылған) нұсқалары .....	168

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

**Антропоөзектік парадигма** (anthropos(гр.) – адам, centrum (лат.) – орталық) – адам феноменін ғаламның басқа да феномендеріне қарсы қоя отырып, адамды ғаламның орталығы деп танытатын, дүниедегі болып жатқан үдерістердің мақсатын адам факторымен байланыстыратын ғылыми бағыт.

**Ассоциация** – дүниені тануда адам санасында нысан туралы алғаш пайда болатын өзіндік көрініс, сыртқы дүниені ішкі түйсікпен символ ретінде қабылдау және санада сақтау формасы, яғни ассоциация арқылы тану – бұрынғы тәжірибелер мен жаңадан қабылданған түсініктер арасындағы байланыс.

**Әлемнің тілдік бейнесі** – тану мен меңгеру үдерісінде тіл тұтынушысына әсер ететін тілде бекітілген сыртқы дүниенің саралануы мен категориялану ерекшеліктері.

**Балама терминдер** – негізгі тілден тыс терминжүйелерде қолданылатын, аударма сөздіктерде берілетін төл тілдегі терминдерге қатынасы бар сөздер.

**Баламасыз термин** – басқа тілге жартылай немесе толықтай аударылмайтын, аударылатын тілде нақты баламасы жоқ белгілі бір тілдің термині. Мүлде аударуға келмейтін терминдермен қатар, араға уақыт салып барып баламасын табуға болатын атаулар да болады. Терминдердің мұндай түрлерін «уақытша баламасыз термин» деп те атайды.

**Вариант терминдер** – терминнің формасын түрлендіру жолы арқылы пайда болған толық синоним терминдер.

**Гештальт** (неміс тіліндегі Gestalt – фигура, фон, құрылым) – ойлау үдерісіне тән ұғым, санадағы психологиялық негіздермен байланысты және мақсатты түрде іске асырылатын әрекеттер көрінісі.

**Ғаламның ғылыми бейнесі** – жай ғана ғылыми көзқарастар тізбегі емес, негізгі табиғи ұғымдар мен қағидаттардың синтезі және жалпылануы нәтижесінде пайда болатын әлемнің заңдылықтары мен жалпы қасиеттері жайындағы біртұтас көзқарастар жүйесі.

**Дефиниция** – терминнің қажетті элементі болуымен қатар терминнің анықтамасы болып табылады, өйткені ол тілдік сөздік құрамындағы терминологиялық лексикасын ерекшелейді.

**Дублет терминдер** – әртүрлі формадағы абсолют синонимдер болып бөлінеді. Тілдік бірліктің варианттылығы дегеніміз оның барабарлығын бұзбайтын түрлену қасиеті.

**Екітілді терминологиялық сөздік** – терминдердің екі тілдегі сәйкес нұсқасы берілетін терминологиялық сөздік түрі.

**Жаңа термин** (неологизм-термин) – жана ұғымдардың атауы ретінде жасалып, қолданысқа енген немесе бұрыннан бар ұғымның жаңа атауы ретінде ұсынылған термин.

**Калька термин** – өзге тілден сөзжасамдық немесе синтаксистік құрылыммен алмасқан термин.

**Кәсіби лексика** – белгілі бір мамандық, кәсіп аумағында қолданылатын және сол мамандық айналасындағы адамдарға ғана түсінікті болып келетін сөздер.

**Когнитивтік құрылым** – материалданған нақты нысанның адам санасындағы бейне-көрінісі ғана. Метафора арқылы түсіндіретін болсақ, когнитивтік құрылымды зат (атау) пен оның «көлеңкесі» (сол заттың санадағы «сұлбасы»), сол зат туралы санада бар барлық ақпарат пен білім).

**Когнитивтік тіл білімі** – табиғи тілді сана әрекетінің көрінісі, ойдың тікелей шындығы ретінде зерттейтін тіл білімінің саласы. Когнитивтік тіл білімі тілдің көмегімен ақпараттың берілу, сақталу тәсілдері мен құрылымы жайында түсінікті кеңейтеді.

**Концепт** – берілген нысан туралы абстрактіленген, санада туындайтын әрі сақталатын және нақты тілдік бірлік арқылы репрезентацияланатын, ұлттық-мәдени және жеке психикалық сипатқа ие болатын адам санасындағы білім бірлігінің көрінісі.

**Көп мағыналы термин** – бірнеше мағынаны білдіретін термин.

**Кірме термин** – өзге тілдерден тұтастай немесе жекелеген аспектілері (тұлғасы ғана, мазмұны ғана, құрылымы ғана) алмасқан термин.

**Метафора** – тіл байлығын арттырудың бір көзі ретінде жаңадан мағына туғызатын және сөзге терең әрі көркем мән үстеп, оны астарлай қолдану тәсілі.

**Негізгі термин** – белгілі бір арнаулы саланың негізгі ұғымдарын білдіретін термин.

**Салааралық терминология** – бір-бірімен іргелес салаларға бірдей қызмет ететін терминдер жиынтығы.

**Синоним терминдер** – бір тілдегі барабар немесе ұқсас мағынасы бар терминдер (бір тілдегі тең мағыналы терминдер).

**Слот** – фреймнің құрылымдық бөлшегі және оны нақтылаудың бір аспектісі.

**Сөздік қор** – жалпы халыққа ортақ, күнделікті өмірде қолданылатын сөздер жиынтығы.

**Сөздік құрам** – тілдің байырғы сөздерін де, шеттен кірген сөздерді де қамтитын тұтас жиынтығы.

**Сөзжасам** – тіл білімінің жаңа мағыналы туынды сөздердің қалыптасуы мен мағыналық дамуын, жасалу тәсілдерін зерттейтін саласы.

**Таным** – ақиқаттың санада бейнелену үдерісі мен қайта жаңғыруының барысында жинақталған білім; қабылдау, түсіну, түсініктің пайда болуы сияқты жүйелердің өзара әрекеттестігі негізінде ақпарат тудыру.

**Термин** – ғылым, білім, техника, өндіріс, өнер саласындағы белгілі бір ұғымды атау үшін қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері.

**Терминбөлшек** – терминологиялық мағынасы бар ең кіші тілдік бірлік.

**Терминдену** – әдеттегі жалпыхалықтық сөздің арнаулы терминологиялық мәнде жұмсалуды. Бұл үдеріс байырғы сөз мағынасын өзгерту арқылы, нақтырақ айтсақ, сөз мағынасының кеңеюі немесе тарылуы арқылы жүзеге асады.

**Терминдерді біріздендіру** – формалардың көптігін (синонимдер) жою немесе мағыналарды біріздендіру, яғни бір ғылым саласындағы көпмағыналылық, семантикалық омонимия тәрізді құбылыстарға жол бермеу. Сөздікте біріздендіру дегеніміз – «бірдей ету, бірдей формаға немесе жүйеге келтіру» деген анықтама беріледі.

**Терминдерді жүйелеу** – жалпы ғылыми ұғым ретінде белгілі бір нысандардың біріктірілуі мен сол нысандардың өзара қарым-қатынасы дегенді білдіреді.

**Терминдерді нормаландыру** – мамандардың тілдік қолданысындағы терминдердің мейлінше қолайлы әрі дәл нұсқаларды, терминдерді қолдану және жасау ережелерін таңдау және соларға басымдық бере отырып, бекіту.

**Терминдерді реттеу** – ең басты, маңызды терминологиялық жұмыс. Бұл жұмыс терминдерді іріктеуден басқа төмендегідей бірқатар кезеңдерден тұрады: аталған ғылым саласының ұғымдарын категория және жіктемелік сызбалар құру бойынша жүйелеу, нәтижесінде ұғымдардың маңызды белгілері анықталады; жіктемелік сызбаның негізінде бұрын қалыптасқан ғылыми анықтамаларды немесе жаңа жасалған анықтамаларды нақтылау.

**Терминдерді түгендеу** – белгілі бір саланың, пәннің барлық немесе оның бір тармағының терминдерін жинау және сипаттау.

**Терминдерді үйлестіру** – ұлттық терминдердің арасында толық сәйкестік орнату мақсатымен, олардың формасы мен мазмұнын бірлесе отырып жөндеу ұлттық терминологияны кірме терминдермен байыта түседі. Үйлестіру нәтижесінде нормативтік аударма сөздіктер, стандарттар пайда болады.

**Терминжасам** – жүйелі құбылыс, оның яғни жүйенің бір мүшесіне терминжасамдық тәсілдер жатады. Терминжасам тілдің сөзжасам жүйесінің бір мүшесі, бір тармағы болғандықтан, ол сөзжасамның жалпы заңдылықтарын сақтайды, оған бағынады, ол терминжасамда қолданылады. Олай болса, терминжасамда сөзжасамның тәсілдері түгел қолданылады. Сонымен бірге терминжасамның өз ерекшеліктеріне байланысты тәсілдер де терминжасам тәсілдерінен орын алады.

**Терминология** – 1. Терминдер туралы ғылым; 2. Терминдер жиынтығы деген екі мағынаны білдіреді. Белгілі бір ғылым, кәсіп саласында терминдердің жиынтығы болады. Әрбір ғылым саласының терминологиясы мен терминдік жүйесі тілдік құралдар арқылы көрінетін кәсіби білімнің ұғымдық байланыстарына негізделеді.

**Терминологиялық жүйе** – адам қызметінің арнаулы саласы ұғымдар жүйесін белгілейтін ретті терминдер жиынтығы болып табылады.

**Терминологиялық сөздік** – әртүрлі арнаулы сала ұғымдарының атаулары терминдерді қамтып, олардың мағыналарын түсіндіретін, жүйелік байланысын, аудармаларын, қолданылу ерекшеліктерін және т.б. сипаттарын көрсететін сөздік түрі.

**Тірек термин** – терминологиялық сөз тіркестерін жасауда негізгі тірек етіп алынатын термин.

**Фрейм** (ағыл. frame – құрылым, рама, кадр) – тілдік практиканың нормаларын қоса есептегенде оқиғалардың, жағдаяттардың немесе іс-әрекеттің біртекті ұйымдастырылуы туралы санада бар білім; бекітілген білім тіл субъектісінің санасындағы тәжірибеге сүйенеді және оны болып табылады.

**Халықаралық термин** – байырғы латын, грек тілдері негізінде жасалып, әлем тілдеріне арнайы ұғымға қатысты қабылданған сөздер. Мұндай тілдік бірліктер қазақ тіліне, көп жағдайда, орыс тілі арқылы, орыс тіліндегі тілдік заңдары бойынша қалыптасқан күйде өткен. Бұл терминдер қазақ тілінде ешқандай өзгерістерге түспей, орыс тілінде қалай дыбысталса, солай айтылуы, қалай жазылса, солай жазылуы керек деген қағида қалыптасқан.

## КІРІСПЕ

### **Жұмыстың жалпы сипаттамасы.**

Мемлекетіміз Тәуелсіздік алғалы бері қазақ тіл білімінің, оның ішінде терминология саласының дамуы ұлттық сипат алды. Кеңес дәуірі кезіндегі «термин» қабылдау қағидаттарына қатысты көзқарас түбегейлі өзгеріп, көптеген басқа тілден енген, орысша, ағылшынша нұсқасында қолданылып келген терминдердің қазақ тілінде баламасы қолданысқа енгізілді. Алайда қазақ тіліндегі жаңадан жасалған немесе аударылған терминдердің қолданылу деңгейі, кәсіптік және ғылым салаларындағы жұмсалудысыяқты мәселелер толық шешімін тапты деп үзілді-кесілді тұжырым жасау қиын. Осы тұрғыда терминология саласының әртүрлі аспектілеріне арналған зерттеу жұмыстары жоғарыда аталған мәселелерді шешуге бағытталып келеді.

Қазақ тіл білімінде терминологиялық лексиканың семасиологиялық, ономазиологиялық заңдылықтарын анықтауға арналған А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ә. Қайдар, Ө. Айтбайұлы, Б. Қалиұлы, Ш. Құрманбайұлы, Б. Момынова, Қ. Айдарбектің; терминологияның таным теориясын зерттеген С. Ақаев, Ш. Білал; терминография мәселелеріне арналған Е. Әбдірәсіловтің; терминология мен терминтанымның когнитивтік-прагматикалық және ақпараттық ерекшеліктерін қарастырған С. Исақова, А. Азаматова, М. Қожаеваның, жеке терминологиялық жүйелерді қалыптастыру мәселелеріне арналған Ә. Жүнісбек, А. Алдашева, М. Малбақов, С. Әлісжанов, К. Аяпбергенова, С. Құлманов, Б. Жөнкешов, М. Молдажаров, А. Қоңырова, Ә. Нұржанова, С. Сәрсенова, А. Исанованың және т.б. ғалымдардың еңбектері қазақ терминологиясының ғылыми-теориялық негізін қалыптастыру мен дамытуға қосылған іргелі зерттеулер саналады. Алайда қазақ тіл білімінде терминологиялық аталым мәселесі адам миындағы когнитивтік үдерістер барысында ойда «бейнеленіп», тілдік бірлік ретінде репрезентацияланатын когнитивтік құрылымдар тұрғысынан, нақтырақ айтқанда, ұлт тіліндегі терминологиялық бірліктердің қалыптасуындағы когнитивтік құрылымдар репрезентациясы ретінде арнаулы зерттеу нысаны болған емес. Осы ретте қазіргі таңдағы қазақ тілінде жаңадан пайда болған термин бірліктерін когнитивтік тұрғыдан зерттеуге арналған осы диссертациялық жұмыс терминология саласындағы жаңа бағыттың – ұлттық танымдық терминология ілімінің қалыптасуына үлес қосады және аталған сала бойынша жүргізілетін ғылыми ізденістерге жаңа мүмкіндіктер ашады деп санаймыз.

### **Зерттеу тақырыбының өзектілігі.**

Диссертациялық жұмыста терминология, терминжасам мәселелері репрезентативтік аспектіде қазіргі терминтанымдық және лингвокогнитивтік зерттеулер аясында қарастырылады (С. Исақова, А. Азаматова, Н. Болдырев және т.б.). Репрезентативтік аспект дүниенің концептуалдану және категориялану үдерістерінің нәтижесі – жалпы білімнің тілдік бірліктері арқылы көрініс табатыны белгілі. Ал когнитивтік ғылымның басты ұғымы – менталдық репрезентацияның негізгі мақсаты: концепт, фрейм, гештальт,

скрипт, сценарий секілді «ішкі» когнитивтік құрылымдар арқылы түзілетін ойлау үдерістерінің құрылысын көрсету болып табылады. Яғни, қазіргі тіл біліміндегі зерттеу тұжырымдарын негізге алсақ, тілдік құбылыстарды ойлау үдерістеріне сүйенбей сипаттау мүмкін емес. Осымен байланысты қазіргі кезде көптеген лингвистикалық зерттеулердің нысаны ретінде тілдік бірліктер арқылы репрезентацияланатын алуан түрлі білім категориялары мен репрезентациялану тетіктері алынып жүр. Сондықтан соңғы жылдардағы лингвокогнитивтік зерттеулердің мазмұны «дүние» туралы арнаулы танымдық білім мен тілдік бірліктер арақатынасын айқындауымен ерекшеленеді. Бұл ретте, танымдық зерттеулердің бір кезеңі аяқталып, келесі негізгі міндеті – ақпараттың берілу әдіс-тәсілдері мен оның қабылдану сипатына қатысты зерделеудің жаңа кезеңі басталды деуге болады. Осы тұрғыдан келгенде, сырттан келіп түсетін ақпаратты кодтау (кодирование) және кодтан алу (декодирование) үдерістерін зерттеу, жалпы адам миында өтетін когнитивтік ойлаудың сипатымен тікелей байланысты. Қазіргі ғылыми парадигма тұрғысынан когнитивтік бірліктерді (когниция, ой, білім бірлігі және т.б.) тілдік бірліктердің репрезентациялануы арқылы зерттеудің маңызы аса зор. Осы ретте ұлттық дүниетаным, ұлттық танымдық ойлау деңгейінде пайда болған «бейнетүзілімнің» (воображение) тілдік бірлік ретінде «жарыққа шығу» үдерісін терминжасамдағы лингвокогнитивтік әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қазақ тіліндегі жаңа терминдер материалы негізінде зерттеу ғылыми және арнаулы мамандандырылған кәсіби орталардағы арнаулы ақпарат, ғылыми-кәсіби ақпараттың берілу әдіс-тәсілдерінің түрлі когнитивтік форматтары, қазақ тілінде бұрыннан бар шеттілдік бірліктерді аудару және т.б. мәселелердің шешімін табуға септігін тигізеді.

Қазіргі жаһандану үдерісі, технологияның қарыштап дамуы нәтижесінде ғылым салаларында алуан түрлі жаңалықтар, құбылыстар пайда болып және олар жаңа ұғымдардың атаулары – терминдер мен терминдік тіркестер арқылы тілде көрініс тауып, басқа да тілдерге лек-легімен кірігіп, кірме сөздердің ұлттық тілдерге ықпалын күшейтуде. Мұндай үдерістер барлық тілдерге де тән құбылыс екені баршаға мәлім. Ал, ғылым мен техниканың, медицинаның, жаңа технологиялардың тілі болып танылған, байырғы латын, грек тілдерінің негізінде жасалған қазіргі көптеген ағылшын, неміс және т.б. тілдердің сөздері, жалпы әлем тілдерінің барлығына дерлік елеулі әсер етіп отыр. Бұған қоса, осыған дейін орыс тілі арқылы енген кірме сөздердің (ал олардың басым көпшілігі терминдер) қазақ тіліндегі қолданыс, жұмсалым мәселелері қоғамдағы саяси-әлеуметтік, мәдени, экономикалық және т.б. жағдаяттарға байланысты арнаулы зерттеуді қажет етеді.

Осы орайда жұмыста термин табиғатының ой-санадағы когнитивтік құрылым, ғылыми ой және оның тіл арқылы вербалдануы (репрезентациялану) нәтижесінде субъектінің ғылыми коммуникация құзыреттілігін арттыруға қабілеттілігі, терминдік бірліктердің ой-санадағы көрінісі – когнитивтік (менталдық, психикалық) бірліктермен өзара байланысы мен әрекеттестігі негізінде қарастырылып зерттелуі қазақ тіл білімінің терминология саласы үшін



ғана емес, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттаным, әлеуметтік лингвистика, лингвокогнитология, функционалды лингвистика және т.б. үшін де өзекті деп санаймыз.

**Зерттеудің басты мақсаты** – өзгетілді терминдердің қазақ тіліндегі баламалары мен аудармаларының тілдік бірлік ретіндегі құрылымын зерттей отырып, олардың адам санасында туындап, белгіленуші нысан туралы ақпараттың қабылдану, сақталу және өңделу сипатын (интерпретациялануын) тілдік вербалдануына әсер ететін когнитивтік құрылымдар арқылы анықтап көрсету. Осы мақсатта зерттеуде адам санасында орын алатын ой-пайымдау үдерісінің және оның көрінісі ретіндегі когнитивтік категориялардың (концепт, фрейм, гештальт тәрізді когнитивтік құрылымдар) және терминтанымның негізгі зерттеу нысаны – терминнің басты белгілері сипатталып, тілдік бірлік (терминдік бірлік) пен ой-пайымдау бірлігінің (когнитивтік құрылым) өзара әрекеттестігі мен байланысы мәселесіне ерекше назар аударылды.

Жоғарыда аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттер** қойылды:

– отандық және шетелдік терминолог-ғалымдардың, тіл мамандарының термин туралы тұжырымдамалары негізінде қазақ тіліндегі терминдердің табиғатына талдау жүргізіп, субъекті қабылдайтын ақпараттың сақталуы мен интерпретациялануын (өңделуін) қамтамасыз ететін, адамның ой-пайымдау үдерісін іске асыратын ассоциация, визуалдық ойлау, метафоралану тәрізді когнитивтік үдерістердің ерекшеліктерін ашып көрсету;

– концептуалдық талдау барысында басшылыққа алынатын қағидаттар кешенін негізге ала отырып, концептуалдық талдау алгоритімінің өзіндік ретті қадамдар тетігін әзірлеу;

– қабылданған ақпараттың репрезентациялануы нәтижесінде түзілетін когнитивтік форматтағы бірліктердің, терминдік бірліктермен тікелей байланысты концепт, гештальт, фрейм секілді когнитивтік құрылымдардың арақатынасын анықтау;

– шет тілінен (орыс, ағылшын) енген кірме терминдердің қазақ тіліндегі баламаларына лингвокогнитивтік, концептуалдық талдау жүргізе отырып, қазақ тілінде жаңадан пайда болған терминдердің ұлттық тілдік бейне немесе ұлттық концептілер негізінде жасалуы олардың қолданыс, жұмсалым тиімділігін арттыруға негіз болатынын дәлелдеу.

**Зерттеудің нысаны.** Қазақ тіліндегі жаңадан жасалған терминдік бірліктер (терминдер мен терминдік тіркестер); (30 томдық салалық қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздікте), «Қазақша-орысша қоғамдық ғылымдар терминдерінің сөздігінде» тіркелген қоғамдық-саяси терминдер негізінде); 600-ден астам тілдік бірлікті (термин және терминдік тіркес) құрайтын, бұрын орысша, ағылшына нұсқаларында қолданылып келген, кейіннен жаңадан жасалған (аударылған) қазақ терминдері.

**Зерттеу пәні.** Ұлттық тіл жұмсалымындағы жаңа терминдердің дефинитивтік құрылымында сақталатын білім форматтарының және олардың санадағы когнитивтік құрылымдар көрінісінің репрезентациялануы, когнитивтік мазмұны.

**Зерттеу жұмысының теориялық маңызы.** Зерттеу жұмысының барысында тілдік және когнитивтік бірліктердің өзара әрекеттестігі мен арақатынасы тіл мен таным сабақтастығын айқындайтын тетік ретінде танылып, терминжасамдағы когнитивтік құрылымдардың ерекшеліктері, түрлері мен үлгілері анықталды. Зерттеудің нәтижелері қазақ тіл біліміндегі танымдық терминологияны дамытады, терминжасам мен сөзжасам теориясына нақты үлес қосады. Зерттеу барысында жасалынған тұжырымдамалар мен нәтижелер когнитивтік терминтанымның көкейкесті мәселелерінің дамуына, қалыптасуына, оның мәнін тереңдете ашуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының нәтижелерін жалпы тіл білімі бойынша оқылатын арнаулы курстарда элективті курс, дәріс ретінде пайдалануға, алдағы уақытта осы бағыттағы зерттеулерге теориялық негіз етуге болады.

Зерттеудің нәтижелері қазақ терминологиясы жөнінде жаңа пайымдаулар жасауға мүмкіндік береді.

**Зерттеу жұмысының практикалық құндылығы.** Диссертацияның негізгі материалдары мен теориялық тұжырымдарын жоғары оқу орындарында филология мамандығының магистрант, PhD докторанттарына когнитивтік терминология мәселелерін қарастыратын арнаулы курстар мен оқу құралдарын әзірлеуде қолдануға болады. Сонымен қатар, тіл мен ой арақатынасы, ойлау үдерістерін сипаттау және сол арқылы тіл субъектісінің ой-пайымдау қабілеттерін анықтау тәрізді өз шешімін күтіп тұрған басқа да ұқсас құбылыстардың аражігін ашуда септігін тигізіп, когнитивтік құрылымдар мен олардың репрезентациясына қатысты болашақ зерттеулерге жол ашады, жаңа қазақ терминдерін когнитивтік парадигма тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік береді. Ең бастысы, зерттеу барысында алынған нәтижелер мен тұжырымдардың бірқатары шеттілді кірме терминдерді қазақ тіліне аудару және жаңа терминдер жасау үдерістерін оңайландыру белгілерін анықтауда негіз болады.

**Зерттеу әдістері.** Терминдік бірлік және онымен байланысты когнитивтік құрылымдардың арақатынасын айқындауда когнитивтік лингвистиканың басты әдіс-тәсілі концептуалдық талдау; ақпараттың кодталу форматтарын, оларды вербалдайтын тілдік бірліктердің мән-мағынасын анықтауда лингвокогнитивтік талдаулар қолданылады. Зерттеу барысында лексикалық-семантикалық талдау, тілдік бірліктерді жүйелеу, салыстырмалы-салғастырмалы әдіс-тәсілдер жүзеге асырылады. Сонымен қатар терминдік бірліктерді зерттеуде танымның жалпы қағидаттарына негізделген сипаттау, салыстыру, топтау әдіс-тәсілдері де қолданылады.

#### **Зерттеудің дереккөздері.**

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері ретінде, ең алдымен, түсіндірме, терминологиялық сөздіктер («Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Орысша-қазақша, қазақша-орысша терминдер мен атаулар сөздігі», «Мемтерминком бекіткен терминдер мен атаулар сөздігі» (құрастырушылар: Ш. Құрманбайұлы, С. Сапина); «Қазақша-орысша қоғамдық ғылымдар терминдерінің сөздігінің» (құрастырушылар: Ө. Айтбайұлы, Қ. Айдарбек, Н. Әшімова, Б. Жонкешов,

Ш. Нұрмышева, Н. Шүленбаев), одан басқа қазақ тіліндегі әлеуметтік желілер, Ғаламтор сайттары мен порталдары, соның ішінде Termincom.kz сайтының қоры қолданылды.

**Зерттеу жұмысының әдістанымдық негізі.** Зерттеу жұмысының ғылыми-әдістанымдық негізі ретінде когнитивтік лингвистика, терминология және терминтаным, лингвокогнитология салаларындағы Ө. Айтбайұлының, Ж. Манкееваның, Б. Қалиұлының, Ш. Құрманбайұлының, А. Азаматованың, С. Исақованың, Е.С. Кубрякованың, Дж. Лакофф, М. Джонсон, Н. Болдыревтің, В. Демьянковтың, М. Володинаның, В. Лейчиктің және т.б. ғалымдардың еңбектері алынды; соның ішінде зерттеу жұмысының теориялық мазмұнына негіз болған құнды еңбектер қатары А. Байтұрсынұлының «Қазақ тіл білімінің мәселелері», Ө. Айтбайұлының «Қазақ сөзі», Б. Қалиұлының «Қазақ терминтанымның өзекті мәселелері», Ш. Құрманбайұлының «Терминология қалыптастыру көздері мен терминжасам мәселелері», Қ. Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана», Ж. Манкееваның «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» сынды еңбектерінен тұрады. Әдістанымдық негізі тіл біліміндегі лингвистикалық талдаудың пәнаралық және деңгейлік парадигмасы – экспансионизм, тілдегі адам немесе адамгершілік факторларға негізделген бағыт – атропоөзектілік парадигма және неофункционалдық жұмсалымдық тәрізді заманауи қағидаттарға сәйкес орындалды.

**Зерттеу жұмысы бойынша қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

1. Терминологиялық бірліктің (термин және терминологиялық тіркес) лингвокогнитивтік және концептуалдық талдау нәтижелері терминнің дефиниция құрылымы да, табиғаты бойынша да когнитивтік фреймдік құрылымға толық сәйкес келетінін көрсетті.

2. Көп жағдайда, базалық концептілерді (*жер, су, кеңістік, уақыт, түр-түс* және т.б.) пайдалануымен белгіленетін, терминологиялық құрылымның санада көрініс табатын когнитивтік құрылыммен байланысы концептуалдық негізге сүйеніп, аталған концептілерді құрылымдық бөлшегі немесе базалық бірлігі етіп жасалған терминдік бірліктер ассоциативтік және метафоралық үлгілеу арқылы жасалады.

3. Субъектінің жеке тәжірибесі мен сезімдік-перцептивтік жағдайын айқындауымен тығыз байланысты, санада гештальт когнитивтік құрылымы ретінде көрінетін терминологиялық бірліктің жұмсалымдық маңыздылығының сипаты тілдік репрезентациясының прагмалингвистикалық функционалдылықты жүзеге асырумен сәйкес келетінін көрсетеді.

4. Терминологиялық бірліктің ғаламның ұлттық тілдік бейнесі негізінде жасалуы немесе көпқұрылымды терминнің бір компоненті ретінде ұлттық концепті болған жағдайда, саналы-мақсатты түрде пайда болған қазақ тіліндегі терминдер мен терминологиялық тіркестердің қолданыс тиімділігі артады.

**Жұмыстың талқылануы.** Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда,

халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференциялар жинақтарында жарияланды. Оның ішінде SCOPUS базасына енген журналда 1 мақала, халықаралық конференциялар жинақтарында 7 мақала, БЖҒСБК ұсынған ғылыми журналдарда 3 мақала жарық көрді:

1. Аталым үдерісі және менталдылық мәселелері жайында // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2018. – №70. – Б. 140-143.

2. О связи языка и мышления в процессе формирования когнитивных структур // Филологические чтения. халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Орынбор, 2018. – Б. 17-21).

3. Дискурс ұғымының зерттелу мәселелері туралы // Интеграционные процессы мировой науки в XXI веке: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында (Қазан, 2018. – Б. 8-13).

4. Гештальттың когнитивтік құрылым ретіндегі сипаттамасы // Ұлт көшбасшысының халқына жолдауы – Тәжікстанның саяси, мәдени және әлеуметтік-экономикалық өркендеуінің айнасы: атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Пенджикент, 2019. – Б. 472-477).

5. Концептуалдау және категориялау – тіл біліміндегі когнитивтік құрылымдар негізі ретінде // ҚарМУ хабаршысы. – 2019. – №3(95). – Б. 38-42.

6. Ассоциацияның қазіргі когнитивтік парадигма тұрғысынан сипаттамасы // БҚМУ хабаршысы. – 2019. – №4(76). – Б. 338-344.

7. Linguistic National image as a Factor in the effectiveness the Communicative act in Intercultural Communication // Functional Aspects of Intercultural Communication. Translation and Interpreting Issues: proceed. conf. (Moscow, 2019. – P. 375-392).

8. Тіл мен танымның арақатынасын әл-Фараби философиясы бойынша айқындау мәселелері // Әл-Фараби философиясы: мәдениет, тіл және әдебиет: матер. 23-ші халық. (WORKSHOP) (Алматы, әл-Фараби ат. ҚазҰУ, 2020. – Б. 22-26).

9. Conceptual analysis of a terminological unit in the light of modern cognitive terminology // Orcion, science journal. – 2020. – №91. – Б. 1036-1071.

10. Терминдік бірліктерді когнитивтік құрылымдармен байланысы негізінде қарастырудағы метафораның рөлі // Science Time. – 2020. – №11. – P. 5-11.

11. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексиканың бірлігі ретінде «праймериз» сөзінің орнын анықтау // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – №1. – Б. 15-20.

12. А. Байтұрсынұлының «пән сөздеріне» қатысты ой-пікірлерінің қазіргі қазақ терминтанымындағы орны және маңызы // Тұрақты даму: тіл, мәдениаралық қарым-қатынас және сандық технология: матер. 25-ші халық. ғыл.-әдіст. конф. (Аханов оқулары) (Алматы: әл-Фараби ат. ҚазҰУ, 2022. – Б. 80-85).

13. Lexical-semantic features of color designations in some phrasemes // *Xlinguae*. – 2022. – Vol. 15, Issue 3. – P. 126-133 (ISSN 1337-8384, eISSN 2453-711X).

**Зерттеудің құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық зерттеу кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және үш қосымшадан тұрады. Жалпы диссертациялық жұмыстың көлемі қосымшаларсыз 150 бет.



# 1 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КОГНИТИВТІК ТЕРМИНАНЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

## 1.1 Когнитивтік терминтанымдағы тіл мен ой арақатынасының тарихи диалектикалық сипаты

Тіл мен ой арақатынасын айқындау сонау замандарда өмір сүрген атақты ғұламалардан бастап қазіргі ғалымдарға дейін әлі күнге өз шешімін таппаған философиялық негізгі мәселелер ретінде қарастырылып келеді. Материалдық және идеалдық, ақиқат болмыс пен дерексіз дүние арасындағы байланыс ойшылдар тарапынан алуан түрлі әдіс-тәсілдер қолдану арқылы анықталып, эмпирикалық зерттеулердің нысанына айналды. Осы ретте тіл философиясының өзекті мәселелерінің бірі тілдің материалдық немесе идеалдық табиғатқа жатқызылып, оның мәнін танып-білу саналады. Ой тілдік бірлік арқылы «жарыққа шыға» ма?, жоқ әлде ойлау үдерісі дегеніміздің өзі ойша тілдесу, демек, ойдың «тілдік бейнеленуі»ме? деген сұрақтарға әлі күнге толыққанды жауап берілген жоқ. Мысалы, әйгілі ғалым А. Эйнштейн өзінің Ж. Адамарға берген сұхбатында бұл мәселе турасында былай деген: «Сөздер жазылуы немесе айтылуы бойынша менің ойлау үдерісімде айтарлықтай орын алмайтын сияқты. Ойлау элементтері ретінде физикалық шынайы заттар түсінікті-түсініксіз образдар мен таңбалар арқылы беріледі. Бұл образдар менің ой-санамда пайда болып, дамып, іске асады. Әрине, бұл образдар мен логикалық ұғымдар арасында біршама байланыс болады. Мен сөздер мен басқа символдарды екінші кезеңге – ассоциациялық ойын аяқталып, құрылымдар құрылып болғаннан кейінгі сатыға ғана қоямын. Олар (сөздер) арқылы пайда болған образдар қайта шығарылып, басқа адамдармен ой бөлісу мүмкіндігі туады» [1].

Тіл мен ойдың арақатынасы жайында А. Эйнштейннің тұжырымын былайша: «Шығармашылық ойдың ең негізгі элементтері – кейіптік және қимыл-әрекеттік образдар. Ал келесі кезеңде осы образдарды тілдік немесе таңбалық белгі арқылы кейіптеу, басқаша айтқанда, атау – өте қиын іс. Демек, тілдік емес ойлау формалары идеялардың тууына себеп болады. Ал оның нәтижесі ретінде пайда болатын ой тек тілдік бірліктер арқылы беріліп, адамдар арасында тарай алады» [2]. Ғұламаның ой туындау үдеріс туралы бұл сөздері тіл арқылы ойды жеткізу барысында тіл қолданысының маңыздылығын көрсете отырып, сөз тудырудың ойлаудан кейінгі екінші сатыда екенін көрсетеді.

Тіл мен ойдың, сөйлеу мен ойлаудың арақатынасы біздің дәуірге дейін өмір сүрген атақты философтардың көзқарастарынан: Платон (б.д.д. IV ғ. шамасында), Сократ (б.д.д. IV ғ. шамасында), Аристотель (IV), ортағасырлық Ж. Скалигер (XVI), Ж.Ж. Руссо (XVIII), XVII-XVIII ғасырдағы салыстырмалы-тарихи тіл білімі тұрғысынан логикалық грамматика негізін қалаушылар еңбектерінен, Ф. Буслаев (XIX), логикалық бағытты ұстанушылар (XIX ғ. бірінші жартысында), логикалық-синтаксистік бағытты ұстанушылар (XIX ғ. екінші жартысында), Беккердің «тіл ағзасы», В.ф. Гумбольдтің классикалық гуманизм ойлары (XIX), Г.В.Ф. Гегель, Ф.В.Й. Шеллинг, тілдің табиғилық

(натуралдық) тұжырымдамасы, Август Шлейхердің «тіл – дыбыстар арқылы берілетін ой» («язык есть – звуковое выражение мысли») тәрізді тұжырымдарынан көруге болады. Бұл тіл мен ойдың аражігін айқындауға бағытталған еңбектердің азғантай бөлігі ғана десе болады. Осы екі феномен туралы Шлейхердің тұжырымының дәлдігін ғалым В.А. Звегинцев атап өтеді: «Язык имеет своей задачей создать звуковой образ представлений, понятий и существующих между ними отношений, он воплощает в звуках процесс мышления. Язык посредством имеющихся в его распоряжении точных и подвижных звуков может с фотографической точностью отобразить тончайшие нюансы мыслительного процесса... Сущность слова, а тем самым и всего языка определяется всего тремя моментами: звуком, формой и функцией» [3].

XIX ғасырда тіл мен ойлау мәселесін зерттеуде Х.Штейнтальдің (XIX) еңбектері аса зор маңызға ие болды. Ғалымның «Грамматика, логика және психология, олардың қағидаттары мен арақатынасы» (1855), «Тіл білімі және психологияға кіріспе» (1881) еңбектерінде тіл арқылы әрбір жеке тіл және жеке адамның тіліндегі тіл категориялары қарастырылып, тілдік актінің өзі психологиялық құбылыс ретінде зерттелді. Осы еңбектерін негізге ала отырып, Х. Штейнтальді этнопсихологияның негізін салушы десе де болады. Өйткені ол ұлттық, саяси, діни қауымдастықтарға ортақ тілдік құбылыстардың ерекшеліктері негізінде тілдік категорияларды ойлау категорияларымен ұштастырып, түрлі халықтардың рухани, мәдени байланыстарын айқындады. Ғалым тіл білімінде басты орынға тілдің танымдық, атау және түсіндіру қызметтерін қойып, тіл білімінің өзін психологиялық ғылымдардың бір саласы ретінде қарастыруды ұсынды. Осы ғасырдағы психология ғылымы он тоғызыншы ғасыр тіл біліміндегі басты әдіснамалық қағидаттар қатарына еніп, Х. Штейнтальдің лингвopsихологиялық идеялары А.А. Потебня, И.А. Бодуэн де Куртенэ (XIX-XX), В.В. Фортунатовтың (XIX-XX) хронологиялық, тарихи ерекшеліктерді, қолданыстағы «тірі» тілді халық ауыз әдебиеті, аумақтық ауытқуларды ескере отырып зерттеуіне ықпал етті.

Кеңес кезеңінде де тіл білімін өз алдына жете зерттеп, қарастырған ғалымдар жұмыстарының барлығында зерттеулер тіл мен ой арақатынасынан басталады: мысалы, индоевропалық тілдер (Э.А. Мақаев), славян тілдері (Р.И. Аванесов, С.Б. Берштейн, Н.И. Толстой); роман тілдері (М.А. Бородин), иран тілдері (Д.И. Эдельман), түркі тілдері (Н.З. Гаджиева) және т.б. XIX-XX ғасырда Мәскеу лингвистикалық мектебінің Л.В. Щерба, А.А. Реформатский, Н.С. Трубецкой, Д.Н. Ушаков, М.Н. Петерсон, Г.А. Ильинский, А.А. Шахматов сынды атақты көптеген өкілдері өз зерттеулерінде тіл мен ойлау категорияларының арақатынасын анықтаудан бастады.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы атақты В. Радлов, Ы. Алтынсарин, И. Ильминский, А. Байтұрсынұлы, П. Мелиоранский, Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде де ой мен тіл арақатынасының тілдік категорияларды қарастыру барысында сөз болады. Осы ретте «Таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады» деп жыр атасы Асан қайғы айтқандай (XV-XVI.) (С. Абдрахмановтың сөзіне сүйенсек, бұл өлең жолдары



А. Байтұрсынұлының, алайда күллі қазақ жұртына М. Мағауиннің жарияланымына байланысты Асан қайғы сөзі болып таралған), қазақ даласында да сөз бен ой арақатынасы әрқашан өзекті мәселелердің бірі болғаны байқалады. Барлық түркітілдес халықтардың мақтанышы, «Аристотельден кейінгі екінші ұстаз» атанған Әбу Насыр әл-Фарабиден бастау алатын ғалымдар арасында ой мен тілдің арақатынасын сөз етпеген ғалым кемде-кем шығар. Әл-Хорезми, ибн Сина, әл-Руми, әл-Бұқари, әл-Бируни, әбу-Заид әл-Балқи, Қожа Ахмет Йассауи және т.б. ойшылдардың еңбектерінде олардың философиялық тұжырымдары, болмыс пен ақиқат, ғылым мен білім, тіл мен ойдың мән-мағынасына әлі күнге аса зер салынып, бұл феномендерді сипаттауға ұмтылыс болғанын көреміз [2, б. 23].

Сонымен, тіл мен ой арақатынасы әліге дейін өз өзектілігін жоймай, тіл біліміндегі шешімін толық таба қоймаған мәселелердің біріне жататын, философия, логика, психология, мәдениеттану сынды ғылым салаларымен зерттеу нысандары тұрғысынан ұштасып жататын аса маңызды мәселе деуге болады. Сондықтан тіл мен ойдың арақатынасын зерттеу барысында *аталым, ұғым, білім, мағына, семантика, менталдық, психологиялық, тілдік бірліктер* және т.б. категорияларды анықтау қажеттілігі аталған мәселені қазіргі ғылыми парадигмалар аясында қарастыруды талап етеді. Бұл туралы келесідей келтіреміз: «...біз тілді қоршаған ортаны тану құрылғысы ретінде қарайтын болсақ, демек, адами тәжірибені көрсететін тіл теориясы керек. Осындай талап лингвистикалық тәжірибе негізінде қойылады: эмпирикалық факторлардың кең жиынтығы – қабылдау, ойлау, адам тәнінің құрылысы, эмоциялар, жады, ес, әлеуметтік құрылымдар, сенсорлық-моторикалық және танымдық процестер, т.б. – толықтай тілдің универсалдық құрылымдық мінездемесінің көрінісі болып табылады» [4]. Тіл бірліктерінің ішіндегі толық лексикалық мағынаға ие ең кішкентай бөлігі – *сөз* – ойлау бірліктерін атаудың өзі қазіргі күні ғалымдар арасында көп талас тудыратын мәселе. Осыған байланысты, ең алдымен, *сөз* (соның ішінде сөздің арнаулы ғылым саласында қолданысқа ие болатын түрі ретінде – *термин*) және ол айқындап тұрған *ұғым* категорияларының ғылыми анықтамаларын нақтылауды мақсат етеміз.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдағы тіл білімінде ғылым саласындағы ғылыми парадигмалар өзгеріп, когнитивтік ғылым идеяларына деген қызығушылық ой мен тілді жалпы әлем ғалымдары зерттеулерінің басты нысанына айналдыруға себеп болды. Тілді когнитивтік тұрғыдан зерттеу дәстүрлі зерттеулерден тілдік бірліктердің менталдық, психикалық құрылымдармен байланысын алдыңғы қатарға қоюмен ерекшеленіп, тіл білімі аясында когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, психоллингвистика, нейролингвистика тәрізді жаңа ғылым салаларының пайда болуына алып келді. Бұл салаларда жалпы тілді зерттеудің жаңаша қағидаттары және әдіс-тәсілдері қолданылатын жаңа парадигмалар пайда болғанын ескерсек, терминологияның басты зерттеу нысаны ретінде *терминдер* мен *терминдік тіркестерді когнитивтік бағыт* тұрғысынан зерттеу – уақыт пен ғылыми қажеттілік талабынан туындаған үдеріс деп санаймыз.

Сөз бен ой арақатынасын ғалымдар сонау ғасырлардан бері тіл философиясының басты мәселесі етіп келсе, жалпы тіл мәселелерін когнитивтік тұрғыдан қарастыру ХХ ғасырдың екінші жартысында басталып, ғасыр аяғында ең өзекті және кең қолданысқа енген бағыт болды. Осы ғасырдың басында когнитивтік лингвистика мен терминология мәселелерін ұштастырып, терминдік бірліктерді жаңа парадигмалар аясында қарастыру терминтанушы ғалымдар арасында аса қызығушылық туғызды. Осы тұрғыда, жалпы, терминді, терминтаным мәселелерін жиырмасыншы ғасырда зерттеген орыс және батыс ғалымдарын: В.О. Винокур (1939), А.А. Реформатский (1961, 1968), Д.С. Лотте (1961), Л.А. Капанадзе (1966, 2005), А.С. Герд (1968, 1993), В.П. Даниленко (1986), В.Г. Гак (1981), В.А. Звегинцев (1996), Т.Л. Канделаки (1977), В.Д. Табанакова (2001), С.Е. Никитина (1999), С.Д. Шелов (1995), М.М. Gerbert (1982), G. Rondeau (1984), H. Czap (1988), D. Thomas (1992), M.T. Cabre (1999), L. Depecker (2001), H. Felber (1985), F. Gadet (1997), J.C. Sager (2000), K. Varantola (2002) және т.б., ал когнитивтік тұрғыдан қарастырушылар: P. Faber (2006), Miriam R.L. Petruck, (1996), В.М. Лейчик (2009), А.В. Суперанская, Н.В. Подольская, Н.В. Васильева (1989, 1996), Б.Н. Головин, Р.Ю. Кобрин (1987), Е.И. Голованова (2008), В.З. Демьянков (1994), Н.Н. Болдырев (2014), Е.С. Кубрякова (1996), Ю.С. Степанов (2000), В.И. Карасик (2002), З.Д. Попова (2003), И.А. Стернин (2007), С.М. Шевченко (2006) және т.б. лингвист-ғалымдарды атауымызға болады.

Қазақ тіл білімінде когнитивтік бағыттардағы зерттеулер 1990-2010 жж. басталып, терминология мәселелерін когнитивтік лингвистикамен байланыстыратын зерттеулер жаңа ғасыр басында ғана қолға алына бастады. Жалпы когнитивтік лингвистиканың қазақ тіл білімінде пайда болып, дамуына қазақстандық тіл білімі алыптарының еңбектері арқау болды. Атақты Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов, Сәрсен Аманжолов, Әбдуәли Қайдаров, Моисей Копыленко, Рәбиға Сыздық еңбектеріне сүйене отырып, Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева (2008), Қ. Жаманбаева (1998), Г. Ғиздатов (1999), Э. Сүлейменова, Н. Шаймерденова (2007), Г. Смағұлова, Б. Момынова (2005), А. Әмірбекова (2011), Б. Жұмағұлова (2009), З.К. Сабитова (2011), Ш. Жарқынбекова (2004), М. Амалбекова (2010), Ж.М. Уматова (2005), Г. Ержанова (2010), Г. Ихсанғалиева (2010) және т.б. ғалымдар тіл біліміндегі жаңаша салалардың пайда болуына атсалысып, тіл мәселелерін лексикология, этнолингвистика, лингвомәдениеттану салалары тұрғысынан қарастырды. Когнитивтік таным тақырыбындағы жұмыстар қатарына А. Исламның «Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті» (2004), Б. Нұрдаулетованың «Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі» (2010), А. Әмірбекованың «Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі» диссертациялары, Э. Оразалиеваның «Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма» атты диссертациясы және «Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы» атты монографиясы, Б. Нұрдаулетованың «Когнитивтік лингвистика» оқулығы (2011) және т.б. еңбектерді де жатқызуға болады. Қазақстандық зерттеу еңбектерінің ішінде лингвоконцептуалдық,

нақты айтсақ, лингвомәдени сипатта әзірленген З.К. Сабитованың «Қазақстандық еуразиялық мәдени концептілері сөздігі» (2011), осы тектес Л. Екшембееваның «Когнитивное картирование лингвистического знания» (2009) еңбектері де құнды зерттеулер қатарына жатқызуға тұрарлық. Когнитивтік бағытта жүргізілген зерттеулердің негізгілері ретінде Қ. Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» (1998), Ж. Манкееваның «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» (2008) атты монографияларын атауға болады. Сондай-ақ Г. Ихсанғалиеваның «Қазақстанның имиджын қалыптастырудағы когнитивтік және психолингвистикалық механизмдер» (2010) атты докторлық диссертациясының басты нысаны ретінде когнитивтік модельдеу мәселесі алынса, когнитивтік модельдеуді жіктеу және топтауда бастапқы еңбектердің қатарында Г. Ғиздатовтың «Сөйлеу қызметіндегі когнитивтік модельдердің типологиясы және динамикасы» (1999), С. Исақованың «Қазақ терминтанымның когнитивтік-прагматикалық аспектісі» атты диссертациялық жұмысы аталады.

Осы тәріздес жұмыстардың идеясын түйіндей келсек, тіл қолданысын когнитивтік жүйеге біріктіруді кешенді түрде іске асыру қажеттігін алға тартушы ғалым Қ. Жаманбаеваның: «Зерттеу проблемаларын тілдік сана төңірегінде жинақтап, негізгі мәселені психофизиологиялық (нақтырақ айтсақ, бұл психофизиологиялық эстетикаға жақындау), психологиялық (негізгі психоаналитикалық теориялардан басталады), философиялық, тілдік, әдебиеттану (соңғы үшеуі семиотикалық сипатта) тұрғысынан кешенді түрде когнитивтік жүйеге біріктіру арқылы ғылыми негіздерге талпыныс жасаймыз» [5], – деген тұжырымы тілдік сана құрылымы, гештальт теориясы, тілдік сана және мәтін құрылымы, тілдік модельдер тәрізді когнитивтік мәселелерді кешенді түрде зерттеу керектігін көрсетеді.

Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистика аясында алғаш зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымның бірі – Ж. Манкеева. Ол «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» атты мақаласында когнитивтік лингвистиканың пайда болуы мен дамуына қысқаша шолу жасып, М. Бирвиш, Н. Хомский, Дж. Лакофф, Г.В. Колшанский, Ю.Д. Апресян, А.Н. Леонтьев, Б. Касевич еңбектеріндегі тіл мен ой арақатынасы мәселелерін қарастыра келе, мынадай түйін жасайды: «Тіл мен ойлау бірлігінің өзіндік ерекше қасиеттерін тіл білімінің дәстүрлі, таза тілдік және ғылым саласы шеңберінде зерттеу мүмкін емес. Оған қажет ғылыми парадигма – когнитивтік лингвистика социолингвистикамен тұтасуы» [6]. Ғалым когнитивтік лингвистиканың терминжүйесін құрайтын негізгі ұғымдар арасынан тілдің қызметіне қатысты «*ғаламның тілдік бейнесі*» (языковая картина мира) [6, б. 14] терминдік тіркесін талдай келіп: «Тіл мен ой немесе таным, тіл мен ұлт т.б. мәселелер, сайып келгенде, ұлтты, ұлттың танымын өзінің терең құрылымдары арқылы тұтастырушы тілдің табиғатын анықтауға байланысты қазіргі тіл білімінде жаңа бағыттардың айқындалып, қалыптасып, дамып келе жатқаны байқалады. Оның көріністерін қазақ тіл білімінің даму күйінен де көріп отырмыз» [6, б. 43], –

деген пікір келтіреді.

Қазақ тіл білімінде когнитивтік бағытта жазылған зерттеулердің қатарында профессор Б.Момынованың когнитивтік бірліктердің көріністену – тіл арқылы берілу (репрезентациялану) ерекшеліктеріне тоқталып, бағалаушылық сипатын қарастырған және когнитивтік бірліктерге неғұрлым толық сипаттама берілген «Қазақ тіліндегі қоғамдық саяси лексика (әлеуметтік-бағалаушылық, сөзжасам)» [7] атты еңбегін ерекше атап өтеміз.

Когнитивтік лингвистиканы зерттеуші келесі ғалым А. Ислам: «Танымдық (когнитивтік) ғылым» термині (ағылш. cognitive) алғашқыда белгілі бір ақпаратты қабылдап, оны белгілі бір електен өткізіп, мида сақтай отырып, қажетті кезде оны қолдану нәтижесінде адамның миында білім қыртыстарының қалыптасып және толығыу процестерін зерттейтін ғылыми пәндер жиынтығын айқындау үшін енгізілген. Бұл, жалпы айтқанда, танымдық ғылым адамдардың қоршаған дүниені қабылдау және танымдық қызметтерін пайымдау нәтижесінде белгілі бір жүйеге келтіріліп, біздің санамызда «жазылып», менталды, яғни, танымдық процестердің негізін құрайтын білім мен таным туралы ғылым. Ғалымдардың көпшілігі танымдық ғылымның адамның ми қыртыстарына әртүрлі жолдармен келетін білімнің қалай «жазылу» жолдары мен сол ақпараттардың белгілі бір өңдеуге түсу жүйелерін зерттейтін ғылым», – деген анықтама ұсынады [8].

Профессор Ғ. Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» «когнитивтік лингвистика» терминіне мынадай анықтама беріледі: «Когнитивтік тіл білімі орысша – когнитивная лингвистика (лат. cognito білім, түсінік) – табиғи тілдік сана әрекетінің көрінісі, ойдың тікелей шындығы ретінде зерттейтін тіл білімінің саласы. Когнитивтік тіл білімі табиғи тілдің игерілу, қолданылу механизмін түсіндіруді және соған лайық оның моделін жасауды мақсат етеді. Ол үшін ниет, ес, еске сақтау, түсінік, жоспарлау, басқару сияқты сөйлеуге қатысты тілдік, психологиялық, физиологиялық т.б. ақпараттардың басын біріктіретін когнитивтік категориялар пайдаланылады. Когнитивтік тіл білімі тілдің көмегімен ақпараттың берілу, сақталу тәсілдері мен құрылымы жайында түсінікті кеңейтеді және машиналық аударма, ақпараттық-ізденіс, есептеу жүйесімен, т.б. байланысты бірқатар қолданбалы міндеттерді шешуге мүмкіндік береді» [9]. Осы анықтама бойынша, когнитивтік лингвистиканың басты мәселесі – тілдің адам санасындағы оймен байланыстырудағы негізгі зерттеу нысанына айналатынын анық көреміз.

Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистика ғылымының қалыптасуына негіз болған аталмыш еңбектер тілдік бірліктерді қолданудың когнитивтік негіздерін зерттеуге айтарлықтай үлесін қосты. Осы бағыттағы зерттеулердің барлығында ғалымдар тілдік бірліктердің табиғатын концептуалдық-когнитивтік тұрғыдан – мәдени, тарихи дискурсты ұстана келе, ұлттық сана-сезіммен, адам санасында қалыптасқан когнитивтік құрылымдармен байланыстыра отырып анықтау мәселелеріне тоқталады.

*Когнитивтік* деген терминнің өзі – танымға қатысты өте ертеде пайда болған және философия саласында ақиқат болмысты танудағы терминдік

корпусқа жатқызылатын тілдік бірлік. Бұл термин адамның сыртқы дүниеден ақпарат қабылдауын, оны өңдеп, соған сәйкес әрекет етуін, жадын, есте сақтауын, бір сөзбен айтқанда, менталдық үдерістерді зерттейтін ғылымдар саласында беріде кең қолданысқа ене бастады. Әйгілі Р. Джеккендофтың айтуынша, когнитивтік теория дегеніміз: «адамның ой-санасының негізін құрайтын және адамның миында менталды лексикон ретінде сақталатын менталды ақпаратты зерттеу» [10].

Когнитивтік лингвистика – тіл білімінде салыстырмалы түрде жаңа ғылыми бағыт. Когнитивтік лингвистиканың жеке ғылым саласы ретінде танылуы үшін оның негізгі ұғымдары, өзіне тән негізі категориялары мен бірліктері болуы шарт. Антропологиялық тіл білімін зерттеушілер *білім, концептуалдылық, концептуалды жүйе, когниция, когнитивтік модель, вербалдылық, менталдылық, концепт, әлем бейнесі, концептілік өріс, ұлттық мәдени бірліктер* терминдерін когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдары ретінде қарастырады. Аталған ұғымдардың адам санасындағы әрекеттері, тілдегі көрінісі, сол арқылы «ғаламның тілдік бейнесін» тану қабілеті туралы мәселе бүгінгі таңда жалпы тіл мамандары алдында негізгі әрі өзекті мәселелер санатында тұрғандығын аталған зерттеулерден айқын көруге болады.

Когнитивтік лингвистикада *когниция* басты ұғымның бірі саналады. Когниция (cognition – таным, cogitation – ойлау, ойлану) – адам санасындағы білім арқылы көрініс табатын ақпараттар жүйесі. Тіл білімінде *когниция* терминіне балама ретінде *интеллектуалдылық, менталдылық* атаулары қолданылып жүр. Когниция көбінесе адам миындағы тәжірибе арқылы жиналған ақпараттардың (білімнің) терең қатпарларындағы біртұтас көрінісретінде қарастырылады. Адам санасындағы білім әртүрлі тілдік құрылымдар негізінде көрініс табады. Мысалы, орыс ғалымы В.А. Маслова *елестету, схема, картина, фрейм, сценарий (скрипт), геишальт* сияқты ұғымдарды адам танымындағы ақпараттарды сыртқа шығаруда қолданылатын тілдік құрал деп есептейді де, когнитивтік лингвистиканы «тілдік білімнің табиғатын және оны қалай қолдану керектігін меңгеретін ғылым» деп қарастырады [11]. Қысқаша айтсақ, когнитивтік лингвистика тұрғысынан тіл: «... адамзат тілін жалпы хабарды ұсынуға, оны бір күйден екінші күйге ауыстыруға мүмкіндік беретін таңбалар жүйесі, таным механизмі әрі құралы ретінде қарастырылатын лингвистика саласы» болып танылады [12] да, өз кезегінде таным«дүниені, өмірді танып-білу қабілеті» [13] саналады.

Бүгінгі күні аталмыш лингвистикалық бағыттың өзіндік ұғым-бірліктері, ұстанымдары, ғылыми-теориялық негіздері қалыптасып, дамып отыр. Когнитивтік лингвистиканың негізін қалаушы батыстық ғалымдар құрылымдық тіл білімін танымдық лингвистикаға қарама-қарсы қоя отырып, когнитивтік бағытты ХХ ғасырдың аяғында дүниеге келген «төңкеріс», жаңашылдық деп түсіндірді. Нәтижесінде тілшілер когнитивтік лингвистиканы пәнаралық байланыстың көрсеткіші, тілдік ілімдер тоғысы деп бағалады. Сөйтіп, жалпы ғылыми дереккөздер негізінде когнитивтік ғылымды немесе когнитологияны, когнитивтік психологияны, мәдениеттануды қарастырса, лингвотанымды

дамытушы алғышарттарға лингвистикалық семантика, этнолингвистика, нейролингвистика, психоллингвистика, салыстырмалы-тарихи тіл білімі мәселелерін жатқызды. Ғалымдардың пікірінше, семасиология ұстанымдары мен категориялары адамзат танымының нәтижесін құрайды (Н.Д. Арутюнова, А. Вежбицкая, Ю.С. Степанов, Е.С. Кубрякова, В.Н. Телия, Қ. Жаманбаева, Ж. Манкеева, А. Ислам), ал тілдік типология заңдылықтары тілдің әмбебап (универсалды) құрылымын түсіндіруге мүмкіндік береді. Орыс ғалымы В.В. Петровтың когнитивтік ғылымның түпкілікті идеясының негізін құрайтын бірліктер турасындағы ойын ғалым В. Маслова былайша түсіндіреді: «Мышление представляет собой манипулирование внутренними (ментальными) репрезентациями типа фреймов, планов, сценариев, моделей и других структур знания» [11, с. 95]. Демек, білім бірліктері – фреймдер, жоспарлар, сценарийлер, үлгі-модельдер барлығы ішкі репрезентациялар саналады да, олардың өзара әрекеттестігі ойлау үдерісі болып саналады.

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистиканың зерттелу мәселесіне арналған шолуды біз анықтамалық сипатта жасап отырмыз. Бұл жұмыстағы біздің мақсатымыз – қазақ тіліндегі жалпы когнитивтік лингвистиканың алатын орны мен мән-маңызын қысқаша көрсету болғандықтан, когнитивтік лингвистиканың басты зерттеу нысандары туралы толық мағлұмат арнаулы тарауда қарастырылады. Осы ретте орыс ғалымы Л.В. Правикованың: «Егер когнитивтік лингвистикаға оның тілдік деңгейлер жүйесіндегі алатын орнына байланысты қарайтын болсақ, оның тіл білімінде мазмұндық параметрлер саласын зерттейтінін көреміз. Бұл дегеніміз – когнитивтік семантика, кеңістіктік семантика, фреймдік семантика. Бұл дегеніміз – категориялау мен концептуалдауды, концептілер мен концептуалдауды, метафора мен метафоралауды, референциялар мен тіл әрекеттерінің ақпараттық аспектілерін (активациялау, фигура-фон), менталды тілді зерттеу», – деген [14] тұжырымын ұстана отырып, когнитивтік лингвистиканың басты зерттеу ұғымдарын терминтаным тұрғысынан, жоғарыда аталған категориялардың термин арқылы, термин мен тіл тұтынушысының санасындағы ұғым туралы көрсеткіштің байланысы ретінде қарастыруды көздейміз.

Сонымен, жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, қазіргі қазақ тіліндегі когнитивтік лингвистиканың жағдайы біршама қалыптасқан деп түйін жасауға болады. Оның негізгі зерттеу нысандары анықталып, нақтыланып, *ғаламның тілдік бейнесі, ұлттық тілдік бейне, концепт, концептуалдық талдау, тілдік тұлға, концептуалдық модель-үлгі, менталдылық, танымдық үдеріс* және т.б. ұғымдар арқылы анықталып жүргенін ескере отырып, когнитивтік лингвистика саласы қарқынды даму үстінде деп айтуға болады. Когнитивтік лингвистиканың адамның ойлау үдерісін зерттеу нысаны ретінде қарастыратын барлық ғылым салаларымен байланыста болатыны, тіпті медицина, жасанды интеллект, математика, кибернетика сынды жаратылыстану ғылым салаларымен де зерттеу нысанына байланысты ұштасатыны анық. Бұлай болатын себебі, когнитивтік үдерістерді зерттеуші ғалымдар қазіргі ғылыми-

техникалық жағдайдың дамыған кездің өзінде адам миында өтетін ойлау үдерісінің шартты түрде дұрыс (дұрыс емес) жұмыс жасауының қорытындысы, оның шығармашылық үдеріс нәтижелері ретінде тек санадағы ойдың репрезентациялануы, демек, тілдік бірлік (сөз, сөйлем, мәтін) арқылы іске асуын ғана зерттей алады. Жалпықолданыстағы сөздер мен тілдік бірліктерге когнитивтік үдерістер арқылы концептуалдық сипаттама берілгенімен, терминдік бірліктерге қатысты мұндай жұмыстар қазақ тіл білімінде аз көлемде. Бұл мәселеге байланысты айта кететін жайт – батыстық лингвист ғалымдардың пайымдауынша (Faber, Fauconier, Montero, Petruck және т.б.), терминдік бірліктердің құрылымы ойда көрініс табатын когнитивтік құрылым сипаттамасына неғұрлым ұқсас әрі жақын. Когнитивтік лингвистика аясында тіл әлемнің когнитивтік моделінің бір бөлшегі ретінде қарастырылса, тілдік бірліктер адам миында пайда болып, сонда қалыптасатын когнитивтік құрылымдар ретінде көрінеді.

Жоғарыда баяндалған тұжырымдар терминдерге тікелей қатысты, өйткені «термин» дегеніміз – түптеп келгенде, арнаулы кәсіп саласында қолданылатын сөз, демек, арнаулы мақсатта жұмсалатын тілдік бірлік. Терминнің өзіндік сипаттамасы мен ерекшеліктері болғанымен, сөздің сөз болып саналу қағидаттарына толық «бағынып», оған тән барлық ерекшеліктерді қамтиды. Алайда термин сөздердің негізгі жалпы сөздік қордағы барлық бірліктерден оқшауланып, өзіндік ерекшеліктері болатындықтан, олармен байланысты шартты түрде адам санасының ми қыртыстарында «жатқан» когнитивтік құрылымдар да өзіндік ерекшеліктері мен белгілеріне байланысты ерекшеленеді. Когнитивтік лингвистика аясында тіл әлемнің когнитивтік моделінің бір бөлшегі ретінде қарастырылса, тілдегі нысандар – тілдік бірліктер адам санасында пайда болып, қалыптасатын когнитивтік құрылымдармен байланысы, сырт дүние нысанының ішкі көрінісі ретінде танылады. Басқа тілден енген әрбір кірме сөзді ұлт тілінің тұтынушысы әуелі бейтаныс дыбыс жиынтығы ретінде қабылдайды. Тіпті төл тілде «жасалған» сөздің өзі бастапқы кезеңде түсініксіз, мағынасыз аталым саналғанымен, кейіннен көпшіліктің қолдану деңгейіне, қолданыс жиілігіне байланысты толықтай қабылданып, немесе керісінше, ұмытылып жатады. Мысалы, соңғы жылдары жиі қолданылатын *бағдарлама, кешен, қағидат, батырма, лаңкес, тиянақ дыбыс, тінтуір, лездеме, өтіл, тоқырау, ақшамат, серіппе, түзетім, бұрқақ, кеңсеші, заманауи, құзыреттілік* және т.б. тілдік бірліктердің Кеңес дәуірі кезінде қолданыста болмағаны немесе басқа ұғымдарды білдіру үшін қызмет еткені белгілі. Ал жиырмасыншы ғасырдың аяғында жаңа мағыналарға ие болып, қазіргі таңда көпшіліктің жалпы қолданысына толықтай енуі – терминнің тілдік сана арқылы ұлттық санаға сіңуінің көрінісі.

XX ғасырдың жетпісінші жылдары бірқатар еуропалық елдер «арнаулы мақсаттар тілі» деген термин енгізіп, өз жерлері аумағында арнаулы салалардың тілі ретінде неміс тілін сақтау үшін фонетикалық, орфографиялық, лексикалық сәйкессіздіктерді жою бағдарламасын іске асырған екен. Сол елдердегі терминология саласында жұмыс істейтін мамандар ғылым мен

техника саласындағы қатынастардың неміс тілінде болуын алға тартып, түбегейлі өзгерістер бастағаны туралы, тап осы жағдай кейіннен Чехословакия, Канада, Франция елдерінде де қайталанып, терминологияны ұлт тілінде қалыптастыру жұмыстары жүргізілгені белгілі. Түркітілдес халықтардың арасында мұндай жұмыс тек түрік тіліне қатысты жүргізілген екен. Мысалы, 1932 жылы «Түрік тілі» қоғамының өткізген бірінші құрылтайында бірнеше қаулы қабылданып, арнаулы міндеттемелер қатарына: 1) халық тіліндегі және ескі кітаптардағы түрік тілінің байлығын жинастырып, оны жарыққа шығару; 2) түрікше жаңа сөздер жасау жолдарын іздестіріп, түрік сөздерінің түбірлері негізінде сөз жасау; 3) түріктің жазу тілінде көп қолданылып жүрген шет тілдерінен кірген сөздердің орнына таза түрік сөздерін алып, оларды жарыққа шығару жұмыстары жасалған.

Бұл мәліметтерді мысал ретінде келтіру себебіміз – ұлттық терминология қалыптастырудағы басты мәселелердің жалпы әлемдік деңгейде өзекті мәселелер қатарында екенін көрсету болып отыр. Мысалы, соңғы кездері кең қолданысқа ие болған бірнеше нұсқадағы терминдердің қазақ тіліндегі баламасын қолдану (*агрессор – басқыншы, вкладчик – салымшы, плательщик – төлемші, абстракция – дерексіздік, авторитет – бедел, адрес – мекенжай, ажиотаж – даурықпашылдық, ажур – өрнек, анализ – талдау, альянс – одақ, музей – мұражай және т.б.*) – ұлттық тілімізді сақтау мен байыту мәселесін шешудің бір жолы екенінің дәлелі. Осы орайда Х.Досмұхамедұлының «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөздерді бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ болса да болады» [15], немесе М. Әуезовтің: «Орыс тілі мен шетелдер тілінен алынған атаулардың орфографиясы бізде әлі дұрыс жолға қойылып болмаған... біздің грамматикамызда осы жөнде асыра сілтеу, сыңаржақтық бар сияқты» [16] – деген пікірлерін ескерсек, кірме сөздерге деген көзқарас (мейлі ол жалпы қолданыстағы сөз болсын, мейлі термин болсын) тіл біліміндегі баса назар аударатын мәселелердің алдыңғы қатарынан табылары сөзсіз. Кірме сөздердің басым көпшілігі термин екенін және жаһандану үдерісінің ұлт тіліне тигізер әсерінің өте жоғарғы деңгейде екенін ескере отырып, терминология саласының қазақ тіл біліміндегі басты мәселелер қатарынан алдыңғы орын алатынын көреміз. Бүгінгі таңда негізінен ағылшын, француз, неміс тілдерінен кіріп жатқан, осыған дейін алынған кірме сөздер мен терминдер; Кеңес дәуірінде орыс тілінен алынған терминдер; қазақ тілінде соңғы жылдары аударылған немесе жасалған терминдер – осылардың барлығы ұлт тілі лексикасының ауқымды бөлігін құрайды. Қазақ терминологиясының стихиялық және ұйымдық-мақсатты түрде қалыптасуын терминолог-ғалым Қ.Ж. Айдарбек осы үдерістің өзіндік ерекшеліктерін сипаттай отырып, ұлт тіліндегі кірме сөздер мен жаңа сөздердің барлығын термин сөздер қатарына енгізуге болатындығын және мұндай бірліктердің кеңінен жұмсалыуына себептерін көрсеткен болатын: «Қазақ әдеби тіліндегі жаңа кірме лексиканың кеңінен жұмсалыуы мен игерілуі көптеген себептермен айқындалады: 1) жаңа затқа, ұғымға, жаңа құбылысқа атау беру қажеттігі; 2) мазмұн жағынан жақын, дегенмен бөлек



ұғымдарды ажыратып беру қажеттілігі; 3) бөлек және тұтас құрылымды тілдік тілдік бірліктер арасында сәйкестік орнату үрдісі» [17].

Қазіргі қазақ тіліндегі терминология мәселесінің өзектілігінің себептерін Ә. Қайдаров былайша көрсетеді: «Бірінші себеп – әрбір өркениетті ел ғылыми-техникалық прогрестің айнасы іспетті терминологияның тап-тұйнақтай сындарлы болуына ерекше мән беріп, заман талабына сәйкес оқтын-оқтын оның бағыт-бағдарларын анықтап, үрдісін байқап, ширатып шынықтырып отыруға тиіс, біз де енді сондай ел санатына жатамыз. Екінші себеп – қазақ әдеби жазба тілі мемлекеттік тілдің негізі болса, терминология мен ғылым тілі – оның жон арқасы, бүкіл рухани-мәдени өміріміздегі жаңалықтардың бәрін сергек сезініп, сол ыңғайда өзгеріп отыруға бейімді құбылыс, сондықтан да мемлекеттік әдеби тіліміздің бүгінгі күйі мен ертеңгі жағдайы терминологияның реттілігімен, жүйелілігімен, тұрақтылығымен және қолданыс аясының кеңдігімен өлшенеді» [18]. Біз, осы зерттеу барысында алынған нәтижелерге сүйене отырып, академик атап өткен мәселелердің шешімін терминтаным мәселелерін шешу жолының бірі терминдерді когнитивтік тұрғыдан қарастыру деген тұжырымға келеміз.

Академик Ә. Айтбайұлы терминдердің әдеби тіл тұрғысынан маңыздылығы туралы былай дейді: «Атау сөздерінің күнделікті өмірде араласпайтын жері жоқ. Тіпті қазіргі кезеңде термин сөздердің ауызекі сөйлеу тілімізге де еніп, күнделікті өзара қарым-қатынас құралына да айнала бастағанын байқау қиын емес. Мұның өзі – тілдің, атап айтқанда, әдеби тілдің қарқынды дамуын байқататын бір белгі. Керек десеңіз, сан салалы ғылыми қажетімізді өтеуге қызмет етіп отырған әдеби тіл, ең алдымен, осы терминологиялық лексиканың өрістеуіне тәуелді. Терминологиялық жүйесі жасалмаған, терминдік ұғымдары қалыптаспаған тіл – ол әлі де әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмаған тіл» [19].

Академик Ә. Қайдар пен Ә. Айтбайұлы еңбектерінде аталған мәселелерді біз орыс ғалымы Е.И. Голованованың: «*Терминдер дегеніміз – сана бірліктерімен* байланысқан кәсіптік коммуникацияның тілдік бірліктері және оларды қызметінен тыс қарастыруға болмайды. Терминдердің қандай да бір жүйесі болмасын, адамзат білімінің және тәжірибесінің қандай да бір саладағы когнитивтік-логикалық моделі болып табылады» [20] деген тұжырымына сәйкес, терминдік бірліктерді когнитивтік тұрғыдан когнитивтік-логикалық модельдер ретінде қарастыру, бір жағынан, терминология мәселелеріне жанаша көзқарас болса, екінші жағынан, қазақ тіл біліміндегі когнитивтік терминтанымның одан ары дамуына өз үлесін қосады деп санаймыз.

## **1.2 Терминдік бірлікті зерттеудегі когнитивтік ұстанымның алғышарттарын айқындау**

Қазіргі кезде терминология саласының басты мәселелерін когнитивтік тұрғыдан қарастыру барысында батыс тіл біліміндегі, орыс терминологиясындағы зерттеулерді басшылыққа алуға тура келеді. Аталған мәселе көрші Ресей ғылыми қауымдастығында неғұрлым зерттелгендіктен,

В.М. Лейчик (2012), С.И. Маджаева (2012), В.Ф. Новодранова (2004), Л.А. Манерко (2009), Л.М. Алексеева (1998), Т.Г. Борисова (2000), М.В. Володина (2000), Л.В. Ивина (2003), Е.И. Голованова (2008), Т.В. Лукоянова (2014) тәрізді ғалымдардың еңбектеріне сүйенеміз. Олардың зерттеулерінде терминдік бірліктер терминді когнитивтік тұрғыдан сипаттау, тілдің ішкі құрылымдық мәселелері мен семантиканы терең зерттеу арқылы когнитивті-дискурсивті құрылым ретінде қарастырылады. Қазақ тіл білімінде когнитивтік терминология мәселелерін зерттеушілер қатарында С. Исақова, М. Кожаева, Н. Азаматова, А. Ислам, А. Бисенғали, т.б. жұмыстарын атауға болады. Мысалы, С. Исақованың «Қазақ терминтанымының когнитивтік-прагматикалық аспектісі» атты еңбегінде қазақ терминтанымының когнитивтік-коммуникативтік аспектілері, ғаламның тілдік бейнесі және ғылыми бейнесінің арақатынасы, терминдердің ақпараттық табиғаты, концептуалдық өрісі, «кәсіби тілдік тұлға» терминтіркесінің концептуалдық сипаты тәрізді мәселелер талданады, ал А. Азаматованың «Метаязык лингвистики» еңбегінде тіл біліміндегі метатіл, терминологиялық аталым және терминжасам мәселелері қарастырылып, лингвистикалық терминология құрылымдық-семантикалық, прагматикалық және лексикографиялық аспектілерде қарастырылады.

Қазіргі кездегі ғылыми-техникалық үдерістің қарқынды дамуына байланысты сағат сайын пайда болып жатқан жаңа атаулар, терминдер санының артуы оларды зерттеуге қатысты жаңа көзқарастар тууына, бұрынғы тұжырымдардың жаңаруына себеп болып отыр. Бұл жағдай терминдердің, терминжүйелердің орнын, мән-мазмұнын, рөлін айқындауда айтарлықтай қиындықтарға соқтырып, пікірталас туғызып қана қоймай, кей кезде тіпті қарама-қайшылықтар туындауына алып келіп жатады. Мұндай жағдайда терминологиялық бірліктерді терминтаным тұрғысынан теориялық негізде зерттеудегі қағидаттарды, әдіс-тәсілдерді ұтымды және рационалды, оңтайлы түрде қолданудың маңызы орасан. Сондықтан тіл мен ойлаудың арақатынасы, сайып келгенде, білім мен оның тіл арқылы берілуі – терминолог ғалымдарды қызықтыратын әрі ойландыратын мәселеге айналуы заңдылық деп есептейміз. Осы ретте терминдік бірліктер мәселелерін когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарастыру терминологиядағы терминтаным, соның ішінде когнитивтік терминтаным саласының біршама маңызды мәселелерін шешуге негіз болады. Мысалы, *альянс, аванс, абонент, абонемент, абстракция, агрессор, адрес, ажиотаж, ажур, анализ, аристократизм, актив, активация, биржа, бланк, дотация, дискриминация, комплекс* және т.б. қоғамдық ғылымдар терминдері – қазақ ғылыми-кәсіптік қауымдастығында жұмсалып қана қоймай, жалпы қолданыста да мағынасы айқын, жалпыға таныс болып кеткен терминдер. Осы тектес терминдер түп негізінде ағылшын тілінен алынғанымен, қазақ тіліне орыс тілі арқылы еніп, әлі күнге терминологиялық сөздіктердің басым бөлігінде қолданылып келеді. Алайда соңғы жылдардағы тіл біліміндегі өзгерістерге байланысты мұндай терминдерге қазақ тілінен балама табылып, бұл терминдер атап тұрған ұғымдардың бірнеше атаулық нұсқалары қатар қолданылып жүргені де белгілі. Осындай мысалдардың «халықаралық» (шет

тілдерінен орыс тілі арқылы енген) және ұлттық (қазақ тіліндегі баламасы немесе аудармасы) нұсқаларын салғастыру негізінде қазақ қауымдастығы үшін қолдануға қай нұсқасы (шеттілдік нұсқасы әлде қазақ тіліндегі баламасы) қолайлы? және осы терминдерді естігенде санада туындайтын концепт қай нұсқамен байланыста болады? деген орынды сұрақ туындайды. Біздің пайымдауымызша, *альянс* деген терминнен гөрі қазақ тілді қолданушы үшін *одақ* деген осы терминнің баламасы әрі ыңғайлы, әрі санадағы когнитивтік құрылым ретінде ұлттық концептілерге сәйкес келеді. Алайда ғылыми коммуникацияда бастапқы кірме *альянс* нұсқасының қолданылуы орынды, өйткені ол халықаралық деңгейдегі коммуникация актіінде толық активтенген әрі көпшілікке түсінікті бірлік. Осы тәрізді *агрессор* – *басқыншы*, *вкладчик* – *салымшы*, *плательщик* – *төлемші*, *абстракция* – *дерексіздік*, *авторитет* – *бедел*, *адрес* – *мекенжай*, *ажютаж* – *даурықпашылдық*, *ажур* – *өрнек*, *анализ* – *талдау*, *аристократизм* – *тектілік*, *актив* – *белсенді (лік)*, *бланк* – *құжат қалып*, *дотация* – *мемлекеттік жәрдем қаржы*, *дискриминация* – *кемсіту*, *комплекс* – *кешен* және т.б. терминдер қазақ тілінде қосарлана қолданылып келеді.


Ғылыми білімнің аясы аса ауқымды әрі күрделі болып келеді, ал оны өңдеу мен зерттеу когнитивтік қағидаттарға сүйенуді талап етеді. Қоршаған ортадағы ақпаратты толықтай түсініп, тану үшін адамзат дүниедегі бар заттарды (кұбылыстарды) категориялап, білімді құрылымдық күйде реттеуге немесе концептуалдауға ұмтылады. Бұл үдерістер концептілердің категориялар қатарына өтіп, білімнің реттелген түрде құрылымдар қалыптастыруын қамтамасыз етеді. Терминдерді концептуалдау үдерісі концептілер арақатынасына және белгілі лингвистикалық жүйе ерекшеліктеріне байланысты болатыны шетелдік терминолог ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған. Ғылыми білім терминдердің өн бойына жинақталып, бұл білім бекітілген терминологиялар арқылы таралады. Демек, терминология қандай да бір ғылым саласының іргетасын (фундаменталдық негізін) құрайтындықтан, термин мен концептінің арақатынасын анықтау терминтаным үшін аса маңызды. Осы мәселені шешуде фреймдерге негізделген терминтаным теориясы білім және терминологияны игеруге негіз болады. Бұл теория Ч. Филлмордың фреймдер теориясы (Fillmore, 1982), Кабрениң коммуникативтік (Cabré, 1995), Теммерманның социокогнитивтік немесе әлеуметтік когнитивтік (Temmerman, 2000) терминтанымдық теорияларын қамтып, терминологияны жаңа бағытта – когнитивтік тіл білімі қағидаттары тұрғысынан зерттеуге алып келеді. Білімді құрылымдау арнаулы ғылым саласында концептуалдық «тор» құрудың және терминдерді сол тұрғыда мәнмәтін арқылы анықтап, практика түрінде қолдануға мүмкіндік береді. Бұған терминтанымдағы осы жаңа бағыт қорытындысы ретінде құрылған көптілді терминологиялық базаларды мысалға келтіруге болады. Мұндай терминологиялық база батыстық ағылшын тілді ғылыми қауымдастықта мол қолданылады. Мысалы, Эколексикон терминдер базасын (*EcoLexicon*) қоршаған ортаны қорғау саласының терминдерінен тұратын интернеттік қорды Испаниядағы Гранада университетінің терминолог-

ғалымдар тобы жасаған [21]. Бүгінгі таңда бұл терминдер базасы күн сайын толықтырылып, қоғам үшін де, терминология үшін де маңызды құралға айналып отыр. Мұндай базалар белгілі ғылым саласындағы адамзаттың осыған дейін жиған бар ақпаратын жинақтап, белгілі бір салада сенімді бағыт-бағдар алуға көмектеседі және жаһандану үдерісінде әр минут сайын толықтырылып отырған ғылыми ақпараттың орасан зор көлемін тиімді қолдануға септігін тигізеді. Қазақ ғылыми қауымдастығында бүгінгі таңда *Terminkom.kz* сайты жасалып, оған қазақ терминологиялық қорындағы тілдік бірліктер барынша енгізіліп отыр. Ал терминдік қоры нақтыланып, бүгінгі күн талаптарына сәйкес реттестірілген, рәсімделген жағдайда, терминдер қазақ тілі лексикасының ғылыми-кәсіптік саласының арнаулы бөлігі ретінде қызметін толықтай атқарып, жоғарыда аталған терминологиялық база жұмысы қарқынды жүретіні әрі ғылыми-кәсіптік орталарда жұмсалымдық деңгейінің артатындығы дау туғызбайды деп ойлаймыз. Осы жерде терминолог-ғалым Ш. Құрманбайұлының мына тұжырымы ұлттық терминологиялық қорының қалыптасу сипатын көрсетеді: «Тіл – ғылым білімнің, техниканың, яғни барлық арнаулы салалардағы қызметін мүлтіксіз атқару үшін оның сол салалардағы кәсіптік қатынасымды қамтамасыз ете алатындай біріздендірілген, жүйеленген, ретке келтірілген ұлттық терминологиялық қоры жасалуы керек» [22].

Осы ғасырдың басында терминология мәселесі тек тіл ғылымында ғана емес, баспасөз және ақпарат беттерінде ең көкейкесті тақырыпқа айналып, ұлттық терминологиялық қор жасау мен дамыту қажеттілігі жаңа терминдердің қазақ тілінде кәсіптік салаларда кеңінен қолданысқа еніп, қазақ тілі терминологиялық қоры көлемінің ұлғайып, толығына түрткі болды. Осы орайда жоғарыда аталған Испаниядағы EcoLexicon: <http://ecolexicon.ugr.es> терминдер қорына ұқсас *Terminkom.kz* сайты қазақ тіліндегі терминдерді біріздендіріп, жүйелеп, қалыпқа келтіруге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Ұлттық терминологиядағы когнитивтік ағымның әдіснамалық құрылымы түрлі қағидаттарға сәйкес терминге сипаттама анықтама бере отырып, терминнің жеке адамға және қоғам өміріне әсері тәрізді басты мәселелерді қарастыру негізінде төмендегідей аспектілер аясында қарастырылады: когнитивтік-семантикалық; когнитивтік-грамматикалық; лингвомәдени (1-сурет).

Біз зерттеу жұмысымызда терминдерді когнитивтік-семантикалық аспектіде қарастыра отырып, басты әдіс-тәсіл ретінде концептуалдық талдаумен қатар, жұмыс барысында когнитивтік-грамматикалық бағытта да (әсіресе, ғылыми-дискурстық), лингвомәдени бағытта да зерделеу жүргіздік. Өйткені, жалпы тілдік зерттеу «қатып қалған заңдылыққа» негізделмейді, сондай-ақ когнитивтік ғылыми білім саласы нысандарының арақатынасын қарастыруда зерттеу нысандарының шегі – тілдік бірлік пен когнитивтік құрылым – тым өзгергіш, әрдайым өзгеріске, қозғалысқа бейім феномен. Бұл жайттың концептуалдық талдау барысында да, семантикалық-когнитивтік әдіс-тәсілдерді қолданған кезде де ескерілгенін атап өтеміз.



Сурет 1 – Терминдерді талдау аспектілерінің өзара әрекеттестігі

Тіл біліміндегі концептуалдылық үлгі-моделін адамның өз әрекеті, бақылаушы нысаны және оған әсер ету механизмдері туралы ақпарат жүйесі деп атауға болады. Әдетте, концептуалдық үлгі-модель деп арнаулы нысанға қатысты көп ұғымдардың мағыналық құрылымын анықтап, олардың өзара байланысынан жеке жүйе құрайтын қандай да бір үлгі аталады. Терминнің концептуалдық моделі *арнаулы ұғым атауы* бола отырып, сонымен қатар, біріншіден, жалпытілдік қолданыста болатын, демек, қарым-қатынас құралы ретінде *коммуникативтік қызмет* атқаратын; екіншіден, нысанның нақты атауы ретінде арнаулы ғылыми салаларда қолданылып, қоршаған ортаны тану құралы ретінде *танымдық қызмет* атқаратын; үшіншіден, жасалуына байланысты тілдегі бар сөзжасаушы компоненттердің семантикалық мазмұнын өз бойында сақтай отырып, тілдің тарихи (диахронды) тұрғыда және қазіргі (синхронды) кезде *сөзжасамдық қызмет* атқаратын, түйіндей айтқанда, адам санасындағы когнитивтік құрылымдардың концептуалдық үлгісінің көрінісі ретіндегі күрделі құбылыс болып табылады.

Тіл білімінің когнитивтік зерттеу бағыты тілдік әрекет, сана мен ойлау үдерісінің өзара байланысына сүйене отырып, бұған дейінгі кейбір дәстүрлі көзқарастарға өзгерістер енгізуге алып келді. Е.С. Кубрякованың айтуынша: «Тіл білімі үнемі тілді тануға деген ұмтылыстың нәтижесінде ондағы әлі де зерттелмеген құбылыстарды анықтауға тырысты, сондықтан, оның тарихы мен дамуына әсер еткен «жаңа ақиқаттардың табылуы» ғана емес, сонымен қатар, сол нысандарға деген көзқарастың өзгеруі заңдылық деуге болады» [23].

Сонымен, қазіргі терминтаным саласының басты мәселесі ретінде біздің ғылыми жұмысымыздың негізгі мақсаты терминнің мән-мағынасын оның ішкі құрылымы бойынша анықтап, терминдерді ойдағы когнитивтік құрылыммен байланысы негізінде сипаттау болып отыр. Осы жерде айта кететін маңызды жайт – когнитивтік құрылымдардың өзі әлі күнге ғылыми тұрғыдан толық анықтамасын алып, айқындалмаған феномен екенін естен шығармау керек. Дегенмен, зерттеу барысында қазақ тіліндегі жаңа терминдер когнитивтік

терминтаным нысаны ретінде олардың ассоциативтік метафоралануы, фреймдік семантикаға сәйкес құрылуы, гештальттық анықтама арқылы сипаттала отырып, жұмысымызда қазіргі қазақ терминологиясындағы термин мәнін когнитивтік тұрғыдан қарастыру мәселелеріне қатысты біршама анықтамалық мазмұн бере алатын тұжырымдар ұсынылды.

Ресей ғалымы Л.М. Алексееваның пікірінше, терминнің тілдік категория ретінде зерттелуі тіл біліміндегі екі басқы аспектінің – жіктелімдік (классификациялық) және функционалдық (статикалық және динамикалық) зерттеу әдістерінің бірлігінен бастау алады [24]. Ал терминнің жұмсалымдығы аясында шығатын көптеген аспектілерді когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарастыру керек, өйткені: «Когнитивтік лингвистика тілді адамның қабылдау мен категоризациялау сияқты қабілеттері негізінде қарастырады», – дейді Л.В. Ивина [25]. Ғалымдардың бұл пайымдары өте орынды деп есептейміз, себебі бүгінгі таңда тілдік бірліктің жұмсалымдық қызметі коммуникациялық, прагматикалық, мәдени, психологиялық аспектілерді қамти отырып, адамның ой-санасында жүретін когнитивтік, менталдық, психикалық үдерістерді сипаттауға мүмкіндік беретін бірден-бір әрі әдіс, әрі құрал десе де болады.

Қазақ тіліндегі терминдерді талдау барысында біз олар фреймдік сипатқа ие бола отырып, санадағы когнитивтік құрылымдардың шынайы өмірде (бұл зерттеуде ғылыми-кәсіптік қатынасымда) ұғыммен байланысты концептуалдық мән-мағынасын сақтайды деген тұжырымға келеміз. Концептуалдық талдау негізінде берілген терминдік бірлік туралы бар ақпарат білім бірлігі ретінде фреймдік құрылымда әрі сақталып, әрі анықталады; қажетті уақытта ақпарат жадыдан шығарылып, басқа ұғымдарды түсіну-түсіндіру үдерісіне қатысады және бұл үдеріс метафоралық модельдеу сипатына ие болады деген түйін жасаймыз. Осы зерттеуде ғалым А.А. Кибриктің «когнитивтік ұстаным дегеніміз – тілдік форма негізінде түпкілікті адам санасындағы білімнің, ойлау-ойлану үдерісінің, танымның, когнитивтік құрылымның айнасы» деген когнитивтік пайымын ұстанамыз [26]. Ғалымның бұл тұжырымы терминдік бірлік адам санасында когнитивтік құрылым ретінде көрініс табады және мұндай құрылым құру барысында ұлттық тілдік бейне, менталдылық, интеллект, концепт ұғымдары маңызды рөл атқарады деген ойымызды нақтылай түседі.

Termincom.kz сайтының мәліметтеріне сүйенсек, 1917-2017 жж. аралығында Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық мемлекеттік терминология комиссиясы жалпы саны 21000 терминдік бірлік бекіткен. Осы бекітілген терминдік бірліктердің жылға шаққандағы санына назар салсақ, 2016 жылы ең көп көлемде – 5004 терминдік бірлік бекітілгені және сала терминдерінің үлестік пайызы бойынша медицина, компьютерлік, экономикалық, саяси және т.б. салалардағы терминдердің басымдығы байқалады. Мысалы, 2006 жылы бекітілген терминдер қатарынан *азатжол* (лингв.), *анимация* (мәден.), *тұсқағаз* (құрыл.), *пернетақта* (комп.) және т.б. бірліктерді көреміз. Сайтта берілген терминдердің арасында экономика, ісқағаздар, заң, тіл білімі, медицина, көлік және қатынас салалары

терминдерінің көп бекітілгенін аңғарамыз. Соның ішінде халықаралық терминдер ретінде бекітілген *абсолюттік монархия, абордаж, ареалдық лингвистика, библиография, волюнтаристік идеализм* т.с.с. бірліктердің жалпы саны – 1163. Сайтқа жасалған талдау нәтижесінде ең көп мөлшерде төл терминдер – *жанарғы, белсенді бояғыштар, сүтсағыз* және т.б. (6547 бірлік), құрамында бір немесе одан да көп халықаралық терминдер бар бірліктер – *транзитив етістік, есептелетін функциялар* (2126) және халықаралық терминдер (1163) бекітілгенін көреміз. Бекітілген терминдердің ішінде актив қолданыстағы терминдердің пайызы – 85, пассив қолданыстағы терминдер 15 пайызды құрайды [27]. Бұл көрсеткіштер – қазақ тілінің терминдік қоры қалыптасып әрі қарқынды дамып қана қоймай, соңғы кездері төл терминдердің саны көбейіп, олардың қолданыс жиілігінің артқанының дәлелі. Демек, терминдік бірлікті когнитивтік тұрғыдан қарастырудың кірме терминдерді қазақ тіліне аудару, жаңа ұғымдардың атауы ретінде жаңа терминдер жасау мәселесіне қатысы бар екені айқын, өйткені атау пайда болуы үшін оның ой-санада ұғымға қатысты көрініс бейне туғызуы қажет.

Сонымен, осы тараушаның қорытындысы ретінде төмендегідей тұжырымдар жасаймыз:

1. Қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистика тіл білімінің саласы ретінде соңғы кездері зерттеу нысанына айналып, тіл мәселелерін когнитивтік тұрғыдан қарастыруға арналған зерттеулер әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика, лингвомәдениеттану, этнолінгвистика пәндерінің аясында қалыптасып, жалпы тіл білімі мәселелерін шешуге өз үлесін қосып келеді.

2. Қазақ тіл білімінде терминология саласы – Қазақстан Тәуелсіздік алғалы бері көтеріліп келе жатқан әрі лингвистикалық, әрі экстралингвистикалық маңызды мәселелердің бірі. Осыған дейінгі қалыптасқан терминологиялық қор құрамы қайта қаралып, жаппай жаһандандыру мен компьютерлендіру жағдайында күн сайын толығып отыр.

3. Қазақ тіл білімінде терминология мәселелерін когнитивтік тұрғыдан қарастыру осы ғасырдың соңғы он жылдығында ғана қолға алына бастады. Этнолінгвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану аясында біршама зерттеу еңбектері болғанымен, терминология мәселелерін когнитивтік лингвистика нысандарымен байланыстырып зерттеген еңбектердің саны өте аз. Бұл тұрғыда зерттеу жұмысында батыстық (АҚШ, Испания), ресейлік ғалымдардың зерттеу нәтижелері негізге алынды.

4. Зерттеуде терминдік бірліктерді когнитивтік тұрғыдан анықтауда концептуалдық талдау қолданылып, терминдер когнитивтік-семантикалық аспектіде қарастырылып, терминнің мән-мағынасы оның тіл тұтынушысының (субъект) санасында пайда болатын көрінісімен байланысы ретінде, тілдік бірліктің лексикалық-семантикалық анықтамасына сәйкес семалар жиынтығы арқылы сипатталды.

5. Зерттеуде «терминдік бірлік» атауы қолданылады, өйткені ол термин сөзді де, терминдік тіркестерді де толықтай қамтып тұрады.

6. Сонау ғасырлар бұрын да ғалымдарды қызықтырған тіл мен ой арақатынасы мәселесі әлі күнге өз шешімін таппаған тіл философиясының басты сұрақтарының бірі болып табылады. Атақты ғалымдарды ойландырған негізгі мәселе – әуелі ой туындап, ол тілдік бірліктің қалыптасуына себеп бола ма?, әлде тілдік бірлік адам санасында ой туғызатын түрткі ме? Осы тұрғыда тіл мен ой екіжақты феномен екендігін, олар бірін бірі айқындап, бірінің тууына екіншісі себепші болып тұратынын байқаймыз. Сөзді естігенде (оқығанда) ой туындап, санада ой қалыптасқанда сөз пайда болып (айтылып, жазылып), адамдардың қарым-қатынас жасауына қызмет ететінін көреміз. Демек, тіл (сөз, термин) мен ойды (когнитивтік құрылымдар, концепт, фрейм және т.б.) бөліп қарастыруға мүлде болмайды. Бұл екі феномен үнемі бірге, бірімен бірі байланысып тұратынын ескеріп, сөз айтылған (жазылған) жерде ой туындайды, ой туындаған жерде сөз адамды іс-әрекетке итермелейді деген қорытындыға келеміз.

### **1.3 Терминдік бірлік белгілерінің сөз және ұғым байланысы тұрғысынан сипаты**

Терминдердің өзіндік белгілерін анықтау үшін оның сөзден айырмашылығын және ұғыммен байланысын ажыратып көрсету қажет болады. Осы ретте «сөз» терминіне «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» берілген анықтаманы келтіруді жөн санаймыз: «1. Белгілі бір мағынаға ие, заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін тілдің негізгі бірлігі...». Сөз – зат пен құбылыстың атын, түр-түсін, сапалық белгісін, амалын, қимыл-әрекетін таңбалаушы негізгі мағыналық-құрылымдық бірлік. Болмыстың тілдік атауы ретінде дыбыс пен мағына тұтастығынан тұрады» [28].

«Сөз» терминінің табиғатын ғалым А. Ысқақов: «Сөз айналамыздағы зат я құбылыс жайындағы ұғымның аты я атауы болса, әрине, ол атаудың қоғамдық өмірде өзіне телінген мағынасы да болады. Бірақ ол мағына өзі атайтын затпен я құбылыспен тікелей табиғи байланыста болмаса да, сол ұғымды білдіретін белгі (таңба) я сол ұғымның мазмұнының бейнесі ретінде қалыптасқандықтан, бір тілде сөйлейтін адамдардың бәріне бірдей түсінікті болады», – деп түсіндіреді [29]. Демек, сөз – тілдік категория, ал онымен байланысты ұғым – логикалық категория деген тұжырым жасауға болады.


Ұғым – объективті нәрселердің қасиеттерін көрсететін абстрактілі ойлау формаларының бірі. Ұғымның табиғаты көптеген біртекті заттардың, құбылыстың, іс-әрекеттің маңызды белгілерін саралаудың нәтижесінде айқындала түседі. Демек, ұғым дегеніміз – заттардың, құбылыстың, іс-әрекеттің маңызды белгілерін бейнелейтін ойлау формасы [30]. Ұғым адам миында логикалық амалдарды саралау, абстракциялау, талдау, жалпылау арқылы пайда болады. Заттарды, құбылысты, іс-әрекетті бірімен бірін салыстырып, оларды белгілері бойынша жіктеу немесе топтау логикамен тығыз байланысты болатыны анық.

Заттарды, құбылысты, іс-әрекетті жіктеуге немесе топтауға негіз болатын логика дегеніміз «дұрыс ойлау туралы ғылым» деген мағынаны білдіреді.



«Логос» – ойлау, ой, ақыл-ес, мағына ретінде танымдық әрекеттің формалары, әдіс-тәсілдері және заңдылықтарын зерттейтін философиялық ғылым саласы [31]. Жаңа білімді адам ойлау үдерісінің қорытындысы ретінде қалыптасатын таным арқылы игеретіндіктен, логика ойлаудың формалары мен заңдылықтары туралы ғылым ретінде қарастырылады. Ойлау үдерісі тіл арқылы пайымдау, дәлелдеу, қарсы пікір қалыптастыру, теріске шығару арқылы беріліп, ақиқат болмысты танымдық әрекеттерге байланысты түсіндіруге тырысады. Ойлаудың өзі тілдік сана арқылы іске асатындықтан, логика ойлау үдерісін (ойды) сипаттаудың материалдық құралы – тіл арқылы жүзеге асырады.

Адам миында бейнеленген ұғым сөз арқылы жарыққа шыққанымен, сөз тілдегі барлық ұғымдарды білдіре бермейді. Мысалы, тіліміздегі одағай, шылау сөздерде мағына болғанымен, олардың ұғымға қатысы болмайды. Сөздің сөз аталуы үшін мынадай өзіндік белгі-ерекшеліктері болатыны белгілі: құрылымдық тұтастығы, семантикалық (мағыналық) тұтастығы, грамматикалық (формалық) тұтастығы, танымдық тұтастығы. Тілдің лексикалық қабатын құрайтын сөздер лексикалық-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік сипаттарына қарай топтарға бөлініп, өз алдына жеке категориялар ретінде қарастырылады. Сондықтан сөзді тілдік категория ретінде және ұғымды танымдық, логикалық категория ретінде қарастырып, осы екі категорияның ғылыми білім аясында теориялық түрде қалай берілетінін, олардың өзара байланысын анықтау барысында екеуінің өзіндік ерекшеліктерін қарастыру маңызды (2-сурет).




Сурет 2 – Ой-пайымдау үдерісіндегі танымдық-логикалық арақатынас

Сөз болған жерде ұғымның болуы дау тудырмайтын заңдылық екені мәлім. Ұғым ойдың, ойлаудың «өнімі»ретінде мағынаның «бейнесін» жасайды. Тіл білімінде ұғымды сөзден бөліп қарамай, сөз ұғымның қалыптасуында маңызды қызмет атқаратынын ғалымдар ертеде-ақ айтқан болатын. Сөз белгілі дәрежеде ұғымның қалыптасуына байланысты сараланып, дыбыстық бірбүтін мағыналы «материалға» айналады. Ұғымды қалыптастыруға, ол туралы түсінікті басқа адамдарға жеткізуге, оны айту үшін сөз керек екені айдан анық. В.фон Гумбольдтың айтуынша: «Адамдар бірін-бірі заттың белгілерін атап немесе ұғымдардың түсінікті болуын қамтамасыз ету арқылы түсінбейді. Олар бірін-бірі әр жеке адамда бар сезімдерді оятып, адам санасында *iustitiae* көріністер, ұқсас, бірақ толық бірдей емес ұғымдар түзілуі арқылы қатынас жасайды» [32].


В.фонГумбольдтың бұл пікірі қазіргі жағдайдағы тілдік қатысымның (коммуникацияның) негізгі ұстанымдарымен сәйкес келеді. Тілдік коммуникация немесе адамдардың ой бөлісуі, ақпарат алмасуы олардың санасында әрқашан өзіндік тілдік құрылымдардың түзілуі арқылы, когнитивтік құрылымдардың қалыптасуы арқылы іске асады. Ақпаратты қабылдаушы тілдік бірлікті түсіну арқылы өз санасында ойша көрініс, бейне түзеді де, жіберілген ақпаратты қандай да бір «өңдеуден» өткізеді.

Қоршаған ортадағы нысан (құбылыс, зат, нәрсе) адам түйсігіне әсер еткенде, адам миында ойлау үдерісі іске асады. Философиялық заңдылық бойынша кез-келген сырт дүниедегі нысан адам миында ой тудырады. Сырттан адам миына түсетін ақпарат алуан түрлі болады: көрініс, дыбыс, иіс, терінің суыққа, ыстыққа және т.б.сияқты сыртқы дүние әсеріне жауап ретінде ойда түзілетін қандай да бір реакциялардың бәрі ақпарат деп қарастырылады. Соның барлығына адам миы жауап ретінде өзінің ішкі түйсігінде арнаулы когнитивтік құрылым түзеді. Осы әрекет арқылы адамның сезім күйі ұғым мазмұнын қабылдағандай дәрежеге жеткенде, сөзді түйсікті ұғымға айналдыратын форма деп қарастыруға болады. Бұл тұрғыдан сөз – сезім нәтижесінің адам миындағы ішкі түйсік қабылдау үдерісі десе болады. Адам миында туындаған ой қаншалықты көлемді-көлемсіз, толық-жеткіліксіз күйде болса да, сол ойды (ақпаратты) жеткізу тек тілдік бірлік арқылы (сөз, термин, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін) іске асады (біз бұл жерде тілдік емес бейвербалды, семиотикалық қатынас құралдарын тыс қалдырып, тек вербалды – тілдік қатынасты меңзеп отырмыз). Демек, біріншіден, тіл – ойды жеткізудің бірден-бір маңызды құралы. Бұл жағдайда, ой бірінші кезекте санада қалыптасып, сөз екінші сатыда сол ойдың көрінісі ретінде танылады. Алайда сөз ойды жеткізе отырып, қоршаған ортаны тану барысында адам түйсігінде пайда болатын жаңа ақпараттың (білімнің) қалыптасуына себепші әрі танымдық құрал болады. Екіншіден, сөз – ой тудырушы негізгі феномен бола алады. Бұл жағдайда, сөз алдыңғы қатарға шығып, иерархиялық сатыда ойдан жоғары тұрады. Осы екі жағдайды біз төмендегідей көрсете аламыз (3-сурет).



Сурет 3 – Ой және сөз арақатынасының көрінісі

Бұл 3-суреттегі арақатынас иерархиялық түрде құрылады: бірде ой, бірде сөз басыңқы рөл атқаратыны анық байқалады. Дегенмен, бұл арақатынастың екіжақты екені, әрі бірінсіз бірі болмайтыны да ақиқат. Демек, ой мен сөз тепе-теңдік қалыпта бола алады деген тұжырымның дұрыстығы шындыққа жанасады (4-сурет).



Сурет 4 – Сөз бен оның адам санасындағы (миындағы) ой туғызу үдерісі

Бұл пікірімізді атақты ғалым әл-Фарабидің тұжырымы негізінде дәлелдеуге болады. Әлемнің екінші ұстазының тіл философиясы туралы «Әріп туралы трактат» атты негізгі еңбегі мазмұны бойынша Аристотельдің «Категориялар» еңбегімен ұштасып жатқанымен, сол замандағы араб тілі мен мұсылмандық діни философияның өзіндік ерекшелігін танытады [33]. Мұнда ғұлама ойдың тіл арқылы көрініс табуын тілдегі жаңа атаулардың пайда болуы арқылы көрсетеді. Әл-Фарабидің философиялық көзқарастарындағы ақиқат болмыс екі қағидатқа негізделіп сипатталады. Оның біріншісі – ақиқат болмыстың иерархиялық құрылуы, екіншісі – болмыстың түрлі деңгейлерінің арақатынасын ескере отырып, ең жоғарғы деңгейдегі болмыстың ақиқат шындық ретінде саналуы. Ғұламаның өз сөзімен айтар болсақ: «...Барлық нәрселер ең алғашында неғұрлым кемел, жетілген түрден басталып, одан салыстырмалы түрде жетілмеген қалыптағы деңгейге өту барысында ең төменгі деңгейге жеткенге дейін бұл дүниеде орын алып отырады да, одан ары ештеңе жоқ болмысқа әкеледі. Демек, болмыстан тыс өмір жоқ» [34].

Әл-Фарабидің болмыстың иерархиялық құрылымын: Болмыстың ең бастапқы орны – Бірінші нақтылық, онан кейін – Екінші нақтылық деп

көрсетеді. Әрекетке бейім ақыл, жан, материя, форма сияқты категориялар олардан төмен орналасады. Ғұламаның бұл жіктемесін қарастыра отырып, Эйнштейн атап өткен адамның ой-санасында ойлау үдерісінің ең бастапқы образ элементтері дегеніміз осы емес пе деген ой туындайды [35].

Осы ретте әл-Фараби атаған ең басты Бірінші нақтылық категориясында пайда болатын ұғымдардың барлығы адам санасында түзілетін когнитивтік құрылымдар десек, қателеспеспіз деп ойлаймыз. Демек, тіл мен ой феномендерін ғұламаның адам санасындағы ойша түзілімдер – олардың тіл арқылы берілуі – осы үдеріс нәтижесінде түзілетін адами құндылықтар мен білім – тілдік сана арақатынасы ретінде қарастырғанын көреміз. Сондықтан атаулардың және олармен байланысты ұғымдардың жіктелу және кодталу үдерістерін логикалық пайымдау арқылы талдай отырып, тілдің белгіленген таңбалар арқылы орасан зор көлемді ақпаратты өз бойында сақтайтын және ол ақпараттың таралуын қамтамасыз ететін құрал ретінде түсінуге болады.

Орыс ғалымы Ю.Н. Караулов жиырмасыншы ғасырдың аяғындағы жаңа кезеңнің тіл біліміне мынадай сипаттама береді: «...қазіргі лингвистикалық парадигма тарихи, әлеуметтік, жүйелі-құрылымды, психологиялық бола тұрып, әйтсе де, адами құндылықтардан жүрдай, тірі адамға тән жылылық пен адамгершіліктен ада. Ал адамилықтың жойылуы – тіл білімінің максималды түрде объективті, нақты болуға ұмтылысы үшін төлеген ақысы. Және мұндай жағдай қай ғылым саласына да тән» [36]. Ғалымның бұл сөздері тіл біліміндегі нақтылыққа ұмтылыс жасап, тілдің адамзат қоғамындағы басты мақсаты – адамдардың қарым-қатынас жасау, ой бөлісу үшін қолданатын ең басты құралы екенінің елеусіз қалғанын көрсетеді. Осы жерде әл-Фарабидің тілдің қызметіне берген: «Әр білім тілге жүгініп, әр ой тіл арқылы көрініс табады. Адамдардың ниеттері және олардың нәтижесінде түзілетін мақсаттары тіл арқылы іске асады» [37] деген сипаттамасы тілдің адам жан дүниесімен тығыз байланыста болып, әрекетке итермелейтін әрі мақсатқа жетудегі бірден-бір құрал екенін айғақтай түседі.

Тіл мен ойлау үдерісінің, сөз бен ойдың арақатынасы туралы жоғарыда келтірілген пікірлерді жинақтай келсек, бұл мәселе осыған дейін талай ғасырлар бұрын да ғалымдар тарапынан қызығушылық тудырып, күні бүгінге дейін әлі шешімін толықтай шешімін таппағанын көреміз. Алайда, қазіргі замандағы тіл біліміндегі жаңа парадигмалар тұрғысынан қарағанда, бұл мәселе тіл білімінің когнитивтік лингвистика, когнитивтік психология, жасанды интеллект тәрізді ғылым салаларының басты зерттеу нысанына айналып келеді. Осы ретте тілдік бірліктерді (оның ішінде терминдік бірліктерді) когнитивтік тұрғыдан қарастыру аталған мәселелерді шешудегі жаңа бағыт болып қалыптасып келеді.

Кез келген ұғымның атауға ие болу үдерісін талдау үшін, ең алдымен, тілден тыс материалдың қалай жіктеліп, «өңделетінін» қарастыру қажет. Ал бұл үдерістің өту сипаты, оның нәтижесі белгілі бір лексикалық-семантикалық топтың атауы арқылы айқындалады. Ғалымдардың осы бағыттағы көптеген зерттеу еңбектері жалпы аталым теориясына елеулі үлес қосты. Соның ішінде,

мысалы, орыс ғалымдары: В.Г. Гактың аталымдар типологиясы саласындағы зерттеулері; М.Н. Володинаның терминдік аталымның ақпараттық табиғатына арналған еңбектері, осы тектес А.А. Уфимцева, В.Н. Телия, З.А. Сергеева, К.Ю. Пешкова, Е.С. Кубрякова, А.В. Суперанаская, В.М. Лейчик және т.б. ғалымдардың жұмыстары; қазақ тіл білімінде: Ө. Айтбайұлы, Б. Қалиұлы, Ш. Құрманбайұлы, А. Алдашева, С. Әлісжанов, С. Ақаев, Ш. Біләлов, К. Аяпбергенова, М. Молдажаров, Е. Әбдірәсілов, А. Қоңырова, Ә. Нұржанова, С. Сәрсенова, А. Исанова, М. Қожаева, С. Исақова және т.б. терминологияның жеке салаларына бағытталған монографиялар мен диссертациялық жұмыстарды келтіреміз.

Жалпы «термин» ұғымының лингвистикалық табиғатын зерттеуде бірнеше қалыптасқан қағидат бар: логикалық тұрғыдан қарастыру – Л.В. Суперанская [38], ғылыми-техникалық – А.А. Климовицкий [39], жүйелік – Д.С. Лотте [40], құрылымдық – Б.Н. Головин [41], номинативтік-дефинитивтік – М.Н. Володина [42]. Осы жерде В.М. Лейчиктің: «Термин анықтамаларының басым көпшілігінің толыққанды болмау себебі ғалымдардың терминді анықтауда әртүрлі ерекшеліктерін бір анықтама аясында біріктіруге талпыныс жасауында болып отыр. Ал бір анықтамада көпәспектiлi нысанның түрлі ерекшеліктерін біріктіру логикалық тұрғыдан дұрыс емес және жалпы мүмкін емес нәрсе» [43], – деген сөзін ескерсек, «термин» ұғымы анықтамасының түрлі жағдаяттарға байланысты мағыналық өзгеріске ұшырайтынын байқаймыз. Ғалым терминнің семантикалық құрылымын анықтаудың түрткі жайттарын былайша түсіндіреді: «Семантическая структура термина определяется двумя факторами: терминологической сущностью и языковым субстратом. От языкового субстрата термин получает семантическую структуру, включающую содержание (собственное значение) и внутреннюю форму (смысл, мотивированность, т.е., способ каким представлено содержание, значение лексической единицы). Терминологическая сущность термина определяет специфику реализации этих компонентов, его семантической структуры. Что касается значения термина, то, прежде всего, неправомерно называть терминологическим значением. Терминологическое значение – это значение лексической единицы наряду с ее другими – обиходными, нетерминологическими значениями. Значение термина – это в первом приближении общий концепт в системе концептов определенной специальной области знаний или деятельности» [43, с. 128]. «Термин» ұғымының мағынасын айқындауда ол ғылыми ұғымдарды анықтайтын нақты дефиницияның болуын талап ететіндіктен, ғылым (кәсіп) саласының дамуына байланысты болатынын ескеру қажет.

Терминнің мағынасы мен ұғым арасындағы байланыс туралы қалыптасқан көзқарас бойынша қолданыс кезіндегі терминнің анықтамасы мен ол анықтайтын ғылыми ұғымды ешқашан толыққанды анықтау мүмкін емес, өйткені ұғымның алуан ерекшеліктері нақты дефинициядан үнемі әлдеқайда кең болады. Бұл турасында орыс ғалымы Н.М. Локтионова былай түйіндейді: «Обозначенное термином понятие всегда будет богаче и шире значения,

приписываемого термину» [44]. Демек, ұғым анықтап тұрған білім бірлігі тікелей термин арқылы жеткізілгенмен, оның концептуалдық сипаттамасы көлемді әрі кең келеді.

Қазіргі зерттеулерде терминнің концептуалдық анықтамасы оның «...тілдік бірлікпен байланысы, жүйелілігі, қызметтік маңызы, семантикалық толыққандылығы, нақты кәсіптік немесе ғылыми ортадағы конвенционалдығы, стандарттауға бейімдігі» тәрізді белгілер арқылы қарастырылады [45]. Бұл тұжырымды зерттеуші М.Ю. Гадаборшева келтіреді.


Мұндай тұжырым коммуникативтік-прагматикалық немесе метатілдік сипаттамалар арқылы толықтырылуы мүмкін. Осыған байланысты терминді когнитивтік теориялар тұрғысынан зерттеудің маңыздылығын Л.Ю. Буянованың пікірінен байқаймыз: «...термин дегеніміз – өзіндік ерекшелігі бар менталдық репрезентация; концептуалды-терминдік репрезентациялардың жиынтығы әлемнің ғылыми бейнесінің концептуалдық моделін құрады» [46]. Бұл пікірге сүйенсек, терминнің концептуалдық мән-мағынасын айқындау жалпы ғылыми дискурс аясында шынайы өмірдегі нысандар мен ұғымдар арасындағы байланыстарды да айқындауға өз септігін тигізеді. Ал бұл өз кезегінде когнитивтік ғылымдардың басты мақсатын – тіл мен ойдың арақатынасын, ойдың тіл арқылы көрініс табу үдерісін анықтауға мүмкіндік береді.

Термин мен ұғымның арақатынасын қарастыруды көптеген терминолог-ғалымдар жиырмамыншы ғасырдың басында айтылған әйгілі лингвист-ғалым А.А. Реформатскийдің терминдер туралы мына тұжырымынан бастайды: «Терминдер – өз қолданыс мақсаты бойынша шектелген арнаулы сөздер; заттар мен ұғымдарды дәл атауда бірмағыналылыққа ұмтылатын сөздер» [47].

Ғылыми-кәсіптік саланың негізгі бірлігі ретінде терминге түрлі анықтама беріледі. Зерттеу жұмысында біз термин мен ол анықтап тұрған ұғым мәнін байланыста қарастыратын ғалымдардың пікірлеріне сүйенеміз. Біздің ойымызша, ұғым мен терминнің нақты анықтамалық сипаты олардың жұмсалымдық әлеуеті тұрғысынан көрінеді. Б.Н. Головин оны былайша түсіндіреді: «Термин – кәсіптік мағынасы бар, кәсіптік ұғымды әрі анықтап, әрі оны жасайтын сөз немесе сөз тіркесі. Ол арнаулы кәсіптік сала аясында шектеулі түрде нысандар мен ұғымдарды танып, оларды атау үшін қолданылады» [48]. Алайда жалпы тілдік аталымды *терминологиялық* және *лексикалық* аталым деп жіктеп бөлгенмен, олар өзара байланыста, ал олардың аражігі үнемі «құбылмалы» болатынын ескеру қажет. Өйткені терминологиялық аталым жалпы лексикалық аталым негізінде жасалады (5-сурет).

Термин мен ұғымның арақатынасын қарастыру барысында кәсіптік-ғылыми салалардың арнаулы лексикасының қабатында әртүрлі аталып жүрген лексикалық топтар төмендегіше анықталатынын атап өтуіміз керек: номендер (Винокур, 1939); профессионализмдер (Кузьмин, 1970); кәсіптік арготизмдер (Скворцов, 1972); кәсіптік жаргонизмдер (Гладкая, 1977); предтерминдер мен

квазитерминдер (Лейчик, 1981); терминоидтар (Хаютин, 1972), прототерминдер (Гринев, 1990).



Сурет 5 – Терминологиялық аталымның жалпы тілдік аталымдағы алатын орны

Аталған лексикалық топтарға анықтама берер болсақ, «номендер» дегеніміз – жалқы ұғымдар атауы және жалпы тауардың бір үлгіде бірнеше рет берілген нақты атау. Мұндай тілдік бірліктер қазақ тіліне әсіресе соңғы жылдары көптеп кіріп, көп жағдайларда кірме сөздердің қатарынан табылып жатады. Мысалы, *кола*, *спрайт*, *блендамед* тәрізді сөздер – жаңа тауар атауы болып бекітіліп, кейін жалпыға таныс болып кеткен тілдік бірліктер.

«Предтермин» және «терминоид» деп ұғымдарды атау үшін «жасалған», термин ретінде қолданылатын, алайда терминге қойылатын талаптарға сай болмайтын арнаулы лексемаларды атаймыз. Мысалы, *белгілі бөлімдерді аккредиттеу*(экон.), *қарулы қақтығыстардың халықаралық құқы* (саяс.), *протоколға сәйкес ем-дом шаралары* (саяс-элеум., мед.) және т.б. Мұндай бірліктер арнаулы салада жиі қолданылғанымен, нақты терминологиялық жүйеге әлі толыққанды ене қоймағандығын айта кетуіміз керек. Мұндағы «терминоид» – өз алдына ұғымдарды атағанымен, көпмағыналы ұғымдарды атауға толықтай «дайын емес», нақты дефинициясы жоқ арнаулы лексема, яғни бұлардың терминдерге тән нақты терминологиялық белгілері, мысалы, мағынаның анықтығы немесе дефиниция тұрақтылығы болмайды.

«Прототерминдер» дегеніміз – ғылым пайда болуына дейін қолданылған, демек, ұғымдарды емес, олардың көрінісін ғана атайтын арнаулы лексемалар. Демек, әр тілдік бірліктің түп тамыры прототермин болып шығуы әбден ықтимал, өйткені қазіргі әрбір атаудың ар жағында негізгі ұғымға қатысты көрініс жатады.

Жоғарыда аталған топтарға енетін тілдік бірліктер терминдік бірлікке жатпайтын, алайда атап өтуді қажет ететін тілдік деректер болып табылады. Өйткені, кейбір жағдайларда мұндай мысалдар терминдер қатарына жатқызылып, ғылыми-кәсіптік коммуникацияда қолданыста пайдалану жағдайлары да кездесетінін ескерген жөн. Біздің ойымызша, мұндай мысалдар «профессионализмдер», «арго сөздер» деп аталатын лексикалық топтарға жатқызылуға тиіс.

Зерттеуші Л.В. Ивина: «лингвистердің «термин» түсінігіне барлық жағдайларда қанағаттандыратын анықтама беруге ұмтылысы аса зор нәтиже бермеді. Өйткені бұл көпжақты феномен», – дейді [25, с. 13]. Енді бір ғалымдар терминдердің айрықша белгілері ретінде аталатын ерекшеліктердің жалпылама

сөздерге де тән екенін, сондықтан кейбір терминдер жалпылама сөздер қатарына өтетінін айтады. Терминдердің сараланымдық (дифференциалдық) белгілері, яғни оларға тән негізгі ерекшеліктер деп олардың терминологиялық жүйелерге тиесілі болуы, дефинициясының болуы, нақтылығы, уәжділігі, мәнмәтінге тәуелсіздігі, эмоционалдық бейтараптылығы аталады. Осы орайда жиырмасыншы ғасырдың орта шенінде атақты лингвист Г.О. Винокур терминдер туралы: «Термин ретінде кез-келген сөз жұмсалуды мүмкін. ... Терминдер дегеніміз – ерекше сөздер емес, ерекше қызметтегі сөздер», – деген пікірін келтіру қажет деп ойлаймыз [49]. Бұл тұжырымдама шындыққа толық жанаспағанымен, қазіргі заман жағдаяттарында кейбір терминдердің бірнеше салалас ғылымдарда қолданылатыны терминнің көпмағыналылығы ретінде қаралатынын атап өтеміз.

Орыс ғалымы Л.В. Ивина өз зерттеуінде терминнің мән-мазмұны туралы мынадай ойды алға тартады: «...«термин» ұғымының толыққанды дефинициясын жасау үшін терминнің құрылу механизмін басшылыққа алу керек және оның семантикалық бүтіндігінің болу-болмауын, арнаулы терминдік жүйеге тиесілігін де ескеру қажет. Өйткені терминнің нақты мағынасы тек белгілі бір терминология саласында аясында ғана айқындалады» [25, с. 13].

Осы зерттеу жұмысындағы «термин» ұғымына қатысты келтірілген анықтамалардың төмендегі қатары термин туралы ойымызды нақтылап, оның когнитивтік құрылымдармен байланысты танылуына үлес қосады деп есептейміз.

Зерттеуші М.Н. Володина терминнің қызметі туралы: «Термины, являясь носителями коллективной профессионально-научной памяти, выполняют функцию посредников-медиаторов в процессе формирования специального знания, способствуя развитию познавательной и преобразующей деятельности человека. В качестве важнейшего средства научной коммуникации, они органически включаются в процесс и результаты научного познания», – десе [42, с. 2]; С.И. Маджаева терминге былайша сипаттама береді: «Термин дегеніміз – арнаулы семиотикалық кеңістікте когнитивтік және дискурсивтік мағынаға ие болатын заттардың, құбылыстардың, қимыл-істің, сынның атауы болып табылатын лексикалық бірлік. Ол жұмсалымда конвенционалдық сипатқа ие болып, терминологиялық жүйенің мүшесі атанады» [50]. Бұл жерде терминді когнитивтік-ақпараттық мән-мағынасы арқылы зерттеуді басшылыққа алатын М.Н. Володина диссертациялық жұмысында термин өзі анықтап тұрған ұғым мағынасымен тығыз байланысты болатынын алға тартып, мағына туралы мынадай тұжырымға келеді: «Мағына өз бойына нысандардың тек айырма белгілерін жинақтайды, ал ұғым одан ары, терең әрі маңызды қасиеттерін қамтиды; мағына өз алдына формалды, қарапайым (күнделікті) ұғымдармен байланысты болса, ұғым ғылыми негізді, маңызды мазмұндардан құралады. Мағына ұғымдарды сипаттау материалы болып қаралса, ұғым (концепт) сөздің лексикалық мағынасының конденсациясы – «сықпасы» ретінде қаралады. Ал ұғым мен сөздің лексикалық мағынасының бірігуін біз тек қана терминдерден



көре аламыз» [42, с. 2].

М. Володинаның бұл ойын кейбір терминолог-ғалымдар қостағанмен, мұнымен келіспейтін зерттеушілер де бар. Кейінгілердің пікірінше, термин нақты ғылыми-кәсіптік сала аясында қолданылатындықтан, көп жағдайларда термин дефинициясы ұғымның кең мазмұнын қамти алмайды, тек нақты нысанға байланысты ғана ақпаратты береді.

Сонымен, қазіргі кезде термин мағынасын анықтауда бірнеше көзқарас бар: кейбір ғалымдар терминге логикалық анықтама берсе, енді біреулері мазмұнын сипаттау арқылы оның мәнін ашуға талпыныс жасайды. Ал тағы бір ғалымдар терминді мағыналары қарама-қарсы бірліктер арқылы тануды ұсынады. Мұндай пікір алуандығы терминнің бірнеше ғылым саласының нысаны ретінде қаралуына және әр ғылым саласы оған өзінше бір белгілер жүктеуіне байланысты деп ойлаймыз. В.М. Лейчиктің тұжырымдауынша: «көп жағдайлардағы термин ұғымына берер анықтаманың қанағаттанарлықсыз болуы терминнің осындай әртүрлі анықтамаларын бірлестіру мақсатынан шығады. Ал мұндай көпәспектiлi нысанды бiрiздeндiру немесе бiрiктiру, сайып келгенде, мүмкiн емес, тiптi дұрыс емес» [51].

Терминге берілген: «Термин – (латынның terminus – шек, шекара) – арнаулы ғылым саласының немесе қызмет саласының сөзі немесе сөз тіркесі» [52], «Термин дегеніміз мамандандырылған (ғылыми, техникалық, өндірістік, басқару) салаларындағы қызметтік қарым-қатынас тілінде қолданылатын және қызметтік ұғымдардың атауы болып табылатын жеке-дара сөз немесе сөз тіркесі» [48, с. 5] деген анықтамаларда терминнің құрылымдылық ерекшеліктері басшылыққа алынғанын көреміз.

Зерттеуші И.С. Квитконың: «Термин дегеніміз арнаулы танымдық саламен (ғылыми, техникалық) арақатынаста болатын, басқа сөздермен, сөздік кешендермен байланысы аса мәліметтілігімен, бірмағыналылығымен, дәлдігімен, және экспрессивтік бейтараптығымен ерекшелене отырып, тұйық жүйе құра алатын арнаулы сөз немесе сөздік кешен», – деген [53] анықтамасы терминнің жүйелілігі мен оның арнаулы бір жүйеде қолданылатындығын, термин жұмсалымдылығын қолдайтынын растайды.

Ғалым В.П. Даниленконың: «Термин – дефиницияны талап ететін, сонымен қатар арнаулы ұғымды анықтайтын, арнаулы салада қолданысқа ие сөз немесе сөз тіркесі», – деген [54]; М. Володинаның: «Термин ұғымының астарында арнаулы қолданыс аясындағы өндірілген (кірме, қабылданған), арнаулы ұғымдарды дәл сипаттайтын және дефиниция талап ететін сөз немесе сөз тіркесі жатыр», – деген [42, с. 33] анықтамалары жоғарыда келтірілген тұжырымдамалардың мазмұнын анықтайтынын аңғарамыз.

Ғалым Р.А. Будаговтың термин өзі анықтап тұрған ұғымды атап қана қоймай, оған әсер етеді деген пікір білдіреді: «Термин пассивті түрде ұғымды тіркеп қана қоймай, өз пайымынан ұғымға әсер етеді – аталым мағынасын айқындап, басқа ұғымдардан бөліп тұрады» [55]. Бұл ойдың әрі қарай өрбу үдерісін біз В.Д. Табанакованың зерттеулерінен көреміз: «Термин дегеніміз – арнаулы нәрселерді атауға арналған белгі, алайда оның өзі де шынайы өмірдің

нысаны екенін ескеру керек. Сондықтан «термин» сөзінің мағынасы арнаулы ұғыммен бірдей болады, ал «термин» сөзінің мағынасын табу дегеніміз – оны өзіне тиесілі белгілері арқылы сипаттап беру. «Мағына» мен «анықтама» дегеніміз логикалық категориялар, демек, арнаулы ұғымның анықтамасын логикалық талаптарға сәйкес беру керек» [56]. Бұл тұжырымдамадан шығатын түйінді В.Д. Табанакова келесі бір еңбегінде былай береді: «Термин-таңбаның мағыналық толықтығы анықтамаға логикалық категория ретінде қарай отырып, жүйелілік қатынастарды құруға әкелетін мүмкіндік туғызады» [57].

Термин – ғылыми ұғымның атауы болса, «ғылыми анықтама» дегеніміздің өзі термин құрылымымен әрқашан тығыз байланыста болады. Бұл туралы З.И. Комарова былай дейді: «Термин ұғымының семантикасы оның арнаулы ғылым саласының жүйесіндегі орнымен байланысты болады, сондықтан әрбір жеке терминнің мағынасы осы жүйедегі басқа да терминдердің мағынасына қатысты анықталады. Сонда терминнің семантикасына ең басты әсер ететін нәрсенің қандай да бір категорияға тиесілдігі болып шығады. Осындай жүйелілік терминнің жіктелік қатарлардағы өзіндік сипат-белгісі болып табылып, оның иерархиялық құрылым ретінде көрінуіне себеп болады» [58].

Терминтанымда «термин» категориясына берілген анықтамалардың барлығын ескере отырып, біз «термин – ғылым саласының немесе қызмет аясының арнаулы мағыналы нақты немесе абстрактілі ұғымдарын анықтайтын, арнаулы мақсатта қолданылатын тілдің лексикалық бірлігі» деген В.М. Лейчиктің анықтамасын [59] басшылыққа аламыз. Өйткені бұл дефиниция терминнің арнаулы мақсатта қолданылатындығын да, терминдік жүйенің бөлшегі екендігін де, сонымен қатар тіл бірлігі екендігін де толықтай қамтып тұр.

В.М. Лейчиктің тұжырымдауынша, «...терминнің семантикалық құрылымы екі факторға байланысты: терминологиялық мәні және тілдік субстрат. Тілдік субстрат ретінде термин өзінің семантикалық құрылымын (жеке мағынасын) және ішкі формасын (мағынасын, уәжділігін немесе мағынаның лексикалық бірлік ретінде берілуін) құрайды. Ал терминнің терминологиялық мәні осы компоненттердің, семантикалық құрылымының шынайы өмір жағдайларында (ғылыми коммуникацияда) іске асуының өзіндік ерекшелігіне байланысты болады. Ал енді «термин мағынасы» мен «терминологиялық мағыналылық» тіркестерінің астарында біршама айырмашылық бар. Өйткені «терминдік мағына» – қандай да бір тілдің лексикалық бірлігінің басқа терминдік бірліктермен тұтастығы ретінде пайда болатын мағынасы. Ал «терминнің мағынасы» дегеніміз – терминге арнаулы ғылым немесе қызмет саласындағы концептілер жүйесіндегі берілген ең жақын жалпылама концепт» [51, с. 9].

Ғалым тағы бір еңбегінде терминнің семантикасын дәстүрлі «семантикалық үшбұрыш» көмегімен қарастыруға болатынын айта отырып, семиотика саласындағы ғалымдардың ұсынатын терминологиясын қолдану керектігін айта келіп, келесідей қорытынды жасайды: «Терминнің денотативтік

мағынасы терминнің берілген денотатпен (нәрсемен, затпен) байланысын айқын көрсетеді, бірақ бұл байланыс – тіке байланыс. Ал сигнификаттық мағынасы лексикалық мағына мен ұғымның арасындағы арақатынасты көрсетеді» [60].

Сонымен, жоғарыда аталған лингвист-ғалымдардың терминге берген анықтамалары тіл зерттеушілері қарастыратын ғылыми аспектілерге байланысты түрлі сипатта қабылданады. Ең алдымен, *термин* ұғымының мағынасы көпжақты, сондықтан да оны нақты атап, бір сөзбен сипаттау қиын екенін көреміз. Сондықтан термин ұғымына толыққанды дефиниция беру терминтанымның басты өзекті мақсаттарының бірі екенін айта отырып, терминнің жоғарыда аталған белгілері мен олардың тілдік субстрат ретінде берілуін жан-жақты қарастыру қажет екенін алға тартамыз.

Жоғарыда келтірілген анықтамалардың барлығына ортақ термин белгілеріне қойылатын талаптар жинақтай келе, төмендегідей белгілер сұрыпталып шығады:

1) терминнің номинативтілігі – оның міндетті түрде арнаулы ұғым атауы болуы қажеттілігі;

2) оның бекітілген дефинициясы болуы қажет және ол ұғымға қатысты ерекшелік белгілерін неғұрлым қысқа әрі нақты құрылым ретінде сипаттауы керектігі;

3) термин белгілі терминология жүйесіне тиесілі болуға тиіс және сол терминжүйе аясында басқа да лексикалық, терминологиялық бірліктермен байланысатыны;

4) терминнің берілген ғылыми-кәсіптік сала аясында арнаулы жұмсалымдылығы болуы қажеттілігі;

5) термин ғылыми коммуникацияның басты тілдік бірлігі ретінде танылатындығы.

Зерттеу барысында жоғарыда берілген дефиницияларды талдау мынадай тұжырым жасауға мүмкіндік береді: ғылыми-кәсіптік ортада терминнің мән-мағынасын анықтауға бағытталған арнаулы талаптар бар және бұл талаптар логикалық тұрғыда дұрыс жасалған дефиниция мен ең аз көлемді белгілер жиынтығын қамтуы қажет. Сонда терминдердің түріне, ерекшеліктеріне байланысты басты белгілері нақты айқындалады: олардың арнаулы термин жүйелерінде қолданылуы, оның арнаулы анықтамасы, мағынасы болуы. Бұл жерде терминнің номинативтік қызметін және термин мағынасының жүйелік сипаттамасын да ескеру керек.

Қазақ терминологиясы саласында көрнекті еңбектерімен танымал С. Исақова: «Термин дегеніміз – белгілі бір ғылым, білім, техника саласының заттары мен құбылыстарының атауы», – деген анықтама береді [61]. Ғалымның терминге берген айрықша белгілерін жинақтап, төмендегідей қорытындылаймыз:

1. Терминдер негізінен сөз немесе сөз тіркестері болады.

2. Терминдер негізінде тілдік бірліктер (символ-сөз, сан, географиялық таңба түріндегі терминдер де бар. Бірақ терминологиядағы олардың үлес салмағы термин-сөздерге қарағанда әлдеқайда төмен).

3. Термин белгілі бір терминологияның мүшесі болады (А.А. Реформатский).

4. Термин – ұғым атауы.

5. Терминнің міндетті түрде анықтамасы (дефинициясы) болады.

6. Терминдердің негізгі басым бөлігі жалпы есімдер, сөз табына қатысты жағынан зат есімдер болады.

7. Терминдер атауыштық қызмет атқарып, негізінен ғылым тілінде, арнаулы сала шеңберінде қолданылады.

Сонымен, терминге немесе терминдік бірлікке қойылатын негізгі талаптарды талдай келе, олардың төмендегідей шарттардан тұратынын көреміз:

- терминнің бірмағыналылығы;
- терминнің қысқалығы мен ықшамдығы;
- терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі;
- терминнің тілдік нормаға сәйкес келуі;
- терминнің туынды сөз жасау мүмкіндігі болуы;
- терминнің эмоционалдық және экспрессивтік бейтараптығы;
- терминнің үндесімдігі немесе эстетикалық талаптарға сай болуы;
- терминнің қолданысқа енгізілуі (терминологиялық сөздіктерде бекітілуі);
- терминнің синонимінің болмауы;
- терминнің уәжділігі;
- терминнің инварианттылығы – фонетикалық, морфологиялық және т.б. варианттарының болмауы;
- терминнің халықаралықтығы;
- терминнің заманауилығы.

Орыс ғалымдары Б.Н. Головин мен Р.Ю. Кобриннің «Термин туралы лингвистикалық ілімнің негіздері» еңбегінде «терминологияның ең басты бірлігі – сөз, сондықтан термин-сөз концепциясы – терминтаным саласында ең басты орынды иеленеді», – делінген [48, с. 28]. Сонымен бірге авторлар сөзді тілдік бірлік ретінде танып, оның орнын бекітіп, содан кейін ғана күнделікті қолданыстағы қарапайым (жалпы қолданыстағы) сөзді термин-сөзге «қарсы қоюды» ұсынады. Аталған жұмыста сөзге айтылымды ұйымдастыру үшін қолданылатын, сөйлеу үдерісінде еркін жұмсалатын, «тілдің ең кішкентай, мағынаға ие бөлшегі» деген анықтама беріледі.

Терминологияға қатысты зерттеулердің басым көпшілігінде термин мен жалпы қолданыстағы сөздің арақатынасы ең көп талқыға түсетін мәселелердің бірі екені белгілі. Осы мәселеге қатысты А.А. Реформатский мынадай тұжырым жасайды: «Терминология саласы, бір жағынан, тұйық болғанымен, екінші жағынан, ауызекі сөйлеу тілімен әрқашан тығыз байланыста болады. Қандай да бір қарапайым сөздің өзі арнаулы сөздікке әлеуметтік қолданыстағы қандай да бір затты дәл әрі нақты атау мүмкіндігінің арқасында кіре алады. Ал қандай да бір терминсөз өзінің атау дәлдігін жоғалту салдарынан қайтадан ауызекі сөйлеу тіліне өте де алады» [47, с. 58].

Ғалым Р.Г. Пиотровскийдің зерттеулерінде біз терминнің ауызекі тіл базасында пайда болып, әрі қарай өрбитіні туралы ойды анық көреміз: «Терминологияның дамуы қандай да бір ғылым саласының дамуын көрсетеді. Алайда жаңа терминдер негізінен сөздік қор базасында және халықтық сөздік құрам негізінде түзіледі. Және бұл үдеріс кезінде жалпыхалықтық сөзжасамдық құралдар қолданылады. Терминологияның мұндай дамуы туралы терминнің «иероглифтік» теориясын ұстанушылар «ұмытып кетіп» жатады. Мұндай лингвистер ғылыми терминологияны «оқшауланған», халықтық тілдік жүйемен мүлдем байланыспайтындай, ғылыми ойдың тілдік емес бейнесі етіп көрсетеді» [62].

Терминологиялық бірліктердің тілдің лексикалық қабатымен салыстырғандағы ерекшелігін Л.М. Алексеева былайша атап өтеді: «60-жылдардағы терминологияның күрт дамуы терминдер қатарында тез дамып келе жатқан лексикалық қабаттың, жалпыхалықтық лексика тобының туындауын байқаймыз. Және де бұл қабаттың өзіне тән спецификалық заңдылықтарға бағына дамуын көреміз» [24, с. 24].

Терминдерді жалпы қарапайым сөздерге қарама-қайшы қарастыруды әлі күнге өз шешімін таппаған мәселе ретінде атаған В.А. Татаринов өз ойын төмендегіше білдіреді: «...бұл сұрақтың көкейкесті ашық болуы ең бастысы оның шешімінің сөздің және терминнің өзіндік «шекараларының» сипаттамасында емес, керісінше, термин сөздерге қойылатын дәстүрлік талаптарды қайта жаңғыртуында. Осы себепті шексіз шеңбер туындайды: терминге қойылатын талаптар бар, және олар орындалатын болса – термин болғаны» [63].

Зерттеуші В.М. Лейчик терминге былайша анықтама береді: «Термин лингвистиканың нысаны болып табылатын сөз бен сөз тіркесінен ерекше нысан болып табылады» [60, с. 10-14]. Ғалым терминге лексикалық бірліктерге лингвистика тұрғысынан қойылатын талаптардан өзгеше, «басқа нормативтік талаптар» қойылатынын, тек осы тұрғыдан ғана терминдерді ерекше сөздер деп атауға болатыны айтады. В.М. Лейчиктің бұл пікіріне сүйене отырып, ғалымның терминге қойылатын талаптардың міндетті болуын мойындамайтынын аңғаруға болады. Ғалым терминнің ерекшелігі оның арнаулы тілге қатысты болуына байланысты, ал тілдің өзі арнаулы мақсаттағы құрал деп түсіндіреді.

Жоғарыда атап өткендей, терминді «ерекше қызметтегі сөз» (Г.О. Винокур) ретінде танитын болсақ, онда бұл тұжырым термин және сөз мәселесінің шешілуіне септігін тигізеді. Л.М. Алексеева сөз және термин мәселесінің шешілуіне «термин қызметінің ерекшелігі оның номинативтік жұмсалымдығында емес, ол өзі енетін жүйе арқылы анықталады» деген А.А. Реформатскийдің пайымын ұстанады [24, с. 25]. Л.М. Алексееваның пікірін қостай отырып, біз де жүйелілікті «терминнің ұғымдар жүйесін қалыптастыру ерекшелігі» ретінде түсінеміз. Сонымен, терминнің жүйелілігін оның ауызекі сөйлеу тіліндегі жалпылама сөздерден ерекшеленетін,

Л.М. Алексееваның айтуынша, «авторлық ұғымдардың жүйесін құруға қатысты ерекшелігі» – деп атауға болады.

Ғалым В.А. Татаринев терминнің сөзден ерекшелену параметрлерін оның тілге тиесілдігін ескермей отырып қарастырып алу керектігін айта келіп, екі критерийді ұсынады: бірі – ««термин» деп ғылыми қызметкерлер мен арнаулы сала мамандары қолданатын сөздерді атаймыз; екіншісі – ғылыми сала мамандарының барлық қолданыстағы сөздерін термин және термин емес деп бөлу қажет» [63, с. 158]. Ғалым осы екі критерийдің лексикалық қордағы сөздерден терминдерді бөліп алу үшін жеткілікті екенін айтады. Бұл тұжырым терминдер мен жалпы қолданыстағы сөздердің арақатынасы тек жұмсалымдылық жағынан екеніне дәлел бола алады: «терминдердің қарапайым сөздерге айналуы және ауызекі сөйлеу сөздерінің терминдерді қалыптастыру үдерісі – ұдайы жүріп отыратын құбылыс» [63, с. 29]. Осы пайымдамаға ұқсас тұжырымды келесі ғалым С.В. Гриневтің пікірінен байқаймыз: «Терминдердің жалпылама сөздерден басты айырмашылығы – олардың жұмсалымдылық ерекшелігінде. Термин сөздерінің арнаулы салаға қатысты болуы оның ұғымдарды атау қызметіне (номинативтік, аталым) байланысты. Терминнің бұл «қасиеті» өте маңызды, өйткені тап осы қасиеті терминнің арнаулы ғылым саласына қатыстылығын да, басқа «қасиеттерін» де анықтап береді. Әрбір ұғымның арнаулы салаға тиесілі екендігі тәрізді термин де тілдің белгілі бөлімінде қолданылып, сол бөлімнің жұмсалым аясында ғана термин атала алады. Егер термин стилистикалық мақсатта көркем әдебиет тілінде қолданылатын болса, ол өзінің терминдік қасиетін жоғалтып, бейтерминденеді» [64].

Терминнің ғалым бөліп қарастыратын екінші «қасиеті» – оның нақты дәлдігі немесе дәлдік мақсатындағы термин мағынасының шектеулігі. Мағынаның мұндай шектеулігі арнаулы ұғымның ғылыми сипаттамасы – дефинициясына байланысты болады. Сондықтан дефиниция терминнің жалпы сөздік қордан бөлінуінде аса маңызды рөл атқаратын терминдік сипат.

Жоғарыда аталған тұжырымдар негізінде термин мен атау сөздің айырмашылығы – «олардың адам миында түзілетін ойлау операцияларының көрінісі ретінде термин – ғылыми ойдың көрінісі; ал сөз – күнделікті өмір, тұрмыс сипатының көрінісі» [64, с. 30] екендігінде. С.В. Гриневтің осы тұжырымдамасы біз қарастырып отырған терминдік бірлік пен оның адам санасындағы когнитивтік құрылым арақатынасын айқындауда нақты айырма белгісі ретінде танылады.

Термин және сөз арақатынасын айқындауда көптеген терминологиялық жұмыстарда ғалымдардың қандай да бір қарама-қайшылықты пікірде екенін көреміз. Кейбір ғалымдар термин сөздер мен жалпықолданыстағы сөздердің ара-жігін ажырату мүмкін еместігін, сондықтан бұл ұғымдарды ассимиляциялау керектігін айтса, енді біреулері терминдерді лексиканың ерекше бөлігі ретінде қарастырып, ауызекі сөйлеу тіліне қарсы қояды. Біздің ойымызша, сөз бен терминнің арақатынас мәселесі терминдерді зерттеуді функционалдық тұрғыдан, жұмсалымдық тарапынан қарау қажеттілігінен

туындайды. Осы ретте В.П. Даниленконың мына пікірін негізге алу керек деп санаймыз: «Сөз бен терминнің айырмашылығын олардың тілдік жағдаяттардан тыс және оған байланысты болмаған уақытында ажырату керек» [65]. Шынында да, термин де, сөз де өздерінен тысқары, олардың бойында жоқ «қасиеттерімен» сипатталады. Алайда сөздің бойында екіжақтылық қасиет бар: бір жағынан, оған тиесілі затпен қатынаста болса, екіншіден, басқа сөздермен қатынасқа түсіп, өз мағынасын айқындайды. Ал терминдер анықтауыш ретінде оның шынайы затпен тікелей байланыста болып, бастапқы күйінен зерттеушінің (немесе субъектінің) құзыреттілігіне тәуелді болады. Мұндай жайт терминологияға кейбір лексикалық-семантикалық үдерістердің, мысалы, тура және ауыспалы мағынаның дамуы немесе сол тілдік лексикалық жүйесі аясында қолданылуының шектелуі тәрізді құбылыстардың тән еместігін көрсетеді.

Термин сөздердің қарапайым сөздерден басты айырмашылығын В.П. Даниленко бұл екеуінің де семантикалық анықтауыштық деңгейінде болуынан деп біледі. Сонымен бірге, қарапайым сөздер мен терминдердің айырмашылығын лексикалық мағыналардың түрлі типтерінің қолданысынан да табуға болады: «Кәдуілгі әдеби сөздердің үш түрлі лексикалық мағынасы болса (тура немесе номинативтік, фразеологиялық немесе тіркестік және синтасистік, сондай-ақ сөйлем құру мақсатына бағытталған), терминологияда тек бір ғана лексикалық мағынасы – номинативтік немесе тура, терминология табиғатына, зат пен атаудың заттық-логикалық қағидатына сәйкес мағынасы болады» [65, с 9]. Мұндай ұстанымға сәйкес терминология ғылыми тіл жүйесінің қарапайым тіл негізінде құрылған бір бөлшегі ретінде қарастырылады.

Терминнің мән-мағынасын анықтауда «тілдік субстрат» теориясын ұсынған В.М. Лейчиктің пікірінше, тілде қандай да бір база-субстанция болады да, одан кез-келген лексикалық бірлік, соның ішінде, термин сөз де пайда болады. «Термин сөз тілдегі қарапайым сөз бірлігі негізінде «өсіп-өнеді». Басқаша айтсақ, тілдік бірлік сол тілдегі терминнің «өсіп-өнуіне» мүмкіндік беретін «субстрат» – бастапқы негіз» [60, с. 10-14]. В.М. Лейчиктің бұл тұжырымын Л.М. Алексеева да қолдаған болатын. Ол тілді термин сөзге астар, субстрат негіз ретінде енгізу кәдуілгі сөз бен терминнің арақатынасы мәселесін жаңа тұрғыдан шешуге мүмкіндік беретінін, олардың арақатынасының қарама-қайшылығы емес, логикалық өндіру қабілеттілігі тұрғысынан қаралу керектігін алға тартқан болатын.

Ал ғалым А.В. Суперанская сөз бен термин айырмашылығын олардың денотаттарынан табады: «Жалпы лексиканы біз дыбыстық материядан десигнатқа, сонан соң денотатқа қатысты қабылдаймыз. Ал арнаулы лексиканы денотаттан тыс қабылдауға болмайды. Мамандыққа байланысты ортақтық, тілдің арнаулы ішкі бөлігіне бағытталу денотатты мейлінше тез табуға мүмкіндік туғызады да, онан кейін коммуникация еш кедергісіз іске асады. Керісінше, коммуниканттардың біреуінде болсын кәсіптік білімнің болмауы арнаулы коммуникацияны қиындатады, немесе тіпті болдырмайды» [66].

Біздің ойымызша, жалпықолданыстағы сөздер мен термин сөздердің арақатынасы не қарама-қайшылықта, не бір-біріне ұқсастық негізінде қаралмауы керек. Бұл пікірімізге дәлел ретінде А.С. Гердтің жұмысындағы мына тұжырымды келтіре аламыз: «Атау немесе аталым ретінде термин сөздердің қарапайым сөздерден еш айырмашылығы жоқ. Фонетикалық, акцентологиялық және құрылымы жағынан бұл сөздер тап басқа сөздермен бірдей. Жаңа терминдер тап сол басқа сөздерге тән сөзжасамдық, морфологиялық үлгілер бойынша құрылады. Терминнің ерекшелігі оның затты атау аясында емес, өзінің бойындағы мағынасында, мағыналық толықтығында. Қандай да бір қарапайым сөзге ғылыми атаумен байланысты мағынаға ие болса, міне, сол термин» [67].

Термин мен сөздің арақатынасы туралы тағы бір зерттеуші К.Я. Авербухтың мына тұжырымы да тоқталуға тұрарлық: «Термин тек сөз тіркесі бола алады, сондықтан терминді лексема деп атауға болмайды. Термин сөзінің бірқұрамды болуы кейде ғана болатын ерекшелік ретінде қарастырылады» [68]. Ғалымның бұл сөзі біздің терминдік бірлік деп қарастырып отырған категориямызды анық сипаттайды. Өйткені формалды түрде термин деп бір сөзден ғана тұратын тілдік бірлікті атау мүмкін емес, бірнеше тілдік бірлік (термин, жай сөз) тіркесінен тұратын терминдер көп кездеседі: мысалы, *ағымдағы шот, жергілікті билік, әкімшілік округ басшылығы*, (экон.), *жедел әрекетті байланыс аппаратурасы* (мәден.), *жеке карточка* (ісқағаз), *жеке адам құрылымы* (психол.), *жеке меншік капитал* (экон.), *жеке-дара оқыту* (педагог.), *жекелік жарыс* (спорт), *ескертпе диктант* (пед.), *еуропаға табынушылық* (саяс.), *кино тілі* (мәдени), *су астындағы жаттығу* (спорт) және т.б.

Термин мен сөз арақатынасына байланысты мәселені қорытындылай келе, алынған тұжырымдарды былайша топтастырамыз. Терминдер мен жалпықолданыстағы сөздер екеуі де қарапайым тіл негізінде пайда болады және бұл ерекшелік олардың ұқсастығы ретінде қаралады. Бұл белгі екі топтағы сөздер үшін біріктіру белгісі болып табылады. Ал олардың айырым белгісі ретінде термин сөздердің арнаулы ұғымдарды анықтайтын дефинициясының болуымен қатар, арнаулы ғылым мен кәсіп саласындағы жұмсалымдығын атаймыз. Алайда термин сөздерінің ерекшеліктері бұл екі белгімен ғана шектеліп қоймайды, олардың мәнін айқындау үдерісінде басшылыққа алынатын белгілері ретінде олардың бірмағыналылығы, терминологиялық жүйенің мүшесі болатындығы, эмоционалдық-экспрессивтік бейтараптығы, уәжділігі және т.б. ерекшеліктері қарастырылады.

Қорытындылай келе айтарымыз, термин және оның адам ой-санасындағы когнитивтік құрылымымен байланысы үдерісін анықтауда орыс ғалымы С.В. Гриневтің термин және жалпықолданыстағы сөзді ажыратуда беретін анықтамасы нақты әрі дәл көрінеді: «...адам миында түзілетін ойлау операцияларының көрінісі ретінде термин – ғылыми ой көрінісі; ал сөз – күнделікті өмір, тұрмыс сипаты көрінісі» [64, с. 30]. Бұл тұжырымдамадағы термин мен жалпықолданыстағы сөз айырымы – олардың қолданыс аясында,



демек, жұмсалымдылығымен тығыз байланыста екенін көрсетеді. Осы анықтама зерттеудегі *сөз – термин – когнитивтік құрылым* арақатынасын айқындауға тиек болады. Сонымен қатар, терминнің жеке дифференциалдық белгілерін қарастыру – оның ойдағы когнитивтік құрылыммен байланысын сипаттау арқылы концептуалдық анықтамасын көрсетуге мүмкіндік береді.

*Терминдік бірліктің мәнін айқындау үдерісінде дифференциалдық белгілердің маңызы: көпмағыналық/бірмағыналық белгісі*

Тіл білімінде «дифференциалдық белгі» деп қандай да бір тілдік бірліктің басқа тілдік бірліктерге қатысты қарама-қарсы мәнге ие болатын қасиетін белгілейтін негізгі ұғымдардың бірін атайды. Тілдік бірліктерді дифференциалдық белгілері бойынша топтауда жалпы сөздерге қойылатын талаптардың нақты критерийі басшылыққа алынады. Демек, анықтайтын жіктеу белгісі қарастыратын әрбір нысанға тән болады. Мысалы, фонемаларды қарастырғанда дыбыстардың фонологиялық айырым белгілерін дыбысталу қағидаттары, дыбыс шығару мүшелері, сөз құрамындағы орны және т.б. айырым белгілері арқылы анықтау тәрізді, терминология саласында терминдік бірліктер дифференциалдық ерекшелік белгілері бойынша анықталады. Жоғарыда атап өткендей, терминдік бірліктерді жалпықолданыстағы лексикадан бөліп қарастыру олардың терминдік белгілері және жұмсалымдығы негізінде жасалады. Алайда басшылыққа тек негізгі бір дифференциалдық белгісін, мысалы, дефинициясының барлығын немесе оның ғылыми ұғымды атау қабілетін немесе арнаулы кәсіп саласы терминологиясына тиесілігін алу – терминдерге толыққанды сипаттама бере алмайтынын көптеген ғалымдар айтып келеді. Терминді қандай да бір тілдің лексикалық құрамының арнаулы бөлігі ретінде қарастыратын ғалымдар терминдік бірлік пен қарапайым жалпы қолданыстағы сөздің арақатынасы екіжақты құбылыс екенін және термин емес бірліктерді айқындаудағы қағидаттар терминдік бірліктерді айқындауда көп жағдайларда өзгеретінін атап өтеді. Сондықтан терминдік бірліктерді анықтауда басшылыққа олардың басты ерекшеліктері және жұмсалымдығы негіз болады.

Терминолог ғалымдардың пайымдауынша, термин сөздердің өзіндік ерекшелік белгілері ретінде дәстүрлі түрде төмендегілерді атауға болады: көпмағыналылық/бірмағыналылық, жүйелілік, уәжділік және терминнің нақты бекітілген дефинициясының болуы. Басты дифференциалдық белгілері терминнің терминологиялық сөздіктерге енгізілуінің негізгі шарты әрі критерийі болатындықтан, біз осы белгілерге жеке-жеке тоқталуды мақсат етіп отырмыз.

Терминологиядағы көпмағыналылық/бірмағыналылық мәселесі көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды. Бұл мәселеге қатысты екі көзқарас бар. Бірінші пікірді қолдаушылар терминнің түбегейлі бірмағыналы болу қажеттілігін айтады. Бұл жерде термин арнаулы ұғымды анықтайтын белгі ретінде қаралады. Сондықтан бұл жағдайда зерттеуші Денисов П.Н. айтқанындай, бірмағыналылық – «белгіні (белгі заңын) құрастырудағы логикалық қағидат, жалпы семасиологияның негізгі қағидатына сәйкес әрбір

бірлікке бір белгіленген затты білдіру бірлігінің болуы және керісінше» [69]. Осыған сәйкес, жиырмасыншы ғасырдың 80-жылдарына дейін бірмағыналылық терминнің ең басты белгісі саналып келді. Мысалы, Р.Г. Пиотровский былай дейді: «Полисемия (көпмағыналылық) – арнаулы терминология саласында кәдімгі «ауру» іспеттес болды. Әр термин бір мағыналы болуы керек. Бірақ терминнің бірмағыналылығы оның бейберекет бейтараптығы дегенді білдірмейді және де терминді «өлі белгіге» айналдырмайды. Термин бірмағыналы, алайда оның мағыналық құрылымы барынша күрделі» [62, с. 206].

Осыған ұқсас ойды Р.А. Будаговтың еңбегінен табамыз: «Әртүрлі тілдердің лексикасынан ойып орын алған көпмағыналылық термин жүйесіне келгенде жойылады. Термин бірмағыналылыққа, моносемияға ұмтылады. Әр ғылыми термин өзіне ғана тиесілі, жалғыз мағынаға ие болуы қажет» [55, с. 226]. Ғалымның бұл пікірі бойынша көпмағыналылық ғылыми білімді түсінудің түсіндіру үдерісіне кедергі болатындықтан, толықтай жойылуы керек.

Зерттеуші Н.Г. Комлев терминнің бірмағыналылығы туралы: «Жалпы қабылданған және дұрыс пайымдау бойынша, ғылыми термин лексика класының элементі ретінде басқа термин емес сөздерден өзінің дәлдігі және бірмағыналылығымен ерекшеленуі керек», – деген пікірді айтады [70].

Кейбір ғалымдардың пікірінше, терминнің көпмағыналылығы диахрондық тұрғыда кездескенімен, синхрондық аспектіде бұлай болуға жол берілмейді. Мысалы, В.А. Татариновтың бұл турасындағы пікірі мынадай: «Терминология өзінің тұрақтылығымен ерекшеленуге тиіс. Диахронды түрде терминдердің басқа мағынаға ие болуы мүмкін. Бұдан маңыздысы: синхронды түрде, қолданыстағы терминологиялық жүйе аясында термин міндетті түрде бірмағыналы болуы қажет» [63, с. 176].

Терминнің белгілерін қарастыра келе, Я.А. Климовицкий «уақытша көпмағыналылық» ғылым мен техникалық дамуға байланысты екенін айтады: «Бүгін бірмағыналы термин сөз ертеңгі күні ғылым саласының немесе техниканың дамуына байланысты көпмағыналы сөзге айналуы әбден мүмкін және осындай жағдайда бүгін «жаңа» термин ертеңгі күні «көне» сөзге айналуы әбден ықтимал. Сондықтан уақытша көпмағыналылықты жою мақсатында жаңадан пайда болған ұғымды атау үшін жаңа терминнің пайда болуы қажет» [71].

Терминге деген мұндай көзқарастың негізінде, біздің ойымызша, осы күнге дейін терминнің мәтінге, мәнмәтінге қатысты емес, оқшауланған бірлік ретінде қаралғандығы жатыр. Осы ойымызды А.А. Реформатскийдің зерттеулерінен табамыз: «Терминдер жалпы сөйлеу тілінде емес, арнаулы белгіленген терминологияда қолданылады. Жалпықолданыс тілінде берілген сөз көпмағыналы болғанымен, белгілі терминология жүйесінде тап сол сөз бірмағыналылық қасиетте жұмсалады. Термин қарапайым сөз секілді мәнмәтінге тәуелді емес, өйткені ол – біріншіден, белгілі бір терминологияның мүшесі, демек, ғылыми мәнмәтінде жұмсалады; екіншіден, өз алдына жеке,

мысалы, техникалық тапсырыстар немесе тізбелерде қолданыла алады» [47, с. 115].

Алайда қазіргі зерттеулерде бұл тұжырымдарға қарама-қайшы көзқарастарды да кездестіреміз. Қазіргі терминолог-ғалымдар терминдердің көпмағыналылығын мойындайды. Мысалы, В.М. Лейчик бұл жайында: «Терминнің көпмағыналылығы (полисемиясы) терминнің арнаулы ғылым саласындағы концептілер жүйесіндегі концептілер қатарында болуы негізінде туындайды. Бұл мағынада көпмағыналы термин бірдей арнаулы семалар жиынтығы ретінде қолданылады», – деген тұжырым жасайды [60, с. 10].

Осы мәселеге байланысты, яғни терминнің бірмағыналылығы мен көпмағыналылығы мәселесін толықтай шешу үшін В.А. Татаринов *амбисема* және *эврисема* терминдерін енгізуді ұсынады. Ғалымның пікірінше: «Амбисема дегеніміз – мағынаның белгісіз, құбылмалы күйде болуы, ал эврисема – терминнің белгісіз мөлшерде денотаттарға қатысты болуы. Полисемия дегеніміз – терминнің логикалық-мазмұндық тұрғыдан өзара байланысты әрі қатысты екі немесе бірнеше мағынаға ие болуы» [63, с. 168]. Демек, ғалымның терминологиялық бірліктің семантикаға қатысты қандай да бір жағдайын нақтылайтын ұғымдар қатарында моносемия, амбисемия, полисемия, эврисемия терминдерін қолдануы, бір жағынан, терминологиялық бірмағыналылық-көпмағыналылық мәселесін шешуге атсалысса, екінші жағынан, туындайтын сұрақтың күрделенуіне әкеліп тірелтеді.

Сонымен, қазіргі терминология жағдайында терминнің көпмағыналылығының әбден мүмкін екенін көреміз. Бұл ретте термин ұғымының мағынасын таңдау мәселесі туындап, таңдау жасауда мәнмәтінге жүгінсек болады. В.П. Даниленко терминдердің полисемиясына қатысты пікірін: «Терминологияда мәнмәтін аса зор рөл атқарады, өйткені терминнің мағынасы толықтай тек оның қызметі арқылы, берілген «метасинтаксис» арқылы айқындалады. Бұл айтылған тұжырым категориалдық көпмағыналылыққа ие терминдерге көбірек қатысты. <...> Сонымен, терминдер полисемиясы – лексиканың дамуындағы табиғи заңдылықтың көрінісі»,– деп қорытады [65, с. 315].

Терминнің бірмағыналылығын қолдай отырып, Ф.А. Циткина бұл мәселе дау тудыратындығын айтады: «Термин үшін, бір жағынан, нақты анықталған мағынамен қатысты және бірмағыналы болу тән. Осыған орай бірқатар терминдер мәнмәтінге тәуелсіз қолданылады» [72]. Алайда ғалым бұл айтылғанның терминдердің мәнмәтінге тіпті қатысы жоқ деген емес, керісінше, терминдердің мағынасы сол мәтін арқылы ашылатынын да айтады.

Бірқатар зерттеушілер терминдердің көпмағыналылық табиғатын арнаулы мәтіндер арқылы қарастыруға болатынын айтады. Көп жағдайларда терминнің көпмағыналылығын терминологиялық түсіндірме сөздіктер арқылы айқындап жататынын еске сала отырып, бұл тәсіл әрқашан сенімді бола бермейтінін, өйткені бірнеше сөздікте бір терминге әртүрлі, тіпті қарама-қайшы түсінік, балама берілуі мүмкіндігін келтіреді. Солардың ішінде С.В. Гринев

термин мағынасын оның арнаулы мәтіндер мен әртүрлі орталардағы қызметін зерттеу арқылы анықтаған сенімдірек болатын келтіреді [64, с. 15].

Осы мәселені шешу үшін Л.М. Алексеева: «Терминнің бірмағыналылығы инвариант ретінде емес, көп варианттардың бірі ретінде, шынайы болмыстың айқын көрінісі ретінде қабылданады. Терминнің бірмағыналылығы үнемі тұрақты болмайды. Терминнің бірмағыналылығы уақытша әрекет, «жасанды елес» секілді» [24, с. 38]. Ол бұл жағдайда терминнің көпмағыналылығы мен бірмағыналылығын динамикалық тұрғыдан қарауды ұсынады. Көпмағыналылық мәселесінің шешімі ретінде екі жағдайдың болуы міндетті: 1) терминнің пайда болуы уақыты мен оның белгіленуі немесе бөліп қарастырылуы; 2) кодтау және декодтау үдерістерінің айырмашылығын анықтау.

Сонымен, терминнің көпмағыналылығы жайындағы пікірлерге жасалған шолуға сүйенсек, ғалымдар бұрын бұл сұраққа терминді мәтіннен тыс тұрған идеал субстанция ретінде структурализм тұрғысынан қарайтын болса, қазіргі терминология терминді жұмсалымдық аспекті тұрғысынан, оның мәтіндегі қызметін айқындау арқылы қарастырады. Жоғарыда көрсетілген тұжырымдар терминнің көпмағыналылығы немесе бірмағыналылығы мәселесі әлі күнге дейін шешімін толықтай таппай келе жатқанын көрсетеді. Алайда термин арнаулы сала аясында нысанның нақты әрі дәл сипатын беретінін ескерсек, сол ғылым (кәсіп) саласындағы қызметі терминнің тек бір мағына білдіретінін, яғни бірмағыналылығын дәлелдейді.

*Жүйелілік – терминдік бірліктің терминологиялық жүйелерге қатыстылығын айқындаудағы басты белгісі*

Терминнің тағы бір аса маңызды *жүйелілік* белгісі лингвист ғалымдар тарапынан дау тудырмайды. Көптеген зерттеулерде термин терминдік жүйенің функционалдық бөлшегі ретінде қарастырылады (Айтбайұлы, 2005; Айдарбек, 2010; Авербух, 2001; Морозов, 2001 және т.б.). Терминнің жүйелілік мәселесіне байланысты Ө.Айтбайұлы: «Жүйелілік талабы термин құрайтын элементтер мен белгілерді іріктей білу жүйесіне тікелей байланысты. Іріктеу сәтінде ол белгілердің біртектестігіне қатты көңіл бөлумен қатар, терминдер жүйесінің дұрыстығы белгілі жүйе бойынша белгілерді іріктеуге ғана емес, сонымен бірге сол белгілердің қай түрде болатынына да байланысты екенін ескеру қажет. ... терминология жүйелілігі термин элементтерінің тіркесімділігіне, басқаша айтқанда, олардың орналасу тәртібіне де қатысты болады... Жүйелілік тәртібі сақталған жерде синонимдік қатарға, көпмағыналылыққа орын жоқ. Әсіресе, әр қилы қызмет атқаратын жалғау, жұрнақтарды белгілі бір мағынада қайталап қолдануға әуес болмаған жөн. Жалпы, қалайда терминдер жүйелілігі лексика тұрғысынан да, морфология тұрғысынан да талап етілген дұрыс. Жай сөздер табиғатына тән кейбір грамматикалық ауытқулар терминдерде болмауға тиіс» [18, б. 16].

Терминдік жүйе логикалық-семантикалық жүйе негізінде құрылады. Бұл жерде логикалық-мағыналық жүйенің жеке бөліктері ұлттық тілдің терминдерімен толықтырылады. Белгілі бір жүйеге кіру кезінде термин өзінің

бұған дейін тиесілі болған мағынасын басқа жүйеге ауысу кезінде жоғалтуы мүмкін. Алуан бірлікті терминологиялық лексика бір-бірінен кейде алшақ болатын, қалыптасқан терминдік жүйелерге бірігеді. Өзара үйлестірілген терминдердің мағыналары көп жағдайларда арнаулы кәсіп мамандарына ғана түсінікті болғанымен, көптеген терминдер – *компания, менеджер, банкнот, функция, бюллетень, этнос, агент, бонус, заң, құқық, куәлік, корректор, әліпби, стратегия, меншік, команда, мүдде, салық, табыс, диплом, бетбұрыс, бағалау, т.с.с.* сияқты терминдер өзі тиесілі терминжүйеде де, жалпықолданыс тілінде де өз мағынасында қолданылады. Осы мәселеге қатысты терминолог-ғалым Қ. Айдарбек термин сөздерінің бірнеше өріс құрамында бола алатынын мысал келтіре сипаттайды: «Дегенмен, көптеген жағдайларда аталуы бірдей термин сөздер өріс ішінде түрлі байланыстармен сипатталып, екі басқа терминологиялық өріске қатысуы негізінде омонимдік қатарлар құрайды. Мысалы: *жарна төлеуші* → *жарнашы, пайшы*; *жарна жинайтын қызметкер* → *жарнашы*; *грамматиканың сөз формаларын зерттейтін тілші ғалым* → *морфолог*; *организмнің құрылысын, түрін зерттейтін ғалым* → *морфолог*; *автомат аппаратқа күтім жасайтын адам* → *автоматшы*; *автоматпен қаруланған жауынгер* → *автоматшы және т.б.*» [17, б. 202].

Терминнің жүйелілік сипаты ретінде оның жүйеге бейімдігі жатады. Жүйеге бейімдік қасиеті морфологиялық, сөзжасамдық және семантикалық деңгейде болуы мүмкін. Осы жерде А.А. Реформатскийдің жүйеліліктің маңызы жайлы: «Термин лексикалық және морфологиялық күйде жүйеге сәйкес болуы тиіс»,– деген пікірі [47, с. 118] терминнің жүйелік сипатының негізгі дифференциалдық белгілері қатарынан табылатынын көрсетеді.

Термин жүйе элементі бола тұра, терминологиядан тыс қарастырылмайтыны белгілі. Егер термин тар, шектеулі терминосфера аясынан шығып қалатын болса, ол тек өзінің сол терминжүйесіне тән сипаттарын жоғалтып қана қоймайды, басқа да мағыналық ерекшеліктерін жояды.

Бұл мәселе терминологтардың зерттеу нысаны ретінде жиырмасыншы ғасырда қарқын ала бастады. Осыған байланысты В.М. Лейчик мынадай дерек келтіреді: «Ұлы Отан соғысына дейінгі жұмыстарының өзінде Д.С. Лотте қарапайым терминология мен терминология жүйесі болып танылатын ғылыми терминологияны бөліп қарастыру керектігін айтқан болатын. Терминдік жүйе немесе терминосистема атауының өзі 1967 жылы пайда болды, бірақ терминологияның жүйелілігі туралы 1962 жылы К.А. Левковская айтып, Н.П. Кузькин сол жылы жүйелілікті терминнің қасиеті ретінде қарастырған» [60, с. 10-13].

Терминнің жүйелілік белгісін В.Д. Табанакова: «...өз табиғатына сәйкес әр термин арнаулы ұғыммен қатынаста болады да, ол ұғым арнаулы ұғымдар жүйесінде өзінің нақты орнына ие болғандықтан», терминді сол жүйенің бір бөлшегі ретінде қарастырады [56, с. 18].

Дегенмен, кейбір ғалымдардың термин жүйелілігіне қатысты көзқарасы әртүрлі. Олардың бірі терминологияның сөзжасамдық жүйелілігін алға тартса (Будагов, 1965; Реформатский, 1999), енді біреулері терминологияның

жүйелілігін терминдер мен олар анықтап тұрған ұғымдар арасындағы мағыналық пен байланыс ретінде таниды. Мысалы, Ф.М. Березин, Б.Н. Головин терминологияның қандай да бір жүйесі болмасын лексика-семантикалық, сөзжасамдық, грамматикалық деңгейлерде бір-бірімен байланысып тұрған және арнаулы ғылым саласында қолданысқа ие терминдер жиынтығы ретінде қарастырады [73]. Осы ойды қолдайтын В.М. Лейчиктің пікірінше, ғылыми білім мен тіл жүйесінің жақындастығы әр саладағы ғылыми терминологияға білімнің «кірігуіне» байланысты. Бұл терминдік жүйелер табиғи ұлт тілінде әбден орныққан (мысалы, радиофизика саласындағы ағылшын, орыс терминдері, немесе пәлсапа, әлеуметтік ғылымдар салаларындағы латын, грек, итальян терминдері және т.б.) [60, с. 11].

Терминдік жүйе ғалым Л.А. Капаназе: «[...]Терминология аясында терминдердің бір-бірімен тәуелді және жүйелі қатынаста болуы – олардың ең басты белгісі. Ғылым мен техниканың әрбір саласына қатысты терминология шектелген және тұйық жүйе болып табылады [...]. Сондықтан терминология құрылымын ғылымдағы ең дәл, нақты құрылым ретінде қарауға болады», –деп тұжырымдайды [74]. Терминдер, сөздер мен сөз тіркестері лексика-семантикалық өрістерге біріктіріліп, лексикалық-семантикалық парадигмалар құрады.

Терминологиялық жүйені қалыптастыру ерекше талаптардың болуымен сипатталатыны туралы ғалым Қ. Айдарбек мынадай тұжырымға келеді: «Түйіндей келгенде, терминологиялық жүйені қалыптастыру үшін төмендегідей талаптар қойылады: 1. Жаңадан жасалған арнаулы атаулардың ішінен қажетті, ұтымды терминдерді іріктеп алу. 2. Оларға дәл белгіленген анықтама беріп тіркеу. 3. Терминнің бірмағыналылық ерекшелігі ескеріліп, қажетсіз синонимдерден шектеу» [75].

Жоғарыда келтірілген тұжырымдардан пайымдайтынымыз: терминдік жүйе үшін теориялық негіз болу міндетті болса, терминология үшін қандай да бір арнаулы ортадағы жалпы ұғымдардың жиынтығының болуы жеткілікті. Тіпті терминология сол ортадағы нысандардың барлығын сипаттап бере алады. Мысалы, адам сүйектерін анықтайтын анатомиялық терминология адам сүйектерінің саны бойынша 206 бірлікті құрайтынын В.М. Лейчик келтіреді [76]. Алайда мұндай терминдер соншалықты көп емес.

Қорыта келе, жоғарыда берілген мәліметтер негізінде терминологияның лексикалық бірліктері ретінде тілдік бастапқы белгілер (сөздер мен сөз тіркестері) дәл, нақты бола алмайтынын, керісінше, терминдік жүйенің лексикалық бірліктері – терминдер, арнаулы мақсатта алынған немесе жасалған бірліктер, тілдік, логикалық, пәндік және ғылыми талаптарға сәйкес болатынын көреміз. Демек, жүйелілік қабілет терминологиялық өріспен тығыз байланыста болады, өйткені терминологиялық өріс – шектеулі, тұйық жүйе. В.М. Лейчик атаған «тұтастық, салыстырмалы түрдегі орнықтылық, құрылымдылық, байланыстылық» [77] тәрізді терминдік жүйелілік белгілерін келтіре отырып, терминологиялық өрісті терминдік жүйеге барлық белгілері тән терминдер жүйесі немесе терминдік жүйелілік ретінде қарастырамыз.

*Терминдік бірліктердің уәжділік сипаты және жалпы қолданыстағы сөз мағынасына қатыстылығы*

Терминдердің морфологиялық және сөзжасамдық уәжділік мәселелерін Ө. Айтбайұлы, Ш. Құрманбайұлы, Қ. Айдарбек, Б. Қалиұлы, Б. Момынова, В.М. Овчаренко, О.Д. Митрофанова, Т.Л. Канделаки, В.П. Даниленко, В.Н. Прохорова, О.Г. Гусакова және т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінде қарастырған. Терминнің басқа сөздерден айырмашылығы – ол арнаулы ұғымның атауы ретінде жасалып, ғылым (кәсіп) саласында қызмет атқарады. Алғашында арнаулы ұғым, содан соң ғана оның атауы ретінде дыбыстық (жазба) белгі пайда болады. Бұл тұрғыдан алғанда, термин сөз екінші, туынды мағыналы, демек, әрқашан уәжді болады. Ғылыми-техникалық терминдердің барлығы да жалпы қолданыстағы сөздерге қатысты уәжді болып келеді. Бұлай болатын себебі – терминдер терминдену үдерісі негізінде, сөздердің тура мағынасын арнаулы метафоралық, метонимиялық ауысу арқылы жасалуында. Терминдердің уәжділігі толық болмауынемесе жойылуы мүмкін, алайда термин әрқашан уәжді болады.

Осы мәселеге байланысты арнаулы зерттеулерінде уәжділіктің мағынамен тығыз байланысты екенін анықтай келе, Т.Р. Кияк төмендегідей тұжырымдайды [78]:

- мағына – аталушы зат;
- мағына – ұғым;
- мағына – ұғым мен сөздің қатынастық қасиеті;
- мағына – түсінік;
- мағына – хабарлаудың басқаша нұсқасы (инвариант);
- мағына – сөз – белгінің қызметі;
- мағына – белгі мен зат арасындағы қатынас;
- мағына – ұғым мен зат арасындағы қатынас;
- мағына – түсінік пен зат арасындағы қатынас;
- мағына – адам іс-әрекеті мен зат арасындағы қатынас;
- мағына – сигнификат пен белгі арасындағы қатынас;
- мағына – шындықтың көрсетілуі.

Ғалымның пайымдамасын зерделей отырып, уәжділіктің мағынамен тығыз байланысты екенін және ішкі форма, уәж, уәжділіктің айырмашылықтарын төмендегідей көрсетеміз:

- 1) уәжділік – үдеріс; ішкі форма – құрал, уәжділік аталымның сөзжасамдық актісінің нәтижесі;
- 2) ішкі форма – кез келген сөздің тұрақты (жүйелі) сипаттамасы;
- 3) уәжділік – ішкі форма мен мағына арақатынасының нәтижесі. Уәж, негізінен ішкі формаға бағытталады.
- 4) уәж де, уәжділік те – синхрондық құбылыстың мәні. Сөздің ішкі формасы тілдік бірліктердің этимологиясын ашуға көмектесуі мүмкін;
- 5) уәжділік ішкі формаға денотаттың ең айқын жағын көрсететін қасиет береді;

6) уәжділік дәрежесі сөз мағынасы дамуымен байланысты өзгереді, сөздің ішкі формасы оған қарағанда тұрақты;

7) уәжділік пен ішкі форманы өздерінде бар ақпараттарына байланысты ажыратуға болады.

Сонымен, осы тұжырым негізінде терминнің уәжділігін екі аспектіде қарастыруға болады:

– терминнің жалпықолданыстық тіл негізінде жасалуына орай туынды тілдік бірлік болуы оның уәжділігінің лексика аспектісінде қарастырылуын қажет етеді;

– терминнің басқа терминологиялық бірліктермен арақатынасы оның уәжділігінің синтаксистік (лексикалық-синтаксистік) аспектіде қарастырылуын көздейді.

Қазақ тіл білімінде уәжділік мәселесін тарихи сөзжасам тұрғысынан қарастырған ғалым А. Салқынбай: «Уәжділік тек философиялық ұғым ғана емес, ол тіл білімімен де тығыз байланысты. Тіл таңбалық жүйе болғандықтан, сөздің жасалу негізділігін айқындайды. Туынды сөздер құрылымдық және әлеуметтік негізділігімен ерекшеленіп, сондықтан да оның уәжділік аспектісінде қарастырылуы, уәжділіктің бір ұшын этимологиямен байланыстырады. Этимологиялық зерттеулер болмаса, негіздеме мәні айқындалмайды», – деп көрсетеді [79]. Ғалымның бұл пікірі соңғы кездері жаңадан қолданылып жүрген терминдердің көне сөздер немесе кірме сөздердің түпкі мағынасына аса көңіл бөліп, этимологиялық сараптамалар негізінде жасалуы қажеттігін алға тартады. Бұл шарт орындалған жағдайда *канализация* – *кәріз* (парсы тілінен «суару жүйесі» дегенді білдіреді), *стекло* – *әйнек* (парсы тілінен «көзілдірік»), *шыны* (көне түркі, шағатай тілдерінде «фарфор» деген мағынада), *бассейн* – *хауыз* (тәжік, өзбек тілдеріндегі «ховуз» – тоған, су қоймасы) тәрізді сөздердің мағынасы этимологиялық талдаумен нақтыланып, олар жаңа терминдік мағынаға ие болып, қазақ әдеби тілінің қорын байытуға қосылған үлес саналады.

Терминнің уәжділігі туралы орыс ғалымдарының пайымдамаларының ішінде О.И. Блинованың: «Егер сөздер уәжді болса, онда сөздердің ішкі формасы бар болғаны, өйткені тап осы ішкі форма сөздің уәжділігінің анықталып, айқындалып, сөз арқылы материалдануына негіз болады» [80], тағы сондай С.В. Гринев: «Уәжділік дегеніміз – терминнің семантикалық тазалығы, форманың термин арқылы анықтайтын ұғым туралы беретін көрінісі» [64, с. 173] пікірлерін қарасақ, бұл жерде екі ұғымға – уәжділік және ішкі формаға мән берілетінін көреміз. Бұл жердегі ішкі форма дегеніміз – сөздің морфемдік құрамы мен уәжді мағынасын беретін және дыбыстық үлгі мен лексикалық мағынаның байланысын қамтамасыз етіп тұрған сөздің морфосемантикалық құрылымы.

Жоғарыдағы пікірлерді негізге алсақ, терминнің ішкі формасы ғылыми ұғымды көрсетеді, терминнің дәлдігін нығайтады, сонымен қатар терминнің жүйелік қалыптасуына септігін тигізеді деуге болады. Бірақ кейбір ғалымдардың пайымдауынша, терминнің уәжділігі термин емес сөздердің



уәжділігінен ерекшеленеді. Мысалы, В.М. Лейчик: «... термин формасының уәжділігі – берілген тілдің лексикалық бірлігі ретінде – терминнің тілдік субстраты ретінде; ал уәжді емес лексикалық бірлік өз алдына уәжді термин бола алады. Терминнің қызметі мен семантикасының уәжді болуы оның өзі анықтап тұрған нысанға және терминдік жүйеден алатын орнына тікелей байланысты» – дей келе, уәжділік деңгейіне байланысты термин түрлерін бөліп қарастыруды ұсынып, «толық уәжді», «жартылай уәжді», «уәжді емес», «жалған уәжді» терминдерін келтіреді [77, с. 53].

Ал енді терминдердің уәжді/уәжді емес түрлерін қарастыруды В.Д. Табанакова «олардың формасының түсініктілігі» деңгейінен бастауды ұсынады [56, с. 18]. Сонымен, терминнің уәжділігін анықтау барысында алдымен сол термин анықтап тұрған ұғымды сипаттау қажет болады. Сол сипаттаманың толықтығына байланысты терминнің уәжді/уәжді еместігі анықталады. Ал онан соң терминнің уәжділігі бойынша жоғарыда аталған топтар ішінде қай топқа жататыны айқындалады.

Қазақ тіл білімінде Ұ.Б. Әділбаеваның «Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының уәжділігі» зерттеуінде өсімдік атауларының уәжділігі жоғарыда аталған бағытта талданған [81]. Толық уәжділік – сөздің формасы мен мағынасын құрайтын белгінің толық ашылуы, яғни ішкі форма белгісінің мағынаның құрамына толық кіруін көрсете алуы немесе зат уәжінің негізіне алынған белгінің зат мағынасын толық аша алу қабілеті; жартылай уәжділік – ішкі форма мен лексикалық мағына арасында ортақтықтың, жалпылықтың болуы немесе заттың уәжі ретінде негізге алынған белгінің сол заттың мағынасын жартылай аша алу қабілеті; уәжділіктің болмауы (бейуәжділік, уәжді емес) – ішкі форма құрамына кіретін морфемалардың ешқайсысының мағынасының сәйкес болмауы немесе мағынаны аша алмауы, мағынадан зат белгісінің, уәжінің көрініс таппауы; абсолютті уәжділік – сирек кездесетін құбылыс, ішкі форманың семантикалық белгісінің және лексикалық мағынасының толық сәйкес келуі.

Сондай-ақ Ә.Б. Алмауытованың «Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты» атты кандидаттық диссертациясында киім атауларының себепші уәждері белгілері бойынша топтастырылған; киім атауларына қатысты фразеологизмдердің этномәдени уәждері анықталған; киім атауларына қатысты кейбір этнографизмдердің қалыптасуына ұйытқы болған әлеуметтік уәждер айқындалған; киім атауларына қатысты жеке сөздердің, фразеологизмдердің этномәдени мазмұнын ашу арқылы этносқа тән «ғаламның тілдік бейнесі» көрсетілген; зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты ырымдар мен әдет-ғұрыптарға, символдарға лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан талдау жасалған; жекелеген киім атаулары диахрондық тұрғыда қарастырылып, шығу төркіні анықталған [82]. Ғалым ономазиологиялық әдіс негізінде уәжділік түрлерін төмендегіше топтайды:

- 1) жасалу материалына байланысты уәжділік;
- 2) формасына (пішініне) байланысты уәжділік;
- 3) жасалу технологиясына байланысты уәжділік;

- 4) әлеуметтік мәніне байланысты уәжділік;
- 5) этномәдени ерекшелігіне байланысты уәжділік;
- 6) түсіне байланысты уәжділік;
- 7) қызметіне байланысты уәжділік;
- 8) көлеміне байланысты уәжділік.

Терминологиядағы уәжділік мәселесіне байланысты терминтанушы ғалым В.П. Даниленко: «Терминологияда жүзеге асырылатын лексикалық мағына түрімен тікелей байланысты аталымның негізгі қағидаты болып табылатын уәжділік – бейуәжділік тілдік сипатының жалпы мәселесі туындайды. Бұл ретте біз уәжді және бейуәжді атаулардың, сонымен қатар уәжденімнің түрлі тектері мен түрлі дәрежелері болуын да жоққа шығара алмаймыз», – деп көрсетеді [54, с. 62].

Уәжділік түрлерін терминолог-ғалым Қ. Айдарбек: 1) сөзжасамдық-морфологиялық уәжділік; 2) синтаксистік уәжділік; 3) семантикалық уәжділік деп бөліп көрсетіп: «Уәжділіктің жоғарыда аталған түрлері қазақ тіліндегі терминологиялық сөзжасамның негізгі үш тәсіліне сәйкес келеді: морфологиялық, синтаксистік және семантикалық. Сондықтан да барлық терминжасам барысында пайда болған терминдерді, күрделі терминдерді, сөз тіркесті терминдер мен мағынаның семантикалық өзгеруіне байланысты жасалған терминдерді уәжді деп қабылдауға болады. Бейуәжді терминдер қатарына синхронды тұрғыдан жасалу уәжі белгісіз, қазақ тілінің туынды құрылымы емес, сондай-ақ кірме атаулар жатқызылады», – деп түсініктеме береді [17, б. 57].

Сонымен, жоғарыда аталған ғалымдардың пікірлерінен терминнің уәжділігі дегеніміз – сөздің ішкі формасының айқындығы әрі терминнің оның маңызды дифференциалдық белгілерінің бірі екенін және термин мен жалпы қолданыстағы сөз мағыналарының арасындағы байланысының және терминжасамдық қасиетінің көрсеткіші деп қорытындылаймыз.

#### *Терминнің дефинитивтілігі*

«Дефиниция» латын тілінде *definition* – «шек», «шектеу», «анықтама, ұғымның мән-мазмұны» дегенді білдіреді. Ғалым Ш. Құрманбайұлы терминнің міндетті түрде дефинициясы болатыны туралы пікірін былайша білдіреді: «Сөз арқылы ұғым туралы жалпы мағлұмат берілсе, терминнің дефинициясы арқылы сол ұғымды өзге ұғымдардан айыратын оның ең басты белгілері аталып көрсетіледі. Ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес терминнің дефинициясы да толығып, өзгеріске ұшырап отырады. Ғылым неғұрлым дамыған сайын сөз бен терминнің арасы қашықтай түседі. Бұл тәсілмен жасалған терминдер жалпы қолданыстағы сөзден өзі қатысты болатын терминнің өріс пен терминге тән дефинициясы арқылы ажыратылуға тиіс» [83].

Терминнің мән-мағынасы дефиниция арқылы берілетінін сонау жиырмамыншы ғасырдың ортасында кеңестік ғалым В.В. Виноградов айтып, термин болу шарты оның бір ғана басты қызметі – оның дефинитивтік қызметі екенін көрсеткен болатын [84].

Көптеген ғалымдар термин үшін ең басты белгі дефиниция болатынын және ол неғұрлым дәл әрі нақты болуға тиіс екенін атап өтеді. Өйткені анықталып тұрған ұғымның дұрыс түсінілуі дефиницияның дәлдігіне байланысты болады. Н.З. Котелованың пайымдауынша, терминнің дефинициясы өз табиғаты бойынша шынайы емес, шартты болады, өйткені: «термин дефинициясының шынайылығы терминнің арнаулы ұғымды атау барысында сол ұғымға тиесілі түсініктің өзін қамтуында» [85].

Дефиницияның бір анықтамасы ретінде «атаудың мән-мағынасын оның ерекшелік және айырма белгілерін сипаттау негізінде, аталым денотаты ретінде айқындайтын логикалық үдеріс» десек, терминге қатысты «терминнің немесе ұғымның мән-мағынасын эксплициялаушы» ретінде танылады [86].

Термин ұғымды атап қоймайды, ол оны анықтайды. Осы ойды ары қарай дамыта келе, терминолог-ғалым Л.А. Капаназде былай деп жазады: «Терминнің мағынасы – ұғымды анықтауы, ол ұғымға тағатын дефинициясы. Егер анықтауыш белгісіз болса, термин де белгісіз болады және бұл жерде ешқандай ассоциация немесе сөздердің өзара байланысы көмекке келе алмайды» [74, с. 262].

Қазақ тіл білімінде профессор М. Малбақов түсіндірме сөздіктің құрылымына қатысты мәселелерге арналған монографиясында ұғым және дефиниция терминдерін қарастыра келе: «... бірқатар лексикографиялық еңбектерде синоним ретінде қарастырылатын түсіндірме, дефиниция, анықтама терминдері шын мәнінде бір-біріне синоним емес. Дефиниция – сөздік бірлікке берілген қысқаша анықтама. Ол түсіндірменің құрамына кіреді. Түсіндірме ұғымына дефинициядан да басқа лексика-семантикалық, грамматикалық-функционалдық сипаттамалар да кіреді. «Анықтама» терминімен анықтама процессінің атауын – сөздіктегі сөздік бірлікке берілетін түсіндірмелі анықтамалардың бәрін атаған жөн тәрізді. Сөздік мақалада дефинициядан басқа да анықтамалар болған жағдайда оларды дефинициялық анықтама және қосалқы семантикалық функционалдық анықтама түрінде айқын ажырату керек», – деген тұжырымға келеді [87].

Дефиницияны нақты анықтағыш, шектеулі мағынадағы анықтағыш, кең мағынадағы анықтағыш, түсіндірме деп бөліп қарастырған С.Д. Шелов: «Дефиниция дегеніміз – перформативті түрдегі, терминнің анықтайтын мағынасын сол арнаулы сала аясындағы басқа терминдер арасынан орнын тауып көрсетіп тұратын мағыналық мазмұн», – деген анықтама береді [88].

Терминнің дефинитивтілігін зерттеуші В.Д. Табанакова төмендегіше сипаттайды: «Терминнің мағынасы үнемі логикалық дефиниция арқылы анықталып, бұл дефиницияда арнаулы ұғымның көлемі мен мағынасы тіркеледі» [57, с. 7].

Сонымен, дефинициясының болуы – терминнің ең басты белгілерінің бірі. Біріншіден, дефиниция терминді термин емес сөздерден ажыратып тұрады. Екіншіден, дефиниция термин атап тұрған ұғымның мағынасын анықтап, терминнің ғылыми-кәсіптік салада қолданылуын оңайлатады.

М.Н. Володина былай дейді: «Терминдер – ғылыми-техниканың дамуына қажетті шарт. Терминнің эвристикалық рөлі – қоршаған айналаны танудың бірден-бір құралы болып табылуында. Бұл мәнмәтінде нақты терминологиялар арнаулы ортада ғана қызмет ететін, адамдардың шығармашылық қызметін реттейтін ерекше белгілер жүйесі болып танылады. Осы тұрғыдан алғанда, терминнің арнаулы ұғымдарды атау ретіндегі негізгі репрезентативтік қызметі сонымен қатар әлеуметтік-коммуникативтік сипатқа ие болады деуге әбден болады» [42, с. 17].

Жоғарыда талданған тұжырымдарды қорыта келе, дефиницияға қатысты шарт-талаптарды төмендегіше топтауға болады:

– дефиниция мазмұны түсінікті әрі нақты болуы үшін ғылым саласында бекітілген және бір мағынада қалыптасқан терминдерді қолдану қажет;

– дефиниция құрылымы қысқа, логикалық пайымдау талаптарына сәйкес нақты және аяқталған сөйлемдерден құрылып, құрылымдағы ақпараттың кең көлемді болуынан тыс болуы қажет;

– дефиниция құрылымында қайталау (тавтологиялық) элементтері болмауы қажет;

– көп жағдайларда біртекті ұғымдарға бірыңғай дефиниция беріледі де, біркелкі лексика мен синтаксистік құрылымдармен рәсімделеді;

– дефиниция түзілу үдерісі нәтижесінде шынайы өмірдегі бір нысан бірнеше ғылым салаларында қарастырылып, түрлі ұғымдар жүйесіне қатысуынан дефинициялардың да түрлі болу ерекшелігін ескеру қажет;

– дефиниция жасау үдерісінде ғылым-білімнің қазіргі даму деңгейіне сәйкес жасалуын ескеру қажет.

«Дефиниция» терминінің латын тілінде «анықтау» деген мағына білдіретінін ескерсек, ғылыми ой және білім тұрғысынан абстрактілі ұғымдарды анықтап, оларды нақты атауы дефиницияны терминнің басты ерекшеліктерінің қатарына қоюды талап етеді.

Жоғарыда келтірілген термин белгілерін қарастыра келе, терминолог-ғалым Ш. Құрманбайұлының терминдердің басты дифференциалдық белгілерін атай келіп, термин дефинициясына аса мән береді [89].

Терминдердің басты ерекшеліктері: олардың, біріншіден, құрылымы бойынша түрлі болуында: мысалы, бір сөзден немесе сөз тіркесінен тұратын терминмен қатар бірнеше сөздерден, тіпті кейде жай сөйлем түрінде кездесетін терминдік тіркестер болады; екіншіден, терминдер тек тілдік бірліктерден ғана емес, сонымен қатар, графикалық, сандық таңба түрінде, сөз-символ түрінде де болады; үшіншіден, термин міндетті түрде белгілі терминологиялық жүйенің (терминологияның) мүшесі болады; төртіншіден, термин дегеніміз жалпы ұғым атауы; бесіншіден, терминнің міндетті түрде дефинициясы болады; алтыншыдан, терминдер атауыштық қызмет атқарып, арнаулы ғылыми-кәсіптік сала шеңберінде қолданыс табады.

Сонымен, жоғарыда айтылған тұжырымдарды қорытындылай келе, термин және сөз мәселесіне ғалымдардың көзқарастары алуан түрлі екенін көреміз. Осы ретте, жоғарыда қарастырылған ғалымдардың пікірлерін зерттеу

барысында, термин және жалпықолданыс сөзінің ерекшеліктеріне сүйене отырып, қорытындылаймыз:

1. Термин сөздің мағынасы оны өз алдына жеке нәрсемен емес, сол заттың түрімен, класымен, тегімен; ал термин емес сөздің мағынасы оны ең алдымен жеке заттың, нәрсенің өзімен, сол заттың қасиетімен, белгілерімен байланысты анықталады.

2. Термин сөздің мағынасы оны ғылыми-кәсіптік немесе техникалық ұғыммен, ал термин емес сөздің мағынасы тұрмыстық ұғыммен, жалпы ұғыммен ғана емес, сондай-ақ, эмоциямен, ішкі күйзеліс немесе әсерлілікпен, эстетикалық сезіммен байланыстырады.

3. Термин сөздің мағынасы оның дефинициялық мағынасының болуын қажет етсе, термин емес сөздің дефинициясы болғанымен де, ондай қажеттілікті талап етпейді.

4. Термин сөздің мағынасы шынайы өмірден алшақ абстрактіліктің ең жоғарғы деңгейін көрсетсе, термин емес сөз қарапайым қолданыстың ең төменгі сатысында қала береді.

5. Термин сөздің мағынасы жеке, индивидуалдық, ғалымдардың өздеріне ғана түсінікті болса, термин емес сөздің мағынасы жекеліктен алшақ, жалпы болып келеді.

6. Термин сөздің мағынасы арнаулы кәсіптік қызметпен қатынаста болады, сондықтан сол кәсіп аясында толықтай іске асырылуын талап етсе, термин емес сөздің мағынасы адамның басқа адамдармен қарапайым қарым-қатынас жасауынан туындайды да, кәсіптік қызмет аясынан тыс қолданылады. Басқаша айтқанда, терминологияны, соның ішінде, ғылыми терминологияны меңгеру арнаулы оқытуды талап етеді; ал ауызекі қолданыс лексикасы мұндай жағдайды қажет етпейді.

Сонымен, осы тараушада қарастырылған мәселелерді қорытындылай келе, төмендегідей тұжырымдар жасаймыз:

1. Қазіргі терминолог-ғалымдар терминдердің көпмағыналылығын мойындайды. Мысалы, В.М. Лейчик былай дейді: «Терминнің көпмағыналылығы (полисемиясы) – терминнің арнаулы ғылым саласындағы концептілер жүйесіндегі концептілер қатарын анықтауы болып табылады. Және де бұл мағыналарда көпмағыналы термин бірдей арнаулы семалар жиынтығына ие болады. Терминнің көпмағыналылығында жиі кездесетін жағдай – әртүрлі терминдік жүйелерге жататын, бірақ термин мағынасында бірдей семалары бар «көпмағыналы» термин». Бұл сөздерден көретініміз – термин түрлі ғылым салаларындағы терминжүйелердің мүшесі болғанымен, оның лексикалық-семантикалық мағынасындағы негізгі сема өз тұрақтылығын сақтауға қабілетті. Ал бұл өз кезегінде терминнің бір мағынаны анықтау қабілетінің дәлелі, демек, ол көпмағыналылыққа ие болмайтыны.

2. Кез келген терминдік бірлік белгілі терминология жүйесінің құрамында белсенді жұмсалады. Демек, терминдік бірлікке жүйелілік тән. Терминдік жүйелер қандай да бір білім, ғылым, техника туралы теориялық негізде құрылып, ұғымдар, заңдылықтар, нысандар мен үдерістердің белгілері әбден

калыптасқан соң, сол арнаулы ортадағы ұғымдардың жиынтық жүйесі ретінде арнаулы мақсатта құрылады. Сондықтан терминдік жүйені арнаулы білім немесе ғылым теориясының логикалық-тілдік үлгісі деп тануға болады, ал терминдік бірлік бұл жағдайда сол жүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Демек, кез келген терминдік бірлік – белгілі терминжүйенің мүшесі болып, сол терминжүйенің жұмсалымдығы қағидаттарына сәйкес қызмет атқарады.

3. Терминдік бірліктің уәжділігі толық болмауы немесе тіпті жойылуы мүмкін. Алайда өзінің ішкі формасында ол жалпы қолданыстағы жай сөзге қатысты үнемі екінші орында, демек, уәжді болатынын байқаймыз. Терминдердің ең бастапқы кезеңдерде жай сөздерден шыққаны белгілі. Демек, терминдер уәжді болады және олардың бұл ерекшелігі ішкі форманың айқындығынан анық көрінеді. Біз қарастырып отырған терминдік бірлік пен оның ой-санадағы когнитивтік құрылым байланысы мәселесінде уәжділік деңгейін анықтау – зерттеудің концептуалдық талдау негізінде анықталатын басты мақсаттарының бірі болып табылады.

4. Терминдік бірліктің дефинициясын тек термин мағынасы ретінде ғана емес, жалпы ұғым туралы мағынасы бар әрі объект, әрі субъект ретіндегі когнитивтік модель-үлгі деп қарастыруды ұсынамыз. Біздің ойымызша, терминнің дефинитивтілігі терминнің арнаулы ғылым саласын ғана емес, сол сала терминдерінің өзара байланысын түсіну, когнитивтік үдерістерді айқындау жолдарын да көрсете алады. Сонымен, дефинициясының болуы – терминнің ең басты белгілерінің бірі. Біріншіден, дефиниция терминді термин емес сөздерден ажыратып тұрады. Екіншіден, дефиниция термин атап тұрған ұғымның мағынасын анықтап, ұғым туралы ақпараттың ой-санада нақты бекітулі форма-үлгіде сақталуын қамтамасыз етеді.

### **1-бөлім бойынша қорытынды**

Сонымен, осы тараушада қарастырылған мәселелерді қорытындылай келе, төмендегідей тұжырымдар жасаймыз:

Біріншіден, қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистика тіл білімінің саласы ретінде соңғы кездері зерттеу нысанына айналып, тіл мәселелерін когнитивтік тұрғыдан қарастыруға арналған зерттеулер әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика пәндерінің қалыптасып, жалпы тіл білімі мәселелерін шешуге өз үлесін қосып келеді.

Екіншіден, қазақ тіл білімінде терминология саласы – Қазақстан Тәуелсіздік алғалы бері көтеріліп келе жатқан әрі лингвистикалық, әрі экстралингвистикалық маңызды мәселелердің бірі. Осыған дейінгі қалыптасқан терминологиялық қор құрамы қайта қаралып, жаппай жаһандандыру мен компьютерлендіру жағдайында күн сайын толығып отыр.

Үшіншіден, қазақ тіл білімінде терминология мәселелерін когнитивтік тұрғыдан қарастыру осы ғасырдың соңғы он жылдығында ғана қолға алына бастады. Этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану

аясында біршама зерттеу еңбектері болғанымен, терминология мәселелерін когнитивтік лингвистика нысандарымен байланыстырып зерттеген еңбектердің саны өте аз. Бұл тұрғыда, зерттеу жұмысында батыстық (АҚШ, Испания), ресейлік ғалымдардың зерттеу нәтижелері негізге алынды.

Сонымен, сөз бен ойдың арақатынасы тіл философиясындағы өз шешімін таппаған басты мәселелер қатарына жататынын тағы бір еске сала отырып, неше ғасыр бойы осы мәселеге қатысты зерттеу жүргізген атақты ғұламалардың еңбектеріне сүйенсек, тіл мен ойдың арақатынасы адамның логикалық ойлау қабілетімен тығыз байланысты екенін көреміз. Алайда бүгінгі күнге дейін әлі сұрақ тудыратын нәрсе – әуелі ой туындап, ол тілдік бірліктің қалыптасуына себеп бола ма?, әлде тілдік бірлік адам санасында ой туғызатын түрткі ме? деген философиялық мәселенің шешімі. Тіл мен ой – екіжақты феномен, олар бірін бірі айқындап, бірінің тууына екіншісі себепші болып тұратынын байқаймыз. Сөзді естігенде (оқығанда) ой туындап, санада ой қалыптасқанда сөз пайда болып (айтылып, жазылып), адамдардың қарым-қатынас жасауына қызмет ететінін көреміз. Демек, тіл (тілдің басты бірлігі ретінде сөз, термин) мен ойды (менталдық бірлік ретінде когнитивтік құрылымдар, концепт, фрейм және т.б.) бөліп қарастыруға мүлде болмайды. Бұл екі феномен үнемі бірге, бірімен бірі байланысып тұратынын ескеріп, сөз айтылған (жазылған) жерде ой туындайды, ой туындаған жерде сөз адамды іс-әрекетке итермелейді деген қорытындыға келеміз.

## 2 ТЕРМИНТАНЫМДАҒЫ КОГНИТИВТІК ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ МАҢЫЗЫ

### 2.1 Терминнің концептуалдану үдерісіндегі когнитивтік құрылымдардың (концепт, фрейм және гештальт) көрінісі

Когнитивтік лингвистиканың жеке ғылым саласы ретінде танылуы үшін оның негізгі ұғымдары, өзіне тән негізі категориялары мен бірліктері болуы шарт. Антропологиялық тіл білімін зерттеушілер *білім, концептуалдылық, концептуалды жүйе, когниция, когнитивтік модель, вербалдылық, менталдылық, концепт, әлем бейнесі, концептілік өріс, ұлттық мәдени бірліктер* терминдерін когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдары ретінде қарастырады. Аталған ұғымдардың адам санасындағы әрекеттері, тілдегі көрінісі, сол арқылы «ғаламның тілдік бейнесін» тану қабілеті туралы мәселе бүгінгі таңда жалпы тіл мамандары алдында негізгі әрі өзекті мәселелер санатында тұрғандығын аталған зерттеулерден айқын көруге болады. Қазіргі тіл білімінде концептуалдылық таным үдерісіндегі білімнің нәтижесінен көрініс табуда. Бұл атауды Е.С. Кубрякова: «Концептуализация интерпретируется как «некоторый» «сквозной» для разных форм познания процесс структура знаний из неких минимальных концептуальных единиц», – деп түсіндіреді [90].

Когнитивтік лингвистиканың басты ұғымы *когниция* – адам санасындағы білім арқылы көрініс табатын ақпараттар жүйесі болып табылады. Тіл білімінде «когниция» терминіне «интеллектуалдылық», «менталдылық» секілді атаулар синоним ретінде қолданылып жүр. Когницияның бұл атаулардан негізгі айырмашылығы когниция адам миындағы аялық білім арқылы жиналған ақпараттардың терең қатпарларындағы біртұтас көрінісі, моделі болып табылады. Когнитивтік лингвистика ғылымының зерттелу барысында батыс еуропалық ғалымдардың зерттеулері көптеген жаңа ғылыми жолдарды қалыптастырды. Бүгінгі күні бұл лингвистикалық бағыттың өзіндік ұғым-бірліктері, ұстанымдары, ғылыми-теориялық негіздері қалыптасып, дамып отыр. Алғашында «когнитивтік» деген терминнің өзі нақтыланбаған, ұғымдық бірліктері жүйеленбеген мәселе болғандықтан, когнитивтік лингвистикаға қатысты пікірлер мен көзқарастар да біркелкі болған жоқ. Кейбір зерттеушілер танымдық аспектілердің тіл білімін жаңа деректермен толықтырғанын мойындағанмен, бұл бағыттың лингвистикаға соны үрдістер мен әдістер жүйесін әкелмегенін және когнитивтік лингвистиканың орнықтағанын, ең алдымен, когнитивтік емес лингвистиканың жоғымен түсіндіруге болатындығын ескертеді. Алайда, екінші топ ғалымдар құрылымдық тіл білімін танымдық лингвистикаға «қарама-қарсы қоя» отырып, когнитивтік бағытты ХХ ғасырдың аяғында дүниеге келген «төңкеріс», «бетбұрыс» деп түсіндірді. Нәтижесінде тілшілер когнитивтік лингвистиканы пәнаралық байланыстың көрсеткіші, тілдік ілімдер тоғысы деп бағалады. Сөйтіп, жалпы ғылыми дереккөздер негізінде когнитивтік ғылымды немесе когнитологияны, когнитивтік психологияны, мәдениеттануды қарастырса, лингвотанымды дамытушы алғышарттарға лингвистикалық семантика, лингвистикалық



типология, этнолингвистика, нейролингвистика, психоллингвистика, салыстырмалы-тарихи тіл білімі мәселелерін жатқызды. Ғалымдардың пікірінше, семасиология ұстанымдары мен категориялары адамзат танымының нәтижесін құрайды (Н.Д. Арутюнова, А. Вежбицкая, Ю.С. Степанов, Е.С. Кубрякова, В.Н. Телия), ал тілдік типология заңдылықтары тілдің универсалды құрылымын түсіндіруге мүмкіндік береді. Орыс ғалымы В.В. Петровтың когнитивтік ғылымның түпкілікті идеясының негізін құрайтын бірліктер турасындағы ойын ғалым В. Маслова былайша түсіндіреді: «Ой-пайымдау дегеніміз фрейм, жоспар, сценарий, модель секілді ішкі (менталдық) репрезентациялардың жүзеге асырылуы» [11, с. 95].

Когнитивтік лингвистика мен терминологияның байланысы терминдерді когнитивтік құрылымдар ретінде қарастыруды қажет етеді. Л.В. Правикова жалпы тілдегі когнитивтік құрылымдардың алатын орны туралы айта келіп, когнитивтік лингвистиканы тілдік деңгейлер жүйесінен алатын орнына байланысты мазмұндық параметрлер саласына орналастырғаны туралы жоғарыда айтқан болатынбыз [14, с. 37]. Зерделей қарар болсақ, категориялау мен концептуалдау ақиқат болмысты тілдік бірліктер арқылы кодтау үдерісіндегі басты әрекеттер, сондықтан, когнитивтік лингвистика когнитивтік семантика, кеңістік семантика, фреймдік семантика аясынан орын алып, түрлі референциялар мен тіл әрекеттерінің ақпараттық аспектілерін қарастыратынын келтіреді, менталды тілді зерттеу қажеттілігін алға тартады. Ғалымның осы тұжырымын ұстана отырып, когнитивтік лингвистиканың басты зерттеу ұғымдарын терминтаным тұрғысынан, жоғарыда аталған категориялардың термин арқылы, термин мен тіл тұтынушысының санасындағы ұғым туралы көрсеткіштің байланысы ретінде қарастыруды көздейміз.

Сонымен, когнитивтік лингвистикада модельдік құрылымдық үлгі ретінде түрлі когнитивтік құрылымдар мен үдерістер қаралады. Мысалы, фреймдер – М. Минскийдің зерттеуі бойынша [91] (тіл біліміне фрейм ұғымын бейімдеген Ч. Филлмор болатын); идеалдық когнитивтік үлгі, метафоралық модельдеу (Дж. Лакофф, М. Джонсон) [92]; менталдық кеңістік (Fauconnier) [93], конфигурациялық құрылым тәрізді семантика-грамматикалық суперкатегориялар, «цепция» және әсер ету бөлшегі, күш динамикасы және т.б.». Бұл категорияларды зерттеуші Писаренко В.И. жалпы «когнитивтік» терминін қарастырғанда келтіреді [94].

«Когнитивтік» деген терминнің өзі танымға қатысты өте ертеде пайда болған және философия саласында ақиқат болмысты тануға қатысты терминдік корпусқа жатқызылады. Адамның сыртқы дүниеден ақпарат қабылдауын, оны өңдеп, соған сәйкес әрекет етуін, жадын, еске сақтау үдерістерін, бір сөзбен айтқанда, менталдық үдерістерді зерттейтін ғылымдар саласы арқылы «когнитивтік» термині кең қолданыла бастады. Когнитивтік теория дегеніміз, Р. Джеккендорфтың пайымдауынша, адамның ой-санасының негізін құрайтын және адамның миында менталды лексикон ретінде сақталатын менталды ақпаратты зерттеу екен [95].

СПБМУ профессоры, биология және филология ғылымдарының докторы, Т.В. Черниговская былай дейді: «Академик Владислав Лекторскийдің бір сөзін келтірейін: «Адам миы қоршаған дүниенің бір бөлшегі, ал қоршаған дүние адам миында орналасқан». Қазіргі таңда жер бетінде алты мыңға жуық тіл бар, олардың құрылымы әртүрлі, бірақ оларды біріктіретін жалпылама бір механизм бар. Соның көмегімен дені сау бала өз ана тілін меңгереді. Ондай баланың миы кең ауқымды жұмыс жасап, өте күрделі кодты шешуі керек. Бала тілдік ортаға түсіп, тілді декодтауы керек. Сонда әр адамның миы өзіне өзі «нұсқаулық» жазып шығарады. Егер біз осының қалай іске асатынын көрсек, білім беру мен тәрбиелеу тіптен өзгерер еді. Қазіргі заманда когнитивтік ғылым салаларының басты мақсаты осы үдерістің қалай іске асатынын айқындауға бағытталған. Өйткені басқа нәрселердің барлығы осы үдерістерге байланысты» [96].

Ғалым бұл тұжырымға биология мен филология ғылымдарының синергиясы ретінде ортақ ғылымның – «психолингвистиканың» пайда болуына өз үлесін қосып келе жатқан әрі биолог, әрі филолог ғалым ретінде адам миын медицина мен биология ғылымдары тұрғысынан зерттей отырып, мидағы жүріп жатқан когнитивтік үдерістерді тілдік бейне арқылы айқындау нәтижесінде келген.

Т.В. Черниговская «тіл – сыртқы ортадан келетін аса үлкен көлемді мәлімет ағынына қарсы тұратын, сол мәліметтерді сұрыптап, реттеп, жіктейтін құрал» деген анықтама береді. Ғалымның мәліметінше: адамдардың 99 пайызы тілді коммуникация құралы ретінде таныса, әйгілі лингвист Ноам Хомский «тілдің ең басты қызметі – оның ойлау қабілетімен ұштасуында, ал адамдардың қарым-қатынас құралы болуы – оның жанама қасиеті», «тіл – концептілер мен кластарды жіктеп, жалпы жүйеге келтіріп, реттеуші құрал» деп анықтағанын келтіреді [96]. Коммуникация үшін ең басты мақсат – жіберілген мәліметтің жолданым иесіне жетуі болатын болса, бұл үшін Морзе әліпбиі қолайлырақ. Ал тіл болса, соншалықты көпмағыналы – бір сөздің өзі әртүрлі мәнмәтінде тіпті қарама-қайшы мағына береді. Тіл – иерархиялық құрылғы: ол ең кішкентай бөлшектер – фонемалардан морфемалар, олардан сөздер, сөздерден сөйлемдер құрылуының негізінде жер бетіндегі басқа қарым-қатынас құралдарынан өзгешеленіп тұратынын айта келе, ғалым тіл мен ой-пайымдау үдерісінің ішкі түйсікпен ұштасып жатқанын алға тартады.

Когнитивтік ғылымның басты мақсаты – адамның миына келіп түсетін үлкен көлемді мәліметтерді тез арада өңдеп, трансформациялап, қайта шығару үдерісін анықтау болып табылады десек, қателеспеспіз. Осы үдерістер кезінде қандай заңдылықтар, қағидаттар басшылыққа алынады деген ой – когнитивтік зерттеулердің басты нысаны болып табылады. Когнитология ғылымы адамның ойлау үдерісін қадағалау және оның ұйымдастыруының жалпы қағидаттарын зерттейтін ғылым, ал бұл ғылымның базалық, бастапқы зерттеулері ретінде адам түйсігіндегі когнитивтік менталдық құрылымдар қарастырылады. Бұл құрылымдар әртүрлі аталады: біреулер оларды когниция, репрезентация десе, енді біреулер образ-бейне, скрипт, концепт және т.б. атауларды қолданады. Бұл

атауларға ортақ бір нәрсе: бұлардың барлығы адамның зияткерлік көрсеткіштерінің әрі айқындаушы, әрі құрамасы. Когнитивтік психологияның тұжырымдарына сүйенсек, адам санасының барлық салалары – қабылдау, ойлау, еске сақтау – жады, тілі – бірімен бірі тығыз байланыста болады. Когнитивтік ғылым ойлау механизмін айқындап, санадағы категориалдық құрылымдарды анықтайды. Бұл жерде категориялауға аса зор мән беріледі, өйткені адамның өз-өзін және қоршаған ортаны тану моделі нақты нәрселер мен дерексіз категорияларға негізделген.

Жоғарыда аталған когнитивтік құрылымдарды қарастыру олардың тілдік бірліктер арқылы берілуін зерттеу арқылы іске асады. Біз өз зерттеуімізде *фрейд*, *гештальт*, *концепт* ұғымдарын қолданып, олардың тілдік бірліктер, атап айтқанда, терминдер арқылы тілде көрініс табуын (репрезентациялануын) сипаттаймыз.

Қазіргі тіл білімінде *концепт* термині жиі әрі кең қолданыс тапқан термин. Барлық гуманитарлық ғылым салаларында қолданылатын бұл термин сонау замандардан бері бар латынның «conceptus» – «ұғым, мағына» сөзінен шыққан. Тіл білімінде *концепт* термині жиырмасыншы ғасырдың орта шенінде қолданыла бастады. Алғашында философия ғылымына он екінші ғасырда өмір сүрген Пьер Абелярдың «тіл мен тілдесудің шегін анықтау үшін қажеттіліктен туындаған әмбебап дүниелер (универсалии)» ретінде енген. Латын тілінде тағы бір мағынасы «conceptus – жинақтау, қабылдау» дегенді білдіретін сөз, жалпылама айтқанда, нысанның (заттың, құбылыстың, мәселенің) тілдік бірлікте барлық мазмұн-мағынасының жинақталу актісі [97]. Абеляр атап кеткен концепт – мағына және оған қатысты барлық белгілер мен ерекшеліктер жиынтығы. Жалпы «концепт» термині өз алдына терминдер жүйесінің ядросы болып, бұл жүйе *концептілік өріс*, *микрoконцепт*, *макрoконцепт*, *концептoсфера*, *лексикалық концепт*, *концептуалдау*, *концептілік түзілім* және т.б. терминдерден құрылады:

Ортағасырлық философияда заттың аты, оның табиғаты және оған байланысты идея мәселелері «айтыс» туғызып, көбінесе, концептіқандай да бір мағыналық жүктемесі бар психологиялық құрылымдардың атауы ретінде қаралды.

Жиырмасыншы ғасырда «концепт» терминіне жаңа тұрғыдан анықтамалар беріліп, термин гуманитарлық ғылымдар саласында менталдылықпен байланысты когнитивтік бірлік ретінде қарастырыла бастады (6-сурет).



Сурет 6 – Концепт терминжүйесінің құрылымы

XX ғасырдың 80-ші жылдары ағылшын тілді зерттеулердің аударылуына байланысты «концепт» терминінің мағынасы қайта жаңғыра бастайды. Гуманитарлық ғылымдардың когнитологиямен байланысты салаларында кездесетін бұл термин тіл білімінде өзінің қалыптасқан дефинициясы бар, когнитивтік лингвистиканың негізгі зерттеу нысанына айналды. Лингвист ғалым В.А. Маслованың ойынша, *концепт* дегеніміз – адам санасында іске асырылатын менталдық немесе психикалық үдерістерді және онда қалыптасатын когнитивтік ақпаратты түсіндіру үшін қолданылатын термин: «Концепт – оперативная содержательная единица памяти, ментального лексикона, концептуальной системы и языка мозга, всей картины мира, отраженной в человеческой психике» [11, с. 31].

Орыс ғалымы М.В. Пименова концептінің мәнін былайша түсіндіреді: «Концепт – күрделі құрылымды, алуан түрлі ерекшеліктерімен сипатталатын және тілдік бірліктер арқылы іске асатын қоршаған әлем туралы білім бөлігінің көрінісі. Концептуалдық белгі концепт репрезентаттарының бекітілген және еркін күйдегі белгілі тілдік бірліктердің үйлесімдігі түрінде анықталады. Концепт қоршаған әлемдегі білім фрагменттерінің категориялық және құнды сипаттамаларын көрсетеді» [98].

«Концепт» ұғымының өрістік кейпі туралы орыс ғалымдары З.Д. Попова, И.А. Стернин концептінің базалық деңгейдегі ядросы мен интерпретацияға ұшырайтын перифериясының болатынын айтады. Бұл екеуінің бірігуі концепт көлемін айқындап, оның құрылымын көрсетеді және концептінің ерекше белгілерін анықтайды. И.А. Стерниннің пікірінше, «бұл соншалықты қатып қалған мызғымас құрылым емес, өйткені концепт үнемі өзгеріс үстінде болып, қызмет атқарады, өз құрылымының әр бөлігі арқылы актуалданып, басқа

концептілермен не жақындасып, не алшақтасып, үнемі қозғалыста болады. Концепт санадағы қандай да бір «мықты» (бағалық күйде акценттелген) нүкте аясында топталып, одан жан-жаққа ассоциациялық векторлар таралады» [99]. Демек, тіл қолданушылары үшін ең маңызды деген ассоциаттар концепт ядросын құрады да, одан төмендері – перифериядан орын алады. Алайда, ғалымның ойынша, бұларда нақты шек болмайды, ядродан алыстаған сайын ассоциациялар өшіп, концептінің ядролық нүктесі қызметін атқаратын тілдік немесе сөйлеу бірлігі концептінің атауы қызметін атқарады. Лингвомәдени концептінің тіл, сана және мәдениет арақатынасын төмендегіше көрсетуге болады:

Сана – концептінің орналасқан жері.

Мәдениет – концептінің менталдық проекциясы.

Тіл (тілдесім, сөйлеу барысы) – концептінің «затталу» (материалдану) саласы.

Концепт теориясының тағы бір анықтамасын берген Ю.Д. Апресянның пікірінше концепт бірнеше тұжырымдарға сәйкес құрылады [100].

Ғалымның концепт туралы пайымын келесідей көрсетуге болады:

1. Әр ұлт тілі қоршаған әлемді өзінің мәдени, тарихи, діни, т.с.с. құндылықтары негізінде қалыптасқан ұлттық ерекшеліктері арқылы таниды.

2. Әлемдегі мән-мағыналар біртұтас көзқарастар жүйесін түзіп, өзіндік ұжымдық философияны құрып, қауымдастықтағы әрбір жеке адамның оны ұстануын талап етеді.

3. Әлемнің концептуалдық бейнесі тіл арқылы анықталып тұрып, бір мезетте әмбебап та, сонымен қатар ұлттық ерекшелікке де ие болады.

4. Ақиқат болмыс туралы көзқарас (концептуалдау әдісі) қарабайыр күйде (наивный) болады, өйткені ол әлемнің ғылыми тұрғыдан сипатталауынан өзгеше екені белгілі, алайда бұл қарадүрсін (примитивный) көрініс емес. Көріп отырғанымыздай концепт ұғымы бір мезетте ұлттық тілдік бейне, әлемнің тілдік бейнесін әрі қамтиды, әрі әр ұлт тілінің жеке-дара ерекшеліктерін бойына сіңіреді.

Ғалым Д.С. Лихачев концептке байланысты «ол мағынаның алгебралық түрдегі көрінісі, оны адам жазба тілінде іске асырады» деген пікір айтады [101].

Сонымен, «концепт» терминінің әртүрлі анықтамаларын қарастыра келе, оның төмендегідей ерекше белгілерін сүзіп шығарамыз:

– сөз арқылы вербалданып, өрістік құрылымға ие болатын идеалды түрде берілген адам тәжірибесінің кішкентай бірлігі;

– білімді тарату, сақтау, өндеудің негізгі бірлігі;

– концепт қозғалғыш шекке және нақты қызметке ие;

– концепт – әлеуметтік құрылым, оның ассоциативтік өрісі прагматикалық мәнге ие;

– концепт – мәдениет құрылымының негізгі бөлшегі.

Демек, концептілер адам миындағы әлем көрінісін *концептуалдық жүйе* құра отырып сипаттайды, ал тілдік таңбалар тілдегі сөздер арқылы кодталады. Концептінің анықтамасы көп және олар келіспеушіліктер мен

қайшылықтарға толы. Концепт өте күрделі, көпаспектілі, мән-мазмұндық анықтамадан басқа әлеуметтік-психикалық-мәдени байланыстардың көріністерін қамтып қоймай, берілген ұлтқа тән ассоциация, эмоция, бағалау, ұлттық бейнелер мен коннотацияларды да өз бойына сіңіретін феномен десе де болады.

Зерттеуші В. Колесов концепт ұғымын лингвофилософиялық тұрғыдан қарастыра келе, оны зерттеуде мистикалық, діни, диалектикалық, логикалық, семасиологиялық, методологиялық, коммуникативтік, лингвистикалық ұстанымдар болатынын және оларға байланысты концепт әрқашан өзіне тән ерекшеліктерін айқындай отырып қаралатынын алға тартады. Ғалым концепт ұғымының күрделілігін айта келіп, оны «архетип мысли», «зародыш божественного логоса» деген атаулармен анықтайды [102].

Тілдік репрезентация арқылы жасалған концептуалдық құрылымдар, Р. Павиленистің пікірінше, жеке адамның нақты тәжірибесінен гөрі мүмкіндіктерге қатысты болады [103]. Мысалы, *адам келді (кірді), мысық келді (кірді)* деген тіркестермен бірге: *уақыт келді, күз келді, жаз кірді* және т.б. тіркестер арқылы бір концептуалдық жүйенің әртүрлі концептілері сипатталады. Мұндай концептілердің тілдік көрінісі санадағы белгілі бір концептімен немесе оның құрылымдық компоненттерімен байланысады. Сондықтан адамның сөздерді жалпы ұғыну, түсіну үдерісін Р. Павиленис семантикалық нысандардың көп мағыналарын анықтау тұрғысынан емес, субъект санасындағы концептуалдық жүйедегі көрінісі немесе интерпретациясы ретінде қарастырады.

Тілдік бірліктерсіз адамның когнитивтік қабілеттерін, соның ішінде ақпараттың жадыда сақталуын, өңделуін, оның адамның іс-әрекет арқылы жоспарлау, талдау, үйрену-үйрету және т.б. үдерістерді іске асыруға қатысын, білім алуын, тәжірибе жинақтауын анықтау мүмкін емес. Е. Кубрякованың пікірінше, осы аталған сипаттамалардың бәрі тілдік бірлікті зерттеу арқылы санада жүретін когницияны, демек, концептіні базистік деңгейде зерттеуге мүмкіндік береді. Тілдік бірлікті зерттей отыра, біз міндетті түрде онымен байланысты когницияны, когнитивтік құрылымдарды категориялау негізінде зерттейміз: «...в качестве категорий выступают не фундаментальные и самые «высокие» в иерархии объединения, но объединения, в которых сконцентрированы максимально релевантные для обыденного сознания свойства» [12, с. 14].

Сонымен, адам санасындағы концепт тәжірибе арқылы қоршаған әлемді танып, бұл үдерістің нәтижесінде әлеуметтік тұрғыда қалыптасып, төмендегідей белгілермен сипатталады:

- а) адамның сезім мүшелері арқылы алынған тәжірибесі;
- ә) адамның іс-әрекет арқылы таныған заттық тәжірибесі;
- б) адам санасында бұған дейін бар концептілермен жасалатын операциялық әрекеттер арқылы;
- в) тілдік білім арқылы(концептіні басқа адамдарға тілдік формалар арқылы түсіндіру, тарату);

г) тілдік бірліктерді саналы түрде танып, білу, зерттеу.

Концептілер жиынтығының нақтылы құрылым түрінде концептосфера құрып, концептосфералар универсалды концептілер қатарын қамтып, ұлттық тілдік бейне қалыптастыруына әсер етеді. Бірдей универбтенген концептілер құрамын алып қарайтын болсақ, әр ұлт тілінде өзіндік ерекшелікке толы, сол ұлт өкілдерінің тарихына, мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне, философиялық-діни көзқарастарына байланысты ұстанымдар қалыптасады. Лингвистикада бұл әрекет нәтижесінде пайда болатын феномен *әлемнің тілдік бейнесі (ғаламның тілдік бейнесі, ұлттық тілдік бейне)* деген терминмен аталады.

Сонымен, қазіргі концепт – ұғымның мазмұны, оның тілдік формадағы мазмұндық толымдылығы. Когнитивтік ғылымдардың барлығы бұл терминді қолданады, алайда оған берер анықтамаларында дифференциалдық ерекшеліктеріне байланысты оның мән-мағынасы әртүрлі жағдайға байланысты түсініледі. Мысалы, философияда концептіні танымдық тұрғыдан ақиқат болмыстың адам санасында көрініс табатын мазмұн бірлігі ретінде қарап, оның тіл арқылы көрінісі кейінгі сатыға қойылады. Концепт тілдесім бірлігі ретінде алынып, оның семантикалық құрылымының логикалық мағыналық бөлшегі ретінде сырт дүниеден келетін ақпаратты түсіну және соның нәтижесін көрсетеді. Бұл тұрғыдан, концепт жалпы тілдік бірліктер арқылы көрінгенімен, олардан анағұрлым кең болады. Концепт тілдік бірліктер арқылы репрезентацияланады, ал өз құрылымында иерархиялық түрде ассоциативтік семантикалық жүйелерді құрып, тілдік бірлік арқылы берілетін мағыналар солардың жеке бөлшектері ретінде адамның ұғым туралы білімін жадыда сақтайды.

Концепт туралы жасалған тұжырымдардың барлығында бір жалпы пікір басым – оның адам санасымен байланысты болуы. Мысалы, концепт бірнеше анықтамаға сәйкес мынадай атауларға ие болады: Карасик В.И. – «білім кванты» [104]; Попова З.Д., Стернин И.А. – «қандай да бір идеалдық нысан – адам санасындағы мәдениеттің берілуі», «берілген мәдениеттің менталдылық бірлігі» [105].

Концепт туралы пікірлерді зерделей келе, концептіні бізді қоршаған орта туралы адам санасында орын алатын қандай да бір білім бірлігінің көрінісі деп алып, оның міндетті түрде тілдік бірлік арқылы мағынаға ие болатынын байқаймыз. Осыған қатысты В.В. Красных былай деп пайымдайды: «Концепт – нысанның (заттың) жалпылама, максималды түрде абстрактіленген, алайда нақты тілдік бірлік арқылы репрезентацияланған, когнитивтік түрде өңделген, ұлттық-мәдени сипаттағы барлық валенттілік байланыстар жиынтығының идеясы» [106]. Дегенмен ғалым концептіге прототиптік визуалдық елестету нақты сөздер үшін тән еместігін, бұл тек абстракт бірліктер үшін қажет деп таниды.

Ғалым В.И. Карасиктің пікірінше, абстрактілі бірліктерден басқа нақты заттық концептілер болады да, мұндай заттар концептосфера құрып, қандай да бір қауымдастық туралы толық анықтама бере алады. Ғалым концепт туралы былай дейді: «Концепт – жеке адамның, немесе қауымдастықтың жадындағы

өзіндік бағаға ие, іштей сезілетін, маңызды ақпарат» [107]. Тағы бір пайымында: «Лингвомәдени тұрғыдан қарағанда, концепт – мәдениеттің базалық бірлігі, ұлттық мәдениетпен байланысты концентрат» –деп қорытындылайды [107, с. 116].

Зерттеуші А.П. Бабушкиннің концептіге жасаған анықтамасында: «Концепт – адамның барлық білімі мен тәжірибесінің көрінісі ретінде біздің санамыздың ақпараттық құрылымының психикалық немесе менталдық бірлігі; адам жадының тілдің концептуалдық жүйесінің менталдық лексиконының және әлем бейнесінің көрінісі ретіндегі оперативтік бірлігі», – делінген [108].

Қазіргі тіл білімінде «концепт» терминін *гештальт*, *фрейм*, *сценарий* ұғымдарымен бірдей қарастыратын жағдайлар кездеседі. Бұлардың барлығына ортақ нәрсе – адам санасында өтетін менталды, когнитивтік үдерістердің бірліктері саналуында. Ал айырмашылықтары – олардың когнитивті үдерістерді сипаттау барысында ұстанатын қағидаттары мен адам санасында тілдік бірліктер арқылы берілетін көріністерінің сақталу орны мен іске асырылу мәселелеріне қатысты. Гештальт санадағы когнитивтік құрылым мен онымен байланысты сырт ортадағы нысанының «ішкі» сезімдік-перцептивтік мазмұн сипаты мен тіл субъектісін әрекетке бағыттауын алға тартса, фрейм жеке тәжірибе арқылы жинақталған ойдағы бар білім ақпаратының бөлшектеліп, бірімен бірі тығыз байланыста болатын құрылым арқылы сақталатынын көрсетеді. Ал бұл үдеріс, ғалымдардың пайымдауынша, гештальттың әрекетке түсуі. Кей кездері фрейм концептінің құрама бөлшегі ретінде қаралса, енді бір ғалымдар концептіні фрейм деп анықтайды.

Осы тұрғыда менталдылық репрезентациялар тұрғысынан санадағы ақпаратты (тәжірибе, білімді) – гештальт, когнитивтік ғылымдар тұрғысынан – фрейм, психологиялық ізденістер аясында – сценарий, гуманитарлық ғылымдар (лингвистика, мәдениеттану, лингвомәдениет) – концепт деп аталатынын ғалым В.И. Карасик атап көрсетеді [107, с. 128].

Көптеген ғалымдар концептіні үшөлшемді деп есептеп, оны заттық – бейнелік, мазмұндық және тұтастық құрамаларға бөледі (В.И. Карасик, В.В. Красных, Л.О. Чернейко, Ж. Манкеева, К. Жаманбаева және т.б.). Мысалы, бейнелік жағынан көру, есту, сезіну (иіс, дәм) арқылы адам санасында тіркелетін ақпараттың болуымен сипатталып, жадымыздың релеванттық, тәжірибелік ерекшеліктері тіркелсе, концептінің мазмұндық жағы оның басқа концептілер арқылы анықталып, тілдік бірліктер арқылы көрініс табуымен, дефинициясы мен ерекшеліктерінің нақты анықталуымен сипатталады.

Алайда «ешқандай концепт тілдесім кезінде толық іске аспайды» дей келе, орыс ғалымдары З.Д. Попова мен И.А. Стернин келесі тұжырымдарды алға тартады [105, с. 29-30]:

1. Концепт – жеке адамның танымдық жұмысының қорытындысы, ал жекеше нәрсе кешендік көрініс бірліктерін талап етеді.

2. Концепт қатып қалған құрылым емес, оның көлемінің кеңдігі соншалық, оны тілдік бірлік арқылы толықтай жарыққа шығару мүмкін емес.

3. Концептінің барлық көріністерін айқындау мүмкін емес.



Көріп отырғанымыздай, бірнеше ғылымның әрі құралы, әрі нысаны бола тұра, концепт толық, нақты анықтамаға ие бола алмай, біршама толықтыруды талап ететін категория. Когнитивтік ғылымда қабылданған А.П. Бабушкиннің жіктелімі бойынша концепті төмендегіше топталады (7-сурет):

- ойша көрініс-бейнелер (нақты бейнелеу–ит, аю);
- схемалар (үй –мекенжай ретінде);
- гиперонимдер (жалпылама образ – өсімдік);
- фрейм (жадыда сақталатын ассоциациялар жиынтығы ретінде – Жаңа жыл);
- инсайт (заттың жұмсалымдығы туралы білім – шанышқы);
- сценарий (қандай да бір құбылыстың сюжеттік берілуі – баланы дүниеге әкелу, босану);
- калейдоскоптық концептілер (фреймдер мен сценарийлердің адам сезімдерімен байланысты болатын жиынтығы – бақыт).



Сурет 7 – Концепт түрлерінің А.П. Бабушкиннің жіктелімі бойынша топталуы

Лингвист Д.С. Лихачев концептіге: «Концепт – сөздің сөздіктегі әр мағынасының жеке орын басушысы», – деп анықтама береді де, концептілердің ірі құрылымына ұсынған «концептосфера» атауы тіл білімінде кең қолданысқа ие болып кетті [101, с. 3]. Ғалымның пайымдауынша, тіл концептосферасы міндетті түрде сол тіл іске асатын мәдениет концептосферасымен тығыз байланыста болады. Мұндай концептосфералар бір затты екінші заттан ажыратуға және берілген нысанның бойындағы ерекшеліктерін бөліп көрсетуге негіз болады.

Сонымен, «концепт»кең ұғым екенін көреміз. Біздің ойымызша, адам санасында ойлау-ойлану, есте сақтау, сырттан келіп түскен ақпаратты қайта өңдеу тәрізді когнитивтік үдерістердің барлығы концепт ұғымымен тығыз байланысты. Адам жадындағы қоршаған орта, ақиқат болмыс туралы бар

ақпарат пен білім-тәжірибе когнитивтік құрылымдар кейпінде сақталған. Алайда бұл үдерістің өзін біз тек формалды түрде ғана осылай атай аламыз, өйткені когнитивтік құрылымдарды жіктеудің өзі – үлкен дау тудыратын мәселе.

Когнитивтік құрылым – материалданған нақты нысанның адам санасындағы бейне-көрінісі ғана. Метафора арқылы түсіндіретін болсақ, когнитивтік құрылымды зат (атау) пен оның «көлеңкесі» (сол заттың санадағы «сұлбасы»), сол зат туралы санада бар барлық ақпарат пен білім) деуге болады. Өз кезегінде, концепт – когнитивтік құрылымның ең көп аталатын, барынша зерттелген түрі. Сонымен, концепт – материалданған дүниеде орын алған нысанның (заттың, құбылыстың, жанның және т.б. атаулардың) адам санасындағы менталдық, психикалық көрінісі әрі ол сол нысанның атауымен тығыз байланыста болып, адамның ішкі түйсігінде ұғым туралы когнитивтік модель-үлгі құрылуын қамтамасыз ететін құрылым. Когнитивтік құрылымдардың тілдегі көрінісі ретінде тілдік бірліктерді қарастырсақ, концепт – адам жадындағы білім мен тәжірибенің көрінісі ретінде санада туындайтын және жинақталатын менталдық-психикалық әрі оперативтік бірлік (өйткені ол ойлау үдерісін іске асырады). Концепт адам жадының тілдің концептуалдық жүйесінің менталдық лексиконының және әлем бейнесінің көрінісі ретінде адам санасында қоршаған орта туралы мәдени, тарихи жеке психикалық танымға байланысты қалыптасқан көріністердің сұрыпталып, кодталып, жіктеліп, арнаулы түрде сақталуын қамтамасыз етеді. Қорытындылай келе, біз концептке мынадай анықтама бере аламыз: концепт – берілген нысан туралы абстрактіленген, санада туындайтын әрі сақталатын және нақты тілдік бірлік арқылы репрезентацияланатын, ұлттық-мәдени және жеке психикалық сипатқа ие болатын адам санасындағы білім бірлігінің көрінісі.

*Фрейм* (ағылш.*frame* (қалып, сұлба) – қандай да бір білімнің нақты формалданған құрылымының сызба, жағдай, сурет, бейне арқылы шынайы жағдайды тануға мүмкіндік беретін бірлігі. Бұл терминді зерттеу барысында батыстық ғалымдардың еңбектеріне сүйенуді жөн көрдік, өйткені алғашында математикалық модельдеу, кибернетика, компьютерлік ақпараттану, жасанды интеллект тәрізді ғылым салаларында қолданылған «фрейм» термині тіл біліміне когнитивтік лингвистика аясында кейінірек қолданыла бастаған еді. Фрейм туралы В.З. Демьянков «Когнитивті терминдердің қысқаша сөздігінде»: «Фрейм – ұғымға қатысты білім бірлігі. Бірақ оның ассоциациядан айырмашылығы – қарастырылып отырған ұғым туралы нақты бар және болатын ақпараттың барлығын қамтуында», – дейді [12, с. 188]. Ал Р. Павиленис: «Фрейм слоттар жиынтығын құрайды, ал олардағы ақпаратты анықтауда «концепт» термині қолданылады» – деген тұжырым айтады [103, с. 101]. Бұған дейін келтірілген тұжырымдама бойынша концептінің «адамзаттың саналы өмірі мен тәжірибесінің және ақиқат болмысты тану нәтижесі ретіндегі білім кванты немесе сол білім туралы адамның ойлау үдерісін іске асыратын ұғымдар туралы көріністер» деп аталғанын айтқанбыз [12, с. 90]. Демек, концепт те, фрейм де – субъект санасындағы тәжірибе-білім

туралы бар жинақталған білімнің, ақпараттың көрінісі.

Қазіргі нейрохирургия мен кибернетика салаларының дамуы нәтижесінде когнитивтік модельге «фрейм» (М. Минский) және «гештальт» (Дж. Лакофф) ұғымдары енгізілді. «Человек, пытаюсь познать новую для себя ситуацию или по-новому взглянуть на уже привычные вещи, выбирает из своей памяти некоторую структуру данных (образ), называемую нами фреймом, с таким расчетом, чтобы путем изменения в ней отдельных деталей сделать ее пригодной для понимания более широкого класса явлений и процессов», – дей отырып [91, с. 49], М.Минский өзінің теориясында адамның ойлауы мен жасанды интеллект арасының аражігін ашпайды. Ғалымның пайымдауынша, адамның ойлауы образдарды визуалды көре алатын, семантикалық фреймдер, яғни сөздердің мағынасын түсіне алатын, белгілі бір іс-қимылды қабылдай алатын (сценарийлі фрейм) және т.б. ақпаратпен толыққан адам жадында сақталатын құрылымдарға немесе фреймдерге негізделген. Ал белгілі бір ойды түсіну адам жадында сақталған фреймнің белгілі бір жағдайға сәйкес үдеріске түсуімен түсіндіріледі. Сырттан түскен ақпаратты қабылдап, өңдеу кезінде фреймдер арасында дәл өзіне сәйкес фрейм табылмаған жағдайда, сол жағдайға мейлінше жақын келер фрейм таңдап алынады.

Ғалым М. Минскийдің айтуынша: «Жаңа жағдайды түсіну үшін немесе күнделікті нәрсеге жаңаша қарау үшін адам өз жадындағы «фрейм» аталатын қандай да бір құрылымды таңдап, оның құрама бөліктерін өзгерту арқылы басқа құбылыстар мен үдерістерді түсінуге мүмкіндік алады. Фрейм – шынайы өмірде бар заттың, құбылыстың *идеал бейнесі*» [91, с. 65]. Егер қандай да бір фрейм шынайы өмірдегі нысан мән-мағынасымен келісілмейтін болса, ол басқа фрейммен ауыстырылады. Идеал бейнелердің ерекшелігі – олардың шынайы өмірді қарапайым етіп көрсетіп, шексіз мүмкіндіктерге ие болуында. Себебі, мұндай құрылымдардың өзара байланысы мен танылып тұрған нысан туралы қосымша ақпарат оларды таным құралының ең мүмкіндігі шексіз түріне айналдырады.

Фрейм туралы пікірін М. Минский былайша жалғастырады: «Фрейм – стереотиптік жағдайларды көрсететін құрылым. Әрбір фрейм әртүрлі ақпарат ассоциациялайды. Оның бір түрі берілген фреймді қалай қолдану керектігін көрсетсе, екіншісі іске асыру нәтижесінде не болатынын көрсетеді, ал үшіншісі – жоспарланған қорытынды алынбаса, не істеу керектігін көрсетеді. Фреймді біз көзімізге бірімен-бірі байланысқан түйіндерден тұратын тор ретінде елестете аламыз. Ал *субфреймдер, фреймдер, суперфреймдер* ұғымдарын иерархиялық түрде реттеліп, фреймдер жүйесін құратын элементтер деп танымыз» [91, с. 5].

Ғалым фреймдерді компьютерлік инженерия саласына қатысты анықтағанмен, оның тұжырымдамасы психология, тіл білімі және информатика салаларының тоғысқан жеріндегі тіл мен танымның әмбебап құралы ретінде өте кең қолданысқа ие болып кетті. М. Минский фреймді тым белсенді етіп көрсетеді: «Фрейм келісілу үдерісін келіп түскен ақпараттың бұрыннан бар ақпарат арқылы тексеруден бастайды..» [91, с. 87]. Сонымен қатар зерттеуші

фреймдерді модель үлгілерге ұқсастырады: «Жүйедегі түрлі фреймдер А. Гузман (1967), П. Уинстон (1970) сипаттаған нысандардың модельдеріне ұқсас. Түрлі фреймдер түрлі көріністерге сәйкес» – дейді ол [91, с. 14-15].

Информатика саласындағы келіп түскен ақпаратты өңдеу және сақтау үшін әмбебап құрал ретінде қарастырылған М. Минскийдің фреймі негізінен психологиялық, лингвистикалық тұрғыдан қаралмағанымен, шынайы өмірдегі нысан туралы ақпаратты адам жадында қабылдануы, өңделуі, сақталуы үдерістерін зерттеу үшін қолайлығы анық көрініп тұр.

Фреймді басқаша анықтайтын ғалымдар да бар. Мысалы, У. Эко фреймді «ақиқат болмыс туралы білім көрінісінің бір түрі» деп түсініп, белгілі типтік жағдайлар туралы сызба, сценарий ретінде таниды. Ғалымның пікірінше, әр фрейм базалық когнитивтік актілерді іске асырып, тіл қатынасы арқылы әрекет етуге мүмкіндік береді. Ол мысал ретінде *супермаркет* фреймін келтіріп, бұл сөз түрлі әрекет кешендерін өз бойына жинақтайтынын айтады. *Супермаркет* фреймі адамдардың түрлі заттарды сатып алу үшін келетін орны туралы көрініс екенін атап, сол әрекетті іске асыру барысында нысандар, заттар, құбылыстар, жеке адамдар, қатынастар мен фактілер байланыста болатынын атайды. Демек, фрейм – ықтимал (потенциалды) мәтін тәрізді, оның астарында бірнеше сюжеттің болуы да мүмкін.

У. Эко фреймді шынайы өмір элементтерін нақты анықталатын ұғым немесе оның қандай да бір жақтары арқылы репрезентациялайтын психикалық құрылым ретінде таниды. Оның пікірінше: фрейм – вербалдық концептке ұқсас құрылым. Сонымен У. Эко «фрейм – шынайы өмір туралы білім көрінісі» деп алып, оның тілдік бірліктер арқылы (мәтін) вербалды түрде берілетінін айтады [109].

Сонымен қатар, У. Эко фреймдердің жалпыға ортақ түрлері бар екенін және олар оқырмандардың энциклопедиялық құзыреттілігіне жататынын айтады. Мұндай фреймдер белгілі мәдениет (тіл) иелеріне ортақ болатынын атап көрсетеді. Сондықтан ғалымның фрейм туралы тұжырымдарынан олардың концепт ұғымына өте жақын екенін көреміз.

В.С. Вахштайн өз зерттеуінде И. Гоффманның фреймдер теориясының дамуына зор үлес қосып қана қоймай, бұл ұғымның өзгеруіне ықпал еткенін, фреймдерді *табиғи* және *әлеуметтік* деп екі топқа бөліп, фреймдердің шектелуін атап көрсеткенін, фреймді адам өмірінің түрлі жақтарының санадағы көрінісі ретінде қарастырып, сырт дүниеден түсетін ақпараттың көп жағдайларда шынайы өмір заңдылықтарымен, адамның жеке басының ішкі түйсіктерімен, қоғамда қалыптасқан әрекет ету заңдылықтарымен байланыстырғанын айтады [110].

Фреймді иерархиялық құрылым ретінде қарастыруға болады, ол бірнеше деңгейде құрылымдалады. Ең жоғары деңгейде нысан туралы базалық ақпарат орналасып, төменгі деңгейлер *терминал (слот)* деп аталып, олардағы ақпарат нақтыланып, өзара байланысып, фреймдік жүйе құрайды. Нысан бір жүйедегі бірнеше фрейм арқылы анықталуы мүмкін. Әрбір фрейм «абстрактілік – нақтылық» тәрізді білім құрылымын көрсетеді. Жаңа жағдайлардағы немесе

адекватты емес жағдайларда фрейм құрылымы қайта өңделіп, өзгертіліп немесе толықтырылып, жағдайға байланысты келісіледі» [111].

Сонымен, М. Минскийдің фрейм туралы «фрейм дегеніміз – жаңа жағдайда жеке адамның жадынан алынатын ақпараттық құрылым» деген анықтамасына сәйкес, фрейм мағынасын адамның ой-санасында сырт дүниедегі қандай да бір нысан туралы жинақталған барлық ақпараттың сұлба-моделі деп қарастыруға әбден болады.

Тіл біліміне лингвистикалық концепция ретінде *фреймдік семантика* терминін жиырмасыншы ғасырдың жетпісінші жылдарында алғаш рет Ч. Филлмор енгізген. Ғалым «фреймдік семантика» терминін сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің, мәтіндердің мағыналарын жалпы семантикалық білім тұрғысынан қарауды ұсынып, жаңа сөздер мен сөйлемдердің мағыналарын жинақтап, жалпы мағынаны алға тартады. Ч. Филлмор «фрейм» ұғымын қолдана отырып, тілдік бірліктерді таңдау жүйесін сипаттаған болатын: сөздер, грамматикалық ережелер, тілдік категориялар белгілі жағдайлармен ассоциацияланып, прототиптік жағдайларға байланысты анықталады. Автор «Фрейм және түсіну семантикасы» (1988) еңбегінде фрейм ұғымын когнитивтік тұрғыдан концепт ұғымымен байланыстырып, олардың тіл бірліктер арқылы айқындалатын когнитивтік құрылымдар ретінде қарастырады [112].

Фреймдік семантика сөз мағынасын оның негізінде жатқан фрейммен қарастыру қажеттігін көрсетеді. Мысалы, адамдар бір сөздің мағынасын білгенімен, онымен байланысты басқа сөздердің мағыналарын білмеуі мүмкін. Алайда мұндай жағдайда байланыстар мүлде жоқ деп қарастыруға болмайды, өйткені тереңірек үңілсек, ол байланыстар фрейм құрылымындағы басқа мағыналар арқылы айқындала бастайды. Фрейм бұл жерде концепт тәрізді тектік белгіге ие болады: ол ең бастапқы жалпы мағынадан ең нақты, тар мағынаға дейін сөздің барлық мазмұнын қамтып тұрады. Лексикалық бірлік қандай да бір концептіні анықтай отырып, оның когнитивтік мәнмәтінді немесе фреймді іске қосады. Бұл жерде фрейм негізгі концепт туралы қарапайым білім құрылым-үлгісі ретінде алынады. Сөздің мағынасын толықтай түсіну бірнеше когнитивтік мәнмәтінді «іске қосу» нәтижесінде ғана мүмкін болады. Мысалы, *жексенбі* дегеніміз, бір жағынан, демалыс күн, екінші жағынан, жұмыс аптасының алды. Негізгі және екінші мәнмәтін осындай жағдайларды ескеруге көмектеседі: *тұз* деген сөздің негізгі мағынасы – *химиялық қоспа және натрий хлориді*. Алайда қолданысқа ие жағдайында – алғашқысы – *тағамға қатысты ұғым*, сонан кейін *химиялық қоспа ұғымы* сөздің жалпы аталымдық қызметін атқарып тұрғанын көрсетеді. Ал егер түпкілікті логикалық пайымдауға сәйкес қарастыратын болсақ, осы жердегі мағыналық құрылымдардың иерархиялық сипатта керісінше – алғашқысы оның химиялық қоспа екендігі, сонан соң тағамға қатысты ұғым екені көрсетілуі қажет.

Сонымен, жоғарыда сөз болған ұғымдардың «жағдаяттық фреймдер» екенін байқаймыз, өйткені олар әлемдегі білімнің тілдік емес, әрекеттік табиғатын көрсетіп тұр. Алайда бұлар да тіл арқылы іске асатындықтан, тіл

арқылы жасалған арнаулы үлгілердің барлығы когнитивтік құрылымдар қатарынан табылады да, когнитологиялық ғылымдарда (психолингвистикада, когнитивтік лингвистикада, психологияда, медицинада және т.б.) *сценарий, скрипт, стереотип, гештальт* атауларымен беріледі. Сонымен, «фрейм» ұғымы адам санасының жіктеу, категориялау қасиеттерімен байланысты болып, тілдік категориялау және концептуалдау негізінде орын алып, қандай да бір тілдік бірліктің лексикалық-семантикалық, грамматикалық, жұмсалымдық ерекшеліктерін анықтап, олардың адам санасындағы формалды түрдегі «кестеден» орын алуын қамтамасыз етеді. Жіктемелік (классификациялық) фреймдер концептуалдық ақпаратты өз бойына жиып, адамды қажеттігінше әрекетке бағыттайды. Сөйтіп фрейм – ұғым туралы бар ақпараттың санадағы жинақталаған, сұрыпталған күйдегі құрылымы болып танылады; ол мүмкіндігінше «ашылған» немесе «жиылған» түрде сақталып, нысан туралы жадыда бар мәліметтің басқа нысандар туралы білім бірліктерімен байланысқа түсуін, кейіннен тілдік бірліктер арқылы вербалданып, қарым-қатынас үшін пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

«Гештальт» термині немістің *Gestalten – фигура, форма, құрылым* – «қалыпқа түсу, құрылым ретінде құралу» деген мағынадағы «gestalt» етістігінен шыққан және қолданысы гештальттық психология ілімінен бастау алады. Тіл білімінде бұл термин жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында қолданыла бастады. Нидерландтық Тен Адрианус ван Дейк пен Вальтер Кинч «гештальт» терминін қолдана отырып, белгілі бір мәтінді түсінудің танымдық моделін ұсынған болатын. Бұл жерде Т.А. ван Дейк мәтін лингвистикасын зерттеуде, ал В. Кинч мәтіндердің психология тұрғысынан маңыздылығын айқындай отырып, мәтінді түсіну үдерісінің адам санасындағы когнитивтік құрылымдар түзілуі және ол құрылымдардың ойда қайта өңделіп, ішкі түйсікте образдар құруымен және бұл үлгілер негізінде әрекетке бейімділік пайда болатынын айтқан болатын. А.Т. ван Дейк түсінік ұғымының когнитивтік моделі ретінде дискурс ұғымына қатысты құрылымдық қағидаттарды ұстана отырып қарастырады [113]. Мысалы, тілдік қатынасқа түсетін екі адамның қолданған мәтіндері екеуінің де санасында шынайы өмірде болған қандай да бір жағдай туралы мәтіндік бейне-образ түзеді де, екеуара болған әңгімені үшінші адамға түсіндіріп беру үшін бұл мәтін тілдік бірліктер арқылы репрезентацияланады. Осы мәтін негізінде үшінші адамның ойында әңгімені естігенде түзілетін образ бен шынайы өмірде болған оқиға арасында орасан зор айырмашылық әрі алшақтық болады. Өйткені бастапқы мәтін құрушы адамдар тек болған оқиғаны атап қоймай, бұл жағдайдағы қимыл-әрекеттерді, тіпті оқиғаға қатысушылардың ойын, көңіл-күйін, мақсатын сипаттап, «интерпретациялауға» тырысады. Бұл үдерістің бәрі бір уақытта өтіп, үшінші тыңдаушының әрекетке бейімдігі дискурсты өңдеудің оперативтік негізі ретінде қарастырылады.

А.Т. ван Дейк қарастырған категорияларды немесе адамның санасында түзілетін менталдық-психикалық бейне-образдарды басқа ғалымдар да зерттеген еді: Charniak (1972), Simmons (1972), Minsky (1975), Abelson (1977), Lakoff (1975), Fillmore (1970). Тілдегі категорияларды жіктеу адамның

менталдық образ-бейнелерді құрастыру қабілетінен пайда болып, категориялар негізінде санада когнитивтік модельдер құрастырылып, бұл құрылымдар әрқашан тіл арқылы репрезентацияланатынын, адам миында жүретін когнитивтік үдерістердің зерттелуі тек тілдік жағдаяттар арқылы өтетінін жоғарыда аты аталған ғалымдар түрлі аспектіде қарастырады. Ғалымдардың пайымдауынша, категориялау әрекеті жіктеуден басталуы керек. Ең бастапқы деңгей – қарапайым (базалық) – айналадағы нысандарды тану және атау. Ең алғаш бастапқы тәжірибе ретінде адамның тәжірибесі сонау кейін болатын концептілік деңгейге дейін осы аралықта қалыптасады. Атақты когнитивист тілші Н. Болдырев: «Адам осы аралық деңгейде шынайы өмір объектілерімен қарым-қатынасқа түсіп, оларды *гештальт* – қабылдау арқылы, қозғалыс активтілігі мен менталдық бейне-образдардың түзілуі арқылы «жалпы – жеке» оппозициясы ретінде құрастыра жіктейді. Бұл қарым-қатынас концептіге дейінгі құрылым тәжірибесі ретінде болады. Біздің базалық деңгейдегі концептілеріміз санамыздағы осы концептіге дейінгі құрылымдармен ұштасып, келісіліп, жадыдағы атау, терминдер арқылы беріліп отырады» [114].

Осы базалық деңгейде сананың барлық дерлік еске алу, образдар құру қабілеттері сияқты танымдық үдерістері бастау алады. Демек, қабылдау үдерісі гештальттардан бастау алады. Бұл жерде сана сырттан енген мәліметтерді жіктеу үдерісін іске асырады. Қабылдау кезінде заттардың барлығы жалпы деңгейде жіктеледі. Мысалы, адам бір нәрсені екінші бір нәрседен айыра алады. Айталық, қасқырды түлкіден ажыратуда, егер адамның жадында бұл аңдарды қатар көрген кезінде немесе ең алғаш көрген кезінде сырттан келген мәлімет бойынша бұл аңдардың түр-кейпі туралы мәлімет болса, адам екі жыртқышты бір-бірінен ажырата алады (ал егер бұл аңдар туралы санада тіпті ешқандай мәлімет болмаса, сана «көрген» нысандарына өз жадында бар мәліметтерден сипаттама бере бастайды, тіпті, «өзінше», «ішінен» атау беруі де мүмкін). Алайда онан әрі жіктеп, олардың аражігін ажырату қиындау болады. Өйткені бір түрді екінші түрден ажырату үшін неғұрлым толық мәлімет керек. Ал когнитивтік құрылымдардың тек тілдік деректер арқылы ғана репрезентацияланатынын білеміз. Өйткені тек тілдік үдерістер когнитивтік үдерістерді кодтай алады. Бұл жерде айта кететін тағы бір жайт – тіл арқылы берілетін мәліметтер – анықталып отырған нысан туралы толық ақпараттың тек бір бөлшегі ғана, оның екінші бөлшегі концептілерді құрастырады. Осыған байланысты мәтіндердің герменевтикалық интерпретациясы алуан түрлі болуы мүмкін. Осы жерде адам танымдық актінің сырт бақылаушысы ғана емес, сонымен қатар, осы үдеріс субъектісі, әрі қатысушысы да болады.

Дж. Лакоффың пікіріне сүйенсек, тіл – адамның ойлау қабілетінің құпиясын ашатын, жеке жанның ақыл-ойына, ішкі жан дүниесіне үңілуге мүмкіндік беретін «терезе» секілді [115]. Ғалым когнитивтік құрылымдардың арасынан гештальттарды бөліп қарастырады. Оның пайымдауынша, гештальттардың өзіндік сипаттамасы бар және оларды құрылым ретінде жіктеп, жүйелеп қарастыруға болады.

«Гештальт» ұғымын терең зерттеген Дж. Лакофф болғандықтан осы

жерде ғалымның пікірін ұзағырақ беруді жөн көрдік: «Гештальттар бүтін және талдауға бейім болып келеді. Олар басқа бөлшектерден тұрады, бірақ бұл бөлшектердің тұтастығы болмайды. Гештальттардың қосымша қасиеттері болады, ал ол қосымша қасиеттердің өздері, оларды гештальттар ретінде алатын болсақ, тағы да өз алдына қосымша қасиеттерге ие болуы мүмкін.

Гештальт сыртқы қатынас ретінде басқа гештальттармен байланыста бола алады. Ол тіпті басқа гештальттың құрамына да кіре алады немесе проекциялана алады. Мұндай жағдайда бір гештальттың қасиеттері екінші гештальтта көрінеді. Мұның нәтижесінде екінші гештальттың бөлшектері бірінші гештальттың қасиеттері мен қатынастарын «мұраға алады». Проекцияланудың бірнеше типі бар: ойлау нәтижесіндегі тұжырым – (транзитивті) немесе болжау негізіндегі проекция – еркін, символдық немесе мәдени ассоциация (транзитивті емес) [115, с. 353].

Ғалым гештальттарды сипаттай келе, бір гештальттың екінші гештальтқа көшуі жартылай болуы мүмкін екендігін айтады. Сол секілді гештальттардың бір-бірімен ұқсастығы да жартылай болуы мүмкін, ал бұл ұқсастық екеуара жақындыққа байланысты болады. Басқа гештальттың құрамына кірген гештальт өзіне жаңа қасиеттер жамап алуы мүмкіндігін де келтіреді.

Гештальттарға тән қасиеттер қатарынан төмендегідей анықтамалық сипаттама түзіледі:

1. Гештальттың қасиеттерінің бірі – оның басқа гештальтқа оппозиция (қарама-қайшылық) күйде болуы.

2. Гештальттың кейбір қасиеттері базистік немесе базалық (бастапқы) болады. Бір-біріне оппозициядағы гештальттардың базистік қасиеттері бірдей болады.

3. Гештальттар дегеніміз – тілдік, ақыл-естік, перцептуалдық, моторлық және басқа да үдерістерде қолданылатын құрылымдар.

4. Қандай да бір үдеріс болмасын, оның өзін гештальт ретінде қарастыруға болады.

5. Гештальттарды талдау кезінде оның құрылымдас бөліктерін элементарлық бөлшектерге бөлуге талап қойылмайды. Өйткені талдау үдерісі адамның ойлау қабілетімен, мүмкіндіктерімен және оның көзқарасымен (түйткілімен) шектеледі.

6. Гештальттар құрамындағы прототиптік және прототиптік емес қасиеттері бойынша ажыратылуға тиіс.

7. Гештальттар көбінесе аралас типтерге жатады. Бұл гештальттардың қасиеттерінің біркелкі еместігін көрсетеді.

Жоғарыда аталған қасиеттерді, мысалы, сенсорлы-моторлық гештальттар өз құрамына перцептуалдық та, моторлық та қасиеттерді жинайды. Ал лингвистикалық гештальттардың грамматикалық, семантикалық, фонологиялық, функционалдық сияқты қасиеттері (сипаттары) болады.

Лингвистикалық гештальттар теориясы сөйлеу үдерістері теориясымен ұштасуы керек. Бұл гештальттардың сөйлеу қабілетінің іске қосуын ғана емес, сол сөйлеу нәтижесін түсіну үдерісін басқару үшін қажет.



Дж. Лакоффтың пікірінше, лингвистикалық зерттеулердің формалдық аспектілері – ой-танымдық моделдердің бір бөлігі. Бұл дегеніңіз – лингвистикалық аспектінің тәжірибесі ретінде пайда болатын формалды бөліктің адам қабілеттерінің формалды модельдеуге жауап беретін лингвистикалық аспекті. Ғалым былай дейді: «Менің ойымша, мұндай модельдердің лингвистикалық және лингвистикалық емес аспектілері арасында барлық жағдайларда арақатынастар қалады. Өзімнің пайымдауымша, мен барлық тілдік қызметтің үзілді-кесілді модельдену мүмкіншілігін көрсетпеймін. Мен тек қана модельдеуге келетін және модельдеуге келмейтін, бірақ қарастыру үдерісі өте қызғылықты аспектілерді тапқым келеді. Соңғыларын табуды лингвистикалық зерттеулерді тек формалды түрде қарастыру арқылы іске асыруға болады» [115, с. 354].

Жоғарыда келтірілген Дж. Лакоффтың «гештальт» терминіне берген сипаттамасынан бұл атаудың тілдік бірлік пен ой-сана бірлігінің тығыз байланыста екенін, бір-біріне кірігіп, ұштасып жатқанын байқауға болады. Ғалым өзі атап кеткендей, ол «гештальт» ұғымын тек өз түсінігі үшін, өз әрекеттеріне, зерттеулеріне түсіндірме ретінде қолданғанын көреміз. Алайда кейіннен бұл атау көпшілікке тарап, жоғарыда берілген сипаттама когнитивтік ғылым саласында қолданыла бастады. «Жалпылама түсінік бойынша гештальт арқылы біздің қоршаған ортамен, өзіміздің ішкі түйсігімізбен қатынасымыз беріледі. Гештальт негізінде адамдар арасындағы қарым-қатынасқа аса мән беріледі десек те болады. Бұл термин тіл біліміне психология мен медицина саласынан кірген болатын. Адамның жан дүниесінің көрінісі ретінде, оның ақыл-ой, санасына зерттеу ретінде қарау мақсатында туындаған бұл терминді лингвист-ғалымдар сөйлеу мен ойлаудың, тіл мен сананың аражігін ажырату үшін қолдана бастады. 1977 жылғы Пизада өткен конференцияда реляциялық грамматика мамандарымен пікірталас барысында Дж. Лакофф бұл мәселе бойынша: «Хомскийден басқа ешкім тілдік және тілдік емес қабілеттердің аражігінің нақты шекаралануына сенбейді. Алайда практика жүзінде тіл мамандары тек қана тілді сипаттайды. Ал мынадай ойды неліктен айтпасқа: лингвист-ғалымдардың мақсаты – грамматиканың әмбебап универсалды заңдылықтарын тек қана тілден емес, басқа нәрселерден шығара алатын болсақ, тіпті жақсы болмас па еді? Бұған ешкімнің қарсылығы жоқ шығар? Алайда, тіл мамандарының басты мақсаты – грамматиканың әмбебап универсал заңдылықтарын табумен ғана шектеледі», – деп қорытындылайды [115, с. 350].

Сонымен, жоғарыда келтірілген тұжырымдарды негізге алсақ, тілді тек қарым-қатынас құралы емес, одан тереңірек, яғни ойлау үдерісін іске асыратын құрал ретінде қарастыру – бізді адам миында әрбір секунд сайын болып жатқан когнитивтік үдерістердің құрылымына мән беруге алып келеді. Бұл когнитивтік үдерістердің айғағы ретінде тілімізде пайда болып жатқан сөздер мен сөз тіркестері, метафоралар мен тенеулер, қандай да бір тілдік бірліктер, сан ғасырлардан бастау алатын концептілер алынады. Сондағы когнитивтік құрылымдар тілдік бірлік ретінде танылса, демек, сол когнитивтік құрылымдардың өздерін де жіктеп, атауға болады емес пе? Тілімізде соңғы

жылдары пайда болған *скрипт, сценарий, гештальт, когниция, концепт* сияқты терминдер – адамның ой-санасында, ойлау үдерісі кезеңінде жүріп жатқан когнитивтік құрылымдардың көрінісі. Мысалы, қазақтың «айналайын» сөзі – лингвомәдени тұрғыдан қарастырылатын концепт, өйткені осы сөз арқылы қазақтың барлық деңгейдегі қоршаған ортамен, туыстық жағдайлардағы, қарапайым, шаруашылық жағдайлардағы қарым-қатынасы, көңіл күйі, мәдениеті, этикасы және т.б. дүниелер беріле алады. Сонымен қатар, бұл концептіні жоғарыда қарастырылған гештальт ретінде сипаттауға болады. Өйткені *айналайын* концепті арналған нысанның бұл сөзге жауап әрекеті коммуникацияға қатысушылардың тілдік актіден қимыл, іс-әрекетке көшуіне жағдай жасайды. *Айналайын* концептінің мән-мағыналық сипаттамасы адамдар арасындағы *жылылық, мейірімділік* секілді моральдық қасиеттердің гештальттық сценарий арқылы шынайы өмірде болуына жағдай туғызады. Қоғамда тарихи жағдаяттарға байланысты қалыптасқан сәлемдесу, хал сұрасу, рұқсат сұрау, қуаныш-қайғымен бөлісу және т.б. «сценарийлік» күйге өткен жағдайлардағы тілдесімді қамтамасыз етіп, іске қосатын тілдік бірлік құрылымдарын гештальт мысалдарына жатқызуға әбден келеді. Мысалы, *сәлеметсіз бе, қалыңыз қалай, гафу етіңіз, кешіріңіз* және т.б. тілдік бірліктер ауызекі сөйлеу қатысымында (коммуникация) қолданылатын бекітілген тілдік деректер болса, ғылыми қауымдастықтағы арнаулы қолданылатын тілдік клишелер де осының дәлелі бола алады. Мысалы, түрлі қауымдастықтағы сәлемдесу кезінде қолданылатын құрылымдарды алар болсақ, немесе, соңғы кездері көп қолданысқа ие болған электронды пошта арқылы хат жазу, немесе кәсіби салаларда жұмысшы толтыратын түйіндеме – бұлардың бәрі тілдің жұмсалымдығын көрсетіп қоймай, психологиялық, мәдени, прагматикалық мақсаттарға да бағытталады: *құрметті әріптестер, ұжымдастар* (қоғамдық-әлеуметтік, ғылыми-кәсіптік орта), *сәлем, достар* (формалданбаған), *қалайсыздар, амансың ба, сәлембердік, қош келдіңіз, қош көрдік* (туыстық қарым-қатынас) және т.б. Бұл мысалдар «гештальт» ұғымының тілдің прагмалингвистикалық жұмсалымдығы аясында, демек, тілдік коммуникациядағы қолданысын көрсетеді.

Сонымен, «гештальт» ұғымының когнитивтік құрылымдарды сипаттауда қолданылатын бірлік екенін, алайда оны нақты бөліп, анықтап айтуға когнитивтік ғылым корпусы тарапынан орныққан, бекітілген анықтамалар жоқтың қасы екенін байқаймыз. Өйткені бұл терминнің өзі бастапқы кезде психология, медицина ғылымдары тарапынан қолданысқа еніп, қазіргі күнге дейін осы терминге байланысты түсініспеушіліктер туғызатынын көрсетеді. Алайда когнитивтік құрылымдар туралы жалпы сөз болғанда, «гештальт» ұғымын қарастырудан тыс қалдыруға болмайтынын атап өтеміз. Бұлай болатын себебі – концепт те, фрейм де, когниция да, сценарий де, гештальт та – бұлардың барлығы адамның ой-санасында қалыптасқан шынайы дүние нысандары туралы ақпараттың көрінісі – когнитивтік құрылым. Бұл категориялардың басты ерекшелігі сол – заттың, нысанның адам жадындағы, санасындағы бейне-образы, елесі тәрізді мәлімет жиынтығы

немесе эмпирикалық факторлардың кең жиынтығы – қабылдау, ойлау, адам тәнінің құрылысы, эмоциялар, жады, ес, әлеуметтік құрылымдар, сенсорлық-моторикалық және танымдық үдерістер және т.б. – толықтай тілдің әмбебап (универсалды) құрылымдық сипаттамасының көрінісі болып табылады [4, б. 472-475].

Қорыта келе, «гештальт» ұғымының адам санасында туындайтын немесе бұған дейін қалыптасқан сезімдік-перцептивтік ақпаратпен байланысты екенін атап өтеміз. Ал бұл когнитивтік құрылымның терминдік бірліктер арқылы берілуін арнаулы тараушада көрсетеміз. Ақыл-естің когнитивтік жағдайы дегеніміз – қабылдау, түсіну, интерпретациялау, менталдық репрезентациялар құру, сену. Адам қандай да бір мәліметтерді концептілер арқылы қабылдайды және өзі ойлап шығарады. Бұл – адамның барлық танымдық қабілеттерін қамтитын құрылым. Концепт өз құрамында логикалық мазмұн, аффектілер және экзистенциалдық рецепцияларды қамтиды. Ол рационалдық және иррационалдық дүниелердің бірлігі ретінде адам санасында көрініс табады. Концептілер мазмұны ғасырдан ғасырға, уақыт өтуіне байланысты өзгеріп тұрады да, адам санасындағы басты құрылым ретіндегі концептінің өзгеруіне байланысты адам санасының өзі де өзгереді десек, артық айтқан болмас едік деп ойлаймыз. Мұның айғағы ретінде сыртқы дүниедегі нәрселердің адам санасында әр кезеңде әртүрлі қабылдануы болып табылады. Мысалы, орта ғасырлардағы концептілердің және қазіргі кездегі адам санасындағы концептілердің айырмашылығы орасан зор, кейбірі тіпті қарама-қайшы мағынада түсініледі. Тілдік репрезентацияны түсіну – түрлі мәнмәтіндегі сол көріністің интерпретациясы секілді алынады және концептілер сөздегі сол кезден бері болған барлық мағынаның жиынтығы ретінде қарастырылады. Қорытындылай келе, гештальт – образ, форма, бір жүйе, құрылым екенін алға тартамыз. Сонымен, гештальт – концептінің бір көрінісі. Когнитивизмнің теориясын негізге ала отырып, ақыл-ес – концептілердің пайда болуы мен трансформациялану үдерісі, ең маңызды концептілер тілдің грамматикасында шоғырланғаны дау туғызбайтын нәрсе деп қорытындылаймыз.

## **2.2 Когнитивтік үдерістегі метафора, визуалды ойлау, ассоциацияның қабылдау, санада ой тудыру және репрезентациялау ерекшеліктері**

Ақиқат шындықты бейнелеу барысында адамды қоршаған құбылыстар мен заттарды, нәрселерді, олардың өзара арақатынасын және адам санасындағы орнын айқындау үшін *ассоциация* үдерісі қолданылады. Психикалық феномен ретінде *ассоциация* тәжірибелерге, білімге байланысты санада ұқсастық, жақындық немесе қарама-қайшылық негізінде түзілетін, берілген зат (құбылыс, нәрсе) туралы ішкі түйсіктегі көрініс деуге болады. Мұндағы «ішкі түйсік» дегеніміз – адамның өз жеке-дара тәжірибесі мен біліміне байланысты оның ішкі ой-санасында қалыптасатын, отбасылық, әлеуметтік, ұлттық, қысқаша айтқанда, ментальдылық ерекшеліктеріне сәйкес ойлау үдерісінде мида пайда болатын сыртқы дүние нысаны туралы бейне-көрініс. Бұл жердегі «мида пайда

болатын» деген сөзімізді метафора ретінде айтып отырмыз, өйткені адам миын зерттеуші ғалымдардың пікірінше, адам миында нейрондық қатынастар ғана түзіледі, ал біз «көретін» немесе «миымызда түзілетін көріністер» сол қатынастардың атауы ғана. Осы жерде атақты ғалымдар – нейрофизиолог, медицина ғылымдарының докторы Н.П. Бехтереваның, биология ғылымдарының, филология ғылымдарының докторы, СПб мемлекеттік университетінің когнитивтік зерттеулер зертханасының меңгерушісі Т.В. Черниговскаяның тұжырымынша: «Адам миы – нейрондық желі ғана емес, ол – желінің желісі, желілердің желісінің желісі! Мидағы мәлімет 5,5 петабайтты құрайды; бұл дегеніңіз – үш миллион сағат бейнематериал көрумен тең! Үш жүз жылдық үздіксіз, үзіліссіз көрініс!» [116]. Сонымен, мида түзілетін осындай бейне-көріністерді біз салыстырмалы түрде «бейне-түзілім» деп атауды ұсына отырып, осы аталым орыс тіліндегі танымдық, мида түзілетін құрылым ретіндегі «представление» атауының қазақ тіліндегі семантикалық мағынасы жағынан неғұрлым жақын баламасы деп ойлаймыз. Мұндай бейне-түзілімдердің пайда болу үдерісінде ассоциацияның атқаратын рөлі орасан зор.

Ассоциация (латынның «*associatio* – біріктіру» деген сөз) – екі түрлі танымның өзара байланысы, сезіну, түсіну, ойлау, елестету қабілеттері арқылы жүзеге асады. Бұл ұғым Платон мен Аристотель заманында пайда болғанымен, «ассоциация» деген ғылыми атауды XVII ғасырда Дж. Локк енгізген. «Словарь лингвистических терминов» сөздігінде ассоциация «Тілдік бірліктерді формалды және қисындық-мағыналық белгілері бойынша біріктіру (топтау)» деп анықталады [117].

Ассоциация – жеке субъективті тәжірибеге негізделген белгілі объективті нысан немесе құбылыс арасындағы байланыс. Мысалы, *ана* сөзіне ассоциация іздейтін болсақ, ассоциаттар қатарына *бала, мейірім, туган, жылылық, үй, махаббат, отан, ыстық, аялы алақан, бесік, жақындастық* және т.б. тілдік бірліктерді жатқызуға болады. Бұл қатардағы сөздер мәнмәтіндегі жұмсалымына байланысты өз алдына мағынасы жағынан ұқсас та, қарама-қайшы мағынада да болуы мүмкін. Мұндай ассоциаттар қатарын «ассоциативтік өріс» деп атай отырып, ғалым Е.С. Кубрякова оған былайша сипаттама береді: «Ассоциативтік өріс – тілдік бірліктердің жиынтығы, мазмұн ортақтығына қарай біріккен белгілеуші құбылыстардың ұғымдық, заттық және функционалдық ұқсастығы. Ол ассоциациялы сөздердің тірек-сөздер төңірегінде берілуі ретінде түсіндіріледі» [118].

Ассоциативтік өріс құрамын талдау ұлттардың дүниетанымынан, психологиясынан, тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен мол ақпарат жинауға жол ашады. Өйткені қандай да бір лексикалық бірліктің ассоциативтік өрісі әлемнің тілдік бейнесімен тығыз байланысты. Сөздер арасындағы ассоциативтік қатынас өзіндік ғылыми тәжірибе (эксперимент) барысында анықталады. Эксперимент тірек-сөзге байланысты ойға түскен барлық сөздерді жазып алуға негізделеді. Мұның нәтижесінде пайда болатын сөздер қатары ассоциативтік өріс түзеді. Оның құрамы, экспериментке қатысушылардың анықтауы бойынша, тірек-сөзге қатысты ассоциативтік өріс құрайтын ортақ

байланыстылық деңгейіне тәйелді болады. Ассоциативтік мағына ұғымы адамда сөз бен ой арқылы түзілетін байланыстар мен қатынастардың терең үлгілерін, арнаулы ішкі құрылымын табу барысында, адамзаттың сан қырлы тәжірибесінің танымдық тұрғыдан ұйымдастырылуы негізінде қалыптасады. Сондықтан ассоциативтік экспериментті ассоциативтік мағына мен сөздің ассоциативтік байланыстарын талдау арқылы адамның ойлау үдерісінде түзілетін когнитивтік құрылымдардың табиғатын, құрылымын, ұйымдастырылуын зерттеуге мүмкіндік беретін маңызды әдістер қатарына жатқызуға болады деп санаймыз.

Ассоциативтік экспериментті психология саласында XX ғасырдың басында К. Юнг пен М. Вертгеймер, Д. Кляйн сияқты атақты ғалымдар тұлға уәждемесін (мотивациясын) зерттеуде қолданып, термин ретінде қалыптастырған. Бұл эксперименттің мақсаты – әртүрлі адамдардың ақиқат шынайы дүниені тану және анықтау үдерісіндегі қолданылатын сөздер, ассоциациялардың жиілігі арқылы қоршаған ортаға деген адамның реакциясын (әрекеті) мен уәжін (мотивін) білу. Эксперименттің қарапайым түрі – тірек-сөздердің белгілі бір жиынтығына неғұрлым тез, ойға алғаш келген сөздермен жауап беру. Нәтижесінде туындаған ассоциация түрлері, қолданылу жиілігі бойынша реттеліп, талданып, экспериментке қатысушының мінез-құлқы мен физиологиялық ерекшеліктері туралы мәлімет береді. Бұл деректердің негізінде экспериментке қатысушылардың әуестігі мен аффективті кешендері туралы қорытынды жасалады.

Ассоциативтік эксперименттердің еркін және арнаулы мақсатқа бағытталған түрлері болады. Ассоциативтік эксперимент жауаптарын талдауда ең алдымен синтагматикалық және парадигматикалық ассоциациялар айқындалады. Ассоциативтік эксперимент, жоғарыда атап кеткеніміздей, басында тек психология саласында қолданылса, кейіннен психолингвистикада, әлеуметтануда, мәдениеттануда, когнитивтік лингвистика ғылымдарында кеңінен қолданылатын болды. Сонымен, ассоциативтік эксперимент – сөздің айтылым субъектісі үшін психологиялық мағынасын зерттей отырып, жеке тұлғаның тәжірибесі негізінде жинақталған ассоциацияларды анықтауға бағытталған тәсіл. Еркін ассоциативтік экспериментте ешқандай шектеулер болмайды, бұл тәжірибе үдерісінде жауап берушінің (реципиент) тірек-сөзді естігенде ойына түскен сөздердің бәрін тізіп жазып беруіне негізделеді, сөздің сыртқы, мазмұндық ерекшеліктері шектелмейді. Мақсатты ассоциативтік экспериментте қатысушыларға алдын ала талап қойылады: мысалы, тек зат есімдермен ғана жауап беру немесе ойға келген әрекет белгілерін атау, арнаулы категория сөздерін жазу және т.б.

Сөздің ассоциативтік байланысын зерттеу сөздің ассоциативті өріс арқылы коммуникативтік әлеуетін айқындау деуге болады. Өйткені сөздің коммуникативтік әлеуеті сөйлесу барысында айтылым элементі ретінде белгілі аялық білімді қамтып, қолданылу аясында ауқымды болады және оның басқа мағына түрлерімен (лексикалық, грамматикалық, сөзжасамдық, уәждемелік, стилистикалық, прагматикалық) байланыстылығын көрсетеді. Сөз адам

жадында жоғарыда атап кеткен «бейне-түзілім» немесе сол сөздің мағынасын айқындайтын белгілердің жиынтығы ретінде сақталады деп тұжырымдама жасауға болады. Сонда сөздің психологиялық мазмұны, ең алдымен, сөйлеу әрекетінде бір-бірімен әртүрлі қарым-қатынас негізінде берілген мағынаны ажыратушы белгілерінің семантикалық бөліктер жүйесі екені айқындалады. Бұл ретте олар өз алдына дерексіз лингвистикалық ұғым ретінде емес, қарым-қатынас кезінде, әрекет үстінде, яғни сөз қолданысының лингвистикалық, психологиялық, әлеуметтік жағдайлары толығымен ескеріле отырылып қарастырылады. Басқаша айтқанда, мағынаның психологиялық құрылымын сөздік құрамның бірлігі ретінде қатар қою арқылы үйлестіру жүйесі анықталады. Ал үйлесімдік пен қарама-қарсылық жүйесі дегеніміз – сөздердің ассоциативтік жүйесі. Сөзді ақпарат тасушы ретінде алатын болсақ, оның бұл қасиеті сөйлеу әрекетінде жүзеге асады. Яғни ассоциация олардың астарындағы қарым-қатынас негізінде қалыптасқан байланыс деуге әбден болады.

Ассоциативтік ойлаудың бір түрі – теңеу, салыстыру. Е.С. Кубрякова когнитивист ғалымдардың пікірлерін келтіре отырып: «Салыстыру – түсіну мен ойланудың ең түпкі негізі» немесе «тілдік жүйеде өзіне тиесілі орын алатын және адамның сөйлеу қызметін толықтай қамти отырып ойлаудың әмбебап операциясы ретіндегі құрал» – деп келтіреді [119]. Бұл тұжырым негізінде салыстыруды ассоциативтік ойлаудың, мидағы ойдың көрініс құрылғыларының көрсеткіші ретінде толығынан қарастыруға болады. Ойдағы көріністер тілден таңбалану арқылы орын алады да, бұл жерде ассоциацияны «тілдік бірліктердің формалды немесе логикалық-семантикалық қағидаттар негізінде бірігуі» [119, с. 34-35] деп алуға болады. Ассоциациялар көпмағыналық аясында сөздердің туынды, ауыспалы мағыналары негізінде де, сөздердің ішкі мағынасы, уәжденуі негізінде де көрініс табады.

Тілдік ассоциациялар сипаттамасы бойынша әртүрлі: мысалы, лексикалық ассоциациялар ішінде онтологиялық ассоциацияларды – тілдің онтологиясын, жеке элементтердің топтарға бірігуіне негіз болатын объективті қағидаттарды көрсететін; эмпирикалық – субъектілік-объектілік тіл иесінің жеке тәжірибесі мен білімінің негізіндегі; психикалық – жеке-дара, индивидуалдық немесе кездейсоқ деп бөлуге болады.

Сонымен, тілдегі сөзді арнаулы ассоциатпен байланысының нәтижесі ретінде қарастырсақ, ол өзінің ең бастапқы деңгейінде басқа тілдік бірліктермен «ассоциативтік жақындасу» үдерісінде болады деп пайымдауға болады. Мұндай «жақындастыққа» барлық дерлік тілдік бірліктер бейім келеді. Сөздің ой-санада арнаулы кейіп-бейнелер, көріністер, бейне-түзілімдер тудыру қабілетін сөздің ассоциативтік қабілеттілігі деп алып, оның өзін сөздің орталықтандыру әлеуеттілігіне кіреді дейміз. Бұл ассоциативтік мағына жолданым иесіне (адресатқа) жіберілетін мәлімет мазмұны, бейне-көрінісі, коннотациялар арқылы іске асады. Жолданым иесінің ой-санасында қалыптасатын бейне-түзілімдер арқылы сөзді есту барысында ассоциативтік қабілеттілік іске қосылады, өйткені адам естіген сөздерінің немесе семантикалық мағынасы бар тіл элементтерінің барлығын өз санасында

ассоциациялауға тырысады. Бұл үдерісте ассоциацияның пайда болуына формалды түрде ұқсас мейлі үлкен немесе кішкене формалардың бәрі болады. Мысалы, «*Заманың тұлкі болса, тазы боп шал*» мақалындағы *тұлкі* сөзінің ассоциациялық өріс қатарына *аң, айлакер, жыртқыш, қу, қызғылт түсті* сияқты ассоциаттарды жатқызуға болады. Алайда, егер жолданым иесінің жадында *тұлкі* туралы мәлімет болмаса, бұл қатардағы ассоциаттар іске қосылмай қалады. Мұндай жағдайда жолданым иесі екінші зат есім – *тазы* деген сөз арқылы *тұлкі* сөзіне ассоциация іздей бастайды. Егер жолданым иесіне *тұлкі* сөзінің мағынасы белгілі болса, ол сөздің лексикалық-семантикалық мағыналарының барлығына жүгіне отырып, нақты ассоциацияны таңдай алады. Бұл мақалда *тұлкі, тазы* сөздері тура мағынасында емес, ауыспалы мағынасында қолданылып тұрғаны белгілі. Мақал мағынасын түсіне оқыған адам ішкі түйсігінде метафоралық сипатқа ие әрекет көзіне елестегендей, оның санасында бейне-түзілім құрылады. Сонда қандай ассоциат сөздерді байқаймыз? *Тұлкі* сөзінің лексикалық-семантикалық мағынасы – «*жыртқыштар отрядының иттер тұқымдасына жататын аң*». Белгілік семалары бойынша: бірінші сема – «*жыртқыш аң*», екінші сема – «*иттер тұқымдасына жатады*», үшінші сема – «*сырт пішіні – қызғылт терілі, ұзын құйрықты*», төртінші сема – «*ақылды, айлакер аң*», бесінші сема – «*терісі бағалы аң*» және т.б. Коннотаттық мағынасын толықтыруға сәйкес *тұлкі – алдағыш, айлакер, қу, демек, ақылды, құлықтың белгісі* тәрізді ассоциаттар қатары ұлғая береді. Сонымен жолданым иесінде пайда болатын ассоциат – «*қызғылт түсті, құйрығы ұзын, терісі бағалы, итке ұқсас жыртқыш аң*». Алайда дәл осы мақалда *тұлкі*нің табиғаты емес, бұл сөздің метафоралық ауыспалы мағынасындағы қолданысы беріліп тұр. Демек, мида туындайтын ассоциация *тұлкі*нің басқалай белгілерімен байланысты болуы керек. Сонымен, бұл мақал мазмұнында *тұлкі* сөзінің ауыспалы метафоралық мағынасы – заманауи құбылыстардың дамып, жетілгенін білдіреді, әрі ақылға да, айлакерлікке де ие *тұлкі* сырт пішінімен, бағалы терісімен құнды екені де басшылыққа алынып тұр. Егер де мақал мазмұны заманды қасқырға теңесе, заманның қатты, қатал, тым ауыр секілді қасқыр аңының негізгі белгілерін өзіне қамтып, ассоциация туғызар еді деген болжам айта аламыз [120].

Салыстырмалы түрде *тұлкі* сөзін тағы басқа нұсқада қарастырып көрейік: «*Тұлкі арлан болса, ізімен келіп індеткендікі; ұрғашы болса, жүні жетілсін деп ін баққандікі*» [121]. Бұл жердегі *тұлкі* сөзі өзінің тура мағынасында жыртқыш аңның атауы ретінде қолданылып тұр. Алайда қасындағы *арлан* сөзі көбінесе қасқырдың еркегінің атауы ретінде танымал сөз (басқа аңдардың да еркегін *арлан* деп атайды, дегенмен, бұқара халық бұл сөзді қасқырға қатысты қолданады). Осы мәнмәтіндегі *тұлкі*нің еркек екені қасындағы *арлан* сөзі арқылы беріліп тұр. Сөйлемнің екінші бөлігінсіз сөйлем субъекті туралы берілген мәлімет толық емес болады, өйткені *арлан* сөзі – көбінесе қасқырдың еркегін сипаттауда қолданылатын сөз. Айталық, *арлан* сөзінің мағынасын білмейтін адам үшін сөйлем мазмұнындағы субъект айқындалмай қалады. Ойда сұрақ туындайды: айтылып тұрған аң *тұлкі* ме?, әлде қасқыр ма? деген. Бірақ

сөйлемнің екінші бөлігіне назар аударсақ, «жүні жетілсін» деген сөз тіркесі арқылы тағы бір мәлімет айқындалады: қасқырдың жүні түлкінікіне карағанда қысқа әрі қатты келеді, демек, сөздің түлкі туралы екенін аңғаруға болады.

Келтірілген мысалдар А. Везбицкаяның: «...сөйлеу формасының ассоциациялық таңдау еркі идиоэтностық әлемді қабылдаумен пара-пар. Мәдени талдау синтаксисінің мәселесі экстралингвистикалық факторға тәуелді болып келеді, яғни ұлттық, халықтық пресуппозиция жүйесімен, менталитетпен байланысты. Әрбір ұлт тілінде халықтық әлемдік көзқарас және оның әлемдік түсінігі, мәдени дәстүр мәнмәтіні арқылы меңгеріледі» [122] деген тұжырымын айқындай түседі. Демек, жоғарыда айтып кеткеніміздей, тілдік бірліктердің ассоциациялануы әрқашан ұлттық мәдениетпен және ұлттық әлем бейнесімен тығыз байланысты болады.

Сөздердің ассоциациялық мағынасы сөздердің түрлі категорияларында әртүрлі беріледі. Мысалы, зат есімдер үшін, бұл энциклопедиялық мағынасының бөлігі, энциклопедиялық мәлімет – тіл иесінің санасындағы оның қоғамдық, әлеуметтік, мәдени, жеке-дара субъективті және объективті тәжірибесіне негізделген және сөзді естігенде немесе қолданғанда іске асатын энциклопедиялық мағына десе де болады. Мысалы, *қалам* деген сөзге ассоциат ретінде *жазу, оқу, сауаттылық, әдемі жазу, қаламсап, сызужәне* т.б.; *табиғат* сөзіне –*ағаш, өзен, әлем, ауа, су, аң-құс, жануаржәне* т.б. Ассоциативтік қабілеттілік (потенция) әрқашан «жылжымалы» болады. Жеке адамның тілдік қоры байыған сайын оның ассоциативтік қабілеттілігі де арта бастайды. Ассоциативтік қабілеттілік әртүрлі мәтіндерде әрқалай көрінеді. Оның ең бай түрін, әрине, көркем әдебиет үлгілерінен табуға болады. Бұларда, басқа мәтіндерге карағанда, субъективтік ассоциациялар әлдеқайда көбірек қамтылады. Жеке-дара берілген мәліметтің барлығы автордың көзқарасымен, оның кейіпкерлерге жүктеген мақсат-міндеттерін айқындау үдерісі арқылы толығы, көркемделе беріліп, онтологиялық та, эмпирикалық та ассоциациялар арқылы беріледі. Мысалы, жалқы есім үшін бұл өмірде болған қандай да бір оқиға немесе сол атпен байланысты мәлімет болуы мүмкін. Көркем әдебиеттегі ассоциациялық қабілеттің туындысы ретінде пайда болған бірліктерді көркемдік құралдары арқылы қарастырамыз. Мысалы, Ш. Айтматовтың «Боранды бекет» романындағы *Найман-ана, мәңгүрт* сөздерін алсақ, жазушының шығармасынан кейін бұл сөздер халық арасында кең қолданысқа ие болып, жалқылықтан жалпылық категориясына «өткендей» күйде болды. *Найман-ана* атауы жалпылама ана махаббатының, ана қайсарлығының, жігерлілігінің символына айналды. Ал *мәңгүрт* сөзі осы шығарма арқылы халық арасында кең таралып, *-тік, -тен-у* жұрнақтары арқылы *мәңгүрттік, мәңгүрттену* деген жаңа сөздерге негіз болды. Этимологиясы бойынша көне түркі сөзінің «*tuñqul*» – «ақыл есінен айырылған, ессіз» деген мағынада [123] немесе қырғыз тіліндегі «*tuñju*» – «жарымжан», «мүгедек» (қолсыз, аяқсыз) деген мағынадағы сөз. Бұл сөздің шығу тегі туралы У.Г. Гусейнова былай дейді: «Моңғол тілінде «мангуу» – 1) «ақылсыз, ессіз, есі дұрыс емес»; 2) «мангуурах» – етістігінен шыққан – «ақылсыздану, есінен айырылу» дегенді



білдірген бұл лексема көне түркі түбір сөздерінің қосылуынан да шығуы мүмкін: тап—«белдік тағу» және «qurut» «кептірілген» – «басына белдік тағылып, кептірілген» [124]. Ал қазіргі жағдайда *мәңгүрт* сөзі ассоциат қатарына өзінің шығу тарихында болған барлық мағыналарын қамти отырып, жаңа жұмсалымдық мағынаға ие болған. Қазіргі таңда *мәңгүрттік* деген сөздің астарында қоғамдық, әлеуметтік келеңсіз жағдаяттың көрінісі жатады. Бұқара ақпарат құралдарында кең қолданып, ұлттық санасы төмен, өз тарихын, тілін, дінін білмейтін қоғамдағы әлеуметтік топтың атауына айналды. Мұндай көріністер ретінде қарастырылатын ассоциаттарды сипаттама ассоциация-экспликация деп алуға болады. Және де бұл тұрғыда көркем әдебиет үлгілерінде ассоциативтік қабілеттіліктің имплициттік түрде іске асырылуын байқаймыз: мәтінде арнаулы атау сөз болмағанымен, оқырманның санасында арнаулы мазмұнды ассоциация пайда болып, ішкі ой-санада бейне-түзілім қалыптасуы бұған дәлел бола алады.

Сонымен, ассоциацияны сөздің адам түйсігінде көрініс табатын, адам миында түзіліп, өзі қатысты болып тұрған заттың (нәрсенің, құбылыстың) барлық белгілерінің жиынтығы ретінде алынып, ми қыртысында сыртқы дүние туралы түзілетін мәлімет-ақпараттың әрі көрінісі, әрі құралы десек, қателеспеспіз деп ойлаймыз. Сонымен, «...логика бойынша интенционалдық әлем бар дүние, бірақ ол шынайы дүниеде болмауы да мүмкін. Интенционалды әлемнің «мүшелері» – ойдағы танымдық мөлшерлер, көріністер, түзілімдер», – деген әйгілі ғалым Ю.С. Степановтың интенционалдық әлем туралы тұжырымы ассоциацияға толықтай келеді деген ойдамыз [125].

Ассоциация жоғарыда атап өткен жай сөздерге қатысты ғана туындамайды, олардың термин сөздерге де қатысты адам ойында ассоциат тудыратынын мына мысалдардан байқаймыз: *ЭВМ, компьютерлік ойын, веб-дизайн, 3-D графика, программалау, монитор* және т.б. терминдер *компьютер, бағдарлама, процессор* деген ассоциациялар туғызады. Ал техникалық салалардағы *камаз, мицубиси, тойота, мотор* дегенді естігенде ойда автомобиль, оның сипаты пайда болып, ассоциат қатарына *жол, жылдамдық, лездік, тез, доғалақ* сынды ассоциаттар өрісі түзіледі. Тағы сондай: *өнер – гравюра, картина, суретші, скульптура, мүсін, көркемсурет, саз, пейзаж, ән, күй, әртіс, күйші, биші, балет, портрет, поэзия, әдебиет, шығармашылық, жанр, импрессионизм, символизм, сюрреализм, Ш.Қалдаяқов, кино* және т.б.

*Техника – машина, компьютер, теледидар, телефон, робот, ұялы телефон, шаңсорғыш, автомобиль, ноутбук, мотор, станок, комбайн, трактор, ұшақ, құрылғы, механика, физика, қозғалтқыш, инновация, аппаратура* және т.б.

*Лингвистика – тіл, сөз, сөйлеу, жазу, айту, ана тілі, шет тілі, ереже, мәтін, мұғалім, оқытушы, оқушы, орфография, орфоэпия, синтаксис, сөйлем, сөз тіркесі, буын, дыбыс, сөз жасау, жұрнақ* және т.б.

*Құқық – заң, құқық, юрист, заңнама, сот, адвокат, прокурор, конституция, демократия, басқару, заңдылық, міндет, акт, қоғам, қауым, түрме, кодекс* және т.б.

Мысалдардан көріп отырғанымыздай, адам санасында қандай да бір сөзді естігенде (оқығанда) туындайтын ассоциаттар қатары әртүрлі болғанымен, олардың барлығы негізгі ассоциат сөзбен қандай да бір байланыста болады. Осы ретте термин сөздерге құрылған ассоциаттар қатары арнаулы сөздердің де адам санасында ассоциаттар қатарын туғызатынын көреміз. Сондықтан ассоциаттар қатары мен негізгі ассоциат сөздің арасындағы байланыс көбінесе жоғарыда аталып өткен салыстыру, жіктеу, талдау, топтау тәрізді логикалық амалдар негізінде метафоралық немесе метонимиялық үдеріс ретінде іске асырылады деп тұжырымдаймыз.

Жоғарыда аталып өткен мысалдарды талдау барысында адам санасында пайда болатын ой мен пайымдау және оның қорытындысы ретіндегі тұжырым логикалық ойлау арқылы өтетінін байқадық. Соңғы жылдардағы батыстық лингвистика саласы ғалымдарының пікірлеріне сүйенсек, метафораны тіл мен ой байланысын іске асыратын ең басты менталды механизм ретінде қарастыруға болады (Дж. Лакофф). Бұл пікірді негізді деп санауға болады, өйткені метафоралық номинацияны тек лексикалық-семантикалық нысан ретінде емес, тілден тыс, менталдық бірліктердің объективтену (материалдану), когнитивтік құрылымдардың интерпретациялану және санада көрініс табу механизмі ретінде қарастыратын болсақ, *метафора* ең алдыңғы қатарға шығатынына толықтай сенімдіміз. Метафораның өзі келесі бір менталдық әрекет – *визуалдық ойлау* үдерісімен тікелей байланысты болады. Қазіргі психолінгвистикалық және философиялық зерттеулерге сүйенсек, ойлаудың түп негізінде метафора жатады. Дж. Лакофф пен М. Джонсонның пайымдауынша, біздің күнделікті әрекетіміз, біліміміз, ойымыздың барлығының астарында метафора жатады [126].

Дж. Лакофф, М. Джонсон, Ж. Рихтер және т.б. батыстық ғалымдар тілді «метафоралар қорымы» деп тіл астарында ұқсастыққа негізделген метафоралардың жатуын көрсеткен болатын. Метафораның ойлау үдерісіндегі маңызы туралы орыс ғалымы Н.Д. Арутюнова келесідей тұжырымдама жасайды: «Метафоралық ақпараттың өзіндік ерекшелігі сол – ол арқылы берілген жағдайдан тыс, шынайылықтан асып түсетін кеңейтілген панорамалық бейне жасау мүмкіндігі туады». Ғалым метафораның мән-мағына туғызу қабілетін сипаттай келе: «Метафораның басты қызметі ақпаратты тарату емес, сол ақпарат туралы адамдардың миында ойша көрініс туғызу», – қорытындылайды [127].

Метафора немесе метафоралық аталым көркемсурет аясында да, ғылым аясында да психикалық көріністің тереңдігін көрсету үшін өте маңызды құрал болып саналады. Ассоциативтік метафорика қай кезде де терминологиялық бірлік тудырудың нәтижелі құралы болып келеді. Метафора негізінде жататын аналогия түсіндірудің мәнін құрайды, ал бұл терминнің дефинитивтілігі десек те болады. Салыстыру дегеннің өзі – жартылай түсінгенмен бірдей. Салыстыру барысында нысанның басты ерекшеліктері айқындалып, белгілері бекітіледі. Ал метафора осы логикалық амал негізінде іске асады.

Орыс ғалымы Ю. Караулов «метафориканың когнитивтік жалпы маңыздылығы» деп атаған бейне-метафоралық кешен кибернетика, информатика салаларында аса маңызды болды [36, с. 49]. Бұл салаларда адам әрекеттері мен қасиеттерінің сипаты ұқсастық негізінде машиналарға көшіп, жаңа атаулар туғызғанын көреміз. Мысалы, электрондық сандық құрылғыларға қатысты *машиналық ес, жады, олардың сенімділігі, олардың үйрену-үйрету қабілеттері* сияқты сөздер мен сөз тіркестерінің пайда болуы – осының дәлелі.

Ассоциативтік метафорика заңдылықтары ұлттық және интернационалдық тілдік ресурстарды ғылым мен техникадағы жаңа ұғымдардың атауы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Демек, образдарды жалпы бейнелеумен байланысты шығармашылық ойлау қабілеті жаңа ұғымдардың (терминологиялық бірліктердің) қалыптасып, жаңа атаулардың «дүниеге келуін» қамтамасыз етеді.

Батыстық ғалымдар Ч. Филлмор мен Б. Аткинс метафоралық тұжырымдамасын когнитивтік теория негізінде қарастыра отыра, оның тілдің қай саласында да қолданыс табатынын көреміз [112, р. 78]. Метафораның когнитивтік теориясы мына тұжырымдарға негізделеді: метафоралау үдерісінің түп тамырында фреймдер мен сценарийлерді өңдеу үдерісі жатады да, осы арқылы тілдік бірліктер ойда кодталады; фреймдер мен сценарийлерде іске асатын тәжірибе өз алдына адамның қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау арқылы жиған білімін қабылдайды; осы үдеріс жасалу барысында материалдық ақиқат болмыспен қарым-қатынас құралы ретінде тіл қолданылып, адамның ол арқылы алған бар ақпараты санада қалыптасады, ал бұның бәрі онтологиялық метафоралар арқылы көрінеді. Ч. Филлмордың пікірінше, метафоралау екі когнитивтік құрылым арқылы іске асады: бірі – «түпнұсқа» когнитивтік құрылымы – (source domain) және «мақсат» когнитивтік құрылымы (target domain) [112, р. 78]. Метафоралау үдерісі кезінде мақсат құрылымы бойынша түпнұсқаның үлгісін қабылдайды, сөйтіп, метафоралық проекция (metaphorical mapping) немесе когнитивтік түзілім (cognitive mapping) іске асады. Бұл жердегі түпнұсқа құрылымының мақсат құрылымында көрсетілуі «инварианттылық гипотезасы» деген атауға ие болды. Метафоралық проекция мәтін семантикасынан да метафоралық нәтиже ретінде орын тапты. Түпнұсқаның жеке ерекшеліктерін мақсатты құрылымда көрсетуді «профильдеу» деп те атайды. Алайда метафораның когнитивтік теория тұрғысынан берілуі метатіл түсінігімен байланысты болғандықтан, білімнің адам миында өңделу үдерісін толықтай анықтап беруге әлі де мүмкіндігі шектеулі. Мұның себебі білімнің ақыл-ес, жады арқылы өңделу үдерісін формалды түрде сипаттаудың өзі белгілі инвентарь құралдар болуын талап етеді. Бұл тұрғыда бүгінгі күн көбіне қолданылатын фрейм құрылым және басқа да сол тектес когнитивтік құрылымдар енді ғана зерттеле басталды. Бұл жердегі мәселе семантикалық ақпаратты фрейм (сценарий, концепт және т.б.) компоненттері арқылы көрсету барысында біршама зерттеулер болғанымен, олар жалпы тіл білімінің қағидаттары арқылы әлі толықтай танылып болмаған.

Түпнұсқамен тығыз байланыс арқылы алынатын білім мен мақсат арасында адамның шынайы өмірден әрекет нәтижесінде алатын білімі жатады. Батыстық ғалымдар айтуынша, бұл «білімді таныстық арқылы алу іспеттес». Дж. Лакофф бұған қатысты былай дейді: «Метафора бізге өз алдына түсініксіз, абстрактілі және жүйеленбеген құрылымдарды нақты, жүйеленген терминдер түрінде түсінуге мүмкіндік береді» [128].

Бұл ой когнитивтік теория тұрғысынан талқыланып, метафоралық проекцияның біржақтылығы сынға ұшыраған болатын. Мысалы, *Аяз ата*, *Ленин ата*, *Шопан ата*, *Зеңгі баба*, *ұлт анасы*, *Тереза ана (мать Тереза)* – тәрізді метафоралар саяси немесе мәдени дискурс аясында концептуалданғанмен, *отбасы* концептіне қатысты қолдану мүмкін емес. Өйткені *ата (отбасы мүшесі)* және *Ленин ата*, *Аяз ата*, *Шопан ата* мысалдарын қарастырғандағы *ата* сөзінің нақтылығы да, мағыналылығы да басым. Демек, метафоралық проекциялау үдерісі біржақтылықтан гөрі, көпжақтылықты болуы мүмкін жағдай және мұндай мысалдар жиі кездеседі. Бізді метафора терминді когнитивтік құрылым ретінде қарастыру аясында қызықтырады. Өйткені, жоғарыда атап кеткеніміздей, терминдердің жасалу үдерісінде көптеген жағдайларда ассоциация туғызады, ал метафора – ассоциацияның бір көрінісі, демек, жаңа терминдердің қатарында метафоралық проекцияның дәлелі болуы тиіс деп ойлаймыз.

Метафоралық жүйенің ортасындағы ядро біржақты метафора екенін мойындау керек. Метафораның ең негізгі қызметі – жаңа білімді қабылдау екенін де назарда ұстау керек. Метафора түпнұсқасы адамның өзін қоршаған шынайы өмірден алатын тәжірибесінің қорытындысы ретінде «бейнелер сызбасын» – қарапайым когнитивтік құрылымдар жиынтығының қалыптасуына және іске асуына мүмкіндік береді. Мысалы, *жоғары – төмен*, *алыс – жақын*, *жалпы – жеке* тәрізді категориялар концептуалдық метафоралану арқылы көптеген тілдік бірліктерді түзеді. Мұндай концептуалдық метафораларға: *екі кештің арасында*, *бір жұтым*, *қысқа ғұмыр*, *қас пен көздің арасында*, *аспан жерге түскендейсіяқты* мысалдардың көптігі дәлел бола алады. Кеңістік категорияларын қолданатын метафора негізінде құрылған мысалдарды біз терминдер арасынан да кездестіреміз: *төңкеріс* (саяси), *бетбұрыс* (саяси), *тіл көтеріңкілігі* (лингв.), *сөз астары* (лингв.), *толық тізе бұгу* (тар.), *тосқауылдан секіру* (спорт), *шыр айналып секіру* (спорт), *қуғын-сүргін* (саяси), *баға жұлпынысы* (экон.), *баға серпілісі* (экон.), *қарсыласты тырп еткізбеу* (спорт), *сырғымалы кесте* (ісқағаз), *бүркемелі қорлар* (экон.), *құлақкүй* (өнер) және т.б. Бұл мысалдардың термин ретінде ұғымның нақты атауы бола тұра, түпнұсқасында метафора жататынын байқаймыз.

Біздің зерттеуімізде метафораның дескрипторлық теориясы жаңа терминдердің жасалу үдерісіне қатысты қолданылып, олардың түпнұсқа мағыналарындағы сигнификаттық және денотаттық дескрипторларының берілуі метафоралық проекция ретінде түсіндіріледі. Мысалы, жаңа термин – *жерсерік* жалпы қолданыстағы екі сөзден жасалып тұр: *жер* және *серік*. Осы секілді *аспансерік*, *бағдаршам*, *ұшақ*, *тікұшақ*, және т.б. Бұлардың әрқайсысы

өз алдына жеке мағыналарының сигнификаттық және денотаттық мағынасының қосындысы ғана аталған нысанның толық анықтамасын көрсете алады.

«Метафора адамдардың түсінуін қамтамасыз ететін феномен» [128, с. 208] болғандықтан, бірнеше метафоралардың бір уақытта іске асуы екі түрдің пайда болуына алып келеді: когнитивтік-семантикалық және онтологиялық үйлесімдік. Когнитивтік үйлесімдік фреймдердің түпнегізі ретінде метафоралық үлгілер арасында қорытынды нәтижесі бойынша байланыс болады. Мысалы, *Машина ойланып барып қозғалды* деген сөйлемдегі машинаның қозғалысын сипаттауда семантикалық уәжділік болмағанымен, ең алғашқы механизмдер адам әрекетін басшылыққа ала отырып жасалғанын ескерсек, *ойланып барып, қозғалды* сөз тіркестерін іс-әрекетке байланысты метафоралық үлгі ретінде қарауға болады (*жүрді, ойнады, көрді* және т.б.). Сонымен, Дж. Лакоффтың пайымдауынша, қандай да бір тілдік бірліктің түпнегізінде оның ойдағы көрініспен байланысы ретінде метафора жатады. Нақты сөздердің ойдағы көрінісі нақты бейне арқылы берілсе, іс-әрекет, қимыл, сезім, абстрактілі нысандар басқа ұғымдардың көмегімен метафоралану үдерісі арқылы танылады.

Адам санасында ой туындау үдерісінің ең зерттелген жақтарының бірі – *визуалдық ойлау* екенін айтқан С.Л. Рубинштейн (1957), Б.Г. Ананьев (1960), Л.Н. Леонтьев сияқты ғалымдардың пікірінше, ойлаудың осы түрі нысандар мен олардың біріне бірі әсерін көрсете отыра, байланысын іске асырады. Визуалды түрде ойлау қабілеті көп адамдарда болмайды деп саналады және өмірде бар жағдаяттар ойша бейне көрініс арқылы берілмейді дегенмен, мұндай бейнелердің сөздерге қарағанда өте икем, тез өзгергіш екені мәлім. Визуалды ойлауды – елестету, ішкі ой тізгінінде бейне құру деп атауға әбден болады. Бұл үдерістің өзі жоғарыда атап өткен ассоциациямен және метафорамен тығыз байланысты болады.

Ғалым Л.С. Выготскийдің ойынша: «Атау немесе сөз – адам назарын аударып, жаңа атаулар туғызуға итермелейтін көрсеткіш» [129]. Алайда аталым (сөз, термин) ойдың тежелуін де жүзеге асырады. Өйткені жіктеудегі «қатаңдық нысандарға» деген көзқарастың икемделуін қиындатады. Бұдан алыс болу үшін визуалды ойлағанды қолданған дұрыс, сөздерді емес, ойдағы бейне көріністерді елестете отырып ойлану психолог ғалымдардың пайымынша әбден мүмкін әрекет.

Алайда визуалдық ойлау дегеніміз – өз ой елегінде тек ең бастапқы образдарды ойлау материалы ретінде қараудан тыс нәрсе. Ойлаудың визуалдық тілі түстерді, графиканы, сызбаларды, басқа да көптеген нәрселерді қолданады. Ал бұларды тіл арқылы жеткізу оңай емес. Осы жерде жоғарыда атап өткен А. Эйнштейннің ойлау үдерісі мен сөздерге берген сипаты тағы да еске түседі. Адамның ояу сәтінде ойында туатын репродуктивтік образдары, ғалым А. Гостевтің айтуынша, елестетудің немесе қиялдың «құрылыс материалы» [130]. Көп жағдайларда бір нәрсені басқа адамға сипаттап беру оның аталуына әкеліп соқтырады. Сонда санадағы бейне-образдар – сөздер (терминдер) тәрізді

ақпараттың жинақталуы, сақталуы және өңделіп, қайта жаңғыруын қамтамасыз ететінін көреміз.

Шынайы өмірде енді ғана пайда болатын әлі жоқ нәрсені елестету адамның танымдық қабілетін кеңейтіп, көп жағдайларда жаңа ақпараттың пайда болуына алып келеді. Осыған байланысты елестету – шығармашылық ойлаудың көркемсуретпен ғана емес, ғылыми шығармашылықпен байланысты негізгі механизмдерінің бірі болып табылады.

Осы сөзіміздің дәлелі ретінде зерттеуші М.Н. Володина келтірген мынадай бір мысалды беру қажет деп ойлаймыз: «...*теледидар* өз алдына зат болып пайда болуына дейін неміс тілінде *көрініс* боп берілген. Ал 1877 жылы жасалған ең алғашқы *көріністі* қашықтықтан беру құрылымы *электрлік көз – telegraphic eye* (көрініс көзі) деп аталған. Бұл жерде біз метафораның да терминжасамда рөлі өте жоғары екенін көреміз» [131].

Жоғарыда көрсетілген терминдердің мән-мағынасын анықтау барысында және оларды жасау үдерісінде визуалдық ойлауға негізделген метафораның мысалын анық көреміз: *суырыпсалма айтыс* (өнер), *спорттық ізбасар* (спорт), *толық тізе бұзу* (тар.), *тосқауылдан секіру* (спорт), *шыр айналып секіру* (спорт), *қуғын-сүргін* (саяси), *баға жұлпынысы* (экон.), *баға серпілісі* (экон.), *қарсыласты тырп еткізбеу* (спорт), *сырғымалы кесте* (ісқағаз), *бүркемелі қорлар* (экон.), *құлақкүй* (өнер) және т.б.

### **2.3 Терминдік бірлік пен когнитивтік құрылымның өзара әрекеттестігін концептуалдық талдау алгоритмі**

Концептуалдық талдау әдісі жалпы когнитивтік ғылым салаларында (мысалы, концептуалдық талдау әдісі психологияда, мәдениеттануда, тарих және т.б. ғылымдарда) қолданылатын негізгі әдіснамалық (методологиялық) құралдардың бірі екендігі және бұл әдіске әр ғылым өзіндік мақсаттарына сәйкес тәсілдер кешенін пайдаланатыны белгілі.

Тіл біліміндегі концептуалдық талдау концепт пен оның тілдік бірлік ретінде репрезентациялануының неғұрлым айқын көрінісін тілдік бірліктің мән-мағынасын жан-жақты талдап, оның санадағы бейне-образын айқындау арқылы беру болып табылады. Негізінде, тіл білімінде концептуалдық талдауға әліге дейін толық дәрежеде түсінік те, анықтама да берілген емес. Когнитивт-ғалымдардың басым көпшілігі бұл мәселеде қалыптасқан дәстүрлі әдіс-тәсілдерді семантикалық, лексикалық, грамматикалық талдауларды, сұрыптау, салыстыру, талдау, жинақтау, топтау, контент талдау және т.б. қолданатынын алға тартады. Біздің ойымызша, дәстүрлі әдіс-тәсілдердің кешенді жиынтығын қолдана отырып, тілдік бірліктің ішкі мазмұнын, оның ұғымды көрсетудегі құзыреттілігін анықтау, тілдік бірлік пен ой-санадағы когнитивтік құрылым байланысын анықтау – концептуалдық талдаудың мақсаты.

Зерттеуші Б.Е. Хұсайынов осы мәселеге қатысты мынадай ой тастайды: «Концептуалдық талдау барысында нені ескеру қажет? Алдымен концептінің көпкомпонентті екенін және білім өрісін, түсінік, ұғым, ассоциациясын, олардың ядролары мен периферияларын ескеру қажет. Мәтіннің

концептуалдық кеңістігі концептінің ортақ қасиеттерінің топтасуы, бірігуі, бір-біріне тартылуы дәрежесінде ортақ семантикалық өріс құруынан көрінеді» [132].

Концептуалдық талдауға қатысты ғалым Р.М. Фрумкина өз еңбегінде төмендегідей топтасқан кешендік әрекеттерді алға тартады:

1. Талдауға алынған материалға әртүрлі шығармадан мәнмәтін алынады. Мағынаны түсіндіруде автордың жеке тәжірибесі сол мәдениетті тасымалдаушы, философиялық дәстүрді тасымалдаушы ретінде таратылады.

2. Нысана ретінде пропозицияның модальдық шылау, кванторлар предикатты лексиканың кейбір типтері алынады. Лингвистика дәстүріне сай тәсілдер қолданылады, мағына интерпретациясы негізгі назарға алынады.

3. Кез келген мәнмәтіннен тыс лексика алынып, зерттеудің интроспекциялық тәсілдері қолданылады (субъективтік ішкі түйсікке бағыттау).

4. Түрлі бағыттағы, бірінен-бірі талдау мақсаты бойынша алшақ тұратын нысандарға ортақ белгілер табу негізінде кешендік біріктіруге ұмтылады [133].

Сонымен қатар ғалым концептуалды талдауға: «Концептуальный анализ – это исследования, для которых концепт является объектом анализа. Смысл концептуального анализа – «проследить путь познания смысла концепта и записать результат в формализованном семантическом языке», – деп анықтама береді [133, с. 3].

Әйгілі когнитивист-тілші маман Е.С. Кубрякованың айтуынша, концептуалдық талдау «хотя и обнаруживает точки соприкосновения с семантическим анализом, имеет другие конечные цели. Если последний направлен на экспликацию семантической структуры слова, уточнение реализующих ее денотативных, сигнификативных и коннотативных значений, то концептуальный анализ предстает как поиск тех общих концептов, которые подведены под один знак и определяют бытие знака как известной когнитивной структуры. Семантический анализ связан с разъяснением слова, концептуальный анализ идет к знаниям о мире» [134]. Ғалым жалпы аталымдардың концептуалдық талдану көрінісі алуан түрде болатынын, мысалы, қарапайым сөздердің астарында жатқан концептілерді зерттеп, бұл талдауды тарихи тұрғыда сөздің пайда болу тарихымен немесе тілдік ортаға байланысты қалыптасқан мәдени, діни ұстанымдарына байланысты, тіпті берілген субъектінің психологиялық мінездемесіне байланысты сипаттауға болатынын айтады. Адамзат баласы тілдік бірліктің бойында жинақталған білім мазмұнын түсіне отырып, сол білім аясында жинақталған атауларды атап қана қоймай, оны шынайы өмірде қолданатыны сөзсіз. Демек, концепт бойында білім жинақталады, ал оны шығаруға концептуалдық талдау өз септігін тигізеді.

Концептуалдық талдау анықтамасын В.Н. Телия концепт ұғымымен тікелей байланыстырады. Концептуалдық талдаудың мақсаты (әрі нәтижесі) концепт болғандықтан, ол жинақтап тұрған нысан туралы білімді шынайы өмірден идеалды ұғымдар әлеміне көшіру деп таниды [135]. Демек, нысанға

катысты барлық мағыналар жиынтығын толықтай анықтап, олардың тілдік репрезентациялануын анықтау – концептуалдық талдау деп білеміз.

Ғалым А. Вежбицкаяның концептуалдық талдауды түсіндірудегі пайымы жоғарыда аталған ішкі интроспекция әдісі негізінде жасалып, тілдік интуиция (ішкі түйсік) көрінісін талдау басшылыққа алынады. Ғалымның ойынша, семантикалық ақпараттың басым бөлігі ұлттық тіл қолданушыларының санасында сақталады. Заттық атауларды зерттеуде ғалым сырт дүние құбылыстарына емес, адамның өз ішкі интуициясына қарауды ұсынады: «Описать семантику предметных слов типа чашка, птица – значит, описать не объекты, которые могут быть обозначены этими словами, т.е., не условия и границы денотации, а «идеальный образ» чашки, птицы, или иначе говоря, человеческие представления о типичном представителе, прототипе каждой из этих категорий. Естественно, что «идеальный образ», соответствующий некоторому слову, представление о прототипе задаваемой словом категории находится в сознании говорящих (а не во внешнем мире). Поэтому для того, чтобы описать семантику слова, т.е., соответствующий ему образ, надо исследовать языковое сознание говорящих, а не внешний мир, в котором нет этих образов, а есть реальные объекты» [122, с. 3-28].

Сонымен, А. Вежбицкаяның концептуалдық талдауды анықтаудағы басты әдісі – интроспекция. Нысанды зерттеушінің сол нысан туралы ішкі түйсігінде бар ақпараттың сыртқа шығарылуы, когнитивтік құрылымдарды субъектілі түрде зерттеу десе де болады. Интроспекция нәтижесі ретіндегі концептуалдық талдау қорытындысы – берілген концептінің «виралдық» анықтамасы пайда болады. Бұл жердегі виралдық деп отырғанымыз – концептінің өз мәні арқылы сырт дүниеге түсінікті болуы.

Жоғарыда атап өткен тұжырымдардың барлығына ортақ нәрсе: концептуалдық талдаудың мән-мағынасы – концептінің мазмұнын анықтау болып табылатындығы. Концепт – білімнің когнитивтік құрылымы болып анықталатын ойлау бірлігі, ал оның репрезентациялануы – тілдік бірліктер арқылы адамның сөйлеу үдерісінде көрініс табуы. Демек, концептуалдық талдау тіл біліміндегі дәстүрлі лексикалық-семантикалық, грамматикалық, құрылымдық, жасалымдық және т.б. әдіс-тәсілдер арқылы іске асады және олардың нәтижесінде санада қалыптасатын нысан туралы ақпараттың қалыптасуын қамтамасыз етеді. Бұл жерде біз ұлттық сана, ұлттық тілдік бейне категорияларының көріністері концептуалдық талдау үдерісінде айқындалуына аса мән береміз. Өйткені қандай да бір қауымдастықта қалыптасқан тарихи, мәдени, әлеуметтік, діни, психологиялық жағдаяттарға байланысты тілде көрініс табатын деректер өз құрылым компоненттері ретінде дефинициясы арқылы беріліп тұрған анықтамадан анағұрлым зор білім көлемін «ұстауға» қабілетті. Концептуалдық талдау тілдік номинация бойындағы бар мағыналық-ұғымдық компоненттердің «ашылып», қайта жаңғыруына мүмкіндік береді.

Сонымен, концептуалдық талдауды қазіргі тіл білімінде концептіні зерттеуші ғалымдар қолданатын барлық әдіс-тәсілдердің кешенді жиынтығы деп тануға әбден болады. Мысалы, тілдік сана мен когнитивтік сананы тілдегі



калыптасқан белгілі тәсілдер – ішкі лексикон (А. Залевская), ассоциативті-вербалды жүйе (Ю. Караулов, Н. Уфимцева, Ю. Сорокин), прецедентті мәтіндер (Ю. Караулов, Ю. Сорокин), лингвомәдени ерекшеліктер (В. Карасик), тілдік бірлік пропозиивтілігі және т.б. Бұл дегеніміз – дәстүрлі тілдік әдіс-тәсілдерден бас тарту емес, керісінше, соларды қолдану арқылы алынған нәтижелерге жаңаша көзқараспен – когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарау деп білеміз. Концептілерді зерттеудегі ең басты әдіс – концептуалдық талдау болса, ал ол өз кезегінде, ақиқат болмысты концепт терминдері арқылы сипаттап, айқындауға бағытталады. Е. Кубрякованың айтуынша: «Концепты – идеальные единицы сознания, составляющие часть общей концептуальной картины мира» [134, с. 80]. Демек, концептуалдану дегеніміздің өзі – ақиқат болмысты танып, білу, ал бұл әрекеттің нәтижесінде білімнің менталдық, когнитивтік құрылымдары түзіліп, тіл арқылы репрезентацияланады.

Зерттеуші Х.А. Ордабекова «Дәстүрлі және қазіргі тілдік санадағы «гүл» лексемасының семантикалық және ассоциациялық табиғаты» деген мақаласында [136] «гүл» лексемасына жан-жақты талдау жасаған. Автор қолданған әдісін семантикалық концептуалды талдау деп беріп, зерттеу нысанының қазақ халқының тілдік санасындағы ұғымдық белгілерін анықтауды «гүл» лексемасының ономазиологиялық, семантикалық құрылымын талдау арқылы, ассоциативтік эксперимент жүргізу арқылы, ақын-жазушылар шығармаларындағы «гүл» лексемасының қолданысын жете зерттеп, статикалық түрде қолданылу жиілігін айқындап: 1) «гүл» лексемасына қатысты қазақ халқының санасында қалыптасқан ассоциаттар қатарын (қызыл гүл, солу, қыз және т.б.); 2) «гүл» лексемасының семантикалық құрылымын (сөздіктердегі тіркелген мағынасы бойынша); 3) «гүл» лексемасын қарапайым-тұрмыстық ортада қолданысы арқылы; 4) «гүл» лексемасының жырдағы (фольклор, діни мәтіндегі, аңыздардағы) мағынасын анықтау негізінде (лингвомәдени тұрғыда); 5) «гүл» лексемасының поэзия тілінде қолданылуы арқылы; 6) «гүл» лексемасының философиялық, діни тақырыптармен байланыстыра зерттей келіп, жеке интроспекциялық тұжырымын ұсынады: «Гүл» концептісінің интерпретациялық өрісінде жаңа ұғымдық белгілер емес, жалпыға таныс тілдік және ассоциативті-мәдени ұғымдардың модификациялану, трансформациялану үрдісі байқалады» [136, б. 129]. Біздің ойымызша, автордың қолданған әдісі концептуалдық талдау әдісінің жақсы үлгісі бола алады. Өйткені бір лексема мәнін дәстүрлі әдістер негізінде лексикалық-семантикалық немесе грамматикалық талдау арқылы біржақты қарау оның тек тілдік бірлік ретіндегі көрінісін береді, ал тілдік бірлікті когнитивтік тұрғыдан қарастырғанда нысанның бойындағы бар ақпаратты анықтау үшін жан-жақты зерттеу қажет. Ал бұл тілдік бірлікті концепт ретінде қарастырып, концептуалдық талдауды қолданған жағдайда ғана мүмкін болады.

Сонымен, біріншіден, концептінің интерпретациялық өрісі ақпараттық мазмұнның когнитивтік белгілерін өз бойына жинақтап, өз алдына басқа концептінің мән-мағынасын айқындауда негіз болуға қабілетті екендігін көреміз.

Екіншіден, концепт бір жағдайларда зерттеу нысаны болса, екінші жағдайларда басқа әдіс-тәсілдерді қолдану барысында алынатын қорытынды нәтиже екенін аңғарамыз. Терминдік бірлікті (тілдік бірлікті) концепт ретінде қарастыра отырып, біз семантикалық, лексикалық, этимологиялық, прагматикалық талдаулар, эмпирикалық әдіс-тәсілдер негізінде зерттелетін нысан екінші түрде жиірек кездесетінін байқадық.

Үшіншіден, концептуалдық талдау дәстүрлі түрде ақиқат болмысты танып-білумен, оны сипаттаумен байланыстырылады. Ал ақиқат болмыста тілдік бірліктер адам санасындағы когнитивтік құрылымдар күйінде көрініс табатынын ескерсек, *термин–концепт* арақатынасындағы дефиниция құрылымының маңызды рөл атқарып, сырттан түсетін ақпаратты кодтау үдерісіндегі басты құрал екенін көреміз. Дефиницияның құрылымдық компоненттердің бір-бірімен үйлесімділігі негізінде санада туындайтын ассоциаттардың термин мән-мағынасын сақтауда имплициттік субстантивтік семантикалық параметрлерден тұратынын көреміз.

Сонымен, терминдік бірліктерді когнитивтік тұрғыдан қарастырғанда қолданатын басты әдіс *концептуалдық талдау* болып табылады және оны төмендегідей алгоритм арқылы көрсетеміз:

1. Термин-концепт арақатынасын ескере отырып, концептінің референттік жағдаятын анықтау.

2. Терминологиялық сөздіктер мен анықтамаларға жүгініп, термин-концептінің мағыналық құрылым ядросын анықтау.

3. Концептінің термин ретінде вербалданып, бекітілген бастапқы сөз этимологиясын анықтау.

4. Терминнің дефинициялық белгілерін айқындап, сол терминмен байланысты концептінің концептуалдық өріс жүйесінде көрініс табуын анықтау.

5. Терминдік бірлік пен онымен байланысты концепт кіретін ғылыми-кәсіптік мәнмәтіндерін қарастыру.

6. Концептосферадағы негізгі, базалық (кілт, негіз) концептілерді анықтап, олар репрезентацияланып тұрған тілдік бірліктермен байланысын тілдік деректер негізінде анықтау.

Сөзімізді қорыта келе, концептуалдық талдау негізінде терминдік бірлік анықтап тұрған ұғым мән-мазмұны (білім, ақпарат) субъект санасында шартты түрде фреймдік модель көрінісі ретінде қалыптасып, өз бойына нысан туралы білімнің барынша кең көлемін жинақтайды деп пайымдаймыз.

## **2-бөлім бойынша қорытынды**

Сонымен, осы тарауда қарастырылған мәселелер бойынша төмендегідей тұжырым жасаймыз:

Біріншіден, қазіргі зерттеулерде терминнің концептуалдық анықтамасы оның тілдік бірлікпен байланысы, жүйелілігі, қызметтік маңызы, семантикалық толыққандылығы, нақты кәсіптік немесе ғылыми ортадағы конвенционалдығы (ұғым мен оның атауының шартты түрде қабылданып, дәстүрге сәйкес болуы),

стандарттауға бейімдігі тәрізді белгілерінің санада қалыптасатын концепт ұғымымен байланысы арқылы қарастырылады.

Екіншіден, терминдік бірліктің ақиқат шындықтағы нысандарды танып, атауда, демек, категориялап, кодтау үдерісіндегі ой-санада жүретін түсіну-түсіндіру үдерістерін анықтау когнитивтік терминтанымның басты мәселесі болып табылады.

Үшіншіден, когнитивтік құрылымдарды қаншалықты жіктеп, топтап қарастыруға ұмтылғанымызбен, олардың ақиқат шындықтағы нысандардың санада туындайтын көрінісі ғана екенін естен шығармай, анықтамаларына сәйкес концепт, фрейм, сценарий деп бөлгенмен де, түп негізінде адам санасындағы белгілі нысан (зат, құбылыс, жан, әрекет және т.б.) туралы ақпарат, білім жиынтығы екенін ескеру қажет.

Төртіншіден, жалпы тілдік бірлікті (соның ішінде, терминдік бірлікті де) когнитивтік тұрғыдан қарастыру барысында концептуалдық талдау әдісі қолданылып, ол өз алдына анықталып отырған нысан туралы лексикалық-семантикалық, морфологиялық-грамматикалық, этимологиялық, сөзжасамдық талдауларды және тілдік бірліктің жұмсалымдығын қамтитынын байқаймыз. Ал концептуалдық талдау зерттеліп отырған нысанға қатысты қолданылатын әдіснаманың (методологияның) барлығын қамтуға мүмкіндік береді. Терминдік бірліктерді когнитивтік тұрғыдан анықтауда концептуалдық талдау қолданылып, терминдер когнитивтік-семантикалық аспектіде қарастырылып, терминнің мән-мағынасы оның тіл тұтынушысының (субъект) санасында пайда болатын көрінісімен байланысы ретінде, тілдік бірліктің лексикалық-семантикалық анықтамасына сәйкес семалар жиынтығы арқылы сипатталды.

Қорыта келгенде, кез келген аталым үдерісінде, оның ішінде терминологиялық аталымда да, жаңа пайда болған затқа, құбылысқа, ұғымға атау беру барысында да басшылыққа алынатын басты қағидаттардың бірі – ассоциативтік үдеріс деп айтуға толық негіз бар. Өйткені объективтік шынайылық тұрғысынан келгенде ақиқат болмыстағы нәрсенің барлығы адамның ой-санасында, түйсігінде образдар, бейне-түзілімдер, фреймдер және т.б. когнитивтік құрылымдар түрінде көрініс табады. Ал олардың барлығы, өз кезегінде, адамды қоршаған орта мен сол адамның «ішкі» жан-дүниесін, ой-санасын, танымын тығыз байланыстыратын ассоциативтік ұғымдар арқылы танылады.

Сонымен, тіл бірліктерін (соның ішінде, терминдік бірліктерді) когнитивтік тұрғыдан қарастыру дәстүрлі талдаулардан ең алдымен тілдік бірліктерді зерттеудегі ұстанатын қағидаттары бойынша ерекшеленеді. Тілдік бірліктерді санадағы менталдық, психикалық бірліктер көрінісімен байланыстыра зерттеу арқылы жалпы ұлттық, адами, тарихи, мәдени, әлеуметтік, прагматикалық құндылықтар мен сипаттар «сүзіліп шығып», тілдік бірліктердің репрезентациясы үдерісіндегі концепт, фрейм, сценарий, скрипт, гештальт деп аталып жүрген феномендердің айқындалуына мүмкіндік туады. Бұл тұрғыда терминдік бірліктер ғылыми-кәсіптік білімнің көрсеткіші және

оперативтік бірлігі ретінде өзі анықтап тұрған ұғымдардың когнитивтік құрылымдар ретінде адам санасындағы көрінісі болатынын атап өтеміз.

### 3 ТЕРМИНДІК БІРЛІК МӘНІНІҢ КОГНИТИВТІК ҚҰРЫЛЫМ НЕГІЗІНДЕ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАНУЫ

#### 3.1 Терминдік бірлік дефинициясының фреймдік-семантикалық үлгісі және қазақ тіліндегі жаңа терминдердің фреймдік құрылымы

Қазақ тіл білімінде термин мәселесі жиырмасыншы ғасырдың басында А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Ж. Аймауытұлы, Қ. Жұбановтың еңбектерінде көтерілгенін жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау керектігін Ә. Қайдар, Ө. Айтбайұлы, Б. Қалиұлы, Ш. Құрманбайұлы, т.б. ғалымдар да әркез көтерген еді. Ғалым О. Жұбаева өзінің «Қазақ тіліндегі терминжүйенің когнитивті сипаты» мақаласында осы ғалымдардың еңбектеріне шолу жасай отырып, келесідей түйін жасайды: «...XX ғасыр басында өзге тілдік сөздерді (терминдерді) қабылдауда төмендегідей ұстанымдар көзделген: а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу; ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу; б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, еуропа сөзін алу. Сөздіктерді құрастырушылар да осы ұстанымды басшылыққа алған. Олар термин сөздерге негізінен қазақ тілінен балама табуға тырысқан» [137]. Демек, жиырмасыншы ғасырдың басында-ақ ғалымдар ұсынған қағидаттар қазіргі заманда да қолдануға әрі өзекті, әрі дұрыс екендігі дау тудырмайды.

Терминнің мән-мағынасын сөз еткенде, терминді жіті зерттеуші орыс ғалымы П. Флоренский мынадай тұжырым жасайды: «Всякое техническое наименование, в какой угодно области знания, вводится определением, а это последнее предполагает за собою ... суждение о существовании того комплекса признаков, который связывается воедино выставляемым определением; это экзистенциальное суждение ... свидетельствует о возможности этого комплекса, – возможности внутренней, отнюдь не формальнологической, но связанной со всем строением данной области познаваемого, возможности приемлемой всеми закономерностями этой области, а кроме того утверждает устойчивость, т.е., пребываемость обсуждаемого комплекса, его внутреннюю связанность и единство» [138]. Ғалымның бұл сөздерінен мынадай қорытынды шығарамыз: арнаулы сала бірлігі ретінде термин үшін «поиск внутренних возможностей» немесе «ішкі мазмұнын іздеу», яғни оның мағыналық анықтамасы – ұғымға байланысты дефинициясының ерекшеліктері мен айырмашылықтарының тізбегін құру қабілетімен сипатталады; бұл өз кезегінде, біз екінші тарауда атап өткен ұғымдық-тілдік иерархиялық жіктемеге негізделіп, жалпылама ұғымдар арасынан нақты ұғымды логикалық пайымдау негізінде «сүзіп шығаруға» мүмкіндік береді. Демек, жалпы лексикаға тән төменнен жоғарыға, жалпыдан жекеге деп қарастырылатын гиперонимдік-гипонимдік қатынас толықтай терминдердің когнитивтік – дефинитивтілігін сипаттауда іске асады. Мысалы, кең көлемді ұғым ретінде *заң* терминін қарастыратын болсақ, оның иерархиялық сатыдағы тізбегінде *құқ*, *құқық*, *заңнама*, *философиялық заң*,

экономикалық заңжәне т.б. терминдер болатынын көреміз. Сол тәрізді коммуникация ұғымы да: аудио-, видео-, тікелей, ғылыми, тұрмыстық, ал бұл тізбек телефон, теледидар, сұхбат, әңгіме, е-майл, факснемесе халықаралық коммуникация, салааралық коммуникация, лингвистикалық коммуникация, математикалық коммуникация, ауыспалы коммуникация, компьютерлік коммуникация тәрізді жеке мағынаға ие бірліктерді қамтиды. Аталған әрбір бірліктің дефинициясы тек сол ұғымға қатысты айырма белгілерді өз бойына жинақтайды. Дефиницияның жіктеу қабілеті терминдерді ғылыми білім бірліктері ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осындай дефиницияға П. Флоренский «ұғымды түсіндіру» деген атау бере отырып: «...анықтама ғылыми жаңалық іспеттес, біздің білімімізді кеңейтуде шешуші қадам басқанмен бірдей...», – дейді [138, с. 376]. Термин дефинициясына енгізілетін толықтырулар адам танымының үздіксіз үдеріс екендігінің дәлелі әрі ғылыми білімінің кеңейіп, әрдайым жаңа ақпаратпен жаңартылып отыратынының белгісі. Мысалы, осы тұрғыда *контакт* терминін қарастыра келе, оның алғашында *қосылу*, *түйісу* мағынасында *электрлік тізбек сымдарының қосылуы* дегенді анықтаса, кейіннен оның дефинициясына енгізілген толықтырулар арқылы оның ақпараттық құрылымы өзгеріп, «ақпаратпен қамтамасыздандыру», «электрлеу» салаларында көптеген басқа терминдік тіркестердің осы термин арқылы туындауына себеп болғанын көреміз. Терминнің мән-мағынасын анықтап тұратын дефинициясының ғылыми-кәсіптік білім элементі бола тұра, әрекетке бағдарлайды деп қорытындылаймыз. Осы ретте П. Флоренскийдің: «...культивированное слово-термин, призванное быть маяком на пути постижения жизни, есть окончательное слово, которое попало в самую точку, в самую суть познаваемой реальности. Это зрелое слово, на котором развиваются наука и философия и которым живы обе они», – деген [138, с. 369] анықтамасы терминнің когнитивті-ақпараттық мән-мазмұнын жете түсінуге көмектеседі. Өйткені терминнің дефинициясында ұжымдық ғылыми-кәсіптік білім сақталып, сол термин арқылы таратылуға жағдай жасалады. Мысалы, қазіргі кезде саяси ғылымдар саласында көп қолданылатын әрі жалпы қолданыста да мән-мағынасы толықтай айқындалған *әкім (әкімшілік)* термині өз бойына жалпы басқаруға қатысты ақпаратты жиып тұр. Алайда Кеңес дәуірі кезінде бұл термин қолданыста болған емес, өйткені жергілікті басқару органдары ретінде *председатель*, *хатшы*, сол секілді *райсовет*, *облсовет*, *исполком*, *райком*, *партком*, *колхоз*, *совхоз* тәрізді түбір сөздердің қысқартылуы арқылы жасалған терминдер қолданылғанын білеміз. Бұл терминдердің барлығы орыс сөздерінен шыққаны айқын байқалады: *районный совет*, *областной совет*, *исполнительный комитет*, *коллективное хозяйство* және т.б. Ал егемендік алғаннан кейінгі кездері осы терминдерге балама ретінде *әкім (әкімшілік)* сөзі алынып, кейіннен бұл сөз кең қолданысқа ие болып қана қоймай, жаңа терминдердің, терминдік тіркестердің пайда болуына себеп болды. *Әкім* – араб тілінің «әл хакім» сөзі, түп негізінде Алла Тағаланың 99 есімінің бірі, «данышпан», «даналық иесі» дегенді білдіреді екен. Сонымен қатар, «үкім шығарушы», «басқарушы», «билеуші» мағыналары да бар.

Бастапқыда ұлылық, білімгерлік, данышпандық мағынасын иемденген бұл сөз «хакім» – «оқымысты», «данышпан» мағынасында ғалым, діндар адамдарға қатысты қолданылатынын тіл тарихын зерттеушілер айтады: «Хакім – араб тілінен енген сөз, «данышпан», «дана адам», «әкім» деген ұғымдарды білдіреді, соңғы уақыттарда «хакім» үлгісінде тіпті сирек қолданады, ал енді «әкім» мағынасында санаға жақын, етене ұғым болып қалды» [139]. Сонымен, кірме сөз *хакімнің* қазақ тіліндегі үндестік заңына сәйкес өзгеріп, бастапқы күйінен өзгеше формада *хакім – әкім* (тағы да осындай мысалдар ретінде: *харам – қарам, арам; сондай-ақ, хәрф – қарп, әрп; хийлә – қыйла, қайла, айлажәне* т.б.) қолданыла бастап, мән-мағыналық жағынан да өзгеріске ұшырағанын көреміз: діни ұғымдар қатарындағы Алланың кейпін білдіретін мағынасы уақыт өте тарылып, жалпықолданыс лексикасының бірлігіне айналып, жалпы «басқару» ұғымын білдіре бастағандығын көреміз. «Қазақ сөздігінде» бұл сөзге: «*Хакім – 1. Көнерген сөз, даулы мәселені шешетін тәуелсіз төреші. 2. Басқарушы, әкім. 3. Оқымысты, данышпан, философ*» анықтамасы беріледі [140].

Сонымен, кірме *хакім* сөзі, біріншіден, қазақ тілінің үндестік заңдылығына бағынып, дыбысталу формасын өзгертіп, жаңа мағынаға, соның ішінде терминдік сөз қатарына *әкім* формасында өтсе, өзінің сол *хакім* тұлғасында «данышпан», «дана» мағынасында қолданылатынын көреміз (мысалы, *хакім Абай*). Осы сөзге жасалған этимологиялық талдау сөздің кірме сөз екенін және оның мағыналық сипаттамасының діни ұстанымдар тұрғысынан жалпы данышпандық пен кемеңгерлік ұғымдарымен байланысатынын көрсетеді. Сөздің бастапқы мағынасының семантикалық өзгерістерге ұшырап, рухани көрсеткіштерін жоғалтып, қазіргі кезде «билік» пен «басқарушылық» мағынасының бастапқы семалар қатарынан табылатынын да байқаймыз. Алайда түпкілікті талдау нәтижесінде бұл сөздің ел басқарушы адамның сипаттамасын дәл анықтап, ондай қызметтегі адамның бойында міндетті түрде болуы керек адами қасиеттердің бастыларын қамтып тұрғаны да анық көрінеді. *Әкім* нұсқасында жаңа терминдердің және терминдік тіркестердің жасалуына кең қолданысқа ие екені мына мысалдардан байқалады: *әкімдік, әкімшілік, әкімшіл-әміршіл әдіс, әкімшіл-әміршіл жүйе, әкімшілік айып, әкімшілік акт, әкімшілік алым, әкімшілік аппараты, әкімшілік жаза, әкімшілік бақылаужәне* т.б. Демек, терминнің ішкі мазмұнын концептуалдық талдау негізінде айқындап, оның санадағы концептпен байланысын көрсету тілдік бірлік бойындағы мән-мағынаның анықталуына мүмкіндік береді [141].

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, концептуалдық жүйенің негізін «семантикалық сөз таптарына» жақын келетін нысандар – олардың мәні, құрылымы, іс-әрекеті, мекені, жағдаяты, уақыт белгілері тәрізді концептілер құрайтынын батыстық когнитивист ғалымдар алға тартады. Бұл пікір менталды лексикон құруға лайықты грамматикалық категориялардың қалыптасуынан ерте, адамның қоршаған әлемді танып, білім құру үдерісінде концептуалдық негіздер түзуімен сипатталатынын Е. Кубрякова келтіреді [142]. Бұл пайымға байланысты шынайы өмірде бар нысандардың бәрі олардың атауға ие болуына дейін де адам санасында қоршаған ортаның бейнесі ретінде тәжірибе негізінде

білім қалыптастыруы арқылы анықталады. Мәселен, ең байырғы концептілер қатарына адамның тұрмыс-тіршілігіне, философиялық, діни наным-сенімдеріне, мәдениетіне байланысты концептілер жататыны баршаға мәлім. Уақыт-кеңістік, жақсы-жаман, өмір-өлім, жер-су, адамның негізгі қимыл-әрекетіне байланысты және т.б. концептілер ең байырғы ұғымдармен байланысты. Мысалы, *кеңістік* әлемдегі барлық тілдердегі ұлттық тілдік бейненің нысаны болғандықтан, оның тілде репрезентациялануына жалпы шолу жасап көрелік. Егер кеңістік ұғымына әлемдегі бар нәрселердің белгілі бір аумақта орналасуы арқылы қарайтын болсақ, бұл ұғымның концептосферасына түрлі тілдік бірліктер, соның ішінде анық концептуалдық белгілері бар *жер, су, тау, бағыт, бағдар, орналасу, жоғары, төмен, алыс, жақын, кең, ірі* және т.б. бірліктер кіріп, кеңістік метафоралық модельдерінің қалыптасуына жағдай жасайды: *Жер – Ана, жер мен көктей, ұлан-ғайыр жер, ұшан-теңіз көл, көз жетпес кеңістік* және т.б. тілдік репрезентациялар қатарынан табылатын кеңістік концептуалдық құрамдас компоненттері қатарын жалғастыра беруге болады. В.А. Маслованың айтуынша, орыс когнитивтік лингвистикасында бұл концептіні зерттеуде бірнеше бағыт қалыптасқан: «1) мәдени құндылықтарға байланысты адамдардың кеңістікті қалыптастыру мақсатындағы әрекеттері (П. Флоренский, М. Бахтин, Ю. Лотман); 2) кеңістікті әлем бейнесімен байланыстыру (Г. Гачев, В. Топоров); 3) кеңістікті әлемнің тілдік бейнесімен байланыстыру (Т. Цивьян, С. Никитина); 4) кеңістікті мәтін лингвистикасымен байланыстыру (О. Москальская), кеңістікті көркемсурет мәтін құрылымының элементі ретінде қарастыру (М. Лотман, Б. Успенский)» [143].

Кеңістікті зерттеу В.В. Колесовқа оны «идеал» ұғымымен байланыстыруға мүмкіндік береді: «Идеал представлен не во времени, а пространственно, наполняя собой другое место; он не творится с нами, его можно отыскать, найти (в буквальном смысле слова на-йти, то есть, дойти до него)» [144]. Осы тұжырымды негізге ала отырып, біз кеңістік тілдік бірлік пен концепт байланысы арқылы қабылдануының дау туғызбайтынын көреміз, демек, осы бірліктің бойынан концептуалдық белгілер іздемей-ақ, бірден оның терминологиялық сөздіктердегі терминдер арқылы репрезентациялануына қарастыруғды жөн көреміз.

Сонымен, жоғарыда келтірілген бағыттарға сәйкес, кеңістік концептуалдануын қарастыруды бірінші бағытта – мәдени құндылықтарға байланысты әрекет жасау арқылы репрезентациялануы қарастырылып, бұл бағыт бойынша төмендегідей репрезентациялар анықталды:

*Айналым* (экон.), *айналысқа ақша шығару* (экон.), *алым-салым, алып-сату* (экон.), *алыс-беріс қатынастары* (экон.), *әрекетсіздік* (психол.), *бағдарлау рефлексі* (психол.), *бағдарлама жасау* (ісқағаз.), *кеңістік иллюзиялары* (психол.), *кеңістікті аңғару* (пед.), *кері байланыс* (психол.), *кері қапсыра ұстау* (спорт), *кері қозғалыс* (саяс.), *кері секіру* (спорт), *кері экспорт* (экон.), *кері сөздік* (лингв.), *енгізу* (экон.), *енгізу; соғу* (спорт), *қуалап жарысу* (спорт), *қуғын-сүргін* (саяс.) және т.б.



Кеңістіктің әлемнің тілдік бейнесіне қатысты көрініс табуы:

*Жер, су, әлем, жол, бағдар, жоғары, төмен, орта, шығыс, кіріс* жәнет.б. концептілермен жасалып тұрған терминдік тіркестер: *жер аудару* (саяс.), *жерге жеке меншік монополия* (экон.), *жергілікті басылым* (мәден.), *жергілікті өкімет* (саяс.), *жергілікті тауар* (экон.), *су алмасуы* (экон.), *су астындағы жаттығу* (спорт), *су балансы* (экон.), *су қоры* (заң), *су заңдары* (заң), *әлемдік мәдениет* (мәден.), *әлемдік мәміле* (экон., заң), *әлеми түйсік* (философ.), *жоғары әуен* (өнер), *жоғарғы баға* (экон.), *жоғарғы білім* (пед.), *жоғарғы дәрежелі бірлескен мәміле* (саяс.), *жоғарғы және төменгі комедия* (өнер), *төмендету, арзандату* (экон.), *төменгі палата* (саяс.) жәнет.б.

Қорытындылай келе, *кеңістік* концептуалдық модель-үлгісін құру үдерісінде терминдік бірліктердің мына белгілерге байланысты жіктелетінін көреміз:

1. Нысанның кеңістікте орналасу орны.
2. Нысанның кеңістік ұғымына қатысты әрекет ету немесе басқа нысан тарапынан әрекетке ұшырауы.
3. Қазақ тілдік бейнесінде қалыптасқан когнитивтік ұлттық мәдени-психологиялық сипаты.

*Кеңістік* концептінің терминдік бірліктер арқылы репрезентациялануы түрлі терминдік тіркестердің құрамдас бөлігі ретінде басқа концептілердің (*жер, су, бағдар, бағыт, шек* және т.б.) қолданылуы, терминдік тіркес құрамындағы шеттілдік құрамдас компоненттер анықтап тұрған мағынаның қазақтың төл сөздері арқылы анықталатынын көрсетеді: *жағдаятқа сәйкестелмеген белсенділік* (психол.), *жағымды әсер қалдыру* (психол.), *жабық бекініс* (спорт), *жабық метафора* (лингв.), *жабық сауалнамалар* (мәдени), *жабық ұйқас* (лингв.) және т.б.

Осы орайда орыс ғалымдары В.И. Карасик пен Г.Г. Слышкиннің концепт құрылымын бірнеше элементтерге бөліп қарастырғанын еске сала кетуге тұрарлық: фактуалдық, образдық (көріністік), бағалау [145]. Жоғарыда қарастырған терминдік бірліктердің концептуалдық белгілерін зерттей келе, осы үш ерекшеліктің де термин бойынан байқалатынын көреміз. Зерттеуші Урысон Е.В. ғаламның тілдік бейнесінің лингвистикалық қатыстылығына байланысты әлемдегі барлық нысандар мен олардың атаулары арасындағы байланыс тіл иесінің санасында қарапайым (наивный) көріністер түзеді, ал бұл өз кезегінде нысан туралы тұрмыстық, күнделікті қолданыс кезінде түзілетін ұғымдар қалыптастырады деп тұжырымдайды [146].

Кеңістік базалық концептілерімен қатар түр-түс концептілері де тілдік бірліктермен байланысы арқылы құралған терминдік бірліктердің құрылуында орасан зор рөл атқарады. Ақиқат болмыс адам үшін алуан түске боялған шынайы нысандар мен олардың санада орын алатын бейне-образдарының кешенді жиынтығы деуге әбден болады. Санадағы бейне-түзілім сырт ортадан түсетін *қызыл, қара, ақ, сары, жасыл, көк* және т.б. түс атауларының арнаулы символдық, мифологиялық, діни, мәдени, ғылыми, кәсіптік білім мен тәжірибеге қатысты, тіпті жеке-дара психологиялық жағдаяттарға қатысты

жиылған бар ақпаратты қамтитыны қазіргі кезде дау туғызбайды. Алайда түр-түстің адам өмірінен, жалпы адамзат өркениетіндегі алатын орнын нақты зерттеп, дәл белгілеп сипаттап беру мүмкін еместігін сонау замандардан келе жатқан философ ойшылдар да, когнитивист ғалымдар мен тілші мамандар да айтады. Бұл тақырыпты зерттеуші ғалымдар шынайы өмір нысаны мен оның атауы арасындағы байланысты сипаттауда тарихи-мәдени тәжірибе толығынан ескерілмейтінін алға тартады. Мысалы, кейбір халықтарда *ақ* түс «қайғы» символы саналса, енді бір ұлттар оны «қуаныш» пен «тазалық» белгісі санайды да, осыған байланысты әр ұлттың түр-түске байланысты тілдік бейнесі де айрықша болып, тілдік деректер ретінде фраземалар алуан түрлі, өзіндік ерекшеліктерге толы болады. Тіл тарихын зерттеушілер бірнеше тілдерді салыстыра зерттей келе, түр-түс атауларының жүйесін қабылдауда әр ұлт өкілдері тарапынан ұқсастықтармен қатар айырмашылықтардың да көптеп кездесетінін алға тартады. Әрбір тілде түр-түспен байланысты идиомалар, паремиологиялық бірліктердің көп кездесетіні де осының дәлелі. Әрі әрбір түр-түс атауының құрамдас компоненті ретінде құрылған әрбір тілдік бірлік тарихи, эмоционалды, психологиялық, менталдылық тұрғыдан ұлт туралы ақпарат береді. Жаратылыста бар түстің экстралингвистикалық ұстанымдары тілдік жүйеде міндетті түрде бейнеленіп, шынайы өмірдегі нақты нысан туралы дәл ақпаратты қамтып тұратыны түр-түс категориясының концептілік мазмұнын көрсетеді. Мысалы, қазақ ұлттық тілдік бейнесінде *қара* түсті қайғы-қасіретпен, *ақ* түсті – тазалық пен жақсылықтың нышаны, *қызыл* түсті – жаңашылдық, жастық, сонымен қатар, алдамшылық, дүниенің аумалы-төкпелі әрі лездік сипатымен, жасыл, *көк* түсті – өмірдің жаңаруымен, дүние кеңдігімен және т.б. байланыстырып, соған қатысты тілдік бірліктер пайда болғанын көреміз: *қара түнек, қара ниет, қара шаштың ағында, өлеріңнің шағында; ақ жаулықты ана, ақ сақалды ата; қу дүние қызыл түлкі; сары тіс қартайғанның белгісі; көк теңіз, көк бөрі, жасыл желек, қызыл тіл, қызыл кеңірдек, қара табан* және т.б. Түр-түс атаулары лексикалық жүйенің бірліктері ретінде өзара байланысып, түрлі фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, паремиологиялық бірліктердің пайда болуына ықпал етеді. Өйткені: «Color is one of the properties of the material world, perceived as a conscious visual sensation. A particular color is assigned by a person to objects in the process of his perception. Often, a person's mood, emotions and well-being depend on the color perception. It is logical to assume that research in the field of psychology. However, considering certain aspects, researchers often do not take into account the features of the formed color picture of the world of person belonging to a particular linguistic culture» [147].

Түр-түс атауларының терминдік тіркестің құрамдас компоненті болуы олардың объективті түс гаммасының алуан түрлілігін бейнелейтін ықшам әрі жеңіл ажыратылатын лексикалық топ құрамына кіруіне байланысты. Мәселен, *қызыл жолақ* (лингв.), *қызыл ту* (тар.), *қызылдар* (тар.), *қара сөз* (әдеб.), *қара белбеу* (спорт), *қара өлең* (әдеб.), *қара қағым* (мәден.), *қаралы комедия* (өнер), *көк сауыт* (тар.), *сары май өндірісі* (экон.), *сары уайым* (психол.), *сары қымыз*

(этногр.) және т.б. Мұндай құрамында түр-түс атауы бар терминдік тіркестер лингвистикалық жайттардан гөрі экстралингвистикалық, атап айтсақ, діни және мәдени үрдістерге, психологиялық және танымдық қағидаттарға, тарихи жағдаяттарға қатысты қалыптасқан деп есептейміз. Жоғарыда келтірілген кеңістік, уақыт сынды макроконцептілік үлгіге ие үлкен топтар тәрізді, түр-түс атауына қатысты когнитивтік құрылымдардың бойында атаудың нақты ерекшеліктерінен басқа, жеке-дара субъектілік интенционалды сипаты басым болады. Бұл тұрғыда *ақ*, *қара* түр-түс атауы нақты концептуалдық сипатқа ие бірлік және бұл категорияның көптеген тілдердегі концептуалдық мән-мағынасы ұқсас. Мысалы, тіпті қазіргі ағылшын тілінде де және оның орысша, қазақша баламасында *қара* түр-түсі жағымсыз коннотативтік сипатпен қатар қалыптық, тобырлық, алпауыттық мазмұнға жақын келеді. Алайда бұл түр-түс сонымен қатар, *қара шаңырақ*, *қара халық*, *қара бас* тәрізді кең көлемділік мағынасының да көрсеткіші екенін ұмытпаған жөн. Мысалы, соңғы кездері *қара жұмысшы*, *қара жұмыс* (*чернорабочий*, *черная работа – физический труд*), *қара жұма* (*черная пятница*), *қара пиар* (*черный пиар*), *қара суық* (*стужа*), *қара алтын* (*көмір*, *мұнай*), *ақ көңіл* (*чистосердечный*), *ақ дастарқан* (*хороший прием*, *хлеб-соль*), *ақ алтын* (*мақта*), *ақ жол* (*в добрый путь*, *счастливая*, *удачная дорога*), *ақ ниет* (*благие намерения*), *ақ саусақ* (*белоручка*), *ақ отау* (*светлица*, *полный счастья дом*, *семья*) және т.б. тілдік бірліктер бұқаралық ақпарат құралдарында көп кездеседі де, бұл бірліктердің мән-мағынасына тереңірек үңілер болсақ, түр-түстік денотативтік белгілері емес, коннотативтік мағынасы басымырақ екенін көреміз. Ақ, қара түр-түсіне байланысты концептуалдық мазмұн және онымен байланысты макроконцептуалдық құрылым басқа тілдерде осы тәріздес мән-мағынаға ие екенін де байқаймыз: «Speaking about the concept of white in relation to human nature, this color is related to both internal and external signs of a person (hair color, face). In the Old English, white had the meaning of morally pure (morally pure), referring to Royalist beliefs of the late XVIII century. In American English, this color acquired the colloquial meaning of honorable, light. ... Thus, black color associated with a smoldering fire, charred wood, extinction and, consequently, death. We can definitely say that the concept of «black» carries negative connotation associated with destruction, evil spirits, sin and vice – black magic, black flag... The negative connotation of black has also spread the economic sphere of activity sale of weapons, drugs, stolen goods, etc. ...The negative connotation also applies to the social sphere of activity. It should be emphasized here that such a fusion is used precisely in negative connotation and has little to do with nonconformism (the willings of individual to defend his personal position in cases where it contradicts the position of majority)» [147, p. 129-130].

Көріп отырғанымыздай, ағылшын, орыс, басқа да шет тілдерінен енген терминдердің өз ұлт тіліндегі сипатында олардың когнитивтік құрылымдармен байланысында концептуалдық мән-мағына мен мазмұн жатады. Қазақ тіліне кірген кезінде бұл концептуалдық ерекшеліктер сақталуы мүмкін, өйткені ұлт тіліндегі концептілер макроконцептуалдық кейіпте этностың мәдени, діни

ұстанымдарына, түрлі тарихи жағдаяттарға байланысты дамуына қатысты қалыптасатыны дау туғызбайды. Бұл арада түр-түс концептілеріне қатысты көп жағдайларда концептуалдық мазмұн мен ерекшеліктер әр ұлт тілінде ұқсас келіп жатады. Жоғарыда келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, коннотативтік мән-мағынасына сәйкес түр-түс атауларының концептуалдық ерекшеліктері қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне ұқсас екенін көреміз: қара түр-түс атауы көп жағдайларда негативтік сипатқа (алайда қазақ тілдік бейнесінде қара түр-түсінің жағымды сипатқа ие тұстары бар екенін айта кету керек – *көзімнің қарашығындай, қара шаңырақ*. т.с.с.), ақ түр-түс атауы жағымды сипатқа ие екенін көреміз. Бұл ретте осы түр-түс атауларының терминдік тіркес құрамына құрамдас компонент болып кірген жағдайларында осы коннотативтік мән-мағыналарының сақталатынын да көреміз. Негізінде түр-түс атауларын зерттеуші ғалымдардың пайымы бойынша, ақ пен қара түр-түсінен басқа қоспасыз түс болмайды. Сол себепті түр-түс атауларының ішінде ақ/қара концептуалдық макромоделі көп зерттелгенін көреміз. Салалық терминдер сөздіктерінде, соның ішінде, табиғат құбылыстарына байланысты (тарих, жағрапия, астрономия және т.б.); әлеуметтік, медициналық, спорттық және т.б. салаларда өз құрамында түр-түс атауларын мағына беруші негізгі компонент ретінде алатын тіркестер көптеп кездеседі: *қызыл қан түйіршіктері, ақ қан түйіршіктері, қара түнек, қара алтын, қара жұмысшы, қара киімділер, алаяқ, ақтабан, қызыл әскер, ақ әскер*, т.б. Тіліміздегі заттық негізге сүйену қағидаты арқылы жасалған бір буыннан тұратын жүз елуден астам түр-түс атауларының басым көпшілігі лексикалық қор құрамында жалпықолданыс сөздер танылғанмен, арнаулы салаларда ғылыми-кәсіптік ортада міндетті түрде салалық терминдік тіркестер құрамына кіреді. Бұған дәлел ретінде соңғы кезде тіл мәселелерін зерттеушілердің аса қызығушылығын туғызып отырған сұлулық индустриясы немесе өндірістік салалардағы түр-түс атауларымен жасалған терминдік бірліктерді келтіреміз: *қан қызыл, қызғылт, шие түсті, қызыл-сары, көк-сұр, жасыл-сары, аспан түсті, қошқыл-күрең, қоңырқай, шикіл-сары, алтын түстес* және т.б. атаулар мен зат есімді аталымдардың тіркестері: *қызғылт далап, қара сұрме, ақшыл онаж* және т.б.

Сонымен, терминжасам үдерісінде пайдаланылатын негіз сөздер *ұлттық концептпен* байланысты болса, жасалған жаңа терминнің бойынан базалық семалар жиынтығын этимологиялық талдау негізінде анықтай аламыз. Кей кездері сөздің басқа мағыналары көмескі күйде болып, терминдік жағдайға өткен кезде тек арнаулы жаңадан берілген мағынасы басымдық алады және көпшіліктің жалпы қолданысында да жаңа мағынадағы нұсқасы кеңінен тарала бастайды. Біздің ойымызша, жаңа термин ұлттық концепт негізінде жасалатын болса, оның жұмсалымдығының жоғары деңгейде болатыны – қазіргі таңда еш дау туғызбайтын жағдай. Әрбір қазақ тіліндегі жаңа терминнің түп тамырына үңілетін болсақ, ол адам санасында қалыптасқан бастапқы мағыналарының когнитивтік құрылым ретіндегі көрінісімен тығыз байланыста болатынын байқай аламыз. Демек, термин дефинициясы арқылы анықталатын тілдік бірліктің негізгі белгілері немесе мән-мағынасы санадағы ұғым туралы

түсініктің қалыптасуына және сақталуына сәйкес анықталады. Мұның мысалы ретінде ойлау категориясы (бірлігі) ретінде қарастырылып жүрген *фрейм* құрылымын келтіреміз.

*Фрейм* (*frame* (ағылш.), орысша *рама, қалып, құрылым*) – когнитивтік лингвистика тұрғысынан фрейм, фреймдік семантика, фреймдік құрылым – адамның ой-санасындағы білімнің құрылымдық көрінісі екенін жоғарыда айтқан болатынбыз. Фреймдік құрылымның шартты түрде нақты негізі болады: ядросы және одан шеткері орналасқан концептілер жиынтығынан тұратын *слоттар* мен *терминалдары* (Дж. Лакофф, Ч. Филлмор, М. Минский) болады, оларда сырт дүниедегі нысан туралы ақпарат сақталып, өзара ақпарат алмасу үдерісіне түсіп, когнитивтік үдерістер жүреді. Сөз туралы ақпарат ми қыртысында «жазылып», «жатталып», оған қатысты тәжірибе мен білім анықтамасы құрылып, нақты заттың атауы жадыда нақты фреймдік құрылым құрады. Ал енді осы фреймнің құрылымы жалпы терминнің дефинициясына ұқсас боп келеді. Бұлай деуге келесідей дәлелдемелер тиек болады, өйткені термин дефинициясы мазмұны түсінікті, әрі нақты, қысқа, логикалық тұрғыдан толық аяқталған сөйлемдерден құрылады және нысанның дифференциалдық белгілерінің жиынтығын қамтиды.

Терминдік бірлікті когнитивтік тұрғыдан қарастыратын ғалымдар терминдерді концептуалдық талдаумен қатар, оларға *фреймдік құрылым* ретінде талдау жасап, соның негізінде қандай да бір терминжүйенің концептуалдық моделін анықтайды. Р.Ю. Кобрин: «Терминологияны шынайы өмір нысаны динамикасында реалды түрде қалыпқа келтіретін нысан деп қарастырсақ, терминжүйе – терминологияның формалды сипаттамасы. Терминжүйені терминологияның когнитивті моделі немесе салалық метамоделі деп толық айтуға келеді», – дейді [148].

Фреймдік құрылымдағы *слот* аталған білім қоры аталым мен оның ұғымына байланысты субъектінің жадындағы (және сырттан түсетін) бар ақпаратпен толығады. Мысалы, *Заң* фреймдік моделін қарастырар болсақ, құрылымдағы бірнеше субфреймдердің өзара тығыз байланысын сипаттап қана қоймай, ондағы әрбір фреймдік құрамдас бөлшектің өзі жеке-дара фреймдер құра алатынын және әрбір компонент жалпы осы ұғымға байланысты неғұрлым толық ақпаратпен толтырылғанын көреміз:

*Заң* фреймдік құрылымы:

– мазмұндық құрылымы: *мемлекеттік құқықтық жүйе, Парламент, жергілікті атқарушы органдар* және т.б.;

– жұмсалымдық (функционалдық) мазмұны: *әкімшілік шара, референдум, сайлау* және т.б.;

– атқарушылық мазмұны: *сот, қорғаушы, прокурор, жоғарғы сот, сот атқарушы* және т.б.;

– шығарушылық мазмұны: *заңнама, акт, нұсқаулық, бап*;

– статистикалық мазмұны: *бюджеттік заң, неке және отбасы туралы заң, заңды тұлға* және т.б.

Төменде берілген 1-кестеде заң фреймдік құрылымына қатысты

терминдердің қолданыс аясы көрсетілген.

Кесте – «Заң» фреймдік құрылымына қатысты терминологиялық бірліктердің сөздіктердегі мазмұндарының сипатталуы және қолданысы

Заң	Мән-мағынасының мазмұндық сипаты	Қалыптық жағдаят	Шарттық түрде іске асырылу
Терминдер сөздігі	+	+	+
Түсіндірме сөздік	+	+	+
Орысша-қазақша, ағылшынша-қазақша, немісше-қазақша, т.б. сөздіктер	+	+	+
Заң саласындағы нұсқаулықтар, нормативтік-құқықтық актілер, түрлі сайттар мен порталдардағы мәтіндер, БАҚ және т.б.	+	+	+

Осы тәріздес *Тарих* фреймдік моделі – *динамикалық аспектіде, статискалық аспектіде, тарихи дискурс, ғылым саласындағы орны ретінде, функционалдық қызметіне байланысты және т.б. қаралса, Қауіпсіздік* фреймдік құрылымыншығу тегі бойынша (*табиғи, техногендік, антропогендік, экологиялық*), уақыты бойынша (*импульсивтік, кумулятивтік*), пайда болу орны бойынша (*литосфера, гидросфера, атмосфера және т.б.*), келтірген залалы бойынша (*ауру, авария, өрт*), оны ұстануға байланысты (*ликвидация, төтенше жағдай, құтқарушылық жұмыстар және т.б.*) үлкен құрылымдық бөліктерге бөлінетінін көреміз.

Фрейм құрылымына нақты мысал ретінде *Музыка* фреймдік құрылымын алып қарастырсақ, ол бірнеше субфреймдік бөліктерден, ал олар өз алдына жеке-дара слоттардан тұрады да, фреймдік құрылым компоненттері өзара тығыз байланыста болатынын байқаймыз.

*Музыка* фреймдік құрылымы:

Жалпы мағынасы бойынша – *классикалық, халықтық, симфониялық, джаз, блюз және т.б.*

Тарихы – *жалпы философиясы, тарихи тұлғалар, халықтық және т.б.*

Музыкалық аспаптар – дыбыс шығару жүйесі бойынша – немесе адамның өз жеке-дара қабілеті – *дауыс, ырғақ, ритм және т.б.*

Кәсіптік-ғылыми сала ретінде – *консерватория, музыкалық мектеп, сахна, модуляция, нота және т.б.*

Түрі – *вокал, хореография, бостон, вальс, гимн, дума, интермедия, кадрили, күй, мадригал, марш, мюзикл, опера, балет, прасодия, романс, танго, фокстрот, шансон, этюд, капелла және т.б.*

Музыкалық жанры бойынша – *театрлық, опера, балет, оперетта, мюзикл, водевиль және т.б.*

Концерттік жанры бойынша – *симфония, соната, кантата, трио, квартет және т.б.*

Жалпы-тұрмыстық жанрға сәйкес – *ән, әуен, би, марш* және т.б.

Мәдени, діни құрылымына байланысты – *діни шығармалар, той әндері, жар-жар, алди, сыңсу* және т.б.

Композиторларға қатысты – *Бетховен, Құрманғазы, Ш. Қалдаяқов* және т.б.

Іске асырушылары бойынша – *әншілер, бишілер, әртістер*, олардың ұлттық мазмұнмен байланысы – *орыс, қазақ, ұйғыр* және т.б.

Музыкалық аспаптарға, аспаптарды жасаушыға қатысты – *Страдивари скрикасы, клавикорд, орган, клавесин, сазсырнай, Кристофори фортепианосы, виолончель, ямаха, пианино «Лира»* және т.б.

Стильдік ерекшелігі бойынша – *заманауи, поп, рэп, фолк, хип-хоп* және т.б.

Мақсат мазмұны бойынша – *мотивтеуші, жан тебірентер, ұйықтатуға арналған* және т.б.

Іске асыру мүмкіндігі бойынша – *би, әуен, күй, ән, әуез, аспаптар, домбыра, гитара* және т.б.

Жоғарыда келтірілген фреймдік модель үлгілерінің әрқайсысы алып құрылым және ол құрылым орасан зор көлемді когнитивтік-ақпараттық мазмұнға ие болады. Көріп отырғанымыздай, бұл жерде фреймдік модель жалпы гиперонимдік сипаты бар кең көлемді құрылым, ал оның әр бөлігі өз алдына фреймдік құрылым ретінде қарастырылады. Мұндай құрылымның шартты түрде ең кішкентай бөлігі – слот фреймнің құрамдас компоненті бола тұра, басқа концептілермен байланысы арқылы және сол концептілер концептосферасындағы алатын орнына сәйкес өз алдына фрейм де бола алады. Мысалы, *Музыка* фреймдік моделінің құрамдас компоненті ретінде *Ән* – өз алдына слотты толтырар болса, концепт ретінде бұл бірлікті талдай отырып, оның өзін фреймдік құрылым ретінде бере аламыз:

*Ән*

Шығу тарихы бойынша – *халықтық, авторлық, жеке, тұрмыстық, саяси* және т.б.

Әуезі бойынша – *көңілді, адажио, вокал* және т.б.

Музыкалық салалар арасындағы орны бойынша – *поп, класс, джаз, блюз* және т.б.

Әнді жазушы тұлғаға қатысты – *композитор, шығармашы, Ш. Қалдаяқов, Ақан Сері, Балуан Шолақ* және т.б.

Орындаушыларының аты-жөндері – *вокалист, сопрано, тенор, Б. Төлегенова, Д. Құдайберген* және т.б.

Орындаушылар санына байланысты – *дуэт, квартет, квинтет, хор* және т.б.

Орындалу мақсатына байланысты – *бесік жыры, әнұран, романс, шансон, бард* және т.б.

Сонымен, фреймдік модель ғылыми-кәсіптік саладағы нақты терминдердің абстрактілі психикалық-менталдық бейне-көрінісі ретінде ойда когнитивтік түзілім құру үшін санада бар білім туралы ақпаратты құрылымдау мүмкіндігін іске асырады. Бұл жерде қатып қалған мызғымас қалып терминнің

өзі анықтап тұрған ұғыммен байланысының көрсеткіші ретінде дефинициясы ғана болады. Мысалы, *музыка* – бұл... Ал осы термин арқылы қажетті кезде шығарылып, анықталатын бар мәліметтердің бәрі – ассоциациялық-метафоралық үдерістер нәтижесінде «ашылатын» слоттардың толық мазмұны десек те болады. Фреймдік модель құрамы үнемі икемді, өзгергіш болғанымен, оның негізгі құрылымы, орысша айтқанда, скелеті – қаңқасы қалыпты, қатты болып келеді (8-сурет).



Сурет 8 – «Музыка» фреймдік құрылымы

Осы жерде М. Минскийдің мына тұжырымын келтіруді жөн санадық: «Человек, пытаясь познать новую для себя ситуацию или по-новому взглянуть на уже привычные вещи, выбирает из своей памяти некоторую структуру данных (образ), называемую нами *фреймом*, с таким расчетом, чтобы путем изменения в ней отдельных деталей сделать ее пригодной для понимания более широкого класса явлений и процессов» [91, с. 49]. Демек, ғалымның пайымдауынша, адамның ойлауы образдарды визуалды көре алатын, семантикалық фреймдер, яғни сөздердің мағынасын түсіне алатын, белгілі бір іс-қимылды қабылдай алатын (сценарийлі фрейм) және т.б. ақпаратпен толыққан адам жадында сақталатын құрылымдарға, яғни фреймдерге



негізделген. Ал белгілі бір ойды түсіну адам жадында сақталған фреймнің белгілі бір жағдайға сәйкес үдеріске түсуімен түсіндіріледі. Фреймдер арасында дәл өзіне сәйкес фреймтабылмаған жағдайда сол құрылымға мейлінше жақын келетін фрейм таңдап алынады. Мысал ретінде төмендегі терминдік дефиницияны қарастырып көрелік:

*Альянс (фр. alliance) – белгілі бір уақыт аралығында ортақ мақсатқа жету үшін жасалатын мемлекеттердің одақтастығы; жеке адамдардың немесе саяси партиялардың, азаматтық ұйымдардың келісімшарт негізінде бірігуі, одағы (саяс.). Бірнеше ұйымның (мемлекеттің) қосылып, бір жеке мемлекетке күш көрсете қарсы тұруы альянс терминін коалиция ұғымына айналдырады, ал мұндай одақтардың жасалу мақсаттарына, құрылымына байланысты ашық, жабық, жоғары деңгейлі, қысқамерзімді, ұзаққа созылған және т.б. түрлері болады. Демек, негізгі ұғым – альянс – өзгермегенмен, дефиницияға енген әрбір қосымша белгі оның сипаттамасын нақтылай түседі. Осы жерде біз бұл терминнің дефиниция тұрақтылығының сақталуын оның когнитивтік құрылым ретіндегі құрылымының біртұтастығы ретінде қабылдай аламыз. Өйткені қандай да бір жеке белгі дефиниция құрылымына кіріп, термин мән-мағынасына қосымша мазмұн берместен бұрын, ойда бұрыннан қалыптасқан фрейм құрылымы өзінің негізгі қалпын сақтап тұрады деп ойлаймыз. Бұл мысалдағы фреймдік құрылым альянс терминінің басты мағынасы – бірнеше мемлекеттің (ұйымның) біріккен одағы. Ал оның басқа белгілері: 1) бір мемлекетке бірнеше мемлекеттің қосылып қарсы тұруы коалиция терминін тудырады; 2) одаққа кіруші мемлекеттердің сипатына байланысты – халықаралық, ашық, жабық альянс мағынасын береді; 3) одақтардың жұмыс жасау мерзіміне байланысты – қысқамерзімді, ұзақмерзімді болып басқа терминдік тіркестердің пайда болуына және терминдік өрістің қалыптасуына алып келеді. Бізді бұл жерде қызықтыратын тағы бір мәселе – осы терминнің ой-санада туғызатын көрінісі. Қазақтілді қауымдастықтың арасында өткізген сауалнама бойынша, жауап алынушы респонденттердің басым көпшілігі альянс терминінің мағынасын толық түсінбейтін болып шықты. Алайда одақ сөзін респонденттер жүз пайыз білетінін және ойда туындайтын көріністің альянс терминінің дефинициясына толықтай сәйкестігін анықтадық. Одақ сөзі арқылы альянс терминінің мағынасын нақты түсінгенін респонденттердің жетпіс пайызы айтса, осы терминді қоғам, қауым, қауымдастық, бірігу, біріккен ұйым одақтастығы тәрізді терминдік бірліктермен байланыстырып, нақты дефинициясын ұғынуға ұмтылғандар қатары отыз пайыздан аспады. Осы тәжірибе мынадай тұжырымды алға тартуға негіз болды: терминнің мән-мағынасы толықтай тек кәсіби-ғылым саласындағы мамандарға мәлім екендігі айдай айқын нәрсе, бұл жерде еш сұрақ туындамайтыны да түсінікті. Алайда қоғамдық өмірге қатысты соның ішінде саяси, экономикалық, педагогикалық, психологиялық ғылымдар саласында қолданылатын терминдердің жалпы күнделікті өмірге бұқаралық ақпарат құралдары арқылы еніп, көпшілік арасында қандай да бір түсініксіз жағдайлар туындатып жататынын да білеміз. Осы тұрғыда терминдік*

бірліктердің дефинициясы нақты бір қалып тәрізді – фреймге сәйкес болып, адам санасында нық орнығып, басқа сөздердің мағыналарынан өз құрылымы аясында алшақтау тұратынын байқауға болады. Терминдердің когнитивтік құрылым ретінде жай сөздердің анықтап тұрған ұғымдарымен байланысты болып, олар арқылы өз мән-мағынасын анықтап, айқындап тұратыны айқын. Алайда, егер жай сөздер көпмағыналылыққа бейім болып және сол мағыналардың солқылдақтығына, өзгергіштігіне байланысты түрлі коннотациялық қосымша мағыналар жамалатын болса, терминдер керісінше, санадағы өз дефинициясының көрінісін «қатып қалған қалып» – фреймдік құрылым ретінде сақтайды деп ойлаймыз. Сондай-ақ бұл жерде берілген фреймдік сценарий бойынша (оқыту, еске сақтау арқылы) қалыптасқан когнитивтік құрылым кейінгі іс-әрекетке ықпалын тигізеді. *Альянс* термині жалпы әлем тілдерінде өте ұқсас дыбысталып (дыбысталу формасын сақтау), когнитивтік құрылым ретіндегі ойда көрініс табатын дефиниция құрылымы да өзгеріссіз беріледі: французша – *alliance*, *alliance* – ағылшынша, *allianz* – немісше және т.б. және бірдей мағына білдіреді. Демек, ғылыми-кәсіптік қауымдастықта біз *альянс* терминін қолданып, басқа адамдардың бұл терминді еш қатесіз түсінуіне жағдай жасаймыз. Алайда өз ұлт тілімізде бұл терминнің ойша көрінісі (когнитивтік құрылым ретіндегі көрінісі) негізгі жай сөз – *одақ* сөзімен тығыз байланысты болатынын көреміз. Когнитивтік құрылым ретінде – *одақ*, термин ретінде – *альянс*, демек, терминдік бірліктің де ойдағы көрінісінің негізінде ұлттық тілдік бейнемен байланысы жатады.

Жоғарыда келтірілген мысалға сүйене отырып, терминнің когнитивтік құрылымы ретінде ойша көрінісі оның ең бастапқы деңгейде қалыптасқан ой-санада бар когнитивтік «қалып», формаға сәйкес, жай сөздердің мән-мағыналары арқылы айқындалып тұратын, фреймдік құрылым сипатын иеленеді деп айтуға болады. Бұл фреймдік құрылым терминнің тілдік бірлік ретінде дефинициясына толықтай сәйкес болып құрылып, дефиницияға енгізілетін әр қосымша белгі немесе ерекшелік (сипат) ойдағы фреймдік құрылымның да өзгеруіне әкеледі деп есептейміз. Алайда терминнің нақтылығы сол «қаңқа-қалыптың» мықтылығында: бастапқы формадағы «қалып» мықты болып, әрқашан өз тұрақтылығын сақтай алатын жағдайда ғана берілген тілдік бірліктің термин ретінде қалыптасуын қамтамасыз ете алады.

Жоғарыда келтірілген мысал (*альянс*) фреймдік құрылымның жеке-дара терминге қатысты мағынасына байланысты болатынын білдірсе, жалпылама гиперонимдік сипаттағы фреймдік құрылым кәсіптік-ғылыми салалық терминжүйелерді қамтитынын да айтып кеткен жөн. Бұл тұрғыда экономика, саяси, психология және т.б. немесе техника салаларындағы терминжүйелердің жіктелуі, топталуы өз алдына жеке қаралатын үлкен мәселе болып отыр. Мысалы, егер біз экономика саласын фреймдік құрылым ретінде қарастыратын болсақ, экономикаға қатысты бұған дейінгі қалыптасқан бар ақпарат топтастырыла жіктеліп, төмендегідей сипатта құрылым құрайды: 1) экономика мән-мазмұны (нарық, экономика, құн, салық және т.б.); 2) экономика бөлімдері (микроэкономика, макроэкономика, жалпы экономикалық саясат және т.б.);

3) экономиканың жалпы даму тарихы; 4) экономикадағы елеулі есімдер; 5) экономикалық стратегия және т.б. болып үлкен фреймдік құрылым құрып, олардың өзі ішінара кішкене бөліктік компоненттерге жіктеліп, басқа фреймдермен байланысы арқылы айқындалып отырады. Бұл жердегі фреймдік құрылым сөздің гиперонимдік (жалпылама) мазмұннан гипонимдік (жеке-дара) мазмұнға дейінгі бар ақпаратты қамтитынын да байқауға болады.

Фреймдік құрылым, әдетте, бір салалық терминжүйені қамтиды және әрбір терминжүйе өз алдына фреймдік құрылым құрып, сол құрылым компоненттерінің толық мән-мағынасын қамтуды ұғымдардың неғұрлым көлемді ақпараттармен қамтылуына байланысты өзгеріске түсіп отырады.

«Лингвистика» ғылым саласының фреймдік құрылымы көлемді фреймдерден құралып, олардың әрқайсысы өз алдына жеке фреймдік модель түзеді, ал құрамдас компоненттеріндегі ғылыми ақпарат әр жеке терминді басқа терминдермен байланысын ескере отырып, жеке-дара слоттарға орналастырады:

1. Лингвистика бөлімдері (*грамматика, лексика, синтаксис, пунктуация*);
2. Негізгі нысандары (*сөз, ұғым, мағына, лексикалық мағына, грамматикалық мағына*).
3. Тіл жұмсалымдылығы, функционалдылығы, қызметі (*прагматика, қағидаттары*).
4. Тіл тарихы (*этимология, тарихи дискурс*).
5. Тілді зерттеу (*тіл институты, филология факультеті, ғалымдар, әдіс-тәсілдер*).
6. Тілге қатысты өндіріс (*баспалар, ғылыми журналдар, баспаханалар, сөздіктер, кітапханалар, БАҚ құралдары*).

Бұдан, бір қарағанда, өзара байланысы жоқ болып көрінген ұғымдарды фреймдік модель өз құрамдас бөліктерінің ақпаратпен қамтылуы арқылы байланыстырып, әр слоттағы ақпарат басқа да фреймдік құрылымдарға кіріп тұратынын көреміз. Фреймдік құрылым, бір жағынан, тілдік бірлікке қатысты ақпаратты нақтылап, жүйелілікке бағындыратын болса, екінші жағынан, өзара тіпті байланысы жоқ тәрізді ақпараттардың үшінші нысандары арқылы байланысып, фреймдік құрылымның компоненттері қатарына кіреді.

Сонымен, фреймдік құрылым – адам санасында сақталатын сырт дүние туралы ақпараттардың жүйелендірілген психологиялық қалыптағы жиынтығы десе де болады. Фреймдік құрылымға қатысты ақпарат оның құрамындағы слоттарда сақталып, әр слот құрамы басқа фреймдік бөліктермен байланысып тұрады. Берілген нысан туралы ең жақын слоттардағы ақпарат қажетті кезде шығарылып, нысан туралы қалыптасқан түсінікті ойға әкеледі. Жасанды интеллектінің бір нысанды екінші нысан туралы ақпарат арқылы анықтап, айқындауы фреймдік құрылымдар мазмұнына байланысты іске асатыны бұл құрылымдардың адам санасындағы ең көлемді білім базасы екенінің дәлелі бола алады. Біздің ойымызша, фреймдік құрылымдардағы ақпаратты толық біліп анықтау мүмкін нәрсе емес, өйткені мұндағы ақпарат секунд сайын өзгеріске түсіп, толығып, немесе керісінше, ықшамдалып отырады және әр

адам санасындағы жеке-дара психологиялық сипаттамаға сәйкес, фреймдік құрылымның да көлемі түрліше болады. Алайда біз фреймдік құрылымды жалпы ғылыми білім аясындағы терминологиялық жүйелер арқылы зерттейміз. Бұл тұрғыда термин бірліктерінің фреймдік сипаты неғұрлым нақты, терминнің дефиниция құрылымымен байланысы нық болса, соғұрлым оның ғылыми дискурс аясында қолданысы да жиі, ал мағынасы түсінікті болады деп есептейміз. Мысалы, *де-* префиксінің терминдерге қосылғандағы жалпы берер мағынасы – қазақ тіліндегі - *сыз,-сіз* болымсыздық жұрнағының мағынасымен тепе-тең келеді: *градация – шарықтау – деградация – құлдырау, морализация – деморализация, мобилизация – демобилизация* және т.б., *ар – арсыз, болымды – болымсыз, жақты – жақсыз*. Соңғы кездері осы қызметте *бей-* префиксі де қолданылып, *беймаза, бейкүнә, бейуақ* секілді сөздер әдеби тілдегі сын есімдер қатарынан табылып келген болса, қазіргі жағдайларда *бейморалды, бейтарап, бейвербалды, бейресми, бейсаналық, бейсаясаттық, бейуәжді, бейтараптандыру* терминдік бірліктердің пайда болуына өз үлесін қосуда. Қазақ тіліндегі дәстүрлі сөзжасам қағидаттары сөз жасалу жолдары көп жағдайларда префикстер емес, постфикстер арқылы жасалатынын алға тартып келсе, *бей* - префиксінің жаңа сөздер жасаудағы өнімділігі артып келе жатқанын айта кетуіміз керек. Оның семантикалық мағынасы баршаға мәлім болғандықтан, оның қосылуымен жасалған жаңа сөздің де, терминнің де мағынасын ұғыну аса қиындық туғызбайды. Ал өзімізге таныс емес терминнің құрамдас бөлігі ретінде *де-* префиксі бар болса, біздің санамыздағы фреймдік құрылым бұл берілген терминнің қандай да бір ұғымға қатысты қарама-қайшылық мағынасын сипаттап тұрғанын анық түсінеміз. Өйткені тек осы префикстің өзі когнитивтік құрылым ретінде санада өз орнын нық ұстанған когнитивтік бірлік болып қалыптасқан.

Тіліміздегі кейбір терминдер терминдік тіркестер құруда және терминжүйелерге кіруде өте өнімді келсе, ал кейбірі тек бір-екі жағдайда ғана кездеседі. Мысалы, төменде берілген *хабарландыру* термині *хабар* сөзіне жұрнақ жалғану арқылы жасалып тұр және түбірі *хабар* болып келетін бірнеше салалық терминдер жасалған: *хабарландыру* (ісқағаз.), *хабарлама жасау – нотификация* (саяси), *хабарлама қағаз – извещение* (ісқағаз), *хабарлау – оповещение, хабарлау* (мәдениет) – *известить, оповестить, оповещение, хабарлау қызметі* (лингв.) – *функция сообщения, хабарлы сөз* (лингв.) – *повествовательная речь, хабарлаушы-төреші* (спорт) – *судья-информатор, хабарлы сөйлем* (лингв.) – *повествовательное предложение, хабарсыздық – неосведомленность, хабар тарату* (мәдениет) – *вещание, хабаршы, жаршы* (тар.) – *вестник*.

Осындай мысалдарды сараптай келе, біз (Қосымша Ә)-да берілген терминдердің анағұрлым белсенді екенін көрдік: мысалы, *халықаралық* деген жалпы қолданыстағы сөзбен ғылыми-кәсіптік салалардың барлығында да кездесетін терминдік тіркес құрап тұрған 158 бірлік осының дәлелі бола алады.

Байқауымызша, терминдік тіркес бөлігінің құрамына неғұрлым жиі кіретін шеттілдік бірліктерді (мейлі, ол термин немесе жай сөз болсын) төл

тіліне аударудың қажеттігі жойылады. Өйткені мұндай терминдер өз қолданысындағы нұсқаларды нақты атап, өздері анықтап тұрған ұғымды толықтай қамтуға қауқары бар екенін көрсетеді. Біздің ойымызша, аударуға тұрарлық жағдайды 1-2 нұсқадағы терминдік бірліктер арасынан ғана қарастыру қажет. Ал бұл жағдай кірме сөз (термин) тілімізде ең бастапқы кезеңде қолданыла бастағанда қарастырылуы қажет. Егер термин толыққанды сіңіп, терминдік тіркестер құруға қабілеті артып, олардың қолданылу жиілігі өте жоғары болса, мұндай нұсқалардың тілімізге етене кіріп, лексикалық (терминологиялық) қордан өз орнын алғанын мойындап, оларды аударудан бас тарту қажет. Алайда ғалым-терминологтар Ө. Айтбайұлы, Ш. Құрманбайұлы, Б. Қалиұлы және т.б. ұсынған қағидаттары бойынша, мұндай терминдерді өз тіліміздің заңдылықтарына сәйкес дыбысталуы бойынша бейімдеп алуымыз қажет. Мысалы: *абсолют – әпсәләт, абстракт – әпстрәкт, философия – пәлсапа, артист – әртіс* және т.б. Бұл туралы жиырмамыншы ғасырдың басында атақты А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Қ. Жұбанов сынды ғалымдар да айтқан болатын. Дыбысталу формасы қандай болса да, адам санасындағы осы терминмен байланысты білім бірлігі бастапқы қалпын сақтап, термин мән-мағынасын түсінуге және қолдануға мүмкіндік туғызады деп ойлаймыз.

### **3.2 Термин мән-мағынасының гештальт құрылымы арқылы сипатталуы және жаңа терминдердің метафоралық модельдер құру қабілеті**

Терминдік бірліктердің жұмсалымдық қызметі, оның ғылыми білімді анықтаудағы маңызы, қолданыс табиғаты ғылыми дискурстағы білімнің жалпы көрінісімен байланысты болады. Білімнің жалпы форматтағы түрлерін бұған дейін аталған концепт, фрейм, сценарий, когниция, гештальт, санадағы ойша көрініс деп алып, осы тараушада терминдік бірліктердің *гештальт* ұғымына байланысты көрініс табуын қарастырамыз.

Біз жоғарыда білім категорияларын концепт және фрейм құрылымдарына қарасты қарастырған болатынбыз. Адам санасында көрініс табатын білім категорияларының бұл екі түрі құрылымы жағынан нақты, берілген қалыпқа сәйкес (концептосфера, фреймдік қалып) болса, *гештальт* ұғымын бейтараптық (неструктурированное) түрдегі білім көрінісі деп танымыз. Орыс ғалымы Е. Голованованың айтуынша, базалық деңгейде құрылымданған концептілер неғұрлым қарапайым келеді де, одан күрделі құрылымды концептілер концептуалдық құрылымдар арқылы субординаттық – математикалық, субматематикалық деңгейлерде орналасады және адамдардың кәсіптік (ғылыми) әрекеттеріне байланысты болады [149]. Бұл пікірді басшылыққа алар болсақ, терминдердің онтологиялық концептілер арқылы айқындалатын мазмұны арқылы ұғымды анықтауы терминологиялардың статикалық күйдегі – сөздіктер, түсіндірмелер арқылы бекітілуінен көреміз, ал енді гештальттарға келер болсақ, бұл когнитивтік құрылымның әрекеттік (тек шартты түрде ғана!) жағдаяттарға байланысты тілдесім арқылы көрініс тауып,

адам санасында субъективтік пайым, қабылдау арқылы көрінетінін байқауға болады. Өйткені «...гештальт как формат знания представляет собой неразложимое единство чувственных и рациональных характеристик объекта. Иными словами, в нем сочетается и образное, и понятийное в их единстве» [150].

Мысалы, орыс тіліндегі *оперативный прогноз – краткосрочный прогноз – долгосрочный прогноз – дальнесрочный прогноз* терминдік тіркестер тізбегіндегі құрылымдық кейіп нақты дәл берілген. Категориялық белгісі ретінде бұл жерде «научно обоснованное суждение о возможных состояниях объекта в будущем», ал бұларды жіктеуде басшылыққа алынатын ерекше белгісі: жасалу мерзімі – бір айға дейінгі, 1 айдан бір жылға дейінгі, бір жылдан бес жылға дейінгі, бес жылдан он бес жылға дейінгі, он бес жылдан жоғары. Бұл жердегі ұғымдардың жалпы және жеке дифференциалдық белгілері терминдердің дефиницияларында вербалданып, мерзімді негіз арқылы құрылады: «оперативный прогноз – прогноз с периодом упреждения до месяца» [151]. Осы тәріздес құрылымдар көп кездеседі: *жөңке торфы, қайың торфы, шырша торфы* (жіктеуге негіз болатын ерекшелік белгі ретінде – фитогенез түрі); немесе *газдық лазер – сұйықтық лазер – қаттыденелі лазер* (жіктеуде басшылыққа алынатын ерекшелік – актив элементінің түрі). Бұлардың дефинициясында біртептеп құрылым «газдық активті элементі бар», «сұйық активті элементі бар», «қатты активті элементі бар» құрылымдар бар. Көріп отырғанымыздай, тілдік форма уәжділіктің өте жоғары деңгейлі болуын алға тартады. Және ең нақты термин – бұл термин дефинициясының құрылымына сол терминді жасап тұрған терминжасам элементтері немесе терминдік құрамдас компоненттері кіріп тұрған бірліктер болып табылады: «алгоритмикалық сызба – алгоритмикалық құрылымның графикалық суреті», «мөлдір орта – өзіне түсіп тұрған барлық сәулелерді өткізетін орта». Алайда, көп жағдайларда ұғымдар ғылыми-кәсіптік ортада бейуәжді атаулармен аталады, осы жерде конвенционалдылық қағидаты қолданылады. Осындай жағдайларда типтік тілдік форма арқылы берілетін логикалық нақтылық іске қосылады, басқаша айтқанда – терминді білсек, оның жүйедегі орнын анықтау мүмкіндігі туады.

Ұғым мен гештальттың айырмашылығын *білім беру қызметі* (пед.) және *ерлер шыр-айналуы* (спорт) мысалдары арқылы көрсетейік. Бұл тіркестердің әрқайсысында жеке құрамдас компоненттерінің концептуалдық мазмұны нақты көрініп, дефиниция арқылы беріліп тұр. Терминдік тіркестің бір элементі категориялық белгісін анықтаса – *қызмет, шыр айналу*, екіншісі бұл ұғымдардың жіктемелік белгісін беріп тұр: *білім беру, ерлер*. Ұғым мен терминдік бірлік арасындағы байланыс нақтыланған тілдік форма арқылы көрінеді.

Сондай-ақ, мысалға, *ауыр файл* (комп.) терминдік тіркесін алсақ, бұл жерде ұғымдық элементтермен қатар – *файл* – бұл *көлемі үлкен файл* дегенмен қатар, *ауыр* – *салмақты* деген ұғыммен қатысып тұрғанымен, файл терминіне қатысты – *файл* құрамында суреттердің, аудио-медиа-видео форматтағы

бейнелердің болу ықтималдығын көрсетеді. Демек, бұл термин арқылы вербалданған ұғым *файл, көшіру, сызба, бейне* және т.б. мағыналардан басқа, сезімдік-перцептивтік *ауыр, үлкен, салмақты* мағыналарын қамтиды. Бұл жерде *файлдың* нақты өлшемі туралы мәлімет жоқ және қалыпты түрі туралы ақпарат та берілмеген. Файл терминінің анықтамасы біртұтас нысан ретінде, құрамдас бөліктері нақтыланбаған күйде (олар вербалданып тұр, алайда концептосфераның ең алыс шегіндегі ұғымдар арқылы) берілген. Осы тәріздес: *жеңіл атлетика* (спорт), *жеңіл партия* (өнер), *жеңіл өнеркәсіп* (экон.), *жеңіл дыбыс* (өнер), *жеңіл комедия* (өнер), *ұсақ алыпсатарлық* (экон.), *ұсақ буржуазиялық* (саяс.), *ұсақ шығын* (экон.), *ұсақ ұрлық* (заң) және т.б.

Көріп отырғанымыздай, нысан туралы ақпарат мұндай терминдік тіркестерде сезімдік-перцептивтік біліммен ұштасып отырады да, ал біртұтастық – жалпылама белгі нақты, жеке-дара белгілерден басым тұрады. Осы типтес гештальттарды біз білім беру аясында да көреміз: мысалға, *диссертация қорғау* (ғыл.) деген терминдік тіркеске біз рационалды түрде анықтама бере аламыз. Оның терминдік тіркес ретінде бекітілген дефинициясындағы *қорғау* ұғымымен байланысты нақты концептуалдық белгілері де бар. Сонымен қатар, білім беру жүйесінде бұл әрекет өмірлік сынақ тәрізді құбылыс және эмоциялық, уақыттық шығындануға бейім әрекет ретінде қабылданады. Тағы бір гештальт – *кафедра* (пед.) термині: *кафедрада отырыс болады, кафедрадан кейін, кафедраның ұжымы, кафедрада қалдырамын* деген тілдік деректердегі қамтылып тұрған ұғымдар жиынтығы бір уақытта кеңістіктегі орын, оқу орнында өткізілетін іс-шараларды, тіпті осы жұмысқа қатысты адамдар қауымдастығын білдіріп, рационалдық та, сезімдік-перцептивтік те ақпаратты көрсетіп тұр. Мұндай нақты терминдік бірлік бойынан бір мезетте қатыстық, сезімдік-перцептивтік ақпарат табылуын гештальттардың негізгі ерекшелік белгісіне жатқызады: *бабочка* (спорт) – *жасалынбай қалған күрделісікіру; лимон, помидор* (спорт) – *керлингтегі тастардың атауы; алтын парашют* (экон.), *демократизатор* (заң), *окно, терезе* (пед.) және т.б.

Демек, гештальт – санада бар ақпараттың сырт дүниедегі нысан туралы туғызатын сезімдік-перцептивтік әрі әрекетке бағыттаушы түрі. Мысалы, Дж. Лакофф гештальтты толыққанды ақпараттық жүйе ретінде қарастыра келе, тілде кездесетін метафоралық модельдердің барлығы санадағы құрылымдарға – гештальттарға сәйкес арақатынасқа түсетінін айтады: «Понимание беседы как спора предполагает, что человек способен наложить части многомерной структуры концепта *войны* на соответствующую структуру *беседы*. Такие многомерные структуры присущи эмпирическим гештальтам, организующим различные виды опыта в структурированное целое. В метафоре *спор – это война* гештальт *беседы* структурируется далее с помощью соответствий, устанавливаемых между отдельными элементами гештальта *войны* и гештальтом *спора*. Таким образом, одна деятельность, говорение, понимается в терминах другой – физического противоборства. Согласованность структурирования элементов нашего опыта обеспечивается такими

многомерными гештальтами. Мы воспринимаем беседу как спор, когда наши ощущения и действия соответствуют гештальту войны» [128, с. 114].

Гештальт құрылымына қарай кең көлемді және фреймдік құрылымдарды қамтып тұратынын ғалымның мына сөздерінен ұғынамыз: «Анализ таких многомерных гештальтов и связей между ними и есть» ключ к пониманию того, что значит согласованность элементов нашего опыта... эмпирические гештальты – это многомерные структурированные целые. Их измерения, в свою очередь формируются на основе непосредственно возникающих концептов. То есть различные измерения (участники, части, этапы ит.п.) представляют собой категории, которые естественно возникают из нашего опыта» [128, с. 115].

Демек, гештальт – жалпы кешенді түрде нысанның мән-мағынасы, неден құралғаны, не үшін қолданылады?, қандай мақсатта?, нәтижесінде не түзіледі? деген алгоритмдік қадамдардың бәрін қамтып тұратын санадағы алып көрініс (бейне). Оның тілдегі көрінісі (репрезентациясы) ретінде тілдік қатынас үдерісінде жасалатын тілдесім, тілдесімге қойылатын талаптар, мәтіннің коммуникативтік мақсаты, тілдесім негізінде жасалатын әрекеттер және т.б. жиынтығы алынып, осыған байланысты санада түзілетін когнитивтік құрылым тілдесім тақырыбына қатысты барлық ақпаратты қамтиды. Мысалы, термин ретінде бекітілмеген тілдік бірліктердің нақты дефинициясы болмағанымен, бір ғылым (кәсіп) саласында арнаулы ұғымға қатысты қолданылатын тілдік бірліктердің бар екенін білеміз. Оларды кейбір ғалымдар *номендер, кәсіби сөздер, профессионализмдер, арго сөздер* деп атайды. Олар термин болып бекітілмегенмен, кәсіби ұжымда түсінікті және қолданыс жиілігі де жоғары болатыны белгілі. Кәсіп иелері санасында бұл сөздер терминдермен бірдей көрініс табады, алайда жұмсалымдығы негізінен тек ауызша түрде іске асады. Гештальт ұғымы нысанға байланысты барлық ұғымдардың кешенді көрінісі екенін ескеретін болсақ, осындай сөздердің санадағы көрініспен байланысы оның дәлелі бола алады. Өйткені олар сырт дүниедегі нысан туралы санада құрылған білім кешенінің құрамдас компоненті ретінде көрініс тауып қана қоймайды, сол нысан туралы адам санасындағы ақпараттың мән-мазмұндық құрылымының нақты бірлігі болады, ал тілдік репрезентация ретінде тілдесімге түсуші кәсіп иелерінің қолданысында жүреді, демек, арнаулы жұмсалымдық әлеуметке ие бірліктер болып табылады.

Когнитивтік құрылымдардың негізгі үлгісі ретінде метафораны атап, метафораға аса қызығушылық танытқан батыстық ғалымдар арасында Дж. Лакофф пен М. Джонсонның (1988) еңбегі аса қызығушылық туғызады. Ғалымдардың ұсынған метафоралық модельдері жоғарыда аталған фреймдік модельдердің құрылуын қамтамасыз ететін әрі құрылғы, әрі өз алдына жеке-дара құрылым деп қарастыруға болады. Мысалы, орыс ғалымы В. Телияның айтуынша: «...языковая компетенция включается в концептуальную модель мира через метафору» [152]. Жаңа сөздер (неологизмдер) көп жағдайларда жаңа термин болып келеді, ал ол ұлт тілінде немесе басқа тілде бұрыннан бар лексикалық бірлік болуы әбден ықтимал. Көп жағдайларда бұған дейін тілде болмаған атау жасау авторлық окказионализм ретінде танылып, тілде қолданыс



тауып жатса, нақты дефиницияға ие болады, әйтпесе, бір-екі жағдайда қолданылған жасанды аталым ретінде қалып қояды. Мұндай үдерістердің барлығында дерлік метафора боланынын Дж. Лакофф пен М. Джонсон атап өтеді.

Сонымен қатар, метафоралық модельдер фреймдерден тұратынын М. Минский де (Минский, 1980) айтқан болатын. Ал В.З. Демьянковтың айтуынша: «Фрейм – ұғымға қатысты білім бірлігі. Бірақ оның ассоциациядан айырмашылығы – қарастырылып отырған ұғым туралы нақты бар және бола алатын ақпараттың барлығын қамтуында» [12, с. 188]. Фрейм слоттар жиынтығын құрайды, және олардағы ақпаратты анықтауда концепт термині қолданылады. Концепт дегеніміз адамзаттың саналы өмірі мен тәжірибесі және ақиқат болмысты тану нәтижесіретіндегі білім кванты немесе сол білім туралы адамның ойлау үдерісін іске асыратын ұғымдар туралы көріністер деп қарастырылады және ұлттық санадағы концептілер жиынтығы ұлттық концептосфераны, концептуалдық жүйе құрайды. Бұл жерде метафоралық модель сипаттамасын жасау үшін терминдерді ескерген жөн.

Сонымен, метафоралық модель сипаттамасын жасауда төмендегідей факторларды ескеру керек:

- 1) құрамындағы фреймдердің жиілігі және өнімділігі;
- 2) құрамындағы фреймдердің жалпы ғылыми салалардағы таратылу деңгейі;
- 3) құрамындағы фреймдердің басқа концептілермен лексикалық-семантикалық байланысы;
- 4) құрамындағы фреймдердің басқа концептілермен коннотативтік байланысқа түсу қабілеттілігі.

Дж. Лакоффтың: «Классическая математика входит в объективистскую вселенную. В ней есть четко разграниченные сущности, например, числа. У математических сущностей есть ингерентные свойства, например, три – нечетное число. И между этими сущностями есть фиксированные взаимоотношения, например, девять – три в квадрате... формальная семантика развивалась таким же образом. Модели, используемые в формальной семантике, – это примеры того, что мы называем «объективистскими моделями», адекватно описывающими те вселенные дискурса, где есть четко различимые сущности с ингерентными свойствами и сущности, связанные между собой фиксированными взаимоотношениями», – деген [128, с.15] пайымы термин дефинициясының нақтылығына дәлел бола алады. Демек, терминдік бірліктерді формалдық семантиканың көрсеткіші ретінде қарастырып, олар анықтап тұрған ұғымдардың когнитивтік құрылымын формалды түрде нақтыланған, математикалық формуларға ұқсас үлгі-қалып ретінде көрініс табады деуге болады. Осы тұрғыда тілдесім мәселелерін санадағы жоспарлау үдерісімен байланысы негізінде қарастырған Ж. Смағұлова «тілдік жоспарлау» терминін У. Вейнрайх пен Э. Хаутеннің алғаш рет тіл біліміне енгізіп, тілдік жағдаятқа байланысты саналы түрде ықпал ету керектігін өз диссертациялық жұмысында алға тартады. Жалпы жоспарлау –

адам қызметінің бірі болса, тілдік жоспарлау шеңберінде; тілдің жалпы қоғамда игерілуіне, сөйлеу жүйесін бағалау, біріздендіру, стандарттау жұмысын, мемлекеттік тілді насихаттау жұмыстарының жоспарлы түрде мемлекеттік деңгейде қаралу қажеттілігін көрсетеді [153].

Бұған дейін қарастырған фреймдік құрылымдар мен гештальттар құрылымының метафоралық модельдерден айырмашылығы неде? деген орынды сұрақ туындайды. Метафоралық модельдер де ой-санада туындайтын категориялар, оның да құрылымы концептілер мен фреймдерден, демек, когнитивтік құрылымдардан тұрады, ал ол құрылымдар – жалпы сырт дүниеде болатын нысанның (заттың, құбылыстың, іс-әрекеттің) ойша көрінісі немесе сол нысан туралы білім мен тәжірибені өз бойына сақтап тұратын ақпарат көлемі. Сонымен, концепт – нысан туралы ой-санадағы жалпы ақпарат, фрейм – сол ақпараттың шартты түрде ой-санадағы көрінісі ретіндегі қаңқа-құрылымы, гештальт – когнитивтік құрылымдардың сезімдік-перцептивтік сипатқа ие болып, ішкі түйсік әсерінен сырт дүниеде (шынайы өмірде) сценарийлік қимыл-әрекеттерді іске асыруға мүмкіндік беруі. Ал бұлардың ой-санада сақталып немесе пайда болып, кейіннен нысан туралы ақпаратты басқа адамдарға жеткізуді қамтамасыз ететін көп жағдайларда метафора екенін Дж. Лакофф пен М. Джонсонның мысалдарынан көреміз. Олар мысал ретінде көрсеткен көп метафоралық модельдердің тілдік көрінісі – сырт дүниедегі нысандар да, қарым-қатынас та, құбылыстар да ой-санада өздері сипаттап тұрған нәрселердің үлкен құрылымдық анықтамасын білдіреді. Мысалы, саясат, экономика, әлеуметтік өмірдегі жағдаяттарға байланысты келесідей метафоралық модельдер ретінде: «Саясат, экономика, әлеуметтік өмір дегеніміз – көрініс (кино, театр, цирк, концерт, т.б.)», немесе сыйымдылық метафоралары – «метафоры вместилища», кеңістік метафоралары – бөлмелер, үй, адамның іші-сырты, нысан-кеңістік, субстанция-кеңістік – субстанция-вместилище және т.б.» атайды. Сырт дүниедегі нысандардың ой-санада да шартты түрдегі кеңістікте орналасып, басқа нысандармен байланысқа түсуін: *менің көз алдымда – находится в поле моего зрения*, немесе, *забег – жүгіріске түсу*, немесе сырт дүние нысандарының кейіптелуі (персонификация) – *алдамшы-өмір, қатыгез ажал* және т.б. мысалдарды келтіреді. Әлеуметтік өмірде қолданылатын: *Инфляция табысымызды жеп қойды. Ғалымдардың тұжырымы жаңа теория тудырды* деген сөйлемдердегі субъектілік-объектілік қатынас осыны көрсетіп тұр. Бұл сөйлемдерден метафоралық модельдер онтологиялық концептілердің кейіптелуіне мүмкіндік беріп, тіпті терминдердің өздеріне «адами» әрекеттерді теліп тұрғанын көреміз. Осы тәрізді: *Теория дегеніміз – құрылым. Теориясы негізсіз, іргетасы нашар. Бұл теорияға қосымша қажет. Дәлелдік кешен құру. Мысалдарсыз тұжырым бұзылады. Олар теорияның быт-шытын шығарды* деген сөйлемдердегі ғылыми қатысым аясындағы метафоралық модельдеудің «ғылым дегеніміз – құрылым (құрылыс)» көрінісіне мысал болады.

Метафоралық модельдеуге тағы мынадай мысалдар келтіруге болады: «Түсіну дегеніміз – көру» – *Мен ойыңызды түсінемін. Біз мұны былай көреміз.*

*Ойыңызды түсінікті етіп көрсетіңіз. Немесе, «Идея – адам»: Бұл ой дүниеге келді. Ой туды. Бұл ойды қайта жандандыру керек. Тағы да, «Идея дегеніміз – тауар», «Идея дегеніміз – байлық», «Идея дегеніміз – құрал»: Бұл идеяның еш құндылығы жоқ. Ғалымның идеялары құнды. Бұл ғылыми ой өте құнды. Идеяның теориялық құндылығы жоғары. Ғалымның бұл ойы жоғары бағаланды. Нақты ой, өткір ой және т.б.*

Сонымен, жоғарыда терминдердің метафоралануына келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, құрылым концептінің өзі теория ұғымын анықтауда сырт кейпін көрсетсе, метафоралық түсініктер арқылы мұндай құрылымның дәліздері, есік-терезелері, негізі және өз кеңістігі болуы шартты түрде метафоралық модельдеу арқылы іске асады. Қалыптасқан метафоралар қатарына – *уақыт – ақша, уақыт – қозғалғыш нысан, бақылау жоғарыдан басталады, идея дегеніміз – азық, теория дегеніміз – құрылыс* тәрізді метафоралық модельдеу үлгілері адам санасында түзілетін когнитивтік құрылымдардың сырт дүниедегі әрбір нысанның көрінісі осындай үлгілердің құрамдас компоненті бола алатынын көрсетеді. Бұлардан басқа идиосинкретті метафоралық құрылымдар да бар, олардың қатарына адам ұғымымен байланысатын, бірақ тек бір ғана жағдайда қолданылатын метафораны келтіруге болады: мысалы, *подножие горы – нет туловища горы*. Ал қазақ тілінде *тау бөктері* бар, *таудың басы* бар, *адамның басы* бар, *адамның бөктері* жоқ. Осы тәріздес, *әке – асқар тау, ана – таудан аққан бұлақ, бала – жағасындағы құрақ* деген мақалдағы метафоралар жиынтығы осындай шектелген метафоралар құрамынан екенін көреміз: осы тектес әкені (жалпы адамды) таумен теңеу басқа ұлт мәдениетіндегі қалыпты жағдай: *человек-гора, если гора не идет к Магомету, то Магомет идет к горе*. Сонымен, метафоралық модель үлгіні формула құрылымы күйінде көрсетсек: «А дегеніміз – В» – мұндағы А – тілдік көрініс, оның мән-мағынасы В категориясының мән-мағынасына ұқсас, ал ұқсастық белгілерін біз X;Y;E...деп берсек, А бойынан табылатын бұл ерекшеліктер В бойынан да табылуы қажет. Демек, метафора өзі ұқсастық жасамайды, ол тек бар ұқсастықты нақтылап көрсетіп, айқындап береді:

$$A = \{X; Y; E \dots\dots\dots\}$$

↓

$$B = \{X; Y; E \dots\dots\dots\}$$

Мұндағы X; Y; E деп отырғанымыз, тілдік бірлік бойында жинақталған айрықша белгілері: мысалы, *төл* сөзі «1. Жеке өз басына тән, біреуге я бір нәрсеге меншікті, байырғы. *Төл сөз грамм. – автордың өз сөзінің ішінде өзгертілмей айтылған басқа біреудің сөзі.* 2. Малдың жаңа туылған құлыны, ботасы, қозысы, лағы, т.б. Төл айы – көкек, мамыр айлары. Төл басы – ең алғашқы туған мал; құтпан» дегенді білдіреді [28, б. 816]. Осы *төл* сөзінің *басты жеке өз басына тән және біреуге, я бір нәрсеге меншікті* айрықша белгілері төмендегі терминдер мен терминдік тіркестердің жасалуына негіз болып алынып, нәтижесінде жасалынған терминологиялық бірліктер толықтай қолданысқа енген: *төл фильм* (мәден.), *төлжазба* (ісқағаз), *төлқұжат*

(ісқағаз), *төлнақыш* (өнер) *төлтума әдебиет* (әдеб.).

Метафоралық модельдеу үлгісіндегі терминдер қатарына мысал ретінде *қайраткер* (филос.), *аға жаттықтырушы* (спорт), *аға ғылыми қызметкер* (пед.), *айналмалы капитал* (экон.), *академиялық сағат* (пед.), *ақаулы ведомость* (ісқағаз), *астыртын* (заң), *аяқтаушы мәміле* (экон.), *әлемтүйсік* (филос.), *төрешіл* (саяс.), *құбылмалы тұрпат* (лингв.), *тербелткіш* (лингв.), *дауыс шымылыдығының дірілі* (лингв.) және т.б. терминдерді жатқызып, олардың ой-санадағы көрсеткішінде тілдік бірлік анықтап тұрған мән-мағынаның негізгі белгілері ұқсас болатынын көреміз.

### **3.3 Жаңа терминдік бірлік қалыптастырудағы ұлттық тілдік бейне категориясының алатын орны мен маңызы**

«*Ұлттық тілдік бейне*» термині жалпы «*әлемнің тілдік бейнесі*» ұғымымен тығыз байланысты. Бұл терминді жиырмасыншы ғасырдың басында батыс еуропалық тіл білімінде бастау алған атақты В. фон Гумбольттың идеяларын жалғастырушы Л. Вайсбергер енгізген болатын. Әлемнің тілдік бейнесі ұғымын зерттеуді ары қарай жалғастырған ғалымдар қатарына америкалық этнолингвист ғалымдардың еңбектері бұл мәселенің әлемдік деңгейде қарастырылып, таратылуына орасан зор үлес қосты. Жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында тіл мамандары аса қызығушылық танытқан бұл мәселе әр ұлт өкілдері үшін өзіндік ерекшелікке толы әрі ұлт тілінде бекітілген мәдени, рухани құндылықтар туралы сыр шертетін мүмкіндігі шексіз тілдік деректерді зерттеу арқылы таныла бастады. «Тілдік бейне» термині *әлемнің тілдік бейнесі*, *әлемнің тілдік суреті*, *ғаламның тілдік бейнесі*, *дүниенің тілдік бейнесі*, *ұлттық тілдік бейне* терминдерімен қатар қолданыста болып, бұл терминдердің аражігін анықтаудың өзі арнаулы зерттеулердің тақырыбына айналды. Қазақ когнитивтік лингвистикасында осы мәселемен айналысқан ғалымдар қатарында Ж. Манкеева, Қ. Жаманбаева, Э. Сүлейменова, Б. Сүйерқұл, Ж. Смағұлова, А. Ислам және т.б., орыс тіл білімінде Ю. Караулов, В. Маслова, Ю. Апресян, Е. Кубрякова, Г. Колшанский, З. Попова, И. Стернин және т.б. ғалымдардың еңбектері бар.

Жалпы әлемдік тілдік бейне ұғымын зерттеуде тіл мамандары қоршаған сыртқы ортаның (әлемнің) екі бейнесі бар деп есептейді: біреуі – санада (әлемнің *тұжырымдамалық* бейнесі) және екіншісі – тілде (әлемнің *тілдік* бейнесі). Тілдік тұлға ретінде әрбір адамның санасындағы әлем бейнесі әртүрлі екені дау туғызбайды. Ал оның тілдегі көрінісі ұлт тіліндегі жалпы ұстанатын қағидаттары мен тарихи, мәдени, діни, психологиялық және философиялық белгілерді толықтай қамтиды.

«*Ұлттық тілдік бейне*» және «*әлемнің тілдік бейнесі*» категорияларын кей кездері ауыстырып қолдану жайттары да кездеседі. «*Әлемнің ұлттық бейнесі*» немесе «*ғаламның ұлттық тілдік бейнесі*» ұғымдары когнитивтік лингвистика тұрғысынан белгілі ұлт қауымында қалыптасқан тілдік жағдаяттарға байланысты мәдени және тарихи аспектілерде қарастырудан бастау алады. А. Ислам диссертациялық зерттеуінде «*Дүниенің тілдік суреті* адамның

танымдық іс-әрекеті, ұлттық мәдениеті негізінде түзіледі және белгілі бір ұлт қауымдастығының өкілдеріне ортақ. Демек, дүние суреті дегеніміз – концептуалды (логикалық) және тілдік үлгілер формасымен берілетін санамен тікелей байланысты дүние туралы білімдер жиынтығы» деп таниды [8, б. 47].

Ұлт тілінде көрініс тапқан әрбір концепт сол ұлт өкілінің (тіл тұтынушысының) санасында қалыптасқан жалпы әлемдік бейнені көрсетеді. Осы орайда Ғалым Ж. Манкееваның: «Кез келген тілдегі «ғалам» бейнесі екі жақты сипатқа ие: бір жағынан, кез келген тілдегі «ғалам бейнесі» адамның әлемге көзқарасымен байланысты болса, екінші жағынан, нақты әр тілдегі әлем моделіне әлеуметтік-мәдени қоғамдағы ұлттық «әлем бейнесі» жалғасады. Осының нәтижесінде жеке тіл өзіндік сипатқа ие болады», – [6, б. 31] деген тұжырымы жоғарыда келтірілген терминдердің аражігін ажыратып беріп тұр.

«Ғаламның тілдік бейнесі» ұғымы – кең ауқымды, жалпы әлемде бар, барлық халықтарға ортақ құндылықтардың анықтамасын сипаттағанда қолданылады; «дүниенің тілдік бейнесі» – материалданған заттарға қатысты, бұл дүниеде бар затталған құбылыстардың сипаты ретінде көрініс тапқан тілдік деректерге қатысты; «әлемнің тілдік бейнесі» – адамның ақиқат болмысты жеке-дара өз түйсігінде қалыптасқан ұстанымдар шегінде, демек, өз ұлтының, сол қауымдастықтағы мәдени-тарихи жағдаяттардың талабына сәйкес тілде көрініс табуының анықтамасы ретінде қолданылуы десе де болады.

Зерттеуші Г.В. Колшанский әлемнің тілдік бейнесіне төмендегідей сипаттама береді: «Шынайы, тілдік емес әртүрлі топтағы адамдардың тарихи, географиялық, мәдени және де басқа да факторлар ықпалымен біртұтас объективті әлем шеңберінде жүзеге асқан танымдық қызметінің көрінісі» [154].

Бұл ойды ғалым Ж. Манкеева: «Мәдениетті тілден бөліп алып қарамаймыз. Тіл – мәдениеттің бір көрінісі. Ол екеуінің арақатынасы ерекше маңызды. Кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, тілдің кумулятивтік қызметі арқылы көрінетіні, ұрпақтан ұрпаққа жеткізілетіні белгілі», – деп [155] нақтылай түседі.

Адамдар қоршаған ортаны, ақиқат болмысты тіл арқылы танып қана қоймай, бір-бірімен қарым-қатынас жасап, тәжірибесімен, қоршаған орта туралы мәліметімен, білімімен бөліседі. Осы тұрғыдан келгенде, когнитивтік құрылымдар ақиқат болмысты тану құралы ғана емес, сондай-ақ сол таным үдерістерінің өзін де айқындайтын категориялар ретінде қаралады. Демек, жоғарыда аталған тұжырымдамаларға сәйкес, тілдегі пайда болған әрбір бірліктің (жаңа сөздің, терминнің) бойынан ұлттық белгілер, сол жердің қауымы ұстанатын адами, діни, мәдени және т.б. құндылықтар табылады.

Мәселен, соңғы жылдары пайда болған, жалпы ғылыми-кәсіптік салаларға, соның ішінде жеке-дара компьютерлік ғылымға қатысты жаңа атау – *айқұлақ* терминін талдайтын болсақ, бұл сөздің қазақ тілінде бұрыннан бар екені және оның компьютер саласында жаңа мағынаға тек соңғы жылдары ие болғаны белгілі. «*Айқұлақ*» көпмағыналы сөз екендігін сөздік мақалада келтірілген дефинициялар жиынтығы айқындайды: «*Айқұлақ* – зат. зоол.

Үлкендігі бір қарыстай, құлағы жарты ай сияқты, сарғыш кесіртке. – Балам, бұл айқұлақ қой. Жібер, жанды жануарды жәбірleme дегесін жіберіп едім, ол үйдің көлеңкесінен кетпей қойды. Оның құлағы «айқұлақ» деген атына сәйкес қызарған жарты ай сияқты екен («Қаз. пионері», 29.09.1971, №3).

*Пзат. зоол. Суда тіршілік ететін ұлулардың бір түрі. Басы болмайтын ұлуға қосжақтаулылар класына топтастырылған, тұщы су мен теңіздерді мекендейтін – айқұлақ, мидия, устрицалар жатады (Р. Сәтімбеков, Қызықты биология, 39). Қосжақтаулыларға жататындар: айқұлақ, мидия, устрица т.б. (Бұл да, 40).*

*Шзат. Балықтың желбезегін жауып тұратын, жарты ай тәріздес сүйек. Балық дем алғанда айқұлақ бір көтеріліп, қайта жабылып тұрады (Аймақтық сөзд., 27).*

*IV зат. Электрондық пошта арқылы хабар жібергенде пайдаланылатын, дөңгелек сызық ішіне «а» әрпі жазылған шартты таңба (Бекіт. термин., 7)» [156].*

Сонымен, «электрондық пошта арқылы хабар жібергенде пайдаланылатын, дөңгелек сызық ішіне «а» әрпі жазылған шартты таңба» деген терминологиялық мағынасы соңғы жылдары пайда болғаны анық. Аталмыш таңба әлем тілдерінің барлығына тән символ ретінде, оған өзге тілдерде дебірнеше белгілер сәйкес келетінін аңғардық. Мысалы, «Айқұлақ» атауының символ ретінде басқа тілдердегі мағынасы: италия, француз тілдерінде – «ұлу»; норвегия тілінде – «шошқа құйрығы»; неміс тілінде – «маймыл құйрығы»; қытайша – «кішкентай тышқан»; орысша – «күшік»; белорус тілінде – «слімак» (ұлу); болгар тілінде – «маймылиа»; грекше – *παπάκι (папáки)* – «үйрек»; иврит тілінде – *לְטוֹטוֹ* – «штрудель», *לִצְוִרָה* («крухит», иврит академиясы бұл атауды @ символы үшін де, орам атауы ретінде де береді); испанша – салмақ өлшемінің аты, *arroba (аррóба)*; итальянша – *chiocciola (кьётчoла)* – «ұлу»; немісше – *klammeraffe (кламмераффе)* – «маймыл»; поляк тілінде – *małpa (маупа)* – «маймыл»; түрікше – *et (эт)* – «ет»; украинша – *равлик* – «ұлу»; чех тілінде – *zavináč* – «орам (а)»; французша – *arobase (аробáз)* – *arrobe (арóб)* салмақ өлшемі, және @ символ атауы. Сонымен қатара *commercial (а комерсьяль)* – «коммерциялық а» деп те аталады» [157].

*Айқұлақ таңбасы (ағылш. commercial at, at sign) – бейнеленуі @ болып келетін типографикалық белгі, тілдердің көбінде маңында, арқылы, қасында, жанында деген мағынаны бейнелеу үшін қолданылады. Бұл ақша есебі мен сауда саласында пайдаланылатын «at the rate of» деген ағылшынша сөйлемнің ықшамдалған нұсқасы (мыс., «7 widgets @ \$2 ea. = \$14» – «бұйымның әр данасын 2 доллардан алғанда, 7 данасы 14 долларға тең»). Қазіргі таңда бұл таңбаның пайдалануы жаппай құбылыс, бұның себебі электронды пошта мекенжайларында кең таралуында деп санаймыз. 1885 жылы American Underwood ұйымында қаржылық есептерді жүргізуде қолданып, айырма бағамын, айырма мөлшерін көрсетуге қолданған. 1971 жылы америкалық*

программист Рэймонд Томлинсон алғаш рет бір компьютерден екіншісіне жолданған алғашқы электронды хаттың адресінде пайдаланған [158].

Сонымен, біріккен термин екі сөздің, яғни «ай» және «құлақ» түбірлерінің қосындысынан тұрады. Бұл термин мынадай ассоциациялармен байланысты: «Ай» – «*Жер планетасының серігі, аспандағы Ай*» және «құлақ» – «*адамның дене мүшесі*», атап айтқанда: біздің жадымыздағы алғашқы бейне – аспандағы «ай» мен адам «құлағы». Әлеуметтік желілерде «айқұлақ» символының атауына мағыналық талдау ретінде орысша «ухо луны» деп белгіленген нұсқасы да тіркелген. Бұл қазақ тілін білмейтін адамның ой-санасында қатебейне туындатуынан болуы әбден мүмкін. Өйткені бұл тіркес санада «аспандағы айдың құлағы» деген түсініктің пайда болуына жетелейтіні сөзсіз. Ал іс жүзінде, бұл символдың терминологиялық аталым үдерісінде басшылыққа бұған дейін аталып кеткен ассоциативтік қағидат алынған.

Жоғарыда *ассоциация* термині «жеке адамның ой-санасында көрініс табатын және оның есінде сақталған әртүрлі құбылыстар мен фактілердің, заттар мен нәрселердің арасында міндетті түрде заңдылық ретінде пайда болатын байланыс» болып табылатынын еске саламыз. Демек, «ай» мен «құлақ» сөздердің қосындысы адам санасы мен танымында ассоциация арқылы түр-тұлға ұқсастық уәжі негізінде жаңа бейне туғызады, яғни «айға ұқсас, құлақ пішінді». Шынымен де, символдың сырт пішіні айға да, айқұлақ ұлуына да ұқсас екені күмән келтірмейді.

Жоғарыда келтірілген «айқұлақ» сөзінің басқа тілдердегі атау мағыналарын талдай келе, мынадай тұжырымға келуге болады: бұл таңбаның атауы қазақ тіліне енген кезде, басқа тілдерде өзінің семантикалық сипатын толық айқындайтын, ерекше мәнге ие болған аталым ретінде қалыптасқан. Басқа тілдердегі ішкі мәндерге назар аударатын болсақ, *маймыл, маймылдың құйрығы, шошқаның құйрығы, ұлу, орам, кішкентай тышқан, күшік* және т.б. деп беріліп, әрбір ұлт өкілдерінің санасында түрлі уәждермен айқындалады екен. Бұл компьютерлік техниканың дамуы нәтижесінде пайда болған таңба аталымында әр халықтың ұлттық тілдік бейнесімен ұштасып жататын өзіндік сипатының айқын көрінісі деуге болады [159]. Мысалы, қазақ тілінде бұл таңба «шошқаның құйрығы» деген мағынаға ие болмасы айдан анық. Түрік, иврит, чех тілдерінде «ет», «орам» мағыналарында қолданылады. Алайда тілдердің басым көпшілігінде «ұлу», «айқұлақ» мағынасымен кеңінен таралған. Бұл ретте «@» символын осылай атауға, оның пішін сипатының уәжі негіз болғаны айқын аңғарылады. Бірақ өзге тілдердегі тұжырымдарға тоқталар болсақ, орыс тілінде бұл символға «күшіктің», поляктар мен болгарларда «маймылдың», гректерге «үйректің» кейпі негіз болған. Себебі, бір символ-таңба әр халық үшін ғаламның ұлттық тілдік бейнесімен сәйкестендіріледі. Дегенмен, ғаламның ұлттық тілдік бейнелерінде «ұлу» басым сипатқа ие екенін көреміз.

Демек, «айқұлақ» таңба-символының ассоциациясы, жалпы айтқанда, әмбебаптық сипатқа ие бола алатын бірлік деген қорытынды жасауға болады. Өйткені аталым үдерісі – бірегей және әмбебап түрде көрініс тауып, соңғысына қатысты жалпы адамзат санасындағы сол атаумен байланыста болатын ішкі

түйсік және қоршаған ортасы мен ақиқат болмыстың табиғатымен(когнитивтік лингвистикадағы фреймдер, скриптер, сценарийлер, гештальттар) тығыз байланысты болып келеді. Сонымен, қазақ тілінде бұрыннан бар «айқұлақ» сөзі жаңа терминологиялық мағынаға ие болып, термин ретінде өзінің семантикалық мағынасының шеңберін кеңейтіп отырғанын көреміз және жаңа мағынасында көпшілік қауымға таралып, қазіргі таңда кеңінен қолданылып жүргені де мәлім. Ал енді осы таңбаның қазақ ұлтының санасынан шошқа немесе күшік, маймыл суретін таппай, тек ұлудың кейпін алуының сыры ұлттық тілдік бейненің бір дәлелі екенін көрсетеді: мысалы, шошқа жалпы түркі тілдес халықтар үшін лас жануар, «ит – жеті қазынаның бірі» делінгенімен, діни көзқарастарға сәйкес, оны үй ішіне кіргізбейді, ол да лас жануарлар қатарына жатқызылады, ал маймыл – біздің өңірде өмір сүретін жануарлар қатарында жоқ аң [159, б. 142].

Осымен байланысты, заттар мен түрлі құбылыстар, ұғымдар және олардың адам ой-санасында көрініс табу үдерісінің қалай іске асатыны, тіл мен таным, тіл мен ойлау, тіл мен ұлт тығыз байланысты және үнемі сабақтас категориялар саналады. Сол себепті де, кез келген тілдік бірлік ой-сананың көрінісі немесе репрезентациясы (лат. «repraesentatio» – көрсету, сипаттап беру мағынасында) деп анықтайтын болсақ, ой мен танымның сан-алуан үдерістерінің барлығы да тілде көрініс тауып, сонда айқындалады. Яғни әрбір тілдік бірлік, оның ішінде терминдер де осы таным үдерісінің соңғы нәтижесі ретінде қарастырылады. Осы орайда, «репрезентация», «менталдық репрезентация» және «тілдік репрезентация» терминдеріне тоқталуды жөн санаймыз.

«Менталдық репрезентация» терминінің негізгі мән-мағынасы ой-сананың танымдық қабілеті арқылы айқындалады. Бұл ретте, «репрезентация» деп жеке адамның санасындағы шынайылық аспектілерінің ақиқат болмыспен сәйкестігі түсініледі. Яғни түйсік, сана, ақыл-ес, қоршаған ортаны субъектіге «ішкі» менталдық бейнелер, «мазмұндық құрылымдар» арқылы қалайша айқындап береді деген мәселе. Сондықтан да, сана жеке тұлғаның қоршаған ортамен қарым-қатынасын тығыз байланыстырып, ғалым Дж.Р. Сирлдың айтуы бойынша: «нысандар мен ақиқат болмыстың тілдік репрезентациялануына және соған байланысты әрекет ететін категория», - деп анықтауға болады [160].

Ал «тілдік репрезентация» термині когнитивтік лингвистика құрылымының бір бөлімі ретінде адам санасы мен тілдік қарым-қатынастың сабақтастығын айқындайтын категория болып табылады. Бұл жерде сана – материалдық емес, менталдық бейнелер «қоймасы» ретінде алынса, тіл – сол материалдық емес «қойманың» семиотикалық қызметімен қамтамасыз етілген «репрезентаттық» категория ретінде анықталады. Тілдегі құрылымдық бағыт аясында көп жағдайда тілдің семиотикалық қызметі тіл, коммуникация арқылы жеке адам санасының басқа адамға менталдық мазмұндағы ой-пікірді, мағынаны, ұғымдарды «жеткізуші» деп сипатталады. Адамның танымдық қабілетін зерттеуші ғалымдар когнитивтік құрылымдарды зерттеу – байқаудан тыс болатын, көрінбейтін, саналы, ақыл-ес, ойлау үдерістеріне тереңінен үңілу



деп түсіндіреді. Яғни бұл зерттеулер арқылы жалпы «таным дегеніміз не?» деген сұраққа жауап беруге болады [161].

Когнитивтік тіл білімі «объективтік реализм» философиясын басшылыққа алатыны белгілі. Бұл философияның ғылыми көзқарасы бойынша, адам тіл арқылы өзінің қоршаған ортасын сипаттайды. Алайда осы үдерісті жүзеге асыратын субъекті мен ақиқат болмыстың арақатынасы қаншалықты бір-біріне тәуелді екені бұл жерде айқындалмайды, өйткені, бір қарағанда, әлемдегі бар заттық дүниелер мен құбылыстар адамға ешбір тәуелсіз «ақиқат» күйде болады. Мәселен, адамның айналасындағы жер, су, тау, өсімдік, жан-жануарлар және т.б. дүниелер, заттар мен құбылыстар адам оларды атап, тілдік таңбалауына (репрезентациялауына) тәуелсіз, өз бетінше өмір сүреді де, ал әрбір бұл дүниеге келген адам сол қоршаған ортаны танып, сол ортаға бейімделудің құралы ретінде тілді пайдаланады.

Сонымен, Н.Ю. Шведованың пікірінше: «Языковая картина мира – выработанное многовековым опытом народа и осуществляемое средствами языковых номинаций изображение всего существующего как целостного и многочастного мира, в своем строении и в осмысляемых языком связях своих частей представляющего, прежде всего, человека, его материальную и духовную жизнедеятельность, и, во-вторых, все то, что его окружает: пространство и время, живую и неживую природу, область созданных человеком мифов и социум» [162].

Тілші маман А. Жуминова орыстардың ұлттық тілдік бейнесінің көрінісі ретінде кілт сөздер деп *хоровод, баня, печь, балалайка* сөздерін алса [163], қазақы менталдылықты білдіретін мәдени және заттық концептілермен (*киіз үй, қазан, жусан, домбыра, бауырсақ, сексеуіл, айналайын, шаңырақ, жорға, көрімдік, беташар* және т.б.) қатар, арнаулы кәсіп саласында қолданылып, қазіргі кейбір терминдерге негіз ретінде санауға болатын: *туырлық, үзік, кермебау, жүзік, алқа, сақина, қысқыш, шашақ, түндік, іскер, ісмер, құман* және т.б. сөздері де қазақтың ұлттық тілдік бейнесі деп тануға тұрарлық деп ойлаймыз.

Қорытындылай келе, ұлттық тілдік бейненің жалпы әлемнің тілдік бейнесі ұғымымен тығыз байланыста екенін көреміз. Ұлттық концептілер негізінде жасалған әрбір тілдік бірлік (оның ішінде – терминдік бірлік, термин) тіл тұтынушысының санасынан орын алып, кең қолданысқа ие болуының басты талабы және шарты – олардың ұлт санасында бекіп, қауымдастықта қалыптасқан мәдени, діни, адами және т.б. құндылықтарды қамти алатындығында деп ойлаймыз. Біздің пайымдауымызша, егер жаңа термин ұлттық концепт негізінде жасалса және тіл тұтынушысының ой-санасында сол бастапқы түйін сөз туралы ақпарат болса, мұндай бірліктер тілден сөзсіз өз орнын табады. Сөзімізге дәйек ретінде ұлттық концептілер негізінде жасалаған терминдерді келтіреміз: мысалы, *қазандық* (өндірі.) – *котел отопительный*, *айқұлақ* (комп.) – *собачка*, *зертхана* (өндірі.) – *лаборатория*, *бәтуа* – *консенсус* (филос.), *алқа* – *коллегия* (саяс.), *торсық* – *кожная фляга* (этногр.), *науқан* – *кампания* (саяс.), *қазидат* – *принцип* (тар.), *зият* – *интеллект* (психол.), *өтінім*

– заявка (ісқағаз), дыбыс тұтқыш – звукоулавливатель (мәден.), ілмек – зацеп (спорт), қор – фонд (экон.), қасбетсіз – беспортальная (өнер), тоғысым – смычка (лингв.) және т.б. Сонымен қатар термин жасау қабілеті өте жоғары сөздердің терминдік тіркес құрамында болуын да көп кездестіреміз, мысалы, жер сөзімен жасалған жерге салық салу (экон.), жер аудару (саяс.), жер дауы (заң), жерді өтесіз пайдалану (экон.), жерді қауымдасып пайдалану (тар.), жерсіз шаруа (экон.), жер туралы заңнама (заң), жер үлесі (экон.), жер саясаты (саяс.), жер құқығы (заң) және т.б. 50-ден астам терминдік тіркес құрамында; жалпы – жалпы өтіл (ісқағаз), жалпы өнім (экон.), жалпы пайда (экон.), жалпы сөре (спорт), жалпы сенімхат (заң), жалпы тактика (спорт), жалпы педагогика (пед.), жалпы психология (психол), жалпы тарих (тар.), жалпы түсім (экон.) және т.б. – 70-тен астам терминдік тіркес құрамында кездесетін осы тектес сөздер термин жасауға және жаңадан жасалған терминдердің әрі түсінікті, әрі қолданыс аясының кең болуын қамтамасыз етуге аса қабілетті екенін атап өтеміз. Терминдік тіркестердің құрамдас компоненті ретінде белсенді тілдік бірліктер қосымша Ә кестесін құрады: мұндағы ең активтелген бірліктер қазақ тіліндегі концептуалдық негізді құрайтын жер, нысанның кеңістікте орналасуы, жалпылық белгілерді қамтитын бірліктерден тұрады (қосымша Ә).

Соңғы кездері қазақ тілінде пайда болған терминдік бірліктерді зерттеу өз алдына үлкен мәселе: олардың пайда болу уәжділігі, жасалу жолдары, қолданыс үдерісітолыққанды терминологиялық бірлік болып, терминдік сөздіктерге, терминжүйелерге кіруі – мұның бәрі арнаулы зерттеуді талап ететін өзекті мәселелер. Бүгінгі таңда терминологиялық зерттеулерде Ө. Айтбайұлы, Б. Қалиұлы, Ш. Құрманбайұлы, Б.Момынова, Қ. Айдарбек сынды ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынып, пайда болған жаңа қазақ терминдерінің термин ретінде қалыптасқан тілдік бірлік екенін дәлелдеп, ондай бірліктерді терминдік сөздіктерге кіргізумен қатар, олардың ғылыми коммуникацияда қолданылу деңгейін анықтау, мұндай тілдік деректердің жалпықолданыста да түсінікті болуын қамтамасыз ету мәселелері қарастырылып келеді. Аударылған немесе жаңадан жасалған қазақ тіліндегі терминдер қатары да, олардың қолданыс деңгейі де күннен күнге артып келеді. Бұрын орысша, ағылшынша нұсқаларында қолданылып келген кірме терминдік бірліктердің қазақ тіліндегі баламаларының сөзтізбесі қосымшада көрсетілген (қосымша А). Алайда жаңа терминдік бірліктердің бірқатары қазақ тіліне аударылып, терминологиялық сөздіктерге енгенмен, олардың мән-мағынасын түсінбеу жағдайларын БАҚ құралдары тарапынан келтірілетін біршама мысалдар көрсетеді. Мысалы, бүктеме – буклет (мәден.), қоссырақ – брусья (спорт), бабыл мұнарасы – вавилонская баиия (мәден.), үлкен таразы – вага (экон.), жабайы – варвар (тарих), төбе топ – верхушка (тар.), көрім – видение (филос.), көрнек – витрина (мәден.) және т.б. Сонымен қатар көпшілікке түсінікті болып, жалпы қолданыс тілінде де өз орнын тапқан мұражай – музей (өнер), сынып – класс (пед.), архив – мұрағат (библ.), шина – құрсым, абзац – азатжол (лингв.), инвентарь – мұқаммал (ісқағаз), демаркация – шегендеу

(экон.), *баланс – теңгерім* (экон.)сынды терминдік бірліктердің бастапқы еуропа тілінен орыс тілінің заңдылығына бейімделген нұсқасын қайтару жағдайлары да кездесіп жатыр. Мұндай деректерді саралай келе, біз терминжасамда басшылыққа алынатын қағидаттарды ескере отырып, терминдік бірліктерді ғылыми-кәсіптік ортадағы мамандардың ұсынысы арқылы жасау керектігін алға тартамыз. БАҚ құралдары тарапынан берілетін қазақтілді бірліктер көп жағдайларда авторлық сөздер, окказионализмдер екенін ұмытпаған жөн. Осы тұста, *аспансерік, жертатақ, қылтима, бұрқақ, сазгертәріздес* бірен-саран окказионалды сөздерді терминдер ретінде бекітілген бірліктер деген қате түсінік бар. Осындай жағдайлар терминжасам үдерісінің ғалымдар тарапынан толық қарастырылып, сыналып барып, бекітілуі қажеттілігінің дәлелі бола алады.

Алайда тіл өз алдына жеке тірі ағза тәрізді туып, дамып, өсіп-өніп, өліп отыратынын білеміз. Бұл тұрғыда тілде пайда болған барлық жаңа сөздердің қолданысқа енуіне мүмкіндігі болатынын, жаңа сөз пайда болған жағдайда оны қолдануға толықтай себеп болуын атап өтеміз. Мысалы, ғылыми қауымдастық окказионализм деп қабылдаған жоғарыда аталып кеткен мысалдардың өздері бұқара халық арасында неліктен кең қолданысқа ие болып кетті деген орынды сұрақ туындайды. Егер біз мұндай бірліктердің жасалымдық үдерісіне назар аударатын болсақ, мұндай мысалдар ұлттық концептілер негізінде жасалып тұрғанын байқаймыз: *аспансерік – аспан + серік; сазгер – саз+гер* және т.б. Ал бұл біздің осыған дейін алға тартып келген тұжырымымызға ең қарапайым дәлел бола алады: ұлттық тіл негізінде жасалып, сөз құрамына ұлттық концептілер компоненттері енген жаңадан жасалған сөздер әрқашан кең қолданысқа түсіп, көпшілік қауым арасында тез таралады (қосымша Ә). Бұл ойымызды терминдерге қатысты да келтіруге болады. Өйткені жаңа сөздердің басым бөлігі (тіпті барлығы дерлік) терминдік сипатқа ие екені сөзсіз: жаңа затқа, нысанға атау немесе сол затқа байланысты жаңа іс-әрекетті сипаттау мақсатында жасалған жаңа сөздердің басым көпшілігі арнаулы қолданыстағы сөздер –жалпы айтқанда, терминдер.Соңғы кездері қарқынды дамып жатқан ғылым нәтижесінде минут сайын жаңа нысандардың (заттардың, ұғымдардың) пайда болып, аталып және сол атаулардың қазіргі замандағы цифрландыруға сәйкес әлеуметтік желілер арқылы тез арада қоғамда таралу қабілеттігінде деп ойлаймыз. Мысалы, 2020 жылдың қараша-желтоқсан айларында Қытайдың Ухань қаласында алғаш рет тіркеліп, жаңа атауға ие болып, кейіннен бүкіл әлемді дүрліктірген коронавирус ауруы барлық ұлт тілдерінде жаңа тілдік бірліктердің пайда болып, тіпті аурудан әлдеқайда ерте сол ауру атының қоғамда тез арада таралуына себепші болды. Аз уақыт аралығында қазақ тілінде де осы ауруға байланысты *локдаун, пандемия* және т.б. деген тілдік бірліктердің жалпы қолданысқа еніп кетуі осындай жағдаяттардың тілге тигізетін әсерінің дәлелі бола алады.

Осы тәріздес әлеуметтік ғылымдар саласындағы *праймериз* деген тілдік бірлікті саяси партиялар Қазақстан Республикасындағы 2021 жылғы 10 қаңтарда өткізілген Парламент мәжілісінің және мәслихаттарының

депутаттарын сайлау қарсаңында кеңінен пайдаланып, бұл тілдік бірліктің бұқаралық ақпарат құралдары арқылы баршаға таныс болып кеткенінің де куәсі болдық. «Праймериз» деген бірлікті термин ретінде қарастыруға болады деп ойламаймыз, өйткені, бұл бірлік қазақ тіліндегі терминдік сөздіктерде бұған дейін тіркелмеген, ағылшын тілінен енген лексикалық калька бола тұра, «Егемен Қазақстан» сайтының түсіндірмесіне сәйкес, қазақ тілінде арнаулы мағынаға ие болып шыға келеді: «*Праймериз* – АҚШ саясаткерлерінен бастау алған, партия белсенділерін ашық таңдау тәсілі. Қазақ тіліндегі мағынасы – «іріктеу» деген ұғымды білдіреді. Кейде «алдын ала сайлау» немесе «алдын ала дауыс беру» деп те атайды. Яғни, жақтастарының арасында алдын ала партияшілік сайлау өткізу арқылы, партия атынан басты аламанға түсетін көшбасшыларды іріктеп алу дегенге саяды» [164]. Осы тілдік бірлікке байланысты тағы бір мысал келтірсек: «Тәуелсіз Қазақстанның тарихында биыл алғаш рет *праймериз* өтпекші. Оны өткізуді еліміздегі бас партия «Нұр Отан» партиясы қолға алып отыр.... «Праймериз» сөзін қазақ тіліне аударғанда «бірінші сайлау» немесе «алдын ала сайлау» деген мағынаны береді. Көбінесе мұндай саясатқа байланысты терминдерді демократиясы қалыптасқан АҚШ секілді мемлекеттердегі саяси оқиғаларға қатысты естиміз», – дейді желілік «Блог библиотеки им. Гоголя» [165].

Жоғарыдағы «праймериз» тілдік бірлігіне келтірілген мысалдардан көретініміз: бұл сөздің қоғамда кең көлемде таралуына ең басты себепкер – бұқаралық ақпарат құралдары және интернет желілері екендігі. Осы тілдік бірлікті термин ретінде қарастырып, қоғамдық-саяси терминдерінің сөздіктеріне енгізу қажет пе? деген орынды сұрақ туындайды. Әрине, тілдік бірлік ретінде ол сөз атқарып тұрған қызметіне, өзі «тиесілі» болып тұрған қоғамдық-саяси саласына, түрлі сайттардың бұл бірлік мән-мағынасына берген анықтамасына байланысты термин ретінде бекітілуіне әбден болатын тәрізді. Алайда қоғамдық-саяси лексиканы көпшілік жұрт пайдаланатынын естен шығармай, осы тектес тілдік бірліктерді терминдерден ажыратып қарау қажеттігін еске саламыз. Терминдер арасында белгілі ғылым саласына қатысты, ғылыми коммуникацияда қолданылып, көпшілікке көп жағдайларда түсініксіз болатын терминдік бірліктермен қатар, барша жұртқа мәлім, тіпті жалпы қолданысқа еніп кеткен терминдер де бар екенін білеміз. Осы тұрғыда кейбір тілші ғалымдар қоғамдық-саяси сөздерді терминдерден бөліп қарастыру қажеттігін айтады. Шынында да, жоғарыда көрсеткен «праймериз» сөзі, бір қарағанда, терминге ұқсас болып көрінеді. «Қоғамдық-саяси сөздердің сөздік құрамдағы өзге сөздерден ерекшелейтін өзіндік сапа белгілері бар. Олар бір қарағанда терминдерге ұқсас болып көрінгенмен, олардан қолданылу аясы, ауқымы, қызметі және жалпыхалықтық сипаты жағынан өзгешеленеді», – дейді Б. Исхан, М. Құлманова «Терминдер мен қоғамдық-саяси лексиканың тілдегі орны мен маңызы» атты мақаласында. «Бұл сөздердің терминдерге ұқсайтын жағы, көбінесе, өзге тілдерден дыбыстық-құрылымдық жақтан игерілмей, еш өзгеріссіз ауысып келуінде жатыр. Өзге тілдік сөздер екенін олардың тұр-тұрпаты нақты аңғартып тұрады. Осы белгісі оны термин сөздерге ұқсатып-

жақындатып, кейбір адамдарды, тіпті қандай да бір тілші-ғалымдардың өзін де шатастырып жатады... жаңа заманның жаңа лебімен пайда болған «жаңа сөздер» (неологизмдер) деп те танылады», – дейді ғалымдар [166].

Бұл тұжырымға сүйене отырып, жаңа термин деп танылып жүрген *праймериз* сөзінің саяси-қоғамдық лексиканың бірлігі екенін және оның жалпыхалықтық қолданысқа енгені елдегі саяси жағдайларға және бұқаралық ақпарат құралдарының белсенділігінен екенін анық көреміз.

Осы жерде Халел Досмұхамедұлының мына сөздері еске түседі: «Біздің қазақ-қырғыздың ішінде аурапа тілдерін жақсы білетініміз аз, көбіміз білмейміз. Аурапа тілдері бізге орыс тілі арқылы жалғасады. Аурапа сөздерін алғанда, түбін тексеріп, шамадан келгенше сөзді түпкі иесінің сөйлеуіне жақындатып алу керек» [15, б. 177]. Қоғамдағы саяси-экономикалық кезеңге байланысты пайда болып, ел ішіне тараған осындай тілдік бірліктер тарихи жағдаяттардың сипаты бола тұра, кейбіреуі тым қысқа мерзімде жойылып кетіп, ал кейбірі ұзақ уақыт тіл тұтынушысы тарапынан қолданыс табады. Демек, біз мысал ретінде алып отырған *праймериз* сөзінің қазақ тіліндегі тағдыры әлі белгісіз күйде: мүмкін, бұл сөз тілімізге етене кіріп, тіпті қоғамдық-саяси терминдерінің сөздігінен орын алар немесе, керісінше, уақытша ғана қолданыста болып (ҚР 2021 жылғы 10 қаңтардағы Парламент мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын сайлауға дайындық қарсаңында), кейін ұмытылып кетер – оны уақыт көрсетеді. Алайда осы іспеттес кірме сөздердің көптеп келіп, тілімізге өз әсерін тигізуі дау тудырмайды және тілші-мамандар тарапынан мұндай үдерістерді зерттеудің өзектілігі күннен-күнге артып келеді.

Мұндай жағдайлардың өткен ғасырларда да орын алғанын ескере отырып, ғалым Б. Момынова «Қазақ» газеті материалдары негізінде қоғамдық-саяси лексиканы келесідей топтарға бөліп қарастырағанын еске сала кетейік: 1) әлеуметтік-тарихи категориялар мен ұғымдарды білдіретін атаулар; 2) мемлекеттік құрылысты білдіретін атаулар; 3) әкімшілік жүйеге қатысты атаулар; 4) сот жүйесіне қатысты атаулар; 5) саясатқа қатысты атаулар; 6) әскери қимылдар мен қару-жараққа қатысты атаулар; 7) оқу-білім, мәдени салаларға қатысты атаулар; 8) діни ұғымдарға қатысты атаулар [167]. Ғалымның қоғамдық-саяси лексика бірліктерін топтау қағидаты нысандардың тақырыптық, жұмсалымдық қызметіне байланысты жасалғанын байқаймыз. Бұл жерде осы топтауды келтіріп отырған басты себебіміз: өткен ғасырдағы газет бетіндегі қоғамдық-саяси лексикасының жіктемелік ерекшеліктерін қазіргі кездегі бұқаралық ақпарат құралдарындағы, интернет желілеріндегі бірліктер арасынан табылатынын көрсеткіміз келеді. Осы тұрғыда танымал терминолог-ғалым Б. Қалиұлының «Қазақ терминтанымның өзекті мәселелері» атты еңбегінде айтқан мына сөзі ойлануға тұрарлық: «Қазіргі кезде қазақша термин жасау ісімен тұрақты түрде айналысып жүрген шынайы ғалымдардың саны тым аз. Ондайлардың көпшілігі қазақша термин жасағаннан гөрі, оның орнына бұрынғысынша шетел сөздерін (латын, грек, ағылшын, француз, неміс, орыс, т.б.) ала салуды қолайлы көреді. Егемендік алғанымызға 17 жыл өтсе де,

қазақша термин жасау ісінің әлі күнге дейін мандымай жүргендігінің сыры, міне, осында жатса керек» [168]. Б. Қалиұлы бұл сөздерін еліміздің егемендік алғанына он жеті жыл өткен кезінде айтса, қазір Тәуелсіздігімізге отыз жыл болғанын ескерсек, ана тіліміздегі көкейтесті мәселелердің әлі күнге толық шешімін таппағанын көреміз. Ғалымның: «Халықаралық сөз болу үшін, олар ең алдымен, еуропа тілдерінің біреуінің сөзі болу керек деген тұжырым. Басқаша айтсақ, кім мықты болса, кім экономикалық жағынан күшті болса, солардың сөздері халықаралық термин болып табылады», – деген ойы [168, б. 29] аталған тілдік бірліктің қазақ тіліне етене кіруіне, әрі тез таралуына соңғы кездері ағылшын тіліне, жалпы батыстық мәдениетке деген қоғамдағы аса жоғары қызығушылықтың көрінісі деп ойлаймыз.

Б. Қалиұлы қазақ тіліне шетел тілінің сөздерін, соның ішінде халықаралық терминдерді алудың төрт жолын көрсете отырып, былай дейді: «Оның біріншісі – әлгі интернационал сөздердің қазақ тіліндегі баламасын көрсету. Мыс., *ангина – баспа, кредит – несие, бартер – баспабас, брокер – делдал, спонсор – демеуші, таможня – кеден, финанс – қаржы, фонд – қор*, т.б. Екіншісі – халықаралық сөздерді калька жолымен тікелей аудару: *пятилетка – бесжылдық, множитель – көбейткіш, производство – өндіріс, коллектив – ұжымшар, совхоз – кеңшар* және т.б. Үшіншісі – халықаралық терминдердің орнына қолдан (жаңадан) сөз жасау: *аэровокзал – әуежай, самолет – ұшақ, вертолет – тікұшақ, герб – елтаңба, концепция – тұжырымдама, программа – бағдарлама, цивилизация – өркениет*, т.б. Төртіншісі – халықаралық терминдердің өзін алу» [168, б. 31].

Қазақ терминографиясын докторлық диссертация деңгейінде зерттеген Е. Әбдірәсіловтің: «Ғылыми қауым үшін қазіргі шығып жатқан және осы уақытқа дейін шығып келген қазақ тілімен байланысты терминологиялық сөздіктердің төңірегіндегі өзекті мәселелердің жинақталып, ресми және ресми емес сипаттағы сын-пікірлерге ұшырауы, олардың ғылыми қауым мен көпшіліктің терминдер туралы ақпараттарға деген қазіргі кезеңдегі сұраныстары мен талаптарын қанағаттандыра алмай отыруы айтылмай, жазылмай жүрген мәселе емес», – деген [169] ойын қостай отырып, біз ағылшын тілінен енген бір ғана тілдік бірлік негізінде ұлт тілімізде болып жатқан қазіргі «тілдік экспансия» мәселесін қозғап отырмыз. Өйткені қазақ тіліндегі праймериз сөзінің ғаламтор желісіндегі мағынасы ағылшын тілінен жасалған сөзбе-сөз аударма болып табылады: «Primary elections, often abbreviated to primaries, are a process by which voters can indicate their preference for their party's candidate, or a candidate in general, in an upcoming general election, local election, or by-election» [170].

Сонымен, орыс тілінде *предварительные выборы* немесе *предварительное голосование* деген мағынада көршілес Ресейде 2013-2014 жылдардан бастап бұқаралық ақпарат құралдарында жиі қолданыла бастаған «праймериз» сөзі дыбысталу формасын толықтай сақтап, алдымен орыс тіліне, ал 2020 жылдан бастап қазақ тіліне де өзгеріссіз еніп отырғанын көреміз. Ғалым Б. Момынова «Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-

бағалауыштығы, сөзжасамы» еңбегінде: «Ғылымдағы қалыптасқан көзқарастар мен тұжырымдар бойынша, қоғамдық ғылымдар терминологиясы екі үлкен бөліктен тұрады... Тіл білімінде қоғамдық-саяси лексика, қоғамдық-саяси терминдер, қоғамдық-саяси ұғымдар бар, әрі олар кейде бірінің орнына бірі жарыса қолданылып кете береді», – дей [171] отырып, қоғамдық-саяси сөздер мен терминдерді қалыптастыруда публицистикалық стильдің доминанттық рөлін ескере отырып, мысалдарды газеттерден жинастырғанын айтады. *Праимериз* сөзінің 2020 жылы Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарындағы, қазақ тілді әлеуметтік желілердегі қолданыс пайызын ескеретін болсақ, бұл тілдік бірлікті Б. Момынова атап өткен қоғамдық-саяси терминдер қатарына толықтай кіргізуге болатындығын байқаймыз. Алайда бұл тілдік бірліктің мән-мағынасын айқын түсініп және көпшілікке түсіндіре отырып, оған балама сөзді өз төл тілімізде жасап алуға нендей кедергі бар? деген орынды сұрақ туады. Өйткені бұл сөз әлі қазақтілді қоғамның санасынан ойып орын алған жоқ, демек, оны қазақ тіліне аударып немесе өз тілімізде оған балама табуға әбден болады. *Праимериз* сөзіне балама ретінде *алғаш сайлау, іріктеу сайлау, бастапқы сайлау* нұсқаларын неге алмасқа?! Ұлттық концепт негізінде жасайтын болсақ, бір бөлігін «сайлау» сөзіне сәйкес, екінші бөлігін бұл сайлау түрінің өтетін орнына, немесе уақытына және де қамтылатын сайлаушылар көлеміне байланысты: *сай, сайлау, сайланым, науқан, кіші, кішігірім, іштей, ішкі, бастапқы, алғашқы* және т.б. сөздердің қатысуымен, *ішсайлау, кішісайлау, сайланым* секілді тілдік бірліктерді қарастыруға да болады. Немесе сайлауға қатысушы елдің, халықтың қамын ойлайтын, бойында адами қасиеттер болуын талап ететін адам болуына қатысты *ұлық, би, төре, бас*, сондай-ақ сайлауға қатысатын, сайланушының жеке қасиеттеріне байланысты: сол адамды сайлайтын адамдарға қатысты *қарааш (...Хан басыңмен қарашыңмен даулы болып...* (Көтеш ақын), *қара, халық, топ, ұлыс, көш* тәрізді ұлттық концептілерді қолдануға әбден болады.

Жоғарыда келтірілген мысалдар қазақ тіліндегі кірме терминдердің мәселесіне аса назар аудару керектігін көрсетеді. Кеңес дәуірінде кірме терминдердің (ал оның басым бөлігі орыс тілді терминдер мен терминдік тіркестер) көп көлемде болғанын білеміз. Соңғы жылдары сондай бірліктерді қазақ тіліне аудару нәтижесінде пайда болған жаңа нұсқалары бүгінгі таңда жұмсалым аясын арттырып, қолданысқа толықтай енген күйде. Осындай терминологиялық бірліктерді Б қосымшасынан көреміз. (қосымша Б). Бұл жерде аса атап өтетін жайт – кейбір жаңадан жасалған терминдік бірліктердің екі немесе одан да көп нұсқаларының болуы. Бұл қазақ тіліндегі терминжасам мүмкіншіліктерінің жоғары деңгейде екенінің көрсеткіші әрі жаңадан жасалған терминологиялық бірліктердің өміршеңдігінің дәлелі деп танымыз.

Сонау ХХ-ғасырдың басындағы қазақ қоғамының рухани өміріне көшбасшы болған А.Байтұрсынұлы 1926 жылы орын алған Түрікшілердің 1-ші құрылтайында терминдер туралы келесідей пікір келтірген: «Пән сөздері туралы баяндаманың бірі менікі болғандықтан, өз баяндамамның да мазмұнын қысқасынан айта өтейін... Пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан

бөлек жол тұтынды, басқа түріктер әдебиет тілі араб-парсы сөздерімен шұбарланса, көркем болады дегендіктен, екінші өз тілдерінен пән сөздеріне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерін жат жұтып, жойып жіберу даражаға жеткен» [172, 571 б.]. А.Байтұрсынұлының осы сынды тағы бір пікірі: «Доклад мой будет не о том, как мы, казахские научные и литературные работники, строим терминологию для литературы народа, и, во-вторых, какого принципа мы придерживаемся в выработке терминологии» [172, 578 б.]. Профессор Ө.Әбдіманов А.Байтұрсынұлының сол заманда-ақ: «Қазақ жат сөздерге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты... Тіл арасында жік түсіп айырылмас үшін, жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды. Ол тәртіп қазақ білімпаздарының тұңғыш тобында қабылданғаны айтылды» – деп, қазақ терминологиясының қалыптасуына негіз болғанын, бұл турасында оның пікірлерінің «Қазақ» газетіндегі, «Жаңа мектеп» журналындағы мақалаларында жарық көргені туралы айтады [173, 79 б.].

А.Байтұрсынұлының салып беріп кеткен сара жолы, оның пән сөздеріне қатысты тұжырымдары, нақты ұсыныстары ХХ-ғасырда қалыптасқан қазақ тілінің терминологиясында басшылыққа алынатын қағидаттардың, ал ой-пікірлері Қ.Жұбанов, Р.Сыздық, Ө.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, Б.Қалиұлы, Ш.Құрманбайұлы, т.б. ғалымдардың қазақ терминологиясына қатысты еңбектерінде басты орын алды. А.Байтұрсынұлының «пән сөздеріне» қатысты айтқан ойлары әлі күнге өзекті әрі қазақ терминологиясын жүйелеудің жаңа талаптарын жүзеге асырудың негізі, қалып тасы деп білеміз. Қазіргі терминологиялық қорды толықтыру, терминдерді және атауларды қазақ тілінің нормаларына сәйкес реттеу, терминологиялық атауларды қолдану тиімділігін арттыру мақсатында жасалатын жұмыстарды ұйымдастыру тәрізді мәселелерді тіл жанашырларына жеткізу жолында заманауи технологиялардың мүмкіншіліктерін пайдаланудың бұл тек бір көзі ғана. Ал осындай жұмыстардың түп тамыры, діңгегі болып А.Байтұрсынұлының ғасыр бұрын келешек ұрпақ үшін жасаған ерен еңбегі жатыр.

### **3-бөлім бойынша қорытынды**

Осы тарауда қарастырылған терминдік бірлік мәнінің санадағы когнитивтік құрылымдармен байланысын сипаттау барысында төмендегідей тұжырымдар жасаймыз:

Біріншіден, терминжасам үдерісінде пайдаланылатын тірек сөздер ұлттық концептіге негізделсе, жасалған жаңа терминнің бойынан базалық семалар жиынтығын этимологиялық талдау негізінде анықтауға болады. Кей кездері сөздің басқа мағыналары көмескі күйде болып, терминдік сипат алған кезде тек арнаулы жаңадан берілген мағынасы басты орынды басады және көпшіліктің жалпы қолданысында да жаңа мағынадағы нұсқасы кеңінен тарала бастайды. Біздің ойымызша, жаңа термин ұлттық концепт негізінде жасалатын болса, оның жұмсалымдығының жоғары деңгейде болатыны қазіргі таңда еш дау туғызбайтын жағдай. Қазақ тіліндегі әрбір жаңа терминнің түп тамырына үңілетін болсақ, көп жағдайларда негізгі тірек терминдердің құрамдас



компоненттерімен байланысында концептуалдық құрылымның құрамдас компоненті болып табылатын жалпы қолданыстағы сөздердің негізгі мағынасымен ұштасып жатады да, терминдік тіркестің мағынасын жасау үдерісінде басты рөлді атқарады. Құрамдас компоненті етістіктен болатын терминдік тіркестер өз алдына макротерминдік топтар құрады: *жер сату* (экон.), *жер салығы* (экон.), *жерді меншікке беру* (экон.), *жер аудару* (тар.), *жекеменшік жер* (экон.), *жер алпауыты* (экон.), *жергілікті акция* (саяс.), *жергілікті диалект* (лингв.), *жергілікті жаттығу* (пед.), *жергілікті радиоторап* (мәден.), *жергілікті комитет* (саяс.) және т.б.

Екіншіден, когнитивтік құрылыммен байланысы арқылы қарастырылатын терминдік бірліктердің дефинициясы арқылы берілетін ұғым туралы түсініктер бір-бірімен байланысқан санадағы микро- және макро- модель-үлгілер – когнитивтік құрылымдар құрып, ойша күрделі қатынас түзеді. Фреймдік құрылым көлемі өте кең, ал оның құрамдас бөлшектері (слот, терминалдар) өз алдына жеке-дара фреймдік құрылым құра алады. Бұл құрылым терминге қатысты барлық ұғымдарды қамтып, тілдік қолданыста тіпті өзара байланысы жоқ көрінетін тілдік бірліктердің санадағы көрініс ретінде өз алдына жүйе құрайтынын байқаймыз: *бейнеқатар* (мәден.), *бейнелеу теориясы* (филос.), *бейнелеу материалы* (пед.), *бейнелі көрім* (психол.), *бейнелі шешім* (психол.), *бейнелі сөз* (әдеб.), *бейнемәтін* (мәден.), *бейнеоператор* (мәден.), *бейнемагнитофон* (мәден.) және т.б. терминдік бірліктер қатарындағы *бейне* сөзінің тура мағынасына байланысты басқа да алуан түрлі тілдік бірліктермен байланысып, алып жүйе құрады да, сол жүйе құрамындағы әрбір бірлік өз алдына басқа да жүйелердің мүшесі бола алады. Санадағы шартты түрде «тор» аталатын бұл алып құрылымның шегі жоқ деп пайымдаймыз.

Үшіншіден, терминдік тіркестердің концептуалдық ядролары негізінен бастапқы бекітілген мән-мағынамен байланысты болғанымен, өзі тиесілі болып тұрған ғылым саласы терминжүйесінде алатын орнына байланысты тірек концепт немесе субфреймдік қосымша ретінде көрініс табады. Метафоралық модельдеу үлгісіндегі терминдер қатарына мысал ретінде *жаңғырту теориясы* (филос.), *жаңғырту қоры* (экон.), *жаңарту* (өнер), *жаңартылған бағдарлама* (пед.), *жарқағаз* (мәден.), *жариялылық* (заң), *жетім ұйқас* (әдеб.), *жетім жол* (лингв.), *жерсерікті канал* (мәдени) және т.б.терминдерді жатқызып, олардың ой-санадағы көрсеткішінде тілдік бірлік анықтап тұрған мән-мағынасының негізгі белгілері ұқсас болатынын көреміз.

Төртіншіден, жаһандану жағдайына байланысты тілімізге басқа тілден көптеп еніп жатқан кірме терминдерді еш өзгеріссіз, ойланбастан ала салмай, сол терминдер анықтап тұрған ұғымның мән-мазмұнын айқындап барып, қазақ тілінен сол тілдік бірліктерге балама тауып немесе жаңа нұсқа жасау қажеттігін алға тартамыз. Мысалы, *жерсерік – спутник*(косм.), *тізімдеме – опись*(ісқағаз), *сұрастырым – опрос*(ісқағаз), *шарықтау – повышение*(экон.), *бейнетабақ – видеодиск*, *бейнеорам – видеоклип*(мәден.), *көрім – видение* (филос.), *дүлдүл – виртуоз* (өнер), *көрнек – витрина* (мәден.), *лаңкестік – терроризм* (саяс.) және т.б. Жасалатын немесе басқа тілден аударылатын терминдік бірліктердің

терминге қойылатын басты талаптарға сәйкес болуын және ой-санада туындайтын көрініске қатысты ұлттық концепт негізінде болуын қамтамасыз етсек, пайда болатын жаңа терминнің қолданыс аясы кең болатынына кәміл сенеміз.

Бесіншіден, терминдік бірліктерді жаңадан жасау үдерісінде көбінесе ұлттық тілдік бейне көрінісі ретінде қалыптасқан концептілер алынатынын немесе мұндай концептілер терминдік тіркес құрамынан табылатынын көреміз (*төреші* (спорт), *әнұран* (саяс.), *сахна* (мәдени), *шот* (экон.) және т.б. Бұл жағдай кірме терминдер еш өзгеріссіз қабылданғанда емес (мысалы, *праймериз*(саяс.), *адвокат*(заң), *театр* (өнер), *депутат* (саяс.),*биржа* (экон.), терминдік бірлік ұлт тілінде жасалған кездері ғана мүмкін болады. Бұған дейін орыс тілі арқылы ағылшын, неміс және т.б. тілдерден кірген термин сөздерді ұлттық концептілер негізінде баламасын тауып, қазақ тіліне аудару – қазақ тіліндегі терминжасамның өнімді әдіс-тәсілі бола алады деп ойлаймыз. Мұның дәлелі – соңғы жылдары аударылған терминдердің қазіргі кездері толыққанды қызмет етіп жатқандығы: *музей* – *мұражай* (мәден.), *музыка* – *әуен*, *саз* (өнер), *гимн* – *әнұран* (саяс.),*лауреат* – *саңлақ* (қоғ.-саяс.), *легализация* – *жария ету* (заң), *курсив буква* – *көлбеу әріп* (лингв.), *ксероксная бумага* – *көшірме қағаз* (ісқағаз), *кредитор* – *алашақ* (экон.), *кризис* – *дағдарыс* (саяс.), *интеллект* – *зият*, *парасат*, *зерде* (психол.), *принцип* – *қазғидат* (лингв.), *залог* – *кепіл* (экон.), *записка* – *жазбахат* (ісқағаз), *коррупция* – *сыбайлас жемқорлық* (заң), *аналогия* – *үйлестік* (психол.), *диапазон* – *ауқым*, *өріс* (мәден.), *территория* – *аумақ* (саяс.), *администрирование* – *әкімгершілік* (саяс.) және т.б.

Осы жұмыста қарастырылған терминдік бірліктер және оның адам санасындағы когнитивтік құрылымымен байланысы мәселелері туралы тұжырымдамалар алдағы уақытта тілші мамандардың қызығушылығын тудырады деп есептейміз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ғылыми-зерттеу жұмысында қазақ тіліндегі терминологиялық аталым мәселесі жаңа терминдердің адам санасындағы когнитивтік құрылымдармен байланысы арқылы сипатталып, когнитивтік тұрғыда қоғамдық-саяси терминдердің бірқатарының мән-мағынасы олардың ойдағы концепт, фрейм, гештальт көрінісі ретінде берілді. Терминдік бірліктер мысалға алына отырып, санадағы когнитивтік құрылымдардың концепт, фрейм ретіндегі мейлінше толық анықтамасы жасалды. Термин мән-мағынасының ойша көрініс табуында іске асырылатын ассоциация, метафоралану, визуалдық ойлау тәрізді когнитивтік үдерістердің тілдік таңбалануының (репрезентациялану) ерекшеліктері көрсетілді. Осыған байланысты әрбір тілдің термин жасам үдерісі сол тілдің ұлттық лексикасы негізінде жүзеге асатынын көрсете отырып, соңғы жылдары жаңадан жасалған немесе басқа тілдерден аударылған кірме терминдердің концептуалдық сипаттамалары жасалды. Термин, терминдік тіркес болып бекітілген терминдік аталымдар қатарынан ұлттық тілдік бейне негізінде жасалған терминдік бірліктер когнитивтік талдау әдісі арқылы зерттелді.

Концепт – кең ұғым, ол өзімен байланысты тілдік бірліктің бойындағы барлық мағыналарын қамтып қана қоймай, нысан туралы санадағы бұрыннан бар, субъектінің жеке-дара, психологиялық, ұлттық, кәсіби және т.б. тәжірибелері нәтижесінде түзілетін алып көлемді ақпаратты, білімді қамтиды. Сырт дүние нысаны туралы бұл кең көлемді ақпарат санада нақты құрылым – фрейм ретінде шартты түрде бірнеше бөліктерге бөлініп, оңтайландыру үшін жалпыдан жекеге, үлкеннен кішіге бөлшектеліп, әрбір жеке бөлшек ақпаратпен толтырылған слот немесе терминал ретінде көрініс табады. Жеке слоттағы ақпараттың өзі сырт дүниедегі тілдік бірліктің көрінісі ретінде, санада өз алдына жеке концептуалдық жүйе құрып, мұндай когнитивтік үдерістер үздіксіз сырттан түсетін ақпаратты қабылдау, сақтау, өңдеу үшін жұмыс жасап тұрады. Қорыта айтқанда, концепт – жалпы нысан туралы санада сақталған білім бірлігі, фрейм – сол білімнің жадыда сақталуына бағытталған концептінің құрылымдық қалыбы (қаңқасы, моделі).

Терминдік бірлік арнаулы ғылым саласында қызмет ететінін, оның басты дифференциалдық ерекшеліктері ретінде бірмағыналылық, уәжділік, жүйелілік, дефинитивтілік қасиеттерін қарастыра келе, оның санадағы когнитивтік құрылым сипатымен тығыз байланыста болатынын көреміз және сырт дүниедегі термин дефинициясының құрамындағы ең кішкене бөліктің өзгеруі оның санадағы фреймдік құрылымына әсер етеді деп қорытындылаймыз.

Бұдан туындайтын пайымдама: терминнің дефинициясы неғұрлым нақты және тұрақты болса, сәйкесінше санадағы онымен байланысты фрейм құрылымының жадыда сақталуы соғұрлым жоғары болады:

1. Терминологиялық бірліктің (термин және терминологиялық тіркес) лингвокогнитивтік және концептуалдық талдау нәтижелері терминнің

дефиниция құрылымына да, табиғаты бойынша да когнитивтік құрылымға толық сәйкес келетінін көрсетеді.

2. Көп жағдайда, базалық концептілерді (*жер, су, кеңістік, уақыт, тұрт-түс және т.б.*) пайдалану арқылы белгіленетін, терминологиялық құрылымның санада көрініс табатын когнитивтік құрылыммен байланысы концептуалдық негізге сүйеніп, аталған концептілерді құрылымдық бөлшегі немесе базалық бірлігі етіп жасалған терминдік бірліктер ассоциативтік және метафоралық үлгілеу арқылы жасалады.

3. Қарастырылған терминдік бірліктерді нысанның кеңістікте орналасу нүктесіне байланысты орта, сырт, кейін, алды-арты, жоғары-төмен, қысқа-ұзын, жеке-жалпы және т.б. адам санасындағы нысан сұлбасының шартты түрде орнымен байланысты аталмыш «кеңістік метафораларына» (Дж. Лакофф) сәйкес келетін түрлері анықталды: *алғышарт* (саяс.), *жоғарғы білім* (пед.), *жоғарғы баға* (экон.), *жоғарғы дәрежелі бірлескен мәлімдеме* (саяс.), *жоғарғы әуен* (лингв.), *жоғары сектор* (спорт), *төмен өнімділік* (экон.), *төмендету* (экон.), *төменгі палата* (саяс.), *қысқа қадам* (спорт), *қысқаметражды фильм* (өнер), *қысқарған сөздердер сөздігі* (лингв.), *ұзын орын алмасу* (спорт), *ұзақ уақыттық ес* (психол.), *ұзынұялы объектив* (мәден.), *жеке орындау* (өнер), *жеке тұлға* (психол.), *жеке тұрткілер* (саяс.), *жеке үйрету* (пед.), *жеке ісқағаз* (ісқағаз), *жалпы үйрету* (пед.), *жалпы фонетика* (лингв.), *жалпыға бірдей сайлау* (заң), *кері қозғалыс* (саяс.), *кері сөздік* (лингв.) және т.б.

4. Терминдік бірліктің санадағы гештальт когнитивтік құрылымы ретіндегі көрінісі сезімдік-перцептивтік сипатқа ие екенін терминдік бірліктердің санада тудыратын көрінісі иіс сезу, дыбысты есту, көру, терімен сезу арқылы алынатын тәжірибенің нәтижесі ретінде көрінетін нұсқалардың болуымен дәлелденеді: *дауысқа түсу* (саяс.), *ирелеңдей көтерілу* (спорт), *қарсыласты алдап өту* (спорт), *алым-салық* (тар.), *халыққа үндеу тастау* (саяс.), *зорығу* (психол.), *қараниеттілік* (филос.), *қысастық* (филос.), *табалаушылық* (филос.), *сергек ақыл* (психол.), *қорғаушы* (спорт), *есепті жолбағыт* (спорт.), *бетбелгі, кепілдікке беру* (экон.), *тума қабілет* (пед.) және т.б.

5. Терминологиялық бірліктің ғаламның ұлттық тілдік бейнесі негізінде жасалуы немесе көпқұрылымды терминнің бір компоненті ретінде ұлттық концепті болған жағдайда, саналы-мақсатты түрде пайда болған қазақ тіліндегі терминдер мен терминологиялық тіркестердің қолданыс тиімділігі артады: *саз, уәж, тұрткі* (лингв.), *азатжол* (лингв.), *абырой, бедел* (пед.), *азғындау, кері кету* (экон.), *ақтау* (заң), *алаяқ, алаяқтық* (заң), *алыпсатар* (экон.), *айқұлақ* (ісқағ.), *дағдарыс* (экон.), *аға төреші* (спорт), *зияткерлік* (тар.), *бәтуә* (филос.), *зиялы қауым* (филос.), *зерде* (психол.) *ержүректілік* (психол.), *құзырет* (заң), *төраға, төралқа* (саяс.) және т.б.

Терминологиялық бірліктерді санадағы когнитивтік құрылымдарымен байланысты қарастыру жалпы терминтаным мәселесін, соның ішінде ұлт тіліндегі кірме терминдер мәселелерін шешуге атсалысады. Сондықтан жұмысымыздың мазмұны келешекте осыған қатысты зерттеулерге өз көмегін

тигізері сөзсіз. Жалпы ХХІ ғасырдағы тіл білімінде когнитивтік зерттеулердің аса қызығушылық тудырып отырғанына байланысты алдағы уақытта қазақ тіл біліміндегі терминология саласы осы тұрғыда біздің назарымызда болып, зерттеу жұмысы онан ары жалғасады деп сенеміз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Адамар Ж. Исследование психологии процесса изобретения в области математики. – М.: Советское радио, 1970. – 152 с.
- 2 Абдуллина Н., Айдарбек К. Тіл мен танымның арақатынасын әл-Фараби философиясы бойынша айқындау мәселелері // 23-ші «Аханов оқулары»: халық. ғыл.-әдіст. конф. матер. – Алматы: Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, 2020. – Б. 22-26.
- 3 Звегинцев В.А. История языкознания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. – Изд. 3-е, доп. – М.: Просвещение, 1964. – Ч. 1. – 464 с.
- 4 Абдуллина Н., Айдарбек К. Гештальттың когнитивтік құрылым ретіндегі сипаттамасы // Паеми Донишкада. Махзани илм. – 2019. – №1/2. – Б. 472-477.
- 5 Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 137 б.
- 6 Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 353 б.
- 7 Момынова Б.Қ. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 140 б.
- 8 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама). – Алматы, 2004. – 229 б.
- 9 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік – словарь, 2005. – 440 б.
- 10 Jackendorff R. Semantic interpretation in generative grammar. – Cambridge, Mass.: M.I.T. Press, 1972. – 400 p.
- 11 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – М.: ТетраСистемс, 2004. – 255 с.
- 12 Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г. и др. Краткий словарь когнитивных терминов. – М., 1996. – 245 с.
- 13 Қазақ сөздігі: қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі / құраст. Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов және т.б. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.
- 14 Правикова Л.В. Когнитивная и когнитивная лингвистика // Вестник Пятигорского государственного университета. – 1999. – №2. – С. 37-44.
- 15 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Астана: Астана-Полиграфия, 2008. – 400 б.
- 16 Әуезов М. Тіл және әдебиет мәселесі // Кіт.: Әдебиет және өнер. – Алматы: Атамұра, 2011. – 570 б.
- 17 Айдарбек Қ.Ж. Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 384 б.
- 18 Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі: қазақ терминологиясының негіздері. – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.

- 19 Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.
- 20 Голованова Е.И. Когнитивное терминоведение: учеб. пос. – Челябинск: ЧГУ, Энциклопедия, 2008. – 180 с.
- 21 Faber P. Terminographic definition and concept representation // In book: Training the Language Services Provider for the New Millenium. – Porto: University of Poprto, 2002. – P. 345-354.
- 22 Құрманбайұлы Ш. Мемлекеттік саясат және терминология мәселесі // Егемен Қазақстан. – 2003, қыркүйек – 30.
- 23 Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. – М., 1997. – 331 с.
- 24 Алексеева Л.М. Проблемы термина и терминообразования: учеб. пос. – Пермь: Изд-во Пермского универ., 1998. – 120 с.
- 25 Ивина Л.В. Лингво-когнитивные основы анализа отраслевых терминосистем: на примере англоязычной терминологии венчурного финансирования: учеб.-метод. пос. – М.: Академический Проект, 2003. – 304 с.
- 26 Кибрик А.А. Когнитивные исследования по дискурсу // Вопросы языкознания. – 1994. – №5. – С. 126-139.
- 27 Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдік бірліктер // <https://www.termincom.kz>. 17.12.2019.
- 28 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / ред. Т. Жанұзақов. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. – 968 б.
- 29 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
- 30 Қазақстан: ұлттық энциклоп. / ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2007. – 688 б.
- 31 Гусев С.С., Караваев Э.Ф., Карпов Г.В. и др. Логика: учеб. – М.: Проспект, 2015. – 680 с.
- 32 фон Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984. – 397 с.
- 33 Altunya N. Farabi'de dil feldefesi. Yukseklisanstezi. – Istarta: Suleyman DemirelUniversitesi, 2003. – 216 p.
- 34 аль Фараби А.Н.М. Философские трактаты / пер. с араб. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 430 с.
- 35 Абдуллина Н., Айдарбек Қ. Тіл мен танымның арақатынасын әл-Фараби философиясы бойынша айқындау мәселелері // Әл-Фараби философиясы: мәдениет, тіл және әдебиет: 23-ші халық. конф. матер. – Алматы: әл-Фараби ат. ҚазҰУ, 2020. – Б. 22-26.
- 36 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 2002. – 264 с.
- 37 аль Фараби А.Н.М. Социально-этические трактаты / пер. с араб. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1973. – 400 с.

- 38 Суперанская А.В. Терминология и номенклатура // Проблематика определений терминов в словарях разных типов: сб. ст. – Л.: Наука, 1976 – С. 73-83.
- 39 Климовицкий А.А. Термины и обусловленность понятия в системе // Проблематика определений терминов в словарях разных типов: сб. ст. – Л.: Наука, 1976 – С. 107-114.
- 40 Лотте Д.С. Основы построения научно-технической терминологии: вопросы теории и методики. – М.: Наука, 1961. – 158 с.
- 41 Головин Б.Н. Типы терминосистем и основания их различия // Термин и слово: межвуз. сб. – Горький, 1981. – С. 3-10.
- 42 Володина М.Н. Когнитивно-информационная природа термина: на материале терминологии массовой информации. – М.: Изд-во МГУ, 2000 – 128 с.
- 43 Лейчик В.М. Терминоведение: предмет, методы, структура. – М.: ЛКИ, 2007. – 256 с.
- 44 Локтионова Н.М. Лексико-семантическая характеристика термина. – Р-на-Д., 2001. – 176 с.
- 45 Гадаборшева М.Ю. Системно-динамический анализ лингвистической терминологии: на материале русского, английского и ингушского языков: автореф. ... канд. филол. наук: 10.02.19. – Р-на-Д., 2009. – 24 с.
- 46 Буянова Л.Ю. Термин как единица логоса. – Краснодар: КубГУ, 2002. – 184 с.
- 47 Реформатский А.А. Введение в языковедение: учеб. – Изд. 5-е, исправ. – М.: Аспект-Пресс, 2010. – 536 с.
- 48 Головин Б.Н., Кобрин Р.Ю. Лингвистические основы учения о терминах. – М.: Высшая школа, 1987. – 104 с.
- 49 Винокур Г.О. О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии // Сб. ст. по языковедению. – М., 1939. – С. 3-54.
- 50 Маджаева С. Медицинские терминосистемы: становление, развитие, функционирование (на материале предметных областей едицины сахарный диабет и СПИД). – Астрахань: АГМА, 2012. – 277 с.
- 51 Лейчик В.М. Обоснование структуры термина как языкового знака // Терминоведение: сб. ст. – М.: Московский лицей, 1994. – Вып. 2. – С. 2-16.
- 52 Языкознание: энцикл. слов. / под ред. В.Н. Ярцева. – Изд. 2-е, доп. – М.: Большая рос. энцикл., 1998. – 682 с.
- 53 Квитко И.С. Термин в научном документе. – Львов: Вища школа, 1976. – 125 с.
- 54 Даниленко В.П. Лингвистический аспект стандартизации терминологии. – М.: Наука, 1993. – 246 с.
- 55 Будагов Р.А. Введение в науку о языке. – М.: Добросвет, 2002. – 544 с.
- 56 Табанакова В.Д. Системность термина на разных уровнях его описания // Научно-техническая терминология: науч.-техн. рефер. сб. – М.: ВНИИКИ, Вып. 2. – С. 17-18.



- 57 Табанакова В.Д. Идеографическое описание научной терминологии в специальных словарях: дис. ... док. филол. наук: 10.02.21. – Тюмень, 2001. – 288 с.
- 58 Комарова З.И. Семантическая структура социального слова и ее лексикографическое описание. – Свердловск: Изд-во Уральского университета, 1991. – 156 с.
- 59 Лейчик В.М. О языковом субстрате термина // Вопросы языкознания. – 1986. – №5. – С. 86-97.
- 60 Лейчик В.М. Классификация терминосистем // Terminologija. – 2008. – №15. – С. 10-16.
- 61 Исакова С.С. Қазақ терминтанымның когнитивтік-прагматикалық аспектісі: 10.02.02: филол. ғыл. ... док. – Алматы, 2008. – 46 б.
- 62 Пиотровский Р.Г. Синергетика текста: учеб. пос. – Минск: МГЛУ, 2005. – 204 с.
- 63 Татаринев В.А. Теория терминоведения. – М.: Московский лицей, 1996. – Т. 1. – 311 с.
- 64 Гринев С.В. Введение в терминоведение. – М.: Московский лицей, 1993. – 309 с.
- 65 Даниленко В.П. Лексика языка науки. Терминология: дис. ... док. филол. наук: 10.02.01. – М., 1977. – 373 с.
- 66 Суперанская А.В. Общая терминология: терминологическая деятельность. – М.: УРСС, 1993. – 288 с.
- 67 Герд А.С. Еще раз о значении термина // Лингвистические аспекты терминологии: сб. ст. – Воронеж: Изд-во Воронежского университета, 1980. – С. 3-9.
- 68 Авербух К.Я. Общая теория термина. – Иваново, 2004. – 252 с.
- 69 Денисов П.Н. Еще о некоторых аспектах изучения языков науки // Проблемы языка науки и техники: сб. ст. – М.: Наука, 1970. – С. 52-89.
- 70 Комлев Н.Г. Слово в речи: денотативные аспекты. – М.: Изд-во Московского университета, 1992. – 216 с.
- 71 Климовицкий Я.А. Некоторые методологические вопросы работы над терминологией науки и техники // В кн.: История отечественного терминоведения. – М.: Московский лицей, 1995. – Кн. 1. – С. 154-168.
- 72 Циткина Ф.А. Терминология и перевод: к основам сопоставительного терминоведения. – Львов: Изд-во: Вища школа, 1988. – 156 с.
- 73 Березин Ф.М., Головин Б.Н. Общее языкознание. – М.: Просвещение, 1979 – 416 с.
- 74 Капанадзе Л.А. О понятиях «термин» и «терминология» // В кн.: История отечественного терминоведения. – М.: Московский лицей, 1995. – Кн. 1. – С. 200-270.
- 75 Айдарбек К.Ж. Қазақ терминжасам қағидаттарының терминдерге қойылатын талаптарға сәйкестігі // Терминжасам қағидаттары және ұлттық терминология мәселелері: республ. ғыл.-теор. конф. – Астана, 2018. – Б. 111-116.

- 76 Лейчик В.М. Терминология и терминосистема // Научно-техническая терминология: науч.-техн. рефер. сб. – М.: Просвещение, 2000. – Вып. 2. – С. 54-56.
- 77 Лейчик В.М. Проблема системности в отечественном терминоведении // Научно-техническая терминология: науч.-техн. рефер. сб. – М.: ВНИИКИ, 2001. – Вып. 2. – С. 53-56.
- 78 Кияк Т.Р. Объективные критерии нормализации научно-технической терминологии. – Черновцы, 1984. – 302 с.
- 79 Салқынбай А. Тарихи сөзжасам: семантикалық аспект. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.
- 80 Блинова О.И. Термин и его мотивированность // Терминология и культура речи. сб. ст. – М.: Наука, 1981. – С. 28-37.
- 81 Әділбаева Ұ. Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының уәжділігі: 10.02.02: фил. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2001. – 120 б.
- 82 Алмауытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты: 10.02.02: фил. ғыл. канд. .. автореф. – Алматы, 2004. – 30 б.
- 83 Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі: 10.02.02: фил. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 1998. – 250 б.
- 84 Виноградов В.В. Русский язык: грамматическое учение о слове. – М.; Л., 1947. – 358 с.
- 85 Котелова Н.З. Избранные работы. – СПб.: Нестор-История, 2015. – 275 с.
- 86 Воробьева С.В., Бочаров В.А., Маркин В.И. Подготовка электронной публикации и общая редакция // <https://gtmarket.ru/concepts/7315>. 03.02.2019.
- 87 Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктердің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.
- 88 Шелов С.Д. Терминоведение: семь вопросов и семь ответов по семантике термина // Научно-техническая информация. – 2001. – №2. – С. 1-12.
- 89 Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
- 90 Кубрякова Е.С. Эволюция лингвистических идей во второй половине XX в. (опыт парадигмального анализа) // Язык и наука конца 20 века: сб. ст. – М.: Рос. гос. гуманит. ун-т, 1995. – С. 144-238.
- 91 Минский М. Фреймы для представления знаний. – М.: Энергия, 1979. – 152 с.
- 92 Lakoff G., Johnson M. Philosophy in the Flesh: the Embodied Mind and Its Challenge to Western Thought. – N.Y.: Perseus Books, 1999. – 624 p.
- 93 Fauconnier G. Methods and generalizations // In book: Cognitive Linguistics. – San Diego: Gilles Fauconnier at University of California, 1999. – P. 95-128.
- 94 Писаренко В.И. О когнитивной лингвистике и семантике термина «когнитивный» // <https://www.dialog-21.ru/en/digest/2002/articles>. 06.02.2019.

- 95 Jackendorff R. *Semantics and Cognition*. – Ed. 6th. – Cambridge (Mass.): The MIT Press. 1993. – 283 p.
- 96 Черниговская Т.В. Если все решает мозг, что делаем мы? 2012.. <http://snob.ru/selected/entry.15.10.2018>.
- 97 Абеляр П. Диалектика // В кн.: Теологические трактаты. – М., 1995. – 121 с.
- 98 Пименова М. Введение в когнитивную лингвистику: учеб. пос. – Кемерово, 2005. – 220 с.
